ӨРКЕН

БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



АЛМАТЫ 2025

«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған
(24.07.2025 жылғы № 2 хаттама)

«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы - «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ, 2025. – 343 б.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасында өзектілігі, тұжырымдамалық негіздемесі, мақсаты, міндеті, жүзеге асыру кезеңдері, күтілетін нәтижелері, қосымшалар берілген.

Қосымшалар тізіміне: Буллингке қарсы командaның ережесі; жергілікті ак- тілердің жобалары; білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) және суицид белгілері анықталған жағдайда дереу ден қою алгорит- мі; педагогтерге арналған кіріспе семинарының әзірлемесі; білім беру ұйымда- рының қызметкерлеріне арналған семинарларының әзірлемесі; 1-4, 5-9, 10-11 сы- нып ата-аналарына арналған сабақтардың әзірлемесі; «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарла- масының сабақтары негізінде 1-11 сынып оқушыларына арналған жобалық қыз- метті ұйымдастыру бойынша нұсқаулық; диагностика мен мониторинг жүргізу- ге арналған материалдар, оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту бойынша педагогикалық ұжымның қызметін психологиялық-педагогика- лық қолдау жөніндегі материал кіреді.

Бағдарлама орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім бөлімдері мен басқармаларының басшылары мен маманда- рына арналған.

© «Өркен» БӘАҰҒПИ КеАҚ, 2025

АЛМАТЫ 2025

МАЗМҰНЫ

1.	Бағдарламаның төлқұжаты	4-бет
2.	Глоссарий	4-бет
3.	Бағдарламаның өзектілігі	5-бет
4.	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері	11-бет
5.	Бағдарламаны іске асыру кезеңдері	15-бет
6.	Күтілетін нәтижелер	26-бет
7.	Қосымшалар	27-бет
8.	1-қосымша	28-бет
9.	2-қосымша	32-бет
10.	3-қосымша	46-бет
11.	4-қосымша	56-бет
12.	5-қосымша	62-бет
13.	6-қосымша	74-бет
14.	7-қосымша	105-бет
15.	8-қосымша	300-бет
16.	9-қосымша	308-бет
17.	10-қосымша	310-бет

Қысқартылған атауы:
«ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ КеАҚ – «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлт- тық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

1. Бағдарламаның төлқұжаты

Бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III заңы
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз етудің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы.
- «Балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

Бағдарламаны әзірлеуші: «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Бағдарламаға қатысушылар: орта білім беру ұйымдарының білім алушылары және педагогтері, колледждердің студенттері мен оқытушылары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері).

Бағдарламаның орындалуын басқару және бақылау: ҚР Оқу-ағарту министрлі- гі, ҚР ОАМ балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «ӨРКЕН» балалардың әл-а- уқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты.

2. Глоссарий

Аутоагрессивті мінез-құлық – өзінің соматикалық немесе психикалық денсаулығына зиян келтіруге бағытталған әрекет

Аутодеструктивті мінез-құлық - мінез-құлық субъектісінің жеке тұлғасының да- муы мен тұтастығына қауіп төндіретін әрекеттермен сипатталатын девиантты мі- нез-құлықтың бір түрі.

Қауіпсіз білім беру ортасы – білім беру ұйымының ішкі өмірінің тұтас сапалық сипаттамасы, онда білім беру үдерісінің әрбір қатысушысына психологиялық-физикалық қауіпсіздік құқықтары мен нормаларының сақталуына кепілдік беріледі, әрбір білім алушының жеке дамуы үшін жағдайлар жасалады.

Виктимизация – адамды қылмыстық озбырлықтың құрбанына айналдыру үдерісі, сондай-ақ осы үдерістің жеке және жаппай етек алуының нәтижесі.

Просоциалды мінез-құлық – бұл: а) басқа адамзатқа пайда әкелу мақсатында, ә) басқа адамға (адамдарға) нақты пайда әкелетін және б) тек альтруистік себеп- термен риясыз орындалатын әрекеттер.

Баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі немесе одан да көп рет) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде біреуді қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын және (немесе) телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып жасалған дәл сондай әрекеттер (кибербуллинг).

3. Бағдарламаның өзектілігі

Қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, олардың денсаулыққа, толыққанды даму және сапалы білім алу құқықтарын қорғау мемлекеттік саясат- тың басым бағыттары болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан 15 халықаралық құжатты ратификациялады, оның біріншісі – Бала құқықтары туралы конвенция. Оның барлық баптары қазір еліміздің заңнамалық актілеріне енгізілді. Балалардың құқықтарын реттейтін 45- тен астам нормативтік құқықтық акт қабылданды.

Қазақстанда 2022 жылы Балалардың әл-ауқаты индексін енгізу арқылы өмірдің әртүрлі салаларында балалардың жағдайын жақсарту, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жүйесін жетілдіру жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін бағалауға жағдай жасалды.

Қазіргі уақытта балалық кезеңге дәстүрлі түрде тән әлемді оң қабылдауды нигилизммен, пессимизммен, басқаларға зорлық-зомбылық көрсету және аутодеструктивтік мінез-құлықпен ығыстыру жаппай үрдіске айналды.

Қазақстан Республикасындағы Балалардың жағдайы туралы 2022 жылғы баяндамаға сәйкес, мыналар көпшілік сипатқа ие болды:

- суицидке әкелетін балалардың психоэмоционалдық жағдайының бұзылуы;
- балаларға қатысты қылмыстар, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық (буллинг, кибербуллинг және т.б.);
- балалар қылмысы, көбінесе отбасылардың қолайсыздығына негізделген;
- электрондық кеңістіктің теріс әсері (интернет, әлеуметтік желілер).

Республикада балалар арасында аутоагрессивтік мінез-құлық пен суицидтердің жиілігі тұрақты жоғары: 2020 жылы – 144 дерек (талпыну – 307), 2021 жылы – 175 дерек (талпыну – 373), 2022 жылы – 155 дерек (талпыну – 309), 2023 жылдың 6 айында – 95 дерек (талпыну – 207).

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық жағдай күрделене түсті (2021 ж. – 1529, 2022 ж. – 1735, 2023 ж. 6 айында – 844), кәмелетке толмағандар тарапынан жасалған қылмыстар санының айтарлықтай өсуіне (13,4%) жол берілген.

PISA 2018 халықаралық зерттеу аясында жүргізілген пікірлерге сәйкес, Қа- зақстандағы әрбір төртінші 15 жастағы мектеп оқушысы буллингтің бір немесе бірнеше түріне ұшырайды: келеке ету, қорқыту, физикалық буллинг. Интернетті пайдаланатын, ұялы телефондары мен компьютерлері бар 11-15 жас аралығын- дағы 70%-дан астам баланың интернет кеңістігінде кибербуллингке ұшырау қа- упі зор. (ЮНИСЕФ, 2019).

Бір адамға қатысты адамдар тобының қасақана, жүйелі агрессивті мінез-құлқы ретінде буллинг мектеп ортасында балалардың эмоционалды әл-ауқатына және мектептегі жалпы қауіпсіздікке үлкен әсер ететін кең таралған құбылысқа айнал- ды. Соңғы екі онжылдықта бүкіл әлемде жүргізілген зерттеулер жәбірлеу объектілеріне айналған балалардың да, басқаларды жәбірлейтіндердің дедамуына теріс әсері мен зиянды зардабы біздің қорлау туралы түсінігімізді айтарлықтай кеңейтті.

Қазақстандық буллингке қарсы «ДосболLIKE» жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлеуге қазіргі әлемде сәтті жүзеге

асырылып жатқан буллингке қарсы бағдарламалар негізгі бағдар ретінде алын- ды.

Буллингке қарсы ең танымал бағдарлама – Kiva бағдарламасы.

KiVa Фин бағдарламасы - Турку университетінде ғылыми негізделіп әзірленген буллингке қарсы бағдарлама. KiVa-ның жоғары тиімділігі ірі ұлттық рандомизацияланған бақыланатын сынақта, сондай-ақ кейбір басқа зерттеулерде ғылыми дәлелденген. KiVa бүкіл әлемде қолданылады және буллингке қарсы күресте ең көп сұранысқа ие бағдарлама болып табылады.

KiVa - ның негізі – алдын алу, араласу және бақылау. Kiva бағдарламасы барлық оқушылар қатысатын сабақтар мен онлайн-ойындар арқылы буллингтің алдын алу шараларын жүзеге асырады. Kiva бағдарламасының араласу шаралары бул- лингке тікелей қатысқан балалар мен жасөспірімдерге бағытталған: бағдарлама мектептер мен оқушыларға мәселені шешуге бағытталған құралдарды ұсынады. KiVa сонымен қатар оқушылар мен қызметкерлер үшін жыл сайынғы онлайн- сауалнамалар арқылы мектептердегі жағдайды бақылауға арналған құралдар- ды ұсынады. Бұл кері байланыс буллингтің алдын алу жұмысын жақсарту туралы ақпарат береді.

Еуропалық бастамалардың тағы бір мысалы Норвегияда әзірленген және сынақтан өткен, кейіннен басқа елдерге, соның ішінде Канада, АҚШ, Ұлыбрита- ния және Германияға тараған *Olwgus – Thg Olwgus ĐullDing ™rgvgnĒion ™rogram* буллингті болдырмау бағдарламасы. Ол жәбірлеуді азайтуға және болдырмауға бағытталған және агрессивті мінез-құлық мүмкіндігін жою үшін мектеп ортасын қайта құруға арналған. Бұл бағдарламада оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар және қоғамдастықтар қатысатын жалпымектептік тәсілге баса назар аударылады. Ол буллингпен күресу үшін тұтас ортаны құруға арналған сынып, мектеп және жеке деңгейлердегі іс-шараларды қамтиды.

Сынып деңгейінде буллинг және құрдастар арасындағы қарым-қатынас тура- лы сынып және ата-аналар жиналыстары тұрақты өткізіледі. Мектеп көлеміндегі іс-шараларға оқушылар анонимді түрде толтыратын «Olweus – агрессор/құрбан» пікіртерімі арқылы сауалнама жүргізу; буллингті болдырмау бойынша үйлестіру комитетін құру; персоналды оқыту; жалпы мектептегі буллингке қарсы ереже- лерді және үзіліс кезінде бақылаудың үйлестірілген жүйесін әзірлеу кіреді.

Жеке деңгейде агрессор балалармен де, жәбірлеудің нысанасына айналған балалармен де кездесулер өткізіледі. Буллингке тартылған балалардың ата-аналарымен кездесулер өткізіледі.

Оқушыларға әлеуметтік және эмоционалдық қолдау көрсету үшін тәлімгерлікті пайдаланатын буллингтің алдын алу бағдарламаларының тамаша мысалы – Жаңа Зеландия мектептерінде іске асырылатын *Peer SupporĒ NeĒworfi – құрдастар- ды қолдау желісі* бағдарламасы. Арнайы оқытылған жоғары сынып оқушыла- ры кіші жастағы оқушыларға тәлімгер ретінде әрекет етеді, оларға басшылық пен достық ұсынып, орта және кіші сынып оқушылары үшін жағымды үлгі болады. Кіші жастағы оқушылар үлкен оқушылармен қарым-қатынас жасау арқылы, со- нымен қатар құрдастарымен достық қарым-қатынас орнату арқылы өзіне деген сенімділік пен төзімділікті дамытады. Бағдарлама оқушылардың өздеріне және бір-біріне қамқорлық жасау дағдыларын дамытатын қауіпсіз орта құру арқылы тиесілілік сезімін, бірге уайымдап, куануды және жағымды әлеуметтік өзара әре- кеттесуді тәрбиелеуге көмектеседі.

Мектеп көлеміндегі саясатқа, ересектердің хабардар болуына және арала- суына, оқушылардың дағдыларына, нормаларына және күтулеріне қатысты көп деңгейлі тәсілді американдық *SĒgps Ēo ½gspgcĒ: A Đulling ™rgvgnĒion ™rogram*
«Қадірлеу қадамдары: буллингтің алдын алу бағдарламасы» көрсетеді. Көпте- ген зерттеу көпдеңгейлі араласулардың тиімділігін растады. Мысалы, Journal of School Health журналында жарияланған зерттеу саясатты әзірлеуге, ересектерге білім беруге және оқушыларды тартуға бағытталған кешенді бағдарламаларды іске асырған мектептерде буллинг оқиғаларының айтарлықтай азайғанын көр- сетті. Көпдеңгейлі тәсіл мектеп қауымдастығының әртүрлі деңгейлерінде жағым- ды мінез-құлықты нығайтуға ықпал ете отырып, синергетикалық әсерді қамтама- сыз етеді.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, біз әрбір білім беру ұйымында бул- лингтің алдын алу және оған қарсы тұру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу қа- жеттігіне бекіндік. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұрудың ең тиімді стратегиялары айқындалды. Оларға әртүрлі әлеуметтік салаларды кіріктіру, ата-аналардың белсенді қатысуы, ерте араласу және анықтау іс- тәжірибесі, құрдастарды қолдау бағдарламалары және деректерді жинау мен бағалаудың сенімді механизмдерін пайдалану кіреді. Жалпы мектеп ұжымында позитивті атмосфераны, қолайлы әлеуметтік-психологиялық климатты қалыпта- стыру білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын жақсартудың басты шарты екеніне көзіміз жетті. Тек біртұтас көзқарас арқылы буллингтің жолын белсенді түрде кесетін және әрбір оқушының әл-ауқаты басымдыққа ие болатын ортаны жасауға болады.

Қазақ қауымдастығының бірегей ерекшеліктерін мойындай отырып, DosbolLIKE жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын әзірлеушілер ұжымы Қа- зақстан халқының ділін, мәдени дәстүрлері мен құндылықтарын ескеруге ты- рысты. Жергілікті мазмұн мен тәжірибені мойындау және оны буллингтің алдын алу бағдарламасына кіріктіру, олардың тиімділігі мен мәдени өзектілігі үшін бастапқы маңызға ие. Жергілікті қауымдастықтың бірегей сипаттамалары тұлғааралық серпіліске, қоғамдық нормаларға және буллингтің пайда болу тәсіл- деріне әсер етеді. Жергілікті ерекшеліктерді ескеру бағдарламаның контекстке сәйкес келуіне ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың өмір тәжірибесімен үндестігіне кепілдік береді.

«Буллинг» термині осы уақытта нормативтік актілерде ресми түрде бекітіл- ген. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балалардың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бой- ынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы Заңы, оның ішінде құқықтық реттеу және жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке қарсы іс-қимыл бөлігінде өзгертулер мен толықты- рулар: «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, «Байланыс туралы» Қа- зақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына енгізілді. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы- ның 1-бабы 4-1-тармақшамен, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы- ның 1-бабы 4-2-тармақшамен толықтырылды, онда «баланы жәбірлеу (буллинг)»,
«кибербуллинг» ұғымдарын қолдану қарастырылған.

Қоғам буллингке қатысты мәселелерді сындарлы түрде шешу қажеттігін түсі- неді. Сарапшылар бұл мәселеге қатысты қазақстандық контексттегі зерттеулердің

жеткіліксіздігін атап өтеді. Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы (ҚР ДСМ ҰҚДСО) жүргізетін «Мектеп жасындағы балалардың өз денсаулығына қатысты мінез-құлқы» (Health Behaviour in School-Aged Children, HBSC) мектеп оқушыларының өз денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты мінез-құлқының ұлттық зерттеуі, Қазақстан Республикасының жас ұрпағына қатысты денсаулық, тамақтану, дене белсенділігі, семіздік, репродуктивті мінез-құлық, темекіні, есірткіні, алкоголь- ді пайдалану тәжірибесі, бос уақыт, буллинг және кибербуллинг және басқа да тақырыптар туралы деректердің іс жүзінде жалғыз көзі болып табылады. Бірінші зерттеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен 2017-2018 жылдары, ал екіншісі – 2022 жылы «Салауатты ұлт» ұлттық жобасын жүзеге асыру аясында жүргізілді.

Зерттеуде буллингке қатысудың таралуы және буллингтен зардап шеккен жасөспірімдердің көрсеткіштері анықталды. Зерттеу нәтижесінде балалардың 6,8%-ы мектепте айына 2-3 рет және соңғы екі айда буллингке жиірек ұшырай- тыны анықталды; екі есе көп – балалардың 17,5%-ы – кем дегенде бір рет немесе одан да жиі буллингке ұшыраған. Буллингке ұшыраған балалардың ең жоғары үлесі 11 жаста. Ал 15 жасқа келгеннен кейін бұл көрсеткіш төмендейді.

Басқаларды буллингке ұшырату мінез-құлқының таралуы жалпы балалардың 14,1%-да байқалды (басқаларды бір немесе бірнеше рет жәбірлеген); 11 жастағы балаларда бұл жиі байқалды (6,0% - жиі, 17,4% - бір немесе одан да көп). Гендерлік аспектіде ұлдар арасында буллингке қатысу көрсеткіші жалпы және барлық жас топтарында қыздарға қарағанда жоғары. Ең жоғары көрсеткіштер 11 жастағы ұл- дар арасында, олар өскен сайын 15 жасқа келгенше төмендейді.

Қазақстандағы балалардың онлайн-тәуекелдерін анықтау үшін ЮНИСЕФ серіктестерімен бірлесіп «Global Kids Online» халықаралық әдістемесін пайдалана отырып зерттеу жүргізуде. ЮНИСЕФ пен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі 2023 жылы жүргізген «Kazakhstan Kids Online» зерттеуінің деректері соңғы бір жылда балалардың 12%-ы жағымсыз немесе қорлайтын хабарламалар жібер- генін көрсетеді; кибербуллингті көрген балалардың 52%-ы бұл туралы ешкімге хабарламаған; пікіртерімге қатысқан балалардың 7,1%-ы сексуалдық сипаттағы хабарламаларды алған, балалардың 3%-ына сексуалдық фотосуреттері немесе бейнелері үшін ақша немесе сыйлықтар ұсынылған; соңғы жылда балалардың 2,4%-ына жеке кездесуге және жыныстық қатынасқа түсуге ақша немесе сый- лықтар ұсынылған; балалардың 1,8%-ы жыныстық қатынасқа түсу мақсатында бул- лингке немесе бопсалауға ұшыраған. Оның үстіне Қазақстандағы әрбір бесінші бала Интернетте танысқаннан кейін біреумен бетпе-бет кездесуге бел буғаны ту- ралы ата-анасына немесе басқа ересектерге хабарламаған.

Қазақстандық сарапшылар мен қоғамдық ұйымдардың әзірлемелері. Жергілік- ті сарапшылар (психологтер, қоғам белсенділері, мәдениет және қоғамдық ұйымдардың өкілдері) буллингтің алдын алудың тиімді бағдарламаларын қалыптастыруда және іске асыруда белгілі рөл атқарады. Олардың белсенділігі жергілікті контексте нақты мәселелерді шешетін бағдарламаларды және қоғам құндылықта- рына сәйкес келетін стратегияларды әзірлеуге бағытталған.

Осылайша, «Just Support» қоры жасөспірімдер мен ата-аналарға көмек көрсе- туге бағытталған бірқатар жобаны іске асырды: TEENS, «Отбасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және ата-аналық дағдыларды нығай- ту»; Буллингке қарсы қауымдастық құрылды (Instagram https://www.instagram. com/bullyingkaz/ – 3295 жазылушы және Facebook https://www.facebook.com/

groups/stopbullyingkz - 770 қатысушы), оның мақсаты: ата-аналар, сарапшылар, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, БАҚ өкілдері қауымдастығын дамыту. Қауымдастық балаларды буллингтен қорғауға және олардың қауіпсіз білім беру ортасына деген құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс. Қазақстанның түкпір-түкпірінен 100-ге жуық отбасы психологтерден, заңгерлерден, мектеп медиаторларынан және балалар қауіпсіздігі бойынша тренерлерден кеңес пен қы- змет алды. Онлайн-курстар әзірленді: Буллинг/жәбірлеу: кім кінәлі және не істеу керек? (1400+ қатысушы), Жасөспірімдер психологиясы – олардың тетігі қайда? (5500 қатысушы), Жасөспірімдерде soft skills дағдыларын қалай дамытуға бола- ды? (2400+ қатысушы).

Soul Games қорының жобасы технологияны меңгерген бүгінгі жастардың қа- лауы мен білім беру стиліне сәйкес келетін серпінді платформаны ұсына оты- рып, оқытудың инновациялық және тартымды тәсілдерін қамтамасыз етеді. Бұл жоба жасөспірімдерге арналған әлеуметтік-психологиялық INSIDE квестін, In the City кәсіптік бағдар беру ойынын, ата-аналардың психолог маманымен қа- рым-қатынасы барысында тәрбие мәселелерін шеше алатын ата-аналар топта- рын, сондай-ақ өзара түсіністікті жақсартып, қиын тақырыптар бойынша сөйле- суге көмектесетін Step/қадам – отбасына немесе жасөспірімдер тобына арналған үстел ойынын қамтиды. Қор сонымен қатар жасөспірімдердің ата-аналары үшін «Жақындар» деп аталатын коммуникативтік онлайн-тренажерін әзірледі.

«Отбасылық академия» отбасын жан-жақты қолдау орталығы қоғамдық қоры онлайн-курстар арқылы отбасында бақытты өзара қарым-қатынас орнатуға және қолдауға бағытталған «ONEGE» әлеуметтік жобасын жүзеге асырады. «Саналы ата-ана болу» курстарының бірінің мақсаты –– ата-ана болу мәселелері бойын- ша: баланы тәрбиелеу кезінде оның ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке тұлғасын және бостандық, даму мен өзін-өзі көрсету құқығын құрметтей отырып, не болып жатқанын қалай қабылдау және бағалау бойынша құзыреттілікті артты- ру. Бұл курс позитивті ата-ана болу, зорлық-зомбылықпен, баланың жас дағдары- сымен бетпе-бет келген және т.б. қиын мәселелерді зерделеуге мүдделі ата-ана- лар үшін пайдалы.

Шайкеновтың оқушылары қауымдастығы мен заң профессорлары заң факультетінің студенттерін оқытады, содан кейін студенттер жауапкершілікті азамат болу, өз құқықтарын саналы түрде пайдалану, басқа адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, заң көмегіне қайда жүгіну керек, басынан өткерген қылмыс туралы айтудан қорықпау мәселелері бойынша «Street Law Kazakhstan» бағдарламасы аясында оқушыларға сабақ береді. Бұл мектеп оқушыларын адам құқықтары мен зорлық-зомбылықтан, буллингтен және және кибербуллингтен сақтану тетіктеріне үйрететін интерактивті мектеп пәні. Курстың соңында мектеп оқушылары мен мұғалімдері *Street Law* пәнін оқытудың оң нәтижесін атап өтті: оқушылар заңдарға, құқыққа, сонымен қатар бір-біріне және мұғалімдерге деген құрметті қарым-қатынасты көрсетті, сыныптағы оқушылар арасындағы агрессия мен буллингтің деңгейі төмендеді, пилоттық сыныптардағы достық атмосфера арта түскен.

2020 жылы ЮНИСЕФ Қазақстанда пилоттық еріктілер бағдарламасын іске қосты – бұл буллингпен күресу және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі онлайн бастама. ЮНИСЕФ Қазақстанның барлық аймақтарынан 9 мыңнан астам жас еріктіні мектептердегі буллингті болдырмау, экологиялық мінез-құлықты наси- хаттау және психикалық саламаттылықты, инклюзивтілікті және балалардың құқықтарын насихаттау бойынша сабақтар өткізуге жұмылдырды. Бастама іске

қосылғалы бері еріктілер 98 000-нан астам оқушы мен 7 200 ата-ананы қатысуға тартты, сондай-ақ 800 000-нан астам пайдаланушыны қамтыған 4 000-нан астам әлеуметтік желі посттарын жасады. Еріктілер өздерінің құрдастары мен оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларды буллингті болдырмау, психикалық денсаулық және қоршаған ортаны қорғау бойынша біліммен, дағдылармен және практикалық құралдармен қаруландырады. «Тең-теңімен» қағидатын іске асыру, авторитеттердің және құрдастар тарапынан қысымының болмауы қарым-қатына- сты жемісті етеді және жұмыс тиімділігін арттырады.

Жастардың өздері зорлық-зомбылықпен күресте бастама көтеретін тамаша мысалдар бар. Мәселең, ZhasCamp Accelerator бағдарламасының алматылық он бес жасар қатысушысы Алина Орлова 2020 жылдан бері буллингті болдырмау бой- ынша әлеуметтік жобамен айналысады. *SĒop bullDing mg* «Мені қорлауды тоқтат» – білім беру ұйымдарындағы буллингті болдырмауға және алдын алуға бағыт- талған жоба; ол инстаграм парақшасы форматында ұсынылған, онда ақпараттық посттар аптасына үш рет жарияланады, сюжеттер жарияланады және жәбірле- нуші де, жәбірлеуші де көмек ала алады.

Көріп отырғанымыздай, буллингтің алдын алудағы жергілікті мазмұн мен тәжірибенің маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Аталған бағдарла- малар қазақ қоғамында сыйластық, түсіністік және инклюзивтілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

«DosbolLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасының әдіснамасы

Білім беру ұйымдарындағы буллингтің алдын алу әдіснамасы ретінде біз 21 ға- сырдың басынан бері шетелдік және отандық ғалымдар белсенді түрде әзірлеген әлеуметтік-эмоционалдық білім беру (ӘЭББ) идеяларын қарастырамыз. Оларды Стефани М. Джонс, Майкл В. МакГарра және Дженнифер Кан (2019) шоғырланды- рылған түрде баяндады.

Әлеуметтік-эмоционалдық білім берудің негізгі қағидалары:

- Ересектердің физикалық және психологиялық денсаулығы олардың өзін-өзі бақылауының балалық шағында дамығанына тікелей байланысты. Зерттеулер балалық шақтағы әлеуметтік құзіреттіліктің дамуы (мақсатқа талпынушылық, ынтымақтастық дағдылары, басқаларға эмоционалды қолдау көрсету қабілеті, жанжалдарды сындарлы шешу қабілеті) мен адамның өмірдегі табысы арасындағы байланысты анықтады.
- Балаларды әлеуметтік құзыреттілікке үйрету маңызды, ол келесі ептіліктерді қамтиды: өздерінің жағымсыз эмоцияларын басқару, құрдастарымен және ересектермен өзара тиімді қарым-қатынас орнату, табандылық пен өзін-өзі бақылау, өздерінің ойлары мен мінез-құлқын басқару.
- Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары дамыған балалар достық қа- рым-қатынас орнатуға және сақтауға, мұғалімдермен оң қарым-қаты- насқа түсуге, өздерінің түйткіл мәселелерін олармен еркін талқылауға, танымдық белсенділік танытуға, өз сезімдерімен басқалармен бөлісе білуге бейім, өзін-өзі бақылау дағдыларына ие болады, талас кезінде сыныптарының пікірлерін құрметтейді, сыныптың іс-шараларымен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге де қатысады.

- ӘЭББ тиімділігінің көрсеткіштері: сынып ұжымындағы әлеуметтік-психологиялық климат пен қарым-қатынас мәдениетінің жақсаруы, мі- нез-құлықтағы, қарым-қатынастағы, оқу үлгеріміндегі оң өзгерістер, құқық бұзушылықтар мен эмоционалдық күйзелістердің, қоғамға жат мінез-құлық пен психикалық күйзеліс көріністерінің, психикалық денса- улық проблемаларының азаюы.
- Әлеуметтік-эмоционалдық білім беру бағдарламалары академиялық және мінез-құлық жағынан кешігуі бар (агрессия деңгейінің төмендеуі, оқу үлгерімінің жоғарылауы, қарым-қатынастың жақсаруы) әлеуметтік осал топтағы оқушыларға ең көп әсер етеді.
- Әлеуметтік-эмоционалдық білім беруді табысты жүзеге асырудың бір шарты – оқу және мектептен тыс жұмыстардың өзара байланысы.
- Педагогтер сыныпты басқарудың тиімді стратегияларын меңгеруі, балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынасты үнемі жақсартуға ұмтылуы және балаларға эмоцияларды басқару және мінез-құлықты реттеуде қолдау көрсетуі керек.

Жобалық қызмет білім алушылардың топта жұмыс істеуіне, өмірлік және академиялық мәселелерді бірлесіп шешуді үйренуіне және қарым-қатынас дағдыла- рын дамытуына мүмкіндік беретін тиімді әлеуметтік-эмоционалдық білім беру құралы болып табыладыБілім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (бул- лингтің) алдын алуға арналған «DosbolLIKE» бағдарламасының ерекшелігі – ол білім алушыларды әлеуметтік бағытталған жобалық іс-шараларға тарту арқылы іске асырылады.

4. Бағдарламаның мақсаты және міндеттері

Бағдарламаның мақсаты – білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған тиімді қарсы тұру жүйесін құру.

Міндеттері:

1. Білім беру ұйымында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы тұру жүйесін құру бойынша ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу: .
   1) жергілікті нормативтік құжаттар дайындау;
   2) педагогикалық ұжыммен түсіндіру семинарларын өткізу;
   3) білім беру ұйымының тәрбие жұмысы жоспарына жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы тұру іс-шараларын қосу;
   4) мектепте педагогтерді, білім алушыларды, ата-аналарды бірік- тіретін балалар арасындағы агрессияға/ жәбірлеуге қарсы тұратын жүйе құру;
   5) білім беру ұйымында қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бел- гілеу (киім ауыстыратын орын, асхана, дәретханалар, ББҰ аумағы және т.б.), ол жерлерді бейнекамералармен жабдықтау мүмкіндіктерін пайда- лану.
2. Мектеп ұжымында қақтығыс жағдайларының туындауына әсер ететін себептер мен факторларды анықтай отырып, әлеуметтік-психологиялық климат жағдайының диагностикасын жүргізу.

3. Педагогтердің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің балалар арасындағы агрессияның/ жәбірлеудің алдын алу және оған қарсы тұру, оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық зердесін дамыту, білім беру ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру бойынша жүйелі біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

4. Балалар арасындағы агрессия/қудалау көріністеріне ден қою алгоритмдерін меңгеруі үшін білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен (техникалық персонал, медбикелер, тағамхана қызметкерлері және т.б.) білім беру тренингілерін өткізу.

5. Бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларына қудалау (буллинг) жағдайына тап болған жағдайда не істеу керегін үйрету, олардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын жүйелі түрде дамыту.

6. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Буллинг жағдайындағы балаға қалай көмектесуге болады» тақырыбында іс-шаралар өткізу.

7. Сыныптардағы және жалпы білім беру ұйымындағы әлеуметтік-психологиялық климатқа үнемі мониторинг жүргізу.

Білім беру ұйымдарындағы жәбірлеу (буллинг) мәселесі қоғамды алаңдатып отыр. Бұл мәселе қауіпті, себебі жәбірлеу – бұл екі тең тарап арасындағы қақтығыс емес, адамдар тобының бір адамға қатысты қасақана, жүйелі түрде жасайтын агрессивті әрекеті.

Оқушылар арасындағы жәбірлеу (буллинг) мәселесін шешу үшін білім беру ұй- ымында жай ғана іс-шаралар өткізу жеткіліксіз. Білім беру ұйымы өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тұтастай алғанда қоғамға, жекелей алғанда әрбір ата-анаға айналасында болып жатқан кез келген іске салғырт қарамай, қу- далау жағдайын көрсе бірден араласып, алдын алуға немесе тоқтатуға тырысу керегін түсіндіруі тиіс. Мұндай іс-әрекеттер жүйесін білім беру ұйымының білім алушылары арасындағы жәбірлеудің *(буллингтің) алдын алу және оған қарсы тұру стратегиясы* ретінде айқындауға болады.

Мұндай стратегияны әзірлеу бірқатар қағидаттарға негізделуі керек:

▶ Мақсат қою қағидаты жоспарлауда көрініс табатын мәселелерді және оларды шешудің басымдылығын анықтау негізінде білім беру ұйымын- дағы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы тұрудың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттерін айқындайды.

▶ Жүйелілік қағидаты білім беру ұйымындағы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы тұру жөніндегі қызметін компоненттері өза- ра байланысты және қызмет процесінде өзара әрекеттесетін жүйенің қызметі ретінде қарастырады.

▶ Бейсызықтық қағидаты мәселені жан-жақты зерделеуді, білім беру ұй- ымының алдында тұрған міндеттерді шешу реттілігін сақтай отырып, жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы тұру жөніндегі қыз- меттің барлық бағыттарын қамтитын шаралар жүйесін айқындауды көз- дейді.

▶ Жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы тұру шараларын айқындау кезінде балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру қағидаты.

Білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің)алдын алу және оған қарсы тұру стратегиясы екі бағытты қамтиды:

- Жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу құралы ретінде сыныптар мен мектеп ұжымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат қалыптастыру;
- Жәбірлеудің (буллингтің) нақты жағдайларына белсенді түрде ден қою.

Буллингке қарсы бағдарламаларға салыстырмалы талдау жүргізген зертте- ушілер атап өткендей, мінез-құлқы көп жағдайда микроклиматқа байланысты және сонымен бірге осы микроклиматты қалыптастыратын «бақылаушылармен» жұмыс істеуге үлкен көңіл бөлінеді.

Теориялық әзірлемелер мен эмпириялық деректер жәбірлеудің жүйелік та- биғатын көрсетеді: топтық біртұтастық пен топтық шиеленіс топ динамикасының негізгі күштері ретінде топ мүшелері арасындағы қарым-қатынасты айқындайды. Топтық шиеленіс топ мүшелері арасындағы көптеген ішкі жанжалдарға байла- нысты да, сыртқы қысымға байланысты да (мұғалімнің авторитарлық оқыту стилі, оқушыларға әділетсіз қарым-қатынас, жалпы қолайсыз мектеп атмосферасы) ар- туы мүмкін.

Буллинг топтық деңгейді де, жеке деңгейді де, сондай-ақ осы топ болған орта- ны да билейді. Буллингпен тиімді жұмыс барлық деңгейлердің қатысуын талап етеді. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, дәл осы жүйелі жұмыс қажетті нәтижені қамтамасыз етеді.

Осы бағдарламада тұжырымдалған міндеттерді шешу негізінен екі стратеги- ялық бағытты іске асыруға бағытталған.

Кез келген білім беру ұйымы жәбірлеудің (буллингтің)алдын алу және оған ден қою үшін мыналарды іске асыруы керек:

1) ұйымдастыру шаралары (буллингке қарсы команда құру, білім беру ұйымдарында болуы мүмкін қақтығыстар аймақтарын белгілеу және т.б.)

2) тренингтер, семинарлар, вебинарлар форматында педагогикалық ұжымды жәбірлеу (буллинг) жағдайларын диагностикалау және ден қою дағдыларына оқыту;

3) әзірленген ден қою алгоритмдеріне сәйкес білім беру ұйымдарының қызметкерлерін (техникалық персонал, медбикелер, тағамхана қызметкерлері және т.б.) балалар арасындағы агрессия/құдалау көріністеріне ден қоюға оқыту;

4) балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру;

5) бастауыш, орта және жоғары мектеп оқушыларын әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларға және буллинг жағдайларындағы мінез-құлыққа оқыту;

4) педагогикалық қолдау орталығының шеңберінде ата-аналарды бул- линг жағдайындағы баланың күйін айқындау дағдыларына және оған қолдау көрсетуді оқыту.

«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық инсти- туты әзірлеген «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбір- леудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы мыналарға бағытталады:

- білім алушылар арасындағы агрессивтік және дұшпандық реакциялардың төмендеуі;
- тұлғааралық және топаралық қатынастарды реттеу;

- оқушылардың жанжалды жағдайларға сындарлы жауап беру дағдыларын дамыту;
- балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту (толеранттылық, эмпатия және т.б.).

Бағдарлама 1-11 сынып балаларын оқыту үшін ұсынылады. Оның негізіне олар- дың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған жобалық қыз- мет алынған. Білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту – мектепте зорлық-зомбылықты қабылдамау атмосферасын құрудың ең маңызды факторы болып табылады.

5. «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру кезеңдері

№	Іс-шаралардың атауы	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
I. Ұйымдастыру-диагностикалық кезең				
1.	Білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен, техникалық және қызмет көрсету персоналымен ұйымдастыру іс-шараларын өткізу	Білім беру ұйымы ұжымын бағдарламаның негізгі ережелерімен және іске асыру кезеңдерімен таныстыру Педкеңес 1) «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарын- да білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын енгізу туралы: негізгі ережелер және іске асыру кезеңдері 2) Буллингке қарсы командаңың (бұдан әрі – БҚК) ережелерін әзірлеу 3) Мектептегі жәбірлеу (буллинг) мәселесінің нақты жай-күйін анықтау диагностикасын жүргізу туралы Білім беру ұйымының қызметкерлерімен «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын енгізу туралы өндірістік кеңес өткізу «ДосболLIKE» негізгі ережелер және іске асыру кезеңдері	Қыркүйек 2025ж.	Педкеңес, өндірістік кеңестің хаттамалары. Диагностикалау кестесі Пікіртерімдерді өңдеудің жоспар-кестесі

2.	Мектептегі жәбірлеудің (буллингтің) нақты жай-күйін анықтау бойынша диагностика жүргізу	Білім беру орта- сында буллингтің та- ралуы мен ерекшелік- терінің диагностикасы (1-11 сынып оқушыла- ры) Білім беру ұйымындағы эмоционалдық атмосфераның саламаттығы деңгейінің диагностикасы (4-11 сынып оқушыларының ата-аналары).	Қыркүйек 2025ж.	Диагностика өткізу туралы бұйрық Өткізу кестелері Диагностика материалдары, Талдамалық анықтама
3.	Мектептегі буллингтің жай-күйін мониторингілеуді ұйымдастыру	Буллинг жағдайлары және білім алушылардың осал топтары туралы деректерді қоса алғанда білім беру ұйымындағы буллингтің ағымдағы жағдайына кешенді талдау жүргізу	Қыркүйек-қазан 2025ж.	Талдамалық анықтама

4.	«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушылар- ды жәбірлеудің (буллингтің)алдын алу бағдарламасы туралы ақпараттық науқанды ұйымдастыру	1. Білім беру ұйымының педагогтері үшін кіріспе семинарын өткізу 2. Білім беру ұйымының қызметкерлері үшін семинарлар өткізу . Ата-аналар жиналысында Бағдарламаның мақсатын, міндеттерін, жұмыс әдістерін түсіндіре отырып, ата-аналармен әңгімелесу 4.Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде ата-аналарға арналған сабақтар өткізу 5.Әлеуметтік желілерде посттар орналастыру 6.Білім беру ұйымының сайтында айдар құру	Қыркүйек 2025ж.	Ақпарат Материалдар
5.	Буллингке қарсы команда құру	1, Буллингке қарсы команда туралы ереже әзірлеу 2. Ынталы педагогтерді, білім беру ұйымдарының қызметкерлерін, ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін тарта отырып, буллингке қарсы команданы қалыптастыру. Командының басшысын белгілеу БҚК қатысушылары арасындағы функцияларды, міндеттерді, жауапкершіліктерді бөлу 5. БҚК мүшелерінің лауазымдық нұсқаулықтарына толықтырулар енгізу (қажет болған жағдайда)	Қыркүйек 2025ж.	БҚК туралы ереже БҚК құрамы туралы бұйрық БҚК жұмыс жоспары Сайттағы, әлеуметтік желілердегі ақпарат

II. Жобалау кезеңі				
1.	Білім беру ұйымының қызметін «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушылардыжәбірлеудің (буллингтің)алдын алу бағдарлама- сын іске асыруды ескере отырып жоспарлау	Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу: педагогтердің, оқушылардың, ата-аналардың идеялар беруі, идеяларды жинау идеяларды талдау және іріктеу 2. Бағдарламаны іске асыруды, білім беру ұйымының ерекшеліктерін, білім алушылар контингентін, қалыптасқан дәстүрлерді ескере отырып, мектеп қызметін реттейтін құжаттарды әзірлеу (ОТЖ жоспары, МІБ және т. б.) 3. Әзірленген құжаттарды педкеңесте бекіту	Қыркүйек 2025ж.	Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары Мектептің жұ- мыс жоспары Педкеңес хаттамалары
2.	Буллингке қарсы командаңың қызметін жоспарлау	БҚК жұмыс жоспа- ры әзірлеу және педкеңе- сте бекіту. БҚК жұмысын мектептің жұмыс жоспарына кіріктіру.	Қыркүйек 2025ж. Мамыр 2026ж.	БҚК жұмыс жоспары Көмек көрсетудің жеке жоспары

III. Іске асыру кезеңі				
1.	Білім беру ұйымы әкімшілігінің «ДосболLIKE» Балаларды жәбірлеудің (буллингтің)алдын алу бағдарлама- сын іске асыру бойынша қызметі	Білім беру ұйы- мындағы болуы мүмкін қақтығыстар аймақтарын белгілеу (киім шештін орын, рекреация, дәрет-ханалар, ББҰ аумағы және т.б.), оларды бейнекамералармен жабдықтау «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері мен мазмұны» бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ» КеАҚ базасында арттыруды қамтамасыз ету. Білім беру ұйымдарының қызметкерлерін (техникалық персонал, медбикелер, асхана қызметкерлері және т.б.) балалар арасындағы агрессия/жәбірлеу көріністеріне ден қоюды тренинг жүргізу арқылы оқыту Білім беру ұйы- мында қолайлы әлеумет- тік-психологиялық климат орнату, білім алушылара жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыру Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз ету Буллингке қарсы командаңың тиімді қызметін ұйымдастыру	Тамыз -қыркүйек2025 ж. Қыркүйек 2025 ж. Қыркүй- ек 2025 ж. – Мамыр 2026 ж.	Болуы мүмкін қақтығыс аймақтарының схемасы Педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары Қызметкерлерді оқыту кестесі Іс-шаралардың мазмұнын әзірлеу, спикерлер мен модераторларды іріктеу Жеке көмек көрсету жоспары

		Білім алушыларға және тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеудің (буллингтің)белгілері анықталған жағдайда дереу ден қоюды ұйымдастыру Білім беру ұйымындағы жәбірлеудің (буллингтің)әрбір нақты жағдайы бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарын іске асыру, оның іске асырылуын үйлестіру Білім беру ұйымдары педагогтерінің құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру: білім алушылар арасында агрессияның / жәбірлеудің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау; жобалау қызметін ұйымдастыру педагогтері мен білім алушыларының әлеуметтік-эмоционалдық интеллектісін дамыту; білім беру салаларына, қосымша білім беруге, оқудан тыс қызметке жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін кіріктіру. Бағдарлама шеңберінде 1-ден 11-сыныпқа дейінгі білім алушылардың жобалау қызметін ұйымдастыру Оқушылардың өзін- өзі басқаруына буллингке қарсы тақырыпты енгізу Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығында жәбірлеу (буллинг) жағдайындағы балаға қалай көмектесуге болады» сабақтарын өткізу		

		Профилактикалық іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелер банкін құру Бағдарламаны іске асыратын білім беру ұйымдарымен желілік өзара іс-қимыл жұмысына қатысу Ақпараттық- ресурстық қамтамасыз ету Бағдарламаны іске асыру мониторингі Әлеуметтік әріптестер желісін кеңейту, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды, үкіметтік емес ұйымдарды, бизнес-құрылымдарды тарту		
2.	Педагогикалық жұмыскерлердің «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды-жәбірлеудің (буллингтің)алдын алу бағдарламасын іске асыру бойынша қызметі	1. Буллинг жағдайларын диагностикалау және ден қою әдістерін пайдалану, ден қою алгоритмін қолдану 2. Білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту әдістерін пайдалану 3. 1-11 сынып оқушы-ларымен жұмыстың мазмұнын, әдістері мен нысандарын игеру (жо-балау қызметін, тре-нингтік жаттығуларды және жұмыстың басқа да нысандарын жүргізу бойынша практикалық ұсынымдар) 4. Педагогтердің өзіндік әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту	Қыркүйек 2025 ж. – Мамыр 2026 ж.	

3.	Сынып жетекшілерінің «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушылардыжәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарлама- сын іске асыру бойынша қызметі	Бағдарлама бойын- ша 1-11 сынып оқушылары- на арналған сабақтар негізінде жобалау қызметін ұйымдастыру Бастауыш сынып білім алушыларына жоға- ры сынып оқушыларының менторингін ұйымдастыру, бірлескен іс-шараларды өткізу Сыныптың социометриясын жүргізу және оның нәтижелері негізінде сыныпта қолайлы климат құру Оқушылардың әлеуметтік желілердегі бейіндерімен, оның ішінде оларға қоса салынатын фото, бейне, посттарымен және түсіндірмелерімен танысу, агрессия көріністерін анықтау және кибербуллингтің алдын алу бойынша шаралар қабылдау Білім алушыларға және тәрбиеленушілер- ге қатысты жәбірлеудің (буллингтің) белгілері анықталған жағдайда дереу ден қою Балалармен жеке жұ- мыс жүргізу және ата-аналармен байланыста болу	Қыркүйек 2025 ж. – Мамыр 2026 ж.	Ақпарат Материал-дар
4.	Педагог-психологтің «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушылардыжәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру бойынша қызметі	Педагог-психологтің консультациялық кеңесін есепке алу журналында тіркей отырып, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуі. «Тәуекел» топтарындағы балалармен жұмыс жоспарына жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мәселелерін қосу.	Қыркүй- ек 2025 ж. – Мамыр 2026 ж.	Психологтің және әлеуметтік педагогтің ұсынымдары Жұмыс жоспары Ақпарат, стендтер Жоспар, кесте, ақпарат

		Жәбірлеу (буллинг), педагогтердің кәсіби деформациясы және психологиялық денсаулық тақырыбындағы ақпараттық стендтерді дайындау. Жалпымектептік социометриялық зерттеулердің нәтижелері бойынша алаңдаушылық туғызған балалармен жеке әңгімелесу. Оқушылардың ата-аналарымен әңгімелесу және кездесулер өткізу. Мектептің білім алушыларымен тренингтер жүргізу.		
5.	Әлеуметтік педагогтің «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды-жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру бойынша	1. Білім алушыларға әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету 2. Білім алушылардың отбасыларымен жұмыс	Қыркүйек 2025 ж. – Мамыр 2026 ж.	

	қызметі			
6.	Білім алушылардың «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарын- да білім алушы-лардыжәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру бойынша қызметі	Буллингті бол-дырмау бойынша мі-нез-құлық ережелерін әзірлеу Білім беру бағдар-ламасы бойынша жоба-лық қызметті іске асыру Мектептің өзін- өзі басқару жұмысының жоспарына буллингтің алдын алу іс-шараларын енгізу 4. Жасаралық өзара әрекеттесуді ұйымда-стыру (бастауыш-негіз-гі-жоғары буын білім алушылары)	Қыркүйек 2025ж. – Ма-мыр 2026 ж.	Мектептің өзін- өзі басқару жұмысының жоспары
7.	Білім алушылардың ата-аналарының «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарын- да білім алушы-лардыжәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру бойынша қызметі:	1. «Ата-аналарды педаго-гикалық қолдау орталығы-ның» буллингтің алдын алу бойынша 1-4, 5-9, 10-11 сынып ата-аналарына ар-налған сабақтарына қатысу 2. Буллингтің нақты жағдайларын шешу бой-ынша өзара әрекеттесу мүдделерін, ұстанымда-рын, тәсілдерін келісу үшін ата-аналардың, балалар-дың, педагогтердің кезде-сулерін ұйымдастыру	Қыркүй- ек 2025 ж. – Мамыр 2026ж.	Ата-аналарға арналған сабақтардың бағдарламасы Іс-шаралардың жоспарлары, бағдарлама-ры

		3. Балаларға білім беру, тәрбиелеу, дамыту мәселелері бойынша педагогтермен ынтымақтасу 4. Сыныптың әлеуметтік бағытталған жобалық қызметін іске асыру үдерісіне қатысу 5. Мектеп іс-шараларын, мерекелерді ұйымдастыру кезінде ата-аналардың еріктілер ретінде қатысуы 6. Ата-ана кеңестері, клубтары жұмысына қатысу («Даналық мектебі»)		

IV. Талдау кезеңі				
1.	Аралық және қорытынды диагностикалық зерттеулерді жүргізу: буллинг пен кибербуллингтің жай-күйін анықтау	1. Білім беру ұйымындағы эмоционалдық атмосфераның саламаттығы деңгейін диагностикалау (білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы) 2. Білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшелігін диагностикалау (1-11 сынып оқушылары) 3. Білім беру ұйымындағы эмоционалдық атмосфераның саламаттығы деңгейін диагностикалау (4-11сынып оқушыларының ата-аналары)	Қаңтар 2026 ж. Мамыр 2025 ж. Мамыр 2026 ж.	Зерттеу материалдары, талдамалық анықтама
2.	Білім беру ұйымының «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды	Мониторинг жүргізу Бағдарламаны іске асыру барысы туралы талдамалық есеп құру	Мамыр 2026 ж.	Мониторинг материалдары, талдамалық есеп, презентация

	жәбірлеудің (бул-лингтің) алдын алу бағдарлама-сын іске асыру бойынша қыз-метін монито-рингілеу			

6. Күтілетін нәтижелер

Білім беру ұйымдары ұжымының білім алушылар ортасындағы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қызметі келесі нәтижелерде көрсетіледі.

1-нәтиже. Әрбір ұйымда мәселенің жай-күйін диагностикалау нәтижелеріне негізделген жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған тиімді қарсы тұру жүйесі құрылады.

2- нәтиже. Білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінің субъектілерін біріктіретін жәбірлеуге (буллингке) тиімді қарсы тұру құрылымы құрылады.

3- нәтиже. «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ» КеАҚ ұжымымен бірлесе отырып, оның әдістемелік сүйемелдеуімен педагогтерге, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған ден қою, білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық зердесін дамыту бойынша білім беріледі.

4- нәтиже. Білім беру ұйымдарында болуы мүмкін қақтығыс аймақтары (шешінетін орын, демалыс, дәретханалар, ББҰ аумағы және т.б.) анықталады.

5- нәтиже. Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықты қабылдамау мәдениеті қалыптасатын қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат, орта дамитын болады.

6- нәтиже. Білім беру ұйымында тұрақты бақылау және түзету үшін сыныптағы әлеуметтік-психологиялық климатқа мониторинг жүргізіледі.

7. Қосымшалар

1 - қосымша. Буллингке қарсы команда туралы ереже

2 - қосымша. Мектепшілік актілердің тізбелері

3 - қосымша. Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллингтің) белгілері анықталған жағдайда дереу ден қою (әрекет ету) алгоритмі

4 - қосымша. Педагогтерге арналған кіріспе семинарының әзірлемесі

5 - қосымша. Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған семинарлардың әзірлемесі

6 - қосымша. 1-4, 5-9, 10-11- сынып оқушыларының ата-аналарына арналған сабақтардың әзірлемесі

7 - қосымша. «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы бойынша 1-11 сынып оқушыларына арналған сабақтар негізінде жобалау қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

8 - қосымша. Диагностика және мониторинг жүргізуге арналған материалдар

9 - қосымша. «Мен не туралы айтпаймын» қосымшасын пайдалану жөніндегі нұсқаулық

10 - қосымша. Оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту бойынша педагогикалық ұжымның қызметін психологиялық-педагогикалық қолдау

1-қосымша

Буллингке қарсы команда туралы Е Р Е Ж Е

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже буллингке қарсы команда қызметінің (бұдан әрі - Команда) мақсаттарын, міндеттерін, қалыптастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен бекітілген Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.3. Команда педагогикалық кеңестің келісімі бойынша білім беру ұйымы директорының бұйрығымен құрылады және таратылады.

1.4. Команда өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.

2. Қызметтің мақсаты мен міндеттері

2.1. *Мақсаты*: білім беру үдерісіне қатысушылардың жәбірлеу (буллинг) фактілерінің алдын алу және болдырмау бойынша өзара әрекеттестігін күшейту, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарындағы жәбірлеу (буллинг) фактілеріне ден қою.

2.2. *Міндеттері*:

• «ДосболLIKE» жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және болдырмау жөніндегі бағдарламаға сәйкес жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

• білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда дереу әрекет ету, білім алушыларға әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

• мектептің буллингке қарсы қызметінің диагностикасы мен мониторингін ұйымдастыру.

3. Команданы ұйымдастыру

3.1. Команда құрамына: мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, бірнеше белсенді, ынталы педагог пен қызмет көрсетуші персонал қатарының қызметкері, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері кіреді.

3.2. Нақты жағдайды қарау, алдын алу іс-шараларын жоспарлау және өткізу, мониторинг және т.б. кезінде тиімді атаулы көмек көрсету мақсатында Команданың құрамына басқа педагогтер де уақытша кіре алады.

3.3. Команданың сандық құрамы және оның өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және шешімдер қабылдау білім беру ұйымының қажеттілігін ескере отырып, осы Ережемен айқындалады.

3.4. Команда мүшелері бірінші ұйымдастыру отырысында дауыс беру жолымен өз құрамынан басшы мен хатшыны сайлайды. Команда басшысы мен хатшысы, егер оларға Команда мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, сайланған болып саналады.

3.5. Командаңы ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді (жабдықталған үй-жайды, ұйымдастыру техникасын, қажетті әдебиетті беруді, іс жүргізуді ұйымдастыруды және т.б.) білім беру ұйымының директоры жүзеге асыра- ды.

4. Командаңың қызметі

4.1. Қауіпсіз білім беру ортасын құру бойынша ресурстардың бастапқы талдауын ұйымдастырады.

4.2. Команда жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша мынадай қызметті жүзеге асырады:

4.2.1. Мектептегі ортаны талдау, жәбірлеудің болуын, сондай-ақ білім беру ұйымында оның пайда болуының нақты тәуекелдерін негізделген дәлелдемесін қалыптастыру үшін мектепішілік мониторинг, анонимді сауалнамалар жүргізуді ұйымдастырады.

4.2.2. Пікіртерім нәтижелерін өңдеуді ұйымдастырады, білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) мәселесінің нақты жай-күйін көрсете отырып, талдамалық анықтама қалыптастырады.

4.2.3. Мектеп педагогтері мен қызметкерлерінің жәбірлеудің (буллинг) және кибербуллингтің (біліктілікті арттыру, семинарларға, конференцияларға қатысу және т.б., жарияланымдар, тәжірибе алмасу және т.б.) алдын алу мәселелері бойынша дайындығы деңгейін талдайды.

4.2.4. Педагогикалық кеңеске білім беру ұйымында жәбірлеудің (буллинг) мәселесінің болуын мойындау, онымен жұмыс істеу нұсқауын қалыптастыру туралы материалдар дайындайды.

4.2.5. Білім беру ұйымында буллингпен жұмыс істеу жүйесін құруға дайын белсенді, ынталы педагогтерді, қызметкерлерді, ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін іріктейді және біріктіреді.

4.2.6 Оқу-тәрбие үдерісінің ерекшелігін, білім алушылар контингентін, ата- аналар қоғамдастығының пікірін, білім беру ұйымының қалыптасқан дәстүрлерін ескере отырып, «ДосбоLIКе» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбір- леудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету бой- ынша білім беру ұйымының нормативтік-құқықтық базасын пысықтайды.

4.2.7. Педагогтермен бірлесіп, буллингтің алдын алу және «ДосбоLIКе» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

4.2.8. Білім беру үдерісіне қатысушыларды Командаңың қызметі туралы үнемі хабардар етеді, оң тәжірибені таратуды қамтамасыз етеді.

4.2.9. Білім беру үдерісіне қатысушыларды: білім алушылар, педагогтер, техникалық қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналарын оқытуды ұйымдастырады.

4.1.10. Білім беру ұйымында алдын алу іс-шараларын жүргізуді үйлестіреді.

4.1.11. Ата-аналарды алдын алу іс-шараларын жүргізуге және консультациялық көмек көрсетуге тартады.

4.1.12. Оқушылардың өзін-өзі басқаруын ДосбоLIКе» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыруға қатыстырады.

4.1.13 Буллингке қарсы оқытуды жүргізу мақсатында қызметі білім беру үдерісі- не қатысушылардың құқықтарын қорғауға қайшы келмейтін серіктес ұйымдар- мен (коммерциялық емес ұйымдар, психологиялық орталықтар, буллинг тақы- рыбымен жұмыс істейтін басқа да мектептер, Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясы, қалалық медиа қызмет- тер, сенім телефондары) ынтымақтастықты ұйымдастырады.

4.1.14. Зорлық-зомбылық жағдайларының таралуы бойынша мектеп ішіндегі ахуалға, білім беру үдерісіне қатысушылардың көмек сұрауға дайындығына мониторинг жүргізеді, жағдайлармен жұмыс динамикасын қадағалайды.

4.1.15. Біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарына енгізу үшін мектеп мамандарының білім алу қажеттілігін айқындайды.

4.1.16. Мектептегі буллингке қарсы саясатты, жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жоспарын айқындау, мектеп инфрақұрылымын өзгерту үшін ұсыныстар әзірлейді.

4.3. Команда жәбірлеу (буллинг) жағдайларына ден қою бойынша мынадай қызметті жүзеге асырады:

4.2.1. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларына» және «Білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) жағдайындағы іс-қимылдар алгоритміне» сәйкес буллинг жағдайлары туралы белгілерді қабылдайды.

4.2.2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда оларға дереу ден қоюды ұйымдастырады.

4.2.3. Білім беру ұйымдарында әрбір нақты жәбірлеу (буллинг) жағдайы бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарын әзірлейді.

4.2.4. Нақты сыныпта анықталған буллинг жағдайы бойынша көмек көрсету жоспарын іске асыруды үйлестіреді.

4.2.5. Жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастырады, ата-аналарға көмектің қажеттілігі мен мәнін, кәсіби көмек алу бойынша ұсынымдарды түсіндіреді.

5. Құқықтары

5.1. Функциялар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін Командаңың:

5.1.1. Ұйымның, оның ішінде Командаңың құзыретіне жататын мәселелер бойынша өткізілетін кеңестеріне қатысуға;

5.1.2. Командаға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдарды белгіленген тәртіппен сұратуға;

5.1.3. Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа ұйымдармен қарым-қатынаста Командаңың құзыретіне жататын және ұйым басшысымен келісуді талап етпейтін мәселелер бойынша білім беру ұйымының атынан өкілдік етуге;

5.1.4. ДосбоLIKe» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру жөніндегі білім беру ұйымның қызметін перспективалық дамыту, жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға енгізу құқығы бар.

6. Жауапкершілігі

6.1. Команда қатысушыларына мыналар үшін: жауапкершілік жүктеледі:

6.1.1. Осы Ережеде айқындалған Командaның функциялары мен міндеттерін ҚР қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде орындамау (тиісінше орындамау);

6.1.2. Басқа да ықтимал шараларды қоса алғанда, жәбірлеудің (буллингтің) жолын кесу үшін шаралар қолданбау: қудалауды бастаушымен және қатысушылармен әңгімелесу, қудалауды бастаушының және қатысушылардың ата-аналарымен әңгімелесу;

6.1.3. Өздеріне белгілі болған қудалау (буллинг) эпизодтары туралы кідірту немесе білім беру ұйымының басшысына хабарламау;

6.1.4. Жәбірлеуді тоқтатуға бағытталған шараларды, сондай-ақ ішкі тәртіп қағидаларында және білім беру ұйымының жарғысында көзделген қудалауды бастаушы мен қатысушыларға тәртіптік жазалау шараларын немесе білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шараларды қабылдамау;

6.1.5. Егер жасырын болуды сақтау туралы өтініш білдірілсе, өзіне белгілі болған мектептегі жәбірлеу деректері туралы хабарлаған оқушының жасырын болуын сақтамау;

6.2. Командaның функциялары мен міндеттерінің орындалуына Команда жетекшісі жауапты болады.

Глоссарий

Буллингке қарсы команда – балалар ұжымдарындағы қудалаудың алдын алу және оны тоқтату арқылы мектепте қауіпсіз ортаны құруға белсенді қатыса- тын мектеп қызметкерлерін (әкімшілік, педагогтер, қызмет көрсететін персонал, ата-аналар қатарын) біріктіретін мектептің құрылымдық бөлімшесі.

Мектептегі құрылымдық бөлімше – белгілі бір белгілер немесе өлшемшарт- тар бойынша оқушыларды, мұғалімдерді және басқа да қызметкерлерді бірік- тіретін білім беру мекемесінің ұйымдастырушы бірлігі. Әртүрлі оқу және тәрбие үдерістері жүзеге асырылатын мектептің функционалдық жүйесін құруда маңыз- ды рөл атқарады.

Буллингке қарсы құзыреттер – жәбірлеудің (буллингтің)анықталған жағдай- ымен жұмыс істеу, жәбірлеудің (буллингтің)алдын алуды ұйымдастыру, осы мәсе- ле бойынша білім беру ортасының жай-күйіне мониторинг жүргізу, ата-аналарды оқыту үшін қажетті білім, икемділік, дағдылар.

Қауіпсіз білім беру ортасы – білім беру үдерісінің әрбір қатысушысына психологиялық-физикалық қауіпсіздігінің құқықтары мен нормаларының сақталуына кепілдік берілетін, әрбір білім алушының жеке дамуы үшін жағдайлар жасалатын мектептің ішкі өмірінің тұтас сапалық сипаттамасы.

Консультациялық көмек – мақсаты ата-аналардың (заңды өкілдердің) кәме- летке толмағандарға білім беру және тәрбиелеу мәселелеріндегі құзыреттілік деңгейін арттыру болып табылатын кәмелетке толмағандарды дамыту, әлеумет- тендіру, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогика- лық көмек.

2- қосымша

МЕКТЕПШІЛІК АКТІЛЕР ТІЗБЕСІ

«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (бул- лингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру жүйелі, нормативтік бекітілген және басқарылатын тәсілді талап етеді. Оның тиімділігін, тұрақтылығын және есептілі- гін қамтамасыз ету үшін жергілікті нормативтік актілер түрінде профилактикалық жұмыстың барлық негізгі рәсімдері мен тетіктерін құжаттау қажет.

1. Орта білім беру ұйымы басшысының «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске туралы бұйрығы

1. Буллингке қарсы командаңың жұмыс жоспары
2. Буллингке қарсы команда мүшелерінің кезекшілік журналы
3. Оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары
4. Мектепішілік бақылау жоспары
5. Сынып жетекшісінің жұмыс жоспары

Төменде олардың әрқайсысының қажеттілігінің негіздемесі келтірілген.

1. Орта білім беру ұйымы басшысының басшысының «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске туралы бұйрығы.

Бұл бұйрық белгілі бір мектепте бағдарламаны бастаудың заңды және ұйымдастырушылық негізі болып табылады. Ол:

- жауапты орындаушыларды анықтайды (бағдарлама үйлестірушісі, буллингке қарсы топ мүшелері);
- бағдарламаны тәрбие жұмысына енгізуді рәсімдейді;
- бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін бекітеді;
- барлық қатысушылардың іс-әрекеттеріне әкімшілік қолдау мен дәйектілікті қамтамасыз етеді.

Осылайша, бұйрық бағдарламаға ресми мәртебе береді және буллингтің ал- дын алу бойынша басқару, әдістемелік және педагогикалық жұмысты бастау нүк- тесі ретінде қызмет етеді.

2. Буллингке қарсы командаңың жұмыс жоспары

Буллингке қарсы командаңың тиімді қызметі нақты жоспарлаусыз мүмкін емес. Жоспар:

- жәбірлеу жағдайларының алдын алу және оларға ден қою жұмыстарын жүйелейді;
- мамандар арасында міндеттерді бөледі (психолог, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және т. б.);
- іс-шаралар кешенін қамтиды: ағартушылық, диагностикалық, коррекциялық және мониторингтік.

Жоспардың болуы пәнаралық және келісілген тәсілді қамтамасыз етеді, командаңың қызметін мақсатты, дәйекті және өлшемді қамтамасыз етеді.

3. Буллингке қарсы команда мүшелерінің кезекшілік журналы

Кезекшілік журналы мектептегі тұлғааралық атмосфераны профилактикалық бақылау құралы ретінде қызмет етеді. Ол:

- командаңың мектеп ортасында болуын тіркеуге (үзілістерде, дәліздерде, іс-шараларда);
- деструктивті өзара әрекеттесу көріністерін және буллинг белгілерін белгілеуге;
- ден қою әрекеттерін бақылауға;
- жағдайды талдау және кәсіби шараларды жоспарлау үшін ақпаратты жазып алуға мүмкіндік береді.

Журнал бақылаулардың ашықтығын, жүйелілігін және тұрақтылығын, сондай-ақ топ жұмысының есептілігін қамтамасыз етеді.

4. Оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

«ДосболLIKE» бағдарламасының тақырыбын мектептің тәрбие жұмысының жоспарына кіріктіру:

- зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас, эмпатия және әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі идеяларын қазіргі білім беру іс-шараларына қосуға мүмкіндік береді;
- сынып сағаттары, акциялар, ата-аналар жиналыстары және мек- теп жобалары арқылы қауіпсіз ортаны қалыптастыруда сабақтастықты қамтамасыз етеді;
- мекеменің тәрбие саясатының стратегиялық бағытын көрсетеді.

Мұндай жоспар буллингтің алдын алуды оқушылардың құндылық тәрбиесі мен азаматтық қалыптасуының бірыңғай жүйесінің бір бөлігіне айналдырады.

5. Мектепішілік бақылау жоспары

Бағдарламаның іске асырылуын бақылау оның іске асырылуының қажетті шар- ты болып табылады.

Мектепішілік бақылау жоспары:

- іс-шаралардың орындалуын тексеру критерийлері мен мерзімдерін белгілейді;
- қиындықтар мен тәуекелдерді уақтылы анықтауға мүмкіндік береді;
- білім беру процесіне қатысушылардан кері байланыс жинауға ықпал етеді;
- қатысудың тиімділігін талдау арқылы мұғалімдердің кәсіби дамуын ынталандырады.

Бақылау функциясы Бағдарламаны енгізу сапасын және оны өзгермелі жағдайларға бейімдеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6. Сынып жетекшісінің жұмыс жоспары

Сынып жетекшісі балалар ұжымындағы «ДосболLIKE» бағдарламасының негізгі бағыттаушысы болып табылады.

Бағдарламаның міндеттерін оның жоспарына қосу:

- тақырыптық сабақтарға, тренингтерге, жобаларға және оқушылармен жеке жұмысқа қатысуды көрсетеді;
- балалардың эмпатия, құрмет, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді;
- белгілі бір сыныптың ерекшеліктерін ескеруге және алдын алу жұмысын құруға мүмкіндік береді.

Мұндай жоспар бағдарламаны жүзеге асыруды сыныптық қоғамдастық шеңберінде дәйекті, бейімделген және тұрақты етеді.

Қорытындылар

«ДосболLIKE» бағдарламасын іске асыру бойынша жергілікті нормативтік ак- тілерді әзірлеу және енгізу ережелердің ресми орындалуын ғана емес, Бағдар- ламаны мектептің педагогикалық, тәрбиелік және басқару практикасының ажы- рамас бөлігіне айналдырады. Бұл буллингтің алдын алуға және білім алушылар арасында сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ықпал ететін қауіпсіз, қолдаушы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру үшін нормативтік, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіз жасайды.

1. Орта білім беру ұйымы басшысының «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру туралы бұйрығы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің / облыстың / қаланың Білім басқармасының «ДосболLIKE»білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын енгізу туралы бұйрығы / хаты (нөмірі, күні) негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте «ДосболLIKE»білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асырылсын.
2. Педагогикалық кеңесте:
   1) Буллингке қарсы команда туралы ереже;
   2) Мектептегі ден қою алгоритмі қаралып, бекітілсін.
3. Іс - шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып, «Білім алушыны жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу» жаңа бағытын құра отырып, Тәрбие жұмысының жоспарына және Мектепішілік бақылау жоспарына қосымша бөлімдер енгізілсін.

4. Бағдарламаның жұмыс істеуі үшін педагогикалық қызметкерлер арасынан құрамды анықтап, Буллингке қарсы команда бекітілсін.

5. Буллингке қарсы команда баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі Жоспарды іске асыруды қамтамасыз етсін.

6. Сынып жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтің жұмыс жоспарына «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс - шаралар енгізілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Буллингке қарсы команданың жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1.	Буллингке қарсы команданың (бұдан әрі - БҚК) қызметін ұйымдастыру 1. БҚК отырысын өткізу: - басшы мен хатшыны таңдау; акцияға қатысушылар арасында функцияларды, міндеттерді, жауапкершілікті бөлу. Буллингке қарсы команда туралы үлгілік ережеге түзетулер енгізу (қажет болған жағдайда). Ынталы педагогтерді, ұйым қызметкерлерін тарта отырып, Буллингке қарсы команданы қалыптастыру	Тамыз	Басшы	Хаттама Ереже БҚК құрамы
2.	Диагностика жүргізуді ұйымдастыру: білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктері (1-11 сынып оқушылары); білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның әл-ауқат деңгейі (4-11 сынып оқушыларының ата-аналары)	Тамыз		Өткізу кестесі, диагностика материалдары, талдамалық анықтама
3.	Білім алушылардың жағдайлары мен осал топтары туралы деректерді жинауды қоса алғанда, білім беру ұйымдарында буллингтің ағымдағы жай-күйіне кешенді талдау жүргізуді ұйымдастыру	Тамыз		Талдамалық анықтама
4.	«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы туралы ақпараттық науқанды ұйымдастыру: 1. Білім беру ұйымының педагогтері үшін орнату семинарын өткізу	Тамыз Үнемі		Ақпарат Сабақ бағдарламасы

	Білім беру ұйымының қызметкерлері үшін семинарлар өткізу Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде ата-аналарға арналған сабақтар бағдарламасына баланы қорқытудың (қорқытудың) алдын алу тақырыптарын енгізу Әлеуметтік желілерде посттар орналастыру; Білім беру ұйымының сайтында айдар құру			
5.	Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оны іске асыру	Тамыз		Жоспар
6.	Педагогикалық кеңеске дайындық: - педагогикалық кеңеске білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) проблемасының бар екенін мойындау, онымен жұмыс істеу үшін көзқарасты қалыптастыру туралы материалдар; - БҚК және білім беру ұйымдарының қызметін регламенттейтін құжаттарды бекіту үшін	Тамыз		Педагогикалық кеңестің хаттамасы. Ақпарат. Құжаттар

7.	Ұйымдастыру: 1. «ӨРКЕН» КеАҚ базасында «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері және мазмұны» бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру; 2. Білім беру ұйымының қызметкерлерін (техникалық персонал, медбикелер, асхананың қызметкерлері және т. б.) балалар арасындағы жәбірлеу/буллинг көріністеріне ден қоюға үйрету; 3. Буллингтің нақты жағдайларын шешу бойынша мүдделерді, ұстанымдарды және өзара іс-қимыл тәсілдерін келісу үшін ата-аналармен ынтымақтастық; 4. «ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарымен желілік өзара іс-қимыл жасау; 5. Әлеуметтік әріптестерді тарту, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды, үкіметтік емес ұйымдарды, бизнес-құрылымдарды тарту жөніндегі жұмыстар.	Тамыз	Басшы Педагог-психолог	Біліктілікті арттыру кестесі Тренингтер кестесі Ата-аналардың тізімі Бірлескен іс-шаралар жоспары Шарттар, меморандумдар
8.	Білім беру ұйымдарында ықтимал қақтығыстар аймақтарын белгілеу (киім ауыстыратын бөлмелер, рекреациялар, дәретханалар, мектеп аумағы және т.б.), оларды бейнекамералармен жабдықтау	Тамыз		Мектеп схемасы Жою жоспары

9.	Бастауыш, негізгі, жоғары мектеп балаларына арналған бағдарлама бойынша сабақтарды сыныптардың тәрбие жұмысының жоспарларына қосу. Олардың өткізілуіне бақылауды ұйымдастыру.	Тамыз		Тәрбие жұмысының жоспарлары. Кесте
10.	«ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасының мақсатын, міндеттерін, жұмыс әдістерін түсіндіре отырып, жалпымектептік ата-аналар жиналысын өткізу	Қыркүйек		Хаттама
10.	«ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасының мақсатын, міндеттерін, жұмыс әдістерін түсіндіре отырып, жалпымектептік ата-аналар жиналысын өткізу	Қыркүйек		Хаттама
11.	БҚК және оқушылардың өзін-өзі басқаруының бірлескен отырысын өткізу: 1. Буллингтің алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу; Оқыту бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру; Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына буллингтің алдын алу шараларын енгізу; 4. Жасаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру (Бастауыш – негізгі – жоғары буынның білім алушылары).	Қыркүйек		Хаттама. Мектептегі өзін-өзі басқарудың жұмыс жоспары

12.	Білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның әл-ауқат деңгейін диагностикалау (білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы)	Қаңтар		Материалдар Талдамалық анықтама
13.	Диагностикалау: , білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктері (1-11 сынып оқушылары); , білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның әл-ауқат деңгейі (4-11 сынып оқушыларының ата-аналары).	Мамыр		Өткізу кестесі, диагностика материалдары, талдамалық анықтама
14.	Мектеп сайтында, стендтерде, әлеуметтік желілерде материалдарды дайындау және орналастыру	Үнемі		Материалдар
15.	«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асырудың оң тәжірибесін тарату	Үнемі		Материалдар
16.	Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын талдау	Мамыр		Есеп
17.	«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу іске асырудың барысы жайында талдамалық есеп дайындау	Мамыр		Талдамалық анықтама
18.	Келесі оқу жылына білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын әзірлеу	Маусым		Жоспар жобасы

Жәбірлеу (буллинг) белгілерін немесе деректерін анықтау кезіндегі іс-қимыл жоспары				
1.	«Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларына» сәйкес жәбірлеудің (буллингтің) белгілері немесе деректері туралы сигналды қабылдау		Педагог-психолог	Журнал-дағыжазба
2.	Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілеріне дереу ден қоюды ұйымдастыру		Команданың барлық мүшелері	
3.	Білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) әрбір нақты жағдайы бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарын әзірлеу			Жеке көмек көрсету жоспары. Есеп
4.	Белгілі бір сыныпта буллингтің анықталған жағдайы бойынша көмек көрсету жоспарын іске асыруды үйлестіру			
5.	Жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру			

1. Буллингке қарсы команда мүшелерінің кезекшілік журналы

№	Аты-жөні	Уақыты	Оқиғаның сипаты	Қолы

2. Оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы бойын- ша 1-11 сынып оқушылары үшін жобалау қызметін ұйымдастыру	Ақпарат	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері	Жыл бойы
	білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша жалпымектептік іс-шаралар	Ақпарат	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
	Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына буллингтің алдын алу шараларын енгізу	Ақпарат	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде ата-аналарға арналған сабақтарды ұйымдастыру	Ақпарат	АПҚО қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелері	Жыл бойы

	Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу шараларын енгізу жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру Жасаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру (Бастауыш – негізгі – жоғары буынның білім алушылары)	Ақпарат		Жыл бойы

5. Мектепішілік бақылау жоспары

№ п/п	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау көлемі	Бақылау түрі	Әдістеме	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Қарастыру орны	Басқару-шылық шешім	Екінші реттік бақылау
1.	Сынып-тық- жал-пылама бақылау	«Тәуе-кел» то-бындағы білім алушы-ларды анықтау								
2.	Буллингке қарсы іс-шаралар жоспарын орындау					Оқу жылының соңы				

Үлгі

Жәбірлеудің (буллингтің) белгілері немесе деректері анықталған сыныпқа сыныптық-жалпылама бақылауды жүргізу кезінде сабақтар мен іс-шараларға қатысу кезіндегі байқау парағы

Мақсаты: білім алушылардың белсенділік деңгейін, сабаққа қатысуы мен белсенділігін бағалау.

Міндеттері:

- білім алушылардың қызмет нысандарына белсенді қатысу дәрежесін, білім деңгейін, сондай-ақ олардың бастамашылығын анықтау;
- оқудағы проблемалық аймақтарды және артта қалу себептерін анықтау;
- білім беру үдерісін түзету және білім алушыларды жеке сүйемелдеу бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Сыныптық-жалпылама бақылау жүргізу барысында:

- бақыланатын сынып кестесі бойынша барлық сабақтарға қатысу;
- оқушылардан қозғалмауын және барлық сабақтарда бір жерде болуын сұрау;
- бақылау парағында оқушыларды алфавиттің бас әріптерімен белгілеу;
- шартты белгілерді қолдана отырып, оқушының жанында оның әр сабақта іс–әрекетке қатысуын белгілеу (сабақтарды әртүрлі түстермен бөлген жөн: мысалы, математика – қызыл, орыс тілі-көк және т.б.).

5 «А» сыныбындағы сыныптық-жалпылама бақылау Математика, орыс тілі, 2 тарих, география											
	1- қатар				2- қатар				3- қатар		
4,	Оқушы А оқуы	Оқушы Д	а, +,а,+,+,4	а, а, о,+	Оқушы Е	Оқушы О	+,+	++	Оқушы Т	Оқушы Я	б -+,
+,х,а,+,х,+	Оқушы Б	Оқушы Е	а,а+,3	+,х,+,+	Оқушы К	Оқушы П	++,++,3	а,а,а.	Оқушы Ф	Оқушы Н	а. +
О,3	Оқушы В	Оқушы Ж	+,+,а,+	а,а, +,+	Оқушы Л	Оқушы Р	а,+,х	+.а	Оқушы Ш	Оқушы И	Р, х
а. +,+	Оқушы Г	Оқушы З	-,а,х,-,+	+++,+++,4	Оқушы М	Оқушы С	а,а,аа,4	+,+	Оқушы Ю		а, а, +

Шартты белгілер

О – кешікті	Х – орнында жауап берді (қате)	б – жеке жұмыс істеді
Р – сөйлесті	+ – орнында жауап берді (дұрыс)	в – ү/т жауап берді
Z – ү/т орындамады	а – тақтадағы жауап	г – мұғалім көмекшісі
Н – сабаққа дайын емес, «2» алды	- жауап бермеді	д – топта жұмыс істеді

6. Сынып жетекшісінің жұмыс жоспары

Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Аяқталу нысаны
1-11 сыныптарға арналған жобалардың тақырыптары сынып – «Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз» 2- сынып – «Мен + Сен=Біз» сынып – «Біздің әрқайсымыз ерекше» 4 -сынып – «Сөз энергиясы» сынып – «Күйзеліске төзімділік» сынып – «Қақтығыстарды басқару өнері» сынып – «Өз және басқа адамдардың шекаралары» 8- сынып – «Ұжымның күші» сынып – «Өміршеңдік ресурстары» сынып–«Шабыттандырушы көшбасшы» сынып – «Өзіме де, өзгеге де жауаптымын!»	Тоқсанына 1 рет	Жобаларды орындау

3- қосымша

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖӘБІРЛЕУ (БУЛЛИНГ) БЕЛГІЛЕРІНЕ ДЕРЕУ ДЕН ҚОЮ АЛГОРИТМІ

Егер сіз қақтығыстың, жәбірлеудің (буллингтің) куәгері болсаңыз, онда мына әрекеттерді жасауыңыз қажет:

1. Жағдайдың қатысушылар және сіз үшін қаншалық қауіпті екенін бағалау.

2. Жағдайға дереу ден қою: ескерту жасау, қатысушыларды тоқтату.

3. Егер қақтығысты тоқтату мүмкін болмаса, қатысушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төнсе, көмекке шақыру.

4. Оқиға туралы Буллингке қарсы команда мүшелеріне, мектеп әкімшілігіне немесе кезекші әкімшіге келесі нөмірлер арқылы хабарлау:

+7 (7ХХ) ХХХ ХХ ХХ (Буллингке қарсы команда жетекшісінің телефон нөмірі);

+7 (7ХХ) ХХХ ХХ ХХ (мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынба- сарының телефон нөмірі);

+7 (7ХХ) ХХХ ХХ ХХ (кезекші әкімшінің телефон нөмірі).

5. Қақтығысқа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау.

6. Қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін мектептің медицина қызметкерлерін шақыру.

7. Анықталған дерек туралы мектеп әкімшілігіне хабарлау.

БУЛЛИНГКЕ ҰШЫРАҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұл ережелер үш блоктан тұрады:

- Егер сен жәбірлеудің/буллингтің куәгері болсаң;
- Егер сен жәбірлеудің/буллингтің құрбаны болсаң;
- Егер сен жәбірлеу/буллинг жағдайында агрессор болсаң.

ЕГЕР СЕН ЖӘБІРЛЕУДІҢ/БУЛЛИНГТІҢ КУӘГЕРІ БОЛСАҢ

1. Мәселенің бар екенін мойында. Егер біреудің үнемі ренжіп жүретінін байқасаң, онда бәрі өздігінен шешіледі деп күтуге болмайды. Мәселені мүмкіндігінше тезірек шешуді бастау керек.
2. Өзің сенетін ересек адамға оқиға туралы баянда: ата-анаңа, сынып жетекшіңе, мұғалімдеріңнің біріне немесе мектеп психологіне жүгін. Егер оларға жүгінуге қысылсаң, онда оқиға туралы хат жазып, хатты сенім жәшігіне сал.

3. Егер сен біреудің ренжіткенін көрсең, араша түсуге тырыс. Жәбірлеу/буллинг жағдайында өзіңе қауіп төндірмеуің керек, бірақ жәбірлеу/буллинг жағдайына куә болсаң, онда дереу кедергі жасап, оқиғаны тоқтату маңызды. Егер мұны өзің жасай алмайтыныңды білсең немесе сезсең – айналаңдағы ересектердің көмегіне жүгін.
4. Агрессорға жәбірлеудің/буллингтің жаман әрекет екенін және оны қолдамайтыныңды түсіндір. Жәбірлеу/буллинг – бұл басқа адамның қадір-қасиетін төмендететін адам құқықтарының бұзылуы екендігін ескерту жеткілікті.
5. Буллинг құрбанына қолдау көрсет. Сыныпта болып жатқан жәбірлеу/буллинг оқиғаларына қарсы екеніңді көрсет әрі қолдамайтыныңды түсіндір.
6. Басқаларға үлгі бол. Сыныбыңда әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін. Мысалы, балалар бір-бірімен дос болғысы әрі араласқысы келеді, бірақ оны қалай жасау керегін білмейді. Біреу екінші бір адамды ренжітіп көңіл көтеруге, өздері ұнатпайтын балаға қарсы бірігуді шығарған. Өзіңнің әрекетіңмен дос болу, қарым-қатынасқа түсу, жай ғана білім алу күн сайын агрессия мен жағымсыз эмоцияларға ұшырауға қарағанда әлдеқайда жақсы екенін көрсет. Ал оны тек бір-біріңе құрметпен қараған жағдайда ғана көрсете аласың.

ЕГЕР СЕН ЖӘБІРЛЕУДІҢ/БУЛЛИНГТІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛСАҢ

1. Абдырап қалма! Басында агрессорға мүлдем көңіл аудармауға тырыс. Бұл әрекет агрессор сенің жәбірлеудің құрбаны болуға бейім екеніңді тексеру кезінде іске асады. Егер агрессор күш қолданып жатса, бұл әдіс іске аспайды.

2. Кетіп қал! Мүмкін болса, агрессордан аулақ жүруге тырыс. Агрессор әдетте саған шабуыл жасайтын, адамдар аз жүретін орындармен жүрмеуге тырыс. Үлкендерге, әсіресе ересектер мен мұғалімдерге жақын бол. Ересек адамдардың болуы агрессорды тоқтата алады. Егер жәбірлеу/буллинг мектепке барар жолда болса, онда мектепке баратын және үйіңе қайтатын кезде басқа жолды таңда.

3. Өзіңе ұнамайтынын айт! Агрессорға оның істегенін ұнатпайтыныңды және оны тоқтату керек екенін сабырмен және анық түсіндір. Бұл ретте «Тоқтат!», «Та- ста!» «Доғар!» деген нақты сөздерді қолдан.

4. *Екінші бір адамға сені жәбірлеп жатқаны туралы айт.* Өзің сенетін ересек адамға: мұғалімге, ата-анаңа, мектеп директорына немесе Буллингке қарсы команда мүшесіне ескерт.

5. Сенім білдір! Есіңде болсын, буллингке ұшырағаныңа кінәлі емессің. Көмек пен қолдау сұрауға қорықпа.

ЕГЕР СЕН ЖӘБІРЛЕУ/БУЛЛИНГ ЖАҒДАЙЫНДА АГРЕССОР БОЛСАҢ

Тоқта және ойлан: өз әрекеттеріңмен басқаларға тигізетін зардапты түсінуге тырыс.

1. Көмек сұра: жағдайды түсіну үшін мұғаліммен, ата-анаңмен немесе өзің сенетін ересек адаммен сөйлес.
2. Кешірім сұра және түзел: егер біреуді ренжіткен болсаң, кешірім сұра, мінез-құлқыңды жақсы жаққа өзгертуге тырыс.
3. Өз эмоцияларыңды танып үйрен: осындай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін эмоцияларыңды және мінез-құлқыңды қалай басқаруға болатындығы туралы білуге тырыс.
4. Шешім қабылда: осы секілді оқиғаны болдырмау үшін, өзің жүрген ортада позитивті болуға тырыс.

Білім беру ұйымы басшысының кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг фактілеріне
жедел ден қою жұмысының алгоритмі

1-қадам. Зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг) немесе кибербуллинг туралы ақпарат алу

Білім алушылар арасында зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг) немесе кибербуллингтің ықтимал жағдайы туралы ақпарат түскен кезде білім беру ұйымы- ның басшысы алынған ақпаратты инциденттерді есепке алу журналына дереу тіркеуге міндетті. Барлық қатысушылардың құпиялылығын қамтамасыз ету және олардың құқықтарын бұзуы мүмкін мәліметтердің таралуына жол бермеу маңы- зды.

2- қадам. Қорғаншылық органдарымен және уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл

Білім беру ұйымының басшысы 1 сағат ішінде баланың өмір сүру жағдайлары мен тәрбиесіне тексеру жүргізу үшін қорғаншылық органдарына білім алушылар арасында зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг) немесе кибербуллинг болуы мүмкін жағдай туралы хабарлайды.

Қамқоршылық органдары әлеуметтік педагогпен, педагог-психологпен, сынып жетекшісімен, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірлесіп, баланың өмір сүру жағдайлары мен тәрбиесін тексеруге бірден кіріседі. Тексеру барысында қауіп факторлары анықталады, барлық қатысушылардан түсініктеме- лер жиналып, баланың тұрмыстық жағдайы мен психологиялық жай-күйі жазы- лады. Білім беру ұйымының басшысы комиссияны сүйемелдеуді және қолдауды қамтамасыз етеді, барлық қажетті құжаттарды ұсынады және қажетті ақпаратқа қол жеткізуге кепілдік береді.

Егер тексеру нәтижесінде зорлық-зомбылық немесе буллинг фактілері растал- са, зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг белгілерін анықтау ту- ралы ақпарат тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды тексеру актісін қоса бере оты- рып, ішкі істер органдарына; кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға, кәмелетке толмағандардың құқықта- рының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жү- зеге асыратын барлық уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі.

3- қадам. Баланы психологиялық қолдау және мектепішілік шаралар

Білім беру ұйымы ішінде сыртқы органдарға ақпарат берумен бір мезгілде зар- дап шеккен баланы қорғау бойынша бастапқы шаралар қабылдануға тиіс. Мекеме басшысы психологиялық қолдауды ұйымдастырады, қатысушылар арасындағы одан әрі байланысты болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды, қажет болған жағдайда басқа сыныпқа ауысуға немесе уақытша алшақтатуға бастамашылық жасайды. Мектеп тарапынан жәбірленуші үшін де, жәбірлеуге қатысушылар үшін де психологпен тұрақты кездесулерді, мінез-құлық мониторингін, ата-аналармен жұмысты қамтитын жеке сүйемелдеу жоспары әзірленеді.

Білім алушыларды психологиялық қолдау кезең-кезеңмен жүзеге асырылады және үш негізгі кезеңнен тұрады: анықтау, сүйемелдеу және мониторинг.

1. Бірінші кезең – анықтау – білім алушылардың эмоционалдық жай- күйі мен агрессивтілік деңгейін диагностикалау және талдау, оның ішінде оқу жылының басында бейімделу тестілерін пайдалана отырып жүргізіледі. Өтініш келіп түскен немесе проблема анықталған кезде іс ашылады. 24 сағат ішінде жағдайды бастапқы бағалау жүзеге асырыла- ды, директорға, ата-аналарға және сынып жетекшісіне хабарланады, ал жағдай арнайы журналға жазылады. Содан кейін кешенді бағалау жүр- гізіледі: жиналған ақпарат талданады, құпиялылық туралы келісімге қол қойылады, жағдайға қатысушылармен кездесулер ұйымдастырылады. Бұл процесс үш жұмыс күнінен аспайды.

2. Екінші кезең – сүйемелдеу – жеке көмекті жоспарлау мен жүзеге асыруды қамтиды. Жұмыстың егжей-тегжейлі жоспары жасалады, бала- ны сүйемелдеу жөніндегі іс-қимылдар келісілетін Буллингке қарсы ко- манданың жауапты мүшелері тағайындалады. Жоспар ата-аналармен және білім алушының өзімен келісіледі. Қажет болған жағдайда проце- ске кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімше (КТІБ) қызмет- керлері, тьюторлар, мектеп психологтары, еріктілер және т.б. қосымша мамандар тартылады. Жоспарды үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады (жағдайдың күрделілігі мен динамикасына байланы- сты).

3. Соңғы кезең – мониторинг және одан әрі шешімдер қабылдау. Бұл ке- зеңде жоспардың орындалуын үнемі бақылау жүзеге асырылады және жүргізілген жұмыстың тиімділігі талданады. Ай сайын бақылау шолула- ры өткізіледі, мамандардан, ата-аналардан және білім алушының өзінен кері байланыс жиналады, аралық қорытындылар шығарылады. Жұмыс қорытындысы бойынша Буллингке қарсы команда отырыс өткізеді, онда істі жабу туралы шешім қабылданады. Ол жабылғаннан кейін де бала үш ай бойы бақылауда болады. Егер жағдай сүйемелдеуді жалғастыруды талап етсе, ағымдағы жоспардың мерзімі аяқталғанға дейін 15 күн бұрын одан әрі шаралар мен мерзімдер талқыланады.

4- қадам. Құжаттама және есеп беру

Басшы ішкі құжаттаманың тиісті жүргізілуін қамтамасыз етеді: тексеру актілері, әңгімелесу хаттамалары, педагогтердің есептері, көмек көрсету бойынша жеке жоспарлар. Барлық ақпарат дербес деректерді қорғау туралы заңнаманы сақтай отырып, жабық түрде беріледі. Жұмыс нәтижелері бойынша ішкі есеп қалыптастырылады, ол қажет болған жағдайда білім беру органдарына немесе прокуратураға ұсынылады.

Ден қою алгоритмінің орындалуын бақылауды басшының өзі жүзеге асыра- ды. Қайталану қаупі немесе күрделі жағдайлар болған кезде қайта тексеру жүр- гізіледі, сондай-ақ құқық қорғау органдарына одан әрі шаралар қабылдау туралы сұрау салынады.

5- қадам. Осындай оқушылармен жұмыс нысанын анықтау

Сондай-ақ жоспардан тыс педагогикалық комиссия өткізілуі мүмкін, оның нәтижелері бойынша жәбірлеуге ұшыраған немесе оған қатысқан кәмелет- ке толмағанды одан әрі оқыту және сүйемелдеу туралы шешім шығарылады. Егер жағдай жүйелі сипатқа ие болса немесе психологиялық бұзылуларға әкеп соқтырса, материалдар Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға (КДН) отырыста қарау және профилактикалық есепке қою үшін жіберіледі.

Ерекше нұсқаулар

Балаға қатысты зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг туралы ақпарат оны алған сәттен бастап бір сағат ішінде берілуге тиіс. Тарату арналары: ұялы байланыс, электрондық пошта, Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия (КДН), қорғаншылық және ішкі істер органдарымен ресми байланыс жүйелері.

Басшы «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңына, «Білім туралы» ҚР Заңына және 2024 жылдан бастап буллинг пен кибербуллинг жекелеген құқық бұзушылықтар ретінде енгізілген ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіндегі жаңа өзгерістерге сәйкес балалардың құқықтарын уақтылы ақпараттандыруға және қорғауға жеке жауапкершілікте болады.

Барлық органдар мен ұйымдардың ведомствоаралық іс-қимыл алгоритмі

1. Фактілер анықталғаннан немесе факт туралы хабарланғаннан кейін барлық уәкілетті мемлекеттік органдарға: ішкі істер органдарына, прокуратураға, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдарына, сондай-ақ бала құқықтары жөніндегі жергілікті уәкілге (УПР) және бала құқықтары жөніндегі республикалық уәкілетті органға (РУПР) жедел хабарлануы тиіс.

Жағдайға ден қою: ескерту жасау, қатысушыларды тоқтату.

Ақпарат сигнал алғаннан кейін бір сағаттан кешіктірілмей беріледі.

▶ Білім беру ұйымының басшысы немесе өзге де жауапты тұлға (психо- лог, әлеуметтік педагог) баланың аты-жөнін, мән-жайларын, зорлық-зом- былықтың болжамды нысанын көрсете отырып, қысқаша анықтама (жаз- баша немесе электрондық нысанда) жасайды.

▶ Хабарлама қорғалған байланыс арналары (электрондық пошта, қорғалған мессенджер, ДОУ қызметтік жүйесі) арқылы жіберіледі.

▶ Органдарға жіберіледі:

- аудандық ішкі істер бөлімі;
- прокуратура;
- аудандық / қалалық білім бөлімі;
- әлеуметтік қорғау басқармасы;
- бала құқықтары жөніндегі жергілікті уәкіл (БҚЖУ);
- бала құқықтары жөніндегі республикалық уәкілетті орган (БҚРУО).

2. Жергілікті атқарушы органдар зорлық-зомбылықтан, жәбірлеуден (буллингтен), кибербуллингтен зардап шеккен балалардың деректерін бала құқықтары жөніндегі жергілікті уәкілге (УПР) және бала құқықтары жөніндегі республикалық уәкілетті органға (БҚРУО) жолдайды, ал өз кезегінде зорлық-зомбылықтан, жәбірлеуден (буллингтен), кибербуллингтен зардап шеккен балалардың отбасыларына бала құқықтары жөніндегі жергілікті уәкіл (БҚЖУ) және бала құқықтары жөніндегі республикалық уәкілетті орган (БҚРУО) байланыс деректерін береді.

Ақпаратты беру 24 сағат ішінде жүзеге асырылады.

▶ Деректер мыналарды қамтиды:

- Баланың аты-жөні;
- туған күні;
- оқу орны, сынып / курс туралы мәліметтер;
- ата-аналардың (заңды өкілдердің)байланыс деректері;
- жағдайдың қысқаша сипаттамасы;
- қолда бар медициналық, психологиялық қорытындылар (егер бар болса).

▶ Жергілікті әкімдіктің регламенттеріне сәйкес ішкі актімен немесе қыз- меттік жазбамен ресімделеді.

3. Деректер анықталғаннан және олар белгіленген мерзімде расталғаннан кейін Бала құқықтары жөніндегі жергілікті уәкіл (БҚЖУ), Бала құқықтары жөніндегі республикалық уәкілетті орган (БҚРУО) уәкілетті мемлекеттік органдарға зардап шеккен балаға көмек көрсету бойынша қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

▶ Бес жұмыс күні ішінде бала құқықтары жөніндегі жергілікті уәкіл (УПР) және бала құқықтары жөніндегі республикалық уәкілетті орган (РУПР) жолдайды:

■жағдайды бағалау туралы есеп;

■ қабылданған шаралар тізімі: кеңес беру, қорғау, құқық бұзушыны уақытша шеттету, отбасымен жұмыс;

■ әлеуметтік көмек қызметіне, психологқа, медициналық ұйымға ақпарат.

▶ Орындалуын бақылау бейінді министрліктерге (оқу-ағарту, денсаулық сақтау, ішкі істер) жүктеледі.

4. Мобильді топ қадағалаушы прокурордың нұсқауына сәйкес дереу оқиға орнына барады.

■Мобильді топтың құрамы:

■прокуратура қызметкері;

■ІІБ инспекторы (мектеп офицері);

■психолог немесе әлеуметтік педагог;

■қорғаншылық органдарының өкілі.

■ Оқиға орнына шығу 1-2 сағат ішінде жүзеге асырылады.

■Мақсат-жағдайларды тексеру, баланың қауіпсіздігін алғашқы бағалау, қатысушылар мен куәгерлерден сұхбат алу.

▶ Нәтижелері бойынша тексеру актісі және кездесу хаттамасы ресімделеді.

5. Уәкілетті органдар тұлғаның жеке басын және зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг), баланы кибербуллинг белгілерінің көздерін, диагностика және т. б. сәйкестендіреді.

▶ Жүзеге асырылады:

■бастапқы психологиялық-педагогикалық сауалнама;

■жай-күйді диагностикалау (ҚР ОАМ бекіткен әдістемелер бойынша);

■қысым немесе қауіп көздерін анықтау.

▶ Міндетті түрде жәбірленушімен жеке сұхбат жүргізіледі (ата-анасы- ның келісімімен).

▶ Диагностиканы сертификатталған мамандар (психологтер, әлеуметтік педагогтер) жүргізеді.

6. Ішкі істер органдары қажетті (қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес) тергеу іс-шараларын, оның ішінде тиісті сараптамаларды тағайындауды дереу жүргізеді.

■Егер қылмыс құрамының белгілері болса, қылмыстық іс қозғалады.

■Жауап алу, хат-хабарларды алу (кибербуллинг кезінде) жүргізіледі, келесі сараптамалар тағайындалады:

■сот-психологиялық сараптама;

■сот-медициналық сараптама (дене жарақаттары үшін).

■Мерзімдер ауырлық дәрежесіне байланысты, бірақ прокурор бақыла- уды күн сайын жүргізеді.

7. Сот сараптамасы органдары, сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке тұлғалар және аккредиттеуден өткен заңды тұлғалар зерттеулер, сараптамалар жүргізеді, қорытындыларды ресімдейді және қосымша ақпарат береді.

8. Прокуратура органының басшысы зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг фактісі не белгілері туралы ақпарат берілген сәттен бастап әрбір хабарлама мен өтініш бойынша істердің бөлінген санаттылығын тергеуге дейін прокурорлық қадағалау шараларын қабылдайды.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА, ЖӘБІРЛЕУГЕ (БУЛЛИНГКЕ), КИБЕРБУЛЛИНГКЕ ҰШЫРАҒАН НЕМЕСЕ КУӘГЕР БОЛҒАН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ОҚУШЫҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДНАМА

Жәбірлеуден (буллингтен) немесе кибербуллингтен зардап шеккен балаға білім беру ұйымы жағдайды кешенді бағалауды, баланың құқықтары мен міндет- тері туралы құқықтық білім беруді, сондай-ақ әлеуметтік оңалту бойынша жеке жұмыс жоспарын әзірлеуді қамтитын психологиялық қолдау көрсетеді.

Зардап шеккен оқушымен алғашқы әңгімелесу кезінде білім беру ұйымының қызметкерлеріне мыналар ұсынылады.

- Сабырлы және мейірімді болу. Зорлық-зомбылық, буллинг немесе кибербуллинг туралы хабарлаған баламен қарым-қатынас кезінде қызметкер эмоционалды ұстамдылықты сақтауға міндетті. Әңгіме құпиялылықты қамтамасыз етіп, этикалық нормаларды сақтай отырып, сондай-ақ кәмелетке толмағанның жасын, эмоционалдық жағдайын және сенім деңгейін ескере отырып, тыныш жағдайда өткізіледі. Әңгіме жұмсақ, қолдаушы мәнерінде жүргізіледі. Баланы кінәлауға, оның сөзін бағалауға немесе күмән келтіруге тыйым салынады.
- Оқушыны мұқият тыңдау. Қосымша немесе жетекші сұрақтар қоймай, сөзін бөлмей тыңдау. Барлық нақтылау тек не болып жатқанын түсіну үшін қажет болған жағдайда ғана беріледі. Негізгі ойларды сөзбе-сөз, түсіндірусіз жазу керек.

■ Оқушыны болған оқиға туралы айту арқылы дұрыс әрекет еткеніне сендіру.

1. Оқушы не болғанын хабарлай отырып, дұрыс әрекет жасағанын атап өту қажет.
2. Айта кету керек, зорлық-зомбылық немесе қорқыту жағдайында көмек сұрау фактісі қалыптасқан жауапкершілікті және білім беру ортасындағы мінез-құлықтың рұқсат етілген шекараларын түсінуді көрсетеді.
3. Білім алушының іс-әрекеті жеке қауіпсіздігі және қолдау жүйесімен өзара іс-қимыл қағидаттарына сәйкес келетіндігін атап өту маңызды.

▶ Онымен диалог жүргізіп, тек негізгі ақпаратты жинауға, жағдайды нақтылауға қажетті мейлінше аз сұрақтар қою.

1. Әңгімелесу кезінде тек оқиғаның негізгі мән-жайларын нақтылауға бағытталған сұрақтардың ең аз қажетті санымен шектелу ұсынылады.
2. Баланың стрестік жағдайын күшейтетін егжей-тегжейлі сұрақтардан аулақ болған жөн.

▶ Оқушынының жанын қайта жараламау үшін айтылғанды қайта қара- удан аулақ болу. Баладан оқиғаны бірнеше рет қайталауды сұрамау.
Бала көз жасына ерік беріп, шиеленісті жағдайда болса, одан эмоци- оналдық сәттерді «түсіндіруін» сұраудың, егжей - тегжейлерді қарап шығудың қажеті жоқ. Негізгі мақсат – қосымша зиян келтірмеу.

▶ Оқушының іс-әрекетін басқару, өз пікірлерін, болжамдары және қорытындыларын ұсынбау, оның әрекеттеріне түсінік бермеу. Қызмет- кердің жеке пікір білдіруге, қорытынды жасауына тыйым салынады.
Баланың әрекеттері түсіндірілмейді немесе күмән туғызбайды. Қой- ылған сұрақтар бейтарап, бағалауға жол бермейтін нысанда тұжы- рымдалуы және жағдайды алдын ала түсіну үшін маңызы бар фактілер- ге ғана қатысты болуы тиіс.

▶ Оқушының маңызды сәттерді қайталауына кедергі жасамау. Болған оқиғаның маңызды сәттерін қайталауға кедергі жасамау керек. Әңгіме- лесу барысында білім алушыға болған оқиғаның мәнін еркін, өзіне тән қарқынмен баяндауға мүмкіндік беру керек.

▶ Оқушының орын алған жағдай туралы әкімшілікке, ата-анасына / заң- ды өкілдерге, мамандарға хабарлауы керек екеніне көзін жеткізу.

▶ Әңгіме аяқталғаннан кейін оқушыға ақпарат әкімшілікке, ата-анасына (заңды өкілдерге), мектеп психологіне және (қажет болған жағдайда) уәкілетті органдарға берілетінін түсіндіру қажет. Бұл әрекеттің баланы қорғауға бағытталғанын ескере отырып, оны сабырлы қалыпта жасау маңызды.

▶ Оқушының айтқан ақпаратын толығымен, сөзбе-сөз жазу. Оқушыдан алынған ақпарат уақыты, күні, әңгімеге қатысушылар және баланың төл сөзі көрсетіліп жазылуы керек.

▶ Жазбаша хаттама толтыру.

1. Білім алушымен алғашқы әңгімелесу нәтижелері бойынша жазбаша хаттама жасау қажет.
2. Хаттаманы уәкілетті маман (директордың орынбасары, әлеуметтік педагог немесе білім беру ұйымы бойынша бұйрықпен тағайындалған басқа адам) ресімдейді. Құжатта негізгі мәліметтер: әңгімелесу күні мен уақыты, өткізілген орны, әңгіме жүргізген адамның лауазымы мен аты- жөні, білім алушы туралы мәліметтер (аты-жөні, жасы, сыныбы), болған оқиға туралы білім алушының әңгімесінің қысқаша, бірақ мазмұнды баяндалуы, сондай-ақ оның қарым-қатынас кезіндегі эмоционалдық жағдайы мен жалпы мінез-құлқы жазылады.
3. Хаттама кемінде екі маманның қатысуымен, мүмкіндігінше психологтің қатысуымен объективтілік пен бала құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жасалады. Құжатқа барлық қатысушылар қол қояды, білім беру ұйымы басшысының қолымен куәландырылады және ішкі тергеу материалдарына қоса тіркеледі. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша хаттаманы ықтимал пайдалану мақсатында белгіленген нысанды және құжатты ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау міндетті.

4- қосымша

ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН КІРІСПЕ СЕМИНАРЫ
Педагогтерге арналған семинар-практикум
Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу негіздері

Мақсаты: білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ББҰ) буллингке жол бермеу мәселелері бойынша педагогтердің психологиялық-педагогикалық және практикалық құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері: «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірле- удің (буллингтің) алдын алу бағдарламасымен таныстыру.

Қатысушылар: орта білім беру ұйымдарының педагогтері. Өткізу

нысаны: семинар-практикум (воркшоп).

Ресурстар: видеопроектор, мұғалімдерге арналған жаднамалар түрінде ББҰ буллингтің алдын алу бойынша материалдар.

Зорлық-зомбылықты жалғыз жеңуге болмайды. Бұл кезең-кезеңімен және оң жолмен жасалады. Бүгін сіз алға жылжи бастайтын күн болсын!
Ассунта Харрис

Семинар барысы

1. Сәлемдесу. Кіріспе сөз

Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгін біздің мектеп базасында біз буллинг мәселесіне, онымен күресу әдістеріне және оның алдын алуға арналған өте маңызды іс-шара өткіземіз.

Қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, олардың денсаулық, толыққанды даму және сапалы білім беру құқықтарын қорғау еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттары болып табылады.

Бүгінгі күні бірде-бір бала өзін қорланған сезінбеуі, психологиялық немесе физикалық зорлық - зомбылыққа ұшырамауы керек. Біз мектептегі жәбірлеу мәселесінің өзектілігін талқылаймыз, буллингтің мәнін, балалар ұжымдарындағы жәбірлеуді анықтау және алдын алу құралдарын талдаймыз.

2. «Ассоциация» жаттығуы. Буллинг... бұл сөзге байланысты сіздерде қандай ассоциациялар туындайды? (Мұғалімдердің жауаптары).

3. «Мектептегі буллинг туралы бар шындық» бейнероликін немесе «Про Миру и Гошу» мультфильмін көрсету: https://youtu.be/egwCCe_ZIgI.

Бейнероликті талқылау

4. Шағын дәріс. Теориялық бөлім

Мақсаты: «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеу- дің (буллингтің) алдын алу бағдарламасымен таныстыру.

Қазіргі уақытта дәстүрлі балалық шақ кезеңіне тән әлемді оң қабылдауды нигилизмнің, пессимизмнің, басқаларға қатысты зорлық-зомбылық пен аутодеструктивті мінез-құлықтың ығыстыруы жаппай үрдіске айналды.

Мәселен, 2022 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндаманың деректері бойынша:

- суицидке әкелетін балалардың психоэмоционалды жағдайының бұзылуы;
- балаларға қатысты қылмыстар, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық (буллинг, кибербуллинг және т. б.);
- балалар қылмысы, көбінесе отбасылардың қолайсыздығына байланысты;
- электрондық кеңістіктің теріс әсері (интернет, әлеуметтік желілер) жаппай сипатқа ие болды:

PISA 2018 халықаралық зерттеуі шеңберінде жүргізілген сауалнамаға сәйкес, Қазақстандағы 15 жастағы әрбір төртінші оқушы буллингтің қандай да бір түріне: келемеждеуге, қорқытуға, физикалық буллингке ұшырайды. Интернетті пайдаланатын, ұялы телефондары мен компьютерлері бар 11-15 жас аралығындағы балалардың 70% - дан астамы электронды кеңістіктегі кибербул лингке ең осал болып табылады (ЮНИСЕФ, 2019).

Қорлау, жәбірлеу (буллинг) балалардың эмоционалдық әл-ауқатына және мектептегі жалпы қауіпсіздікке үлкен әсер етеді. Соңғы екі онжылдықта жүргізілген әлемдік зерттеулер жәбірлеудің зиянды салдары туралы білімді едәуір кеңейт- ті. Жәбірлеудің объектісіне айналған балалардың да, басқаларды жәбірлейтін- дердің де дамуына теріс әсер ететіні анық.

Жәбірлеудің кез келген түрінің мәні – үстемдік ету және басқаларға физикалық, әлеуметтік немесе эмоционалдық зиян келтіру мақсатында күштер теңгерімсізді- гін қолдану (Олвеус, 1991). Көптеген бала үшін жәбірлеудің құрбаны немесе агрес- соры ретінде қорлауға қатысу кездейсоқ құбылыс болуы мүмкін, ал басқалары үшін бұл созылмалы және әлеуметтік қауіпті мінез - құлық үлгісі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы проблеманы шешу үшін жүйелі ша- ралар қабылдауда. Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ» КеАҚ білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бойынша әлемдік жетекші бағдарламаларға жан-жақты талдау жүргізді.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, біз осы бағдарламаны әзірлеуге негіз болған жасөспірімдер зорлық - зомбылығының алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың жоғары тиімді стратегияларын анықтадық.

«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы әрбір білім алушы өзін қауіпсіз сезінетін мек- теп ортасын құруға бағытталған.

Бағдарламада халықаралық тәжірибенің біздің қоғам менталитетінің ерекшеліктерімен үйлестірілуі балаларымыздың бойында зорлық-зомбылықты қабылдамауды, бір-біріне деген эмпатия, өзара түсіністік пен құрмет мәдениетін тәрбиелеуге көмектеседі, осылайша қоғамда осы идеяларды ілгерілетуге ықпал етеді.

Бағдарламаның мақсаты - білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және тиімді қарсы әрекет ету жүйесін құру.

Міндеттері:

1. Білім беру ұйымдарында жәбірлеуге (буллингке) қарсы іс - қимыл және алдын алу жүйесін құру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асыру:
   1) жергілікті нормативтік құжаттарды шығару;
   2) педагогикалық ұжыммен кіріспе семинарларын өткізу;
   3) жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы іс - қимыл жөніндегі іс-шараларды білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының жоспарына енгізу;
   4) мектепте балалар арасында жәбірлеуге (буллингке) қарсы іс - қимыл бойынша педагогтерді, білім алушыларды, ата-аналарды біріктіретін құрылым құру;
- Нәтижелерді бағалау (жобаның орындалуын талдау, сәттілік пен сәтсіздіктің себептерін анықтау), жалпылау

4-кезең

- Жоба қорытындыларын ұсыну (қызметті ұжымдық талдау).

Жобаны сабақ жүйесіне қалай қосуға болады? Сабақта және сабақтан тыс уақытта не істеу керектігін (салдарын) нақты анықтау қажет. Жоба тақырыптары бағдарламамен анықталғанын ескере отырып, 1-сабақта білім алушыларға оны түсінуді және іске асыру бойынша ұсыныстарды тыңдауды, яғни жоспарлауды жү- зеге асыруды ұсыну қажет.

I. Жоспарлау

Жоба бойынша жұмысты жоспарлау оны ұжымдық талқылаудан басталады. Бұл, ең алдымен, білім алушылардың өзара пікір алмасуы және мүдделерінің келісуі; бұрыннан бар білім негізінде бастапқы идеяларды ұсыну және даулы мәселе- лерді шешу.

Бастапқы пікір алмасудың мақсаты – идеялар ағынын ынталандыру. Ми ша- буылы әдісін ең тиімді деп санаймыз. Мұғалім мүмкіндігінше түсініктеме беру- ден бас тартып, айтылған идеяларды, сондай-ақ оқушылардың қарсы пікірлерін тақтаға жазуы керек.

Бірінші сабақта, егер қажет болса, жоспарды ескере отырып, топтар құруға бо- лады. Осы кезеңдегі мұғалімнің міндеті – әр құрылған топта қарым-қатынас дағ- дылары, шығармашылық әлеуеті, әртүрлі бейімділігі мен қызығушылықтары бар білім алушылардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Әрі қарай, білім алушылар мұғаліммен бірлесе отырып, әрқайсысының әлеу- етті мүмкіндіктерін анықтайды (коммуникативті, көркем, публицистикалық, ұй- ымдастырушылық, спорттық және т.б.). Бұл жағдайда жұмысты әркім өзін көрсете алатындай және басқалар оны мойындайтындай етіп ұйымдастыру керек. Сон- дай- ақ, жұмыстың белгілі бір кезеңдерінде топтарға қандай да бір міндеттерді шешуге көмектесетін және кеңесші ретінде әрекет ететін жоғары сынып оқушы- ларын (менторларды) тартуға болады.

II. Жобаны орындау

Ол 1-ші сабақтан кейін жүзеге асырылады, 2,3-ші сабақтар негізгі кезеңдер бо- лып табылады.

Бұл әр білім алушының ойластырылған ақпаратты практикалық тұрғыдан іске асыру, ақпарат алу және талдау кезеңі, осы кезеңде әр оқушы:

- ✓ жобаның жалпы мақсатына және өз тобының міндеттеріне сүйене отырып, өз міндетін нақтылайды және тұжырымдайды;
- ✓ өз тәжірибесін; басқа білім алушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен, жоғары сынып оқушыларымен (менторлармен) және т. б. ақпарат алмасу нәтижесін; сабақ, әдебиет, интернет материалдарымен танысу, бейнемате- риалдарды қарау және т. б. негізінде алынған мәліметтерді ескере отырып, ақпарат іздейді және жинайды;
- ✓ алынған деректерді талдайды және түсіндіреді.

Осы кезеңде топ мүшелері жауапкершілікті бөлу және нәтижені ұсыну нысан- дары туралы келісуі керек. Әрбір білім алушы жеке журнал (күнделік) жүргізе алады, онда ол жұмыс барысын жазады. Жобаның барлық қатысушылары үшін жалпы журнал жүргізуге де болады. Бұл мұғалімге (және білім алушының өзіне) жоба бойынша жұмыс істеуге қосқан жеке үлесін бағалауға, сондай-ақ бақылау- ды жеңілдетуге көмектеседі.

Kanban тақтасын – тапсырмаларды көрнекі түрде ұсынуға, аяқталмаған жұмыс көлемін шектеуге және максималды тиімділікке (немесе жылдамдыққа) қол жет- кізуге көмектесетін жобаны басқару құралын пайдалануға болады. Жапонның Kanban сөзі «көрінетін сигнал» дегенді білдіреді. Әдетте Kanbanда бес құрамдас тақта болады: көрінетін сигналдар, бағандар, аяқталмаған жұмыс лимиттері, мін-

деттеме алу нүктесі және аяқтау нүктесі. Kanban тақтасының ең қарапайым мыса- лы – тік бағандарға бөлінген нақты тақта. Командалар маркер немесе бор тақта- сына белгі қойып, оған стикерлерді жапсырады. Бұл стикерлер жұмыс барысын көрсететін жұмыс үдерісінде қозғалтылып отырады.

Trello – бұл Kanban сандық тақтасын жылдам құрудың қарапайым құралы. https:// trello.com/

Батырманы бірнеше рет басу арқылы Kanban үдерісінің кезеңдерін бейнелей- тін сандық тізімдері бар тақтаны дайындауға болады. Бүкіл команда тақтамен жұ- мыс істеп, оны басқара алады.

Мысалы, «Бэклог», «Кезекте», «Үдерісте» және «Дайын» тізімдерін жасауға бола- ды. Әр тапсырма карточка түрінде ұсынылады, ол бір тізімнен екінші тізімге ауыса- ды, өйткені тапсырма кезекке түседі, ол жұмыс істейді және орындалады. Kanban сандық тақтасының келесі артықшылықтары бар: дайындық жылдамдығы, ортақ пайдалануды қамтамасыз етудің қарапайымдылығы және жоба іске асырылған кезде кез келген уақытта талдулар мен түсініктемелерді бақылау мүмкіндігі. Ко- манда мүшелері Kanban тақтасына қайдан және қашан жүгінсе де, олар жоба- ның ең өзекті мәртебесін көреді. Сондай-ақ, Trello-дағы Kanban жұмыс үдерісін ағымдағы істердің жеке тізімдерін жүргізу үшін пайдалануға болады.

Жоба бойынша жұмыс кезінде әр қатысушының өз міндетін нақты түсінуі қажет, сондықтан жобаның тақырыбы, міндеттері, алдағы істері, менторлар қатарынан кеңесшілер, жауаптылар және т.б. туралы ақпарат ұсынылатын жобаның ақпарат- тық бұрышын (кейс, чат) құру ұсынылады.

Жобаны орындау кезеңінде оқушылар: эксперимент, сұхбат, акция, концерт, кеш, ертеңгілік, жәрмеңке, «жанды» журналдар өткізу барысында, чек-парақ, жаднамалар шығару, қамқорлыққа алынғандармен, қамқоршылармен ұжымдық іс-шара ұйымдастыру, шығармашылық өнім шығару кезінде бір-бірімен өзара белсенді әректеттеседі. Жоспардың сәтті жүзеге асырылуына сабақ барысын- дағы белсенді танымдық және практикалық іс-шаралар ықпал етеді: тренингілер, кейс-стади, іскерлік және рөлдік ойындар, жаңа ақпаратпен танысу, т.б.

Мұғалім белсенді бақылаушы рөлін атқарады: зерттеу барысын, оның жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігін бақылайды; жеке қатысушылардың әрекет- сіздігіне жол бермей, топтарға қажетті көмек көрсетеді; соңғы кезеңде жобаның аралық нәтижелерін қорытындылайды.

Әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы мұғалім рөлінің ерекшелігі – оның өзі ұжымдық шығармашылық қызметке тікелей қатыса алады. Жоғары сынып оқушы- ларын (менторларды) жобалық іс-шараларға қатысуға тарту құпталады, өйткені олар өздерінде бар дағдыларымен бөлісіп, қамқорлығындағы білім алушыларды бағыттап, ұжымдық және топтық істерді іске асыруда ынтымақтастықты нығайта алады.

III. Нәтижелерді тексеру және бағалау (жобаның орындалуын талдау, сәттілік пен сәтсіздіктің себептерін анықтау)

Жоба бойынша табысты жұмыс істеудің қажетті шарты – әрбір білім алушының қызметтің мақсаты мен нәтижелерге қол жеткізу критерийлерін нақты түсінуі. Мұғалімнің міндеті – осы критерийлерді анықтауға көмектесу. Алынған ақпа- ратты өңдеу, ең алдымен, оны түсіну, салыстыру, тапсырманы орындау үшін ең

маңыздысын таңдау болып табылады. Жобаға қатысушыларға деректерді түсіндіру, қорытынды жасау, өз пайымдауларын қалыптастыру, яғни өз қызметі туралы рефлексия жасау мүмкіндігі қажет болады.

Білім алушылар жасайтын негізгі тұжырымдар – бұл қарым-қатынастағы өз мүмкіндіктерінің жаңа қырларын көру, буллингке қарсы тұру дағдыларын меңгеру, пікірлес адамдармен жасампаздық негізінде бірігу мүмкіндігі.

Ұжымдық нәтижелерді бағалауды 3,4-ші аяқтау сабақтарында жүргізген жөн. Оқушылардың жетістіктері мен жеңістері, олардың сыныптағы қарым-қатына- сты нығайтудың жалпы ісіне қосқан үлестері көпшілік алдында айтылуы үшін, бұл мәселеге шығармашылықпен қарау маңызды. Сонымен қатар, қандай мәселелер қалғанын атап өтіп, оларды шешу жолдарын белгілеу керек.

Бұл тәсіл жобаны терең түсінуге, оны жүзеге асыруға бейресми көзқарасқа және сыныптастар арасында оң қарым-қатынас жасау үшін әркімнің жеке жауапкершілігін түсінуге ықпал етеді.

IV. Ақпаратты жалпылау

3- ші немесе 4-ші сабақта жүзеге асырылады.

Бұл кезеңде алынған ақпаратты құрылымдау және алынған білімді, біліктер мен дағдыларды кіріктіру жүзеге асырылады.

Білім алушылар:

- алынған деректерді жүйелейді;

- әрбір топтан алынған ақпаратты бірыңғай біріктіреді (егер топтар құрылған болса);

- қорытындылау және шығармашылық нәтиженің презентациясы үшін қорытындылардың жалпы логикалық сызбасын құрады.

Мұғалім оқушылардың әртүрлі жұмыс түрлері (сұқбаттасу, сауалнама, экспери- мент, акция, челлендж, шығармашылық істер және т.б.) барысында алған білім- дері және дағдыларымен өзара алмасуын қамтамасыз етуі керек. Бұл кезеңде оқушыларға жоба нәтижелерін ұсыну формаларын таңдаудың максималды тәу- елсіздігін қамтамасыз ету, әр оқушыға өзінің шығармашылық әлеуетін, әлеуметтік белсенділігін ашуға мүмкіндік беру қажет. Ақпаратты жалпылау үдерісі маңызды, өйткені жобаға қатысушылардың әрқайсысы бүкіл сынып алған білімдерін, дағ- дыларын «өзі арқылы өткізеді», өйткені ол кез келген уақытта жоба нәтижелерін ұсынуға қатысуға дайын болуы керек.

V. Алынған жұмыс нәтижелерін ұсыну

Бұл кезеңде оқушылар өздерінің ашқан жаңалықтары мен нәтижеге жету жолдарын түсінеді; жобаны шығармашылықпен таныстыру мүмкіндіктерін қарастырады. Бұл жағдайда алынған нәтижелер мен қорытындыларды көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге алынған ақпарат пен талданған әдістерді сипаттаған жөн; алған білімдері мен дағдыларын көрсетеді; жоба бойынша жұмыс кезінде кездесетін мәселелер туралы әңгімелейді. Презентацияның кез келген түрі – бұл

шығармашылық үдеріс, оның барысында білім алушылар өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін ұсыну дағдыларын игеріп қана қоймай, жағымды қарым-қатынас жасауға, өз қабілеттерін, тұлғаның күшті жақтарын көрсетуді үйренеді.

Жоба қатысушылары жоба бойынша аяқтау сабағында бейнероликті, таныстырылымды, «жиналатын» кітапшаны, сахналық көріністі, «жанды» журнал және т.б. дүниелерді көрсете алады. Әр топтың және жалпы таныстырылымға қойылатын негізгі талаптар: таңдалған форма жобаның мақсаттарына сәйкес болуы, нәти- жеге әркімнің қосқан үлесін көрсетіп, ынтымақтастыққа одан әрі ынталандыруға ықпал етуі керек.

Алайда, жобаның негізгі нәтижесі әрдайым нақты шығармашылық өнім бола бермейді, дегенмен бұл жобалық қызметті сәтті жүзеге асырудың маңызды көр- сеткіші. Жоба бойынша жұмыс жасай отырып, мұғалім сәттіліктің негізгі крите- рийлері оның барлық қатысушыларының өз жетістіктері мен алған дағдыларын білуден алған қуаныш пен қанағат сезімі ұжымда жағымды қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік беретінін ұмытпауы керек. Жоба бойынша қорытынды са- бақта сыныптағы қарым-қатынас, қарым-қатынас атмосферасы, психологиялық климат қалай өзгергені туралы айту маңызды. Мүмкін жақын болашақта жоспар- ланатын жорық, концерт, акция, жәрмеңке, байқау, жарыс, қамқорлықтағы не- месе басшылық алған сыныптармен бірлескен шығармашылық қарым-қатынас және т. б. ұжымдық істер оның нәтижесі болуы мүмкін.

Буллингке қарсы іс-қимыл бойынша жобалық қызметтің ерекшелігі –оқушы- ларды жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға, ұжымда қарым-қатынас орнатуға, белсенді өмірлік ұстанымын көрсетуге, оқушылардың бойында жәбір- леуге мүлде төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға, әркімнің өз жауапкершілі- гін сезінуге ықпал ететін қызметке тарту.

Әр кезеңде буллингке қарсы тұру жобаларын іске асыру кестесін ұсынамыз.

Жобаны орындаудың негізгі кезеңдері

Кезең	Міндеттері	Білім алушылардың іс-әрекеті	Мұғалімнің қызметі
1-кезең: 1- сабақ, әрекет анәти-жесі	Сабақта: тақырыпты түсіну, идеяларды жинау, 1- кезеңде қыз-метті жоспарлау үшін жағдай жасау, жоба- ны іске асыру үшін қажетті дағдыларды пысықтау. Әрекет нәтижесі: сабақтан тыс уақытта жобаны іске асыру бойынша практика-лық қызметті ұйымда-стыру.	Сабақта: жобаны іске асыру үшін идеяларды, ұжымдық және топтық іс-шараларды ұсынады, топтарға бөлінеді (қажет болған жағдайда), 1- кезеңдегі қызметті жоспарлайды, ақпарат көздерін анықтайды, танымдық іс-шараларға қатысады. Әрекет нәтижесі: топтағы рөлдер бөлінеді, тиімділік критерийлері анықталады, ойластырылғандар іске асырылады.	Оқушыларды ынталандырады, жобаның мақсаттарын түсіндіреді, бақылайды, сабақтан тыс жұмыстарда үдерістің үйлестірушісі ретінде әрекет етеді, Kanban-ды қолдана отырып, қажетті ақпаратты уақтылы жеткізеді, қажетті қасиеттер мен дағдыларды дамытуға жағдай жасайды.

2-кезең: 2-сабақ, әрекет нәтижесі	Сабақта: 1- кезеңде жоба бойынша жасалғанды талдау, 2- кезеңдегі қызметті жоспарлау. Әрекет нәтижесі: жоба бойынша практикалық қызметті ұйымдастыру, жетістіктерді талдау.	Сабақта*:* өткізілген істерден алған әсерлерімен бөліседі, 2 -кезеңдегі жобаны іске асыру бойын- ша мұғалімнен ұсынымдар мен тапсырмалар алады, ұсыныстар енгізеді, танымдық іс-шараларға қатысады. Әрекет нәтижесі: тығыз өзара қарым-қатынас негізінде ойластырылғанды жүзеге асырады.	Нәтижелілікті талдауға көмектеседі, бақылайды, сабақтан тыс жұмыста үдерістің үйлестірушісі ретінде әрекет етеді, қажетті ақпаратты уақтылы жеткізеді, қажетті қасиеттер мен дағдыларды дамытуға жағдай жасайды.
3-кезең: 3-сабақ, әрекет нәтижесі	Сабақта*:* ақпаратты жинау және нақтылау, баламаларды талқылау, нәтижені ұсынудың тиімді нұсқасын таңдау, қызмет жоспарларын нақтылау және түзету, жобаны аяқтау үшін қажетті дағдыларды пысықтау Әрекет нәтижесі: нәтижелерді жалпылау бойынша практикалық қызметті ұйымдастыру.	Сабақта*:* өткізілген істерден алған әсерлерімен бөліседі, 3- кезеңдегі жобаны іске асыру бойын- ша мұғалімнен ұсынымдар мен тапсырмалар алады, ұсыныстар енгізеді, жетістіктер мен сәтсіздіктерді талдайды, жобаны аяқтаудың тиімді жолдарын белгілейді, танымдық іс-шараларға қатысады. Әрекет нәтижесі: тығыз өзара іс-қимыл негізінде ойластырылған іс-әрекетті іске асырады, қызметті талдайды, жобаны қорытындылайды (шығармашылық өнімді аяқтайды).	Жоба бойынша қызметті бақылайды, кеңес береді, үйлестіреді, білім алушылар арасындағы қарым-қатынастардағы өзгерістерді талдайды, жанжалдарды еңсеру тәсілдерін іздейді (туындаған жағдайда); практикалық істерді табысты іске асыруға ынталандырады, қажетті қасиеттер мен дағдыларды дамытуға жағдай жасайды.
4-кезең, 4-сабақ, әрекет нәтижесі	Өнімді, баяндаманы дайындау, жобалау үдерісін негіздеу, алынған нәтижелерді түсіндіру, жобаны ұжымдық қорғау, бағалау, одан әрі ынтымақтастыққа бағдарлау.	Сабақта: жобаның ұжымдық көрсетіліміне қатысады және жобаға қатысудан алған әсерлерімен бөліседі Әрекет нәтижесі: жобаның нәтижелері бойынша ойластырылғанды іске асырады.	Нәтижелерді ұжымдық талдауға және бағалауға қатысады, болашаққа тілектерін білдіреді.

2. Әлеуметтік жобаларды іске асыру үдерісіндегі менторлықтың (тәлімгерліктің) рөлі мен маңыздылығы

Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің алдын алу бойынша жүйелі қызметтің тиімділігі мен сапасына қол жеткізу мақсатында әлеуметтік жобаларды іске асыру үдерісінде жоғары сынып оқушылары – ментор (тәлімгерлердің) қаты- суы көзделген.

Бұл жағдайда тәлімгерлік – орта және жоғары сынып оқушыларының кіші сы- нып оқушыларымен серіктестік негізінде өзара әрекеттесу үдерісі, онда тәжіри- белі және құзыретті жоғары сынып оқушысы (ментор, тәлімгер) өзінің білімі мен дағдыларын тәжірибесі аз оқушымен (менти) бөліседі және әлеуметтік жобаны әзірлеу және іске асыру үдерісін сүйемелдейді. Тәлімгерлік арқылы білім алушы- лар қиындықтарды жеңуге және әлеуетін ашуға көмектесетін назар аударуға, қолдау мен басшылыққа ие болады.

Тәлімгер өз қамқорлығындағы білім алушылардың өзін-өзі бағалауын, моти- вациясын және өзіне деген сенімділігін дамытуға ықпал етіп, олардың өздерінің күшті жақтарын білуге, мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі, со- нымен қатар оларға ұжымдағы қарым-қатынас мәселелерін оңтайлы шешу қа- білетін дамытуға ықпал ететін әртүрлі стратегиялар мен әдістерді үйретеді.

Тәлімгерлердің қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық пен көшбасшылық си- яқты дағдыларды дамытудағы рөлі даусыз. Білім алушылар жоғары сынып оқушысынан қолдау мен басшылық ала отырып, басқалармен тиімді қарым-қа- тынас жасауды, қақтығыстарды шешуді және мектеп ортасында сәтті бейімделу үшін қажетті дағдыларды дамытуды үйренеді.

Тәлімгерлік әлеуметтік жобаны әзірлеу мен іске асырудың шығармашылық үдерісіне белгілі бір артықшылықтар беретін тиімді құрал болып табылады. Олар- дың ішіндегі ең маңыздылары мыналар:

- Жеке қолдау. Тәлімгерлер оқушыларға назар аударып, қолдау көрсетеді, бұл олардың алға қойған мақсаттарына жетуге, өздерінің күшті жақтарын түсінуге, жақсартуды қажет ететін бағыттарды анықтауға және табысқа жету үшін іс-қимыл жоспарын жасауға көмектеседі.
- Мотивация мен өзін-өзі бағалауды ынталандыру. Тәлімгерлер білім алушы- ларға мотивацияны дамытуға және өзін-өзі бағалауды арттыруға көмекте- седі. Олар өздеріне деген сенімдерін қолдап, өз күштеріне деген сенімділік- ті дамытады. Тәлімгерлер білім алушылардың жайлылық пен қолдауды сезінуі үшін жағымды орта құруға қатысады.
- Икемді дағдыларды дамыту. Тәлімгерлік қарым-қатынас жасау, ынтымақта- стық, көшбасшылық және мәселелерді шешу сияқты икемді дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Тәлімгерлер білім алушыларға осы дағ- дыларды нақты жағдайлар мен тапсырмалар арқылы дамытуға, олардың жеке және кәсіби өсуіне ықпал ететін ұжымдық іс-шараларға қатысуға көмектеседі.

Қойылған міндеттерді орындау үшін әрбір жоғары сынып оқушысы, яғни мен- тор (тәлімгерге) өз бойындағы төмендегідей негізгі қасиеттерді дамыту маңызды, мысалы:

- Эмпатия. Бұл тәлімгер өзін қамқорлығындағы білім алушының (ментидің) орнына қойып, оның сезімдерін, қажеттіліктері мен мәселелерін түсіне білу қабілеті. Жақсы тәлімгер оған шынайы қызығушылық танытады, оны мұқият тыңдап, оның жеке қажеттіліктерін түсінеді. Эмпатия тәлімгерге сенімді қарым-қатынас орнатуға және әрқайсысына жол табу үшін бейімделуге мүмкіндік береді.

- Пайымдаудан аулақ болу. Тиімді тәлімгер әр оқушының даралығын мойындап, бағалайды, оның ерекше қажеттіліктері мен қабілеттерін түсінеді. Ментор қауіпсіз және шабыттандыратын орта құра отырып, ментидің өсуі мен өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қолдайды.

- Қарым-қатынас жасау дағдылары. Жоғары сынып оқушысы-тәлімгерге өз ойын анық және нақты жеткізе білу, сондай-ақ қамқорлығындағы білім алушыны тыңдап, түсіне білу маңызды. Тәлімгер оған белсенділікпен сұрақтар қойып, диалогті ынталандырады және оқушыны сыни ойлау мен жауапкершілігін дамытуға көмектесу үшін ойлануға итермелейді.

Жобалық қызметтің бағытталғандығы ескеріле отырып, тәлімгердің бойында жәбірлеуге мүлде төзбейтін қасиеттің болуын маңызды деп саналады.

Білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастыруда шығармашылық көзқа- рас маңызды, сондықтан мұғалім нақты бір сынып ұжымына қатысты тәлімгер- лермен жүргізілетін жұмысты өзі анықтай алады. Бұл білім алушыларға кеңес беру, ақпараттық қолдау, ұжымдық істерді ұйымдастыру және т. б. болуы мүмкін.

Ментор-жоғары сынып оқушыларының қатысуын жобада өз қамқорлығындағы- ларды сүйемелдеуінен гөрі кеңірек қарастыруға болады. Сайып келгенде, бұл адамның қадір-қасиетін қорлауға жол бермейтін қауіпсіз мектеп ортасын құруда волонтерлік (еріктілік) тәжірибесін байыту.

3. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар

Білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру және оқушылардың зерттелетін тақы- рыпқа қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта оқытудың интерактивті әді- стерін пайдалану арқылы білім беру қызметін ұйымдастырудың әртүрлі нысанда- ры қолданылады.

Оқыту барысында, ең алдымен, оқушыларды білім беру үдерісіне белсенді қатыстыратын, сәттілік жағдайын бастан кешіріп, сәйкесінше олардың мінез-құлқын ынталандыратын әдістерге назар аудару қажет. Бірлескен қызмет дегеніміз – әр- кім өзінің жеке үлесін қосуы, жұмыс барысында білім, идеялар, іс-әрекет тәсіл- дерімен алмасу. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық жұмыс ұйымдастырылады, шығармашылық және жобалық қызметтің сан алуан түрлері, рөлдік және іскерлік ойындар және т. б. қолданылады.

Интерактивті әдістер өзара әрекеттесу қағидаларына, білім алушылардың белсенділігіне, топтық тәжірибеге, міндетті кері байланысқа негізделген. Білім беру- дің қарым-қатынас ортасы құрылады, ол ашықтық, қатысушылардың өзара әрекеттесуі, дәлелдемелерінің теңдігі, бірлескен білімнің жинақталуы және өзара бағалау мен талдау мүмкіндігімен сипатталады.

Мұғалім оқу ақпаратын өзі арқылы өткізетін «сүзгі» рөлінен бас тартып, жұмы- стағы көмекші, ақпарат көзінің бірі, зерттеуге қатысушы ретінде қызмет етеді. Оның мақсаты – оқушылар өздерінің жетістіктерін сезінетін ыңғайлы оқу жағдай- ын жасау, өз кезегінде бұл таным үдерісінің өзін нәтижелі етеді.

Интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, диалогтік оқыту, оның барысында білім алушылар мен мұғалім арасында, білім алушылардың өздері арасында шығар- машылық әрекет жүзеге асырылады.

Интерактивті оқыту мыналарға бағытталған:

1) талқыланатын тақырыпқа қызығушылықты ояту;

2) қаралатын материалды тиімді игеру, қойылған мәселені шешудің жолдары мен нұсқаларын өз бетінше іздеу үшін жағдай жасау;

3) өзара іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру.

Интерактивті әдістерді қолданған кезде мұғалім басты рөл атқармайды, ол тек үдерісті реттеп, оны жалпы ұйымдастырумен айналысады, қажетті тапсырма- ларды алдын ала дайындап, топтарда талқылауға арналған сұрақтар мен тақы- рыптарды тұжырымдайды, кеңес береді, орындалатын жоспардың уақыты мен тәртібін бақылайды. Бұл ретте білім алушылар әлеуметтік тәжірибеге – өзінің және сыныптастарының тәжірибесіне жүгінеді, бірге жұмыс жасап, қойылған мін- деттерді бірлесе шешіп, ортақ тіл табысады.

Сабақ өткізу барысында мынадай интерактивті әдістер пайдаланылады:

- тренинг, тренингілік жаттығу;
- ми шабуылы;
- іскерлік және рөлдік ойындар;
- Case-study (нақты жағдайларды талдау, ситуациялық талдау) және т.б.

Оқытудың интерактивті формаларына негізделген сабақты дайындау барысын- да мұғалім алдында белгілі бір тақырыпты зерттеу үшін оқытудың ең тиімді және қолайлы түрін таңдау ғана емес, сонымен қатар мәселені шешу үшін бірнеше оқыту әдісін біріктіруге мүмкіндік туындайтынына назар аударуы керек, бұл тақы- рыпты жақсырақ түсінуге сөзсіз ықпал етеді.

Интерактивті сабақта жұмыс істеу қағидалары:

1. Сабақ – мұғалімнің монологі емес, ынтымақтастық.
2. Барлық қатысушылар тең.
3. Әрбір қатысушы кез келген мәселе бойынша өз пікірін білдіруге құқылы.
4. Жеке тұлғаны тікелей сынауға жол берілмейді (тек идея сынға ұшыра- уы мүмкін).
5. Сабақта айтылғандардың бәрі іс-әрекетке арналған нұсқаулық емес, ойлануға арналған ақпарат, өз жаңалықтарын ашу мүмкіндігі.

Сабақтағы жұмыстың кейбір интерактивті әдістерінің ерекшеліктерімен таны- суды ұсынамыз.

Тренинг. Тренинг – әлеуметтік-психологиялық оқыту мен тұлғаны дамытудың интерактивті әдістерінің бірі. Тренингілер жүйеге шағын ақпараттық қосылулар- мен біріктірілген әртүрлі жаттығулар мен ойындар жиынтығынан тұрады.

Тренинг – даму және үйлестіру мақсатында жеке тұлғаның немесе топтың психологиялық жай-күйіне ойластырылған өзгерістер енгізудің көпфункционалды әдісі. Ол өзінің мүмкіндіктерін, қойылған мақсаттарды іске асыру шарттарын талдауға алғышарттар жасайды, өзін – өзі дамыту жолдары мен құралдарын анықта- уға, өз іс-әрекеттерін белгілі бір бағытта ұтымды жоспарлауға және ең бастысы – байланысты әлеуметтік топта осы құралдарды сынақтан өткізуге мүмкіндік береді.Тренинг феномені – оған тікелей қатысушылар қазіргі өмірдің талаптарына сәйкес келетін дайындықтан өтуінде болып табылады. Онда қатысушылар модельденген және шынайы жағдайлардағы өз рөлдерін ойнайды.

Әлеуметтік-психологиялық тренингінің негізгі мақсаты – тұлғаны дамыту. Осы негізгі мақсатпен қатар бірқатар қосымша мақсаттар да бар:

1) қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыру;

2) олардың басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту;

3) қатысушылардың белсенді әлеуметтік ұстанымын қалыптастыру;

4) олардың өз өмірінде және айналасындағылардың өмірінде елеулі өзгерістер жасау қабілетін дамыту;

5) позитивті қарым-қатынасқа байланысты жаңа білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Тренинг оның қатысушыларының белсенді интеллектуалды қызметімен қатар, эмоциялары және сезімдермен жұмыс істеуді де қамтиды. Бұл ұжымды тез бірік- тіруге мүмкіндік береді. Мінез-құлықты түзетуде, әлеуметтік-эмоционалды дағ- дыларды қалыптастыруда және жеке мәселелерді шешуде тренингінің тиімділігі жоғары.

Практикалық сабақтарды өткізудің бір түрі ретінде тренингінің артықшылығы – адамның өзін-өзі ашуы, өз-өзін талдауы және өзін-өзі дамытуы үшін уақытты тиімді пайдалану мүмкіндігі. Тренингінің сан алуан әдістемелік тәсілдері (жат- тығулар, рөлдік ойындар, пікірталастар, нақты жағдайларды талдау, брейнстор- минг және т.б.) әртүрлі дағдыларды дамытудың заманауи технологиялары ретін- де әрекет етеді.

Тренинг қатысушыларды өзінің тиімділігі, құпиялылығы, ашықтығы және жай- лы психологиялық атмосферасымен тартады. Тренингіні сәтті өткізу үшін белгілі бір қағидалардың сақталуы маңызды. Әлеуметтік-психологиялық тренингіні ұйымдастыру қағидаларының негізгілеріне тоқталып өтейік..

1. Тренингінің өзіне, оның жекелеген сабақтары мен жаттығуларына өз еркімен қатысу қағидасы. Қатысушының жұмыс барысында өз тұлғасын өзгертуге деген ішкі табиғи қызығушылығы болуы керек. Олай болмаса, позитивті жеке динамика жүзеге аспайды, сондықтан қатысушылардан авторитарлық әдістермен мақсатқа қол жеткізуін талап етуге болмайды.

2. Өзара әрекеттесуді диалогқа негіздеу қағидасы, яғни қатысушылардың бір-бірін құрметтеуіне, бір-біріне деген толық сеніміне негізделген топ сабақтарындағы толыққанды тұлғааралық қарым-қатынасты білдіреді.
3. Өзін-өзі диагностикалау қағидасы қатысушылардың рефлексиясы мен өзін-өзі ашуын, өздерінің жеке маңызды мәселелерін түсінуді және тұжырымдауды қамтиды.
4. Қауіпсіздік қағидасы әрбір оқушының қауіпсіздігіне, ақпараттың құпиялылығын сақтауға кепілдік береді. Сабақта жүзеге асырылатын барлық нәр- се оның аясынан шығып, көпке жайылып кетпеуі керек.
5. Ашықтық қағидасы қатысушылардың ашық, адал болуын қамтамасыз етеді. Ашықтық, эмпатия, толеранттылық топтың басқа мүшелерімен адал кері байланыс орнатуға ықпал етеді, яғни, әр қатысушы үшін маңызды ақпаратты береді және өзіндік санасын дамыту мен топтағы өзара әрекеттесу тетіктерін іске қосады.
6. Әріптестік қарым-қатынас қағидасы мұғалім мен білім алушылар арасындағы субъект-субъектілік өзара әрекетті іске асыруды көздейді. Сабақ барысында мұғалім ұжымдағы әрбір қатысушының қызығушылықтары, сезімдері, эмоциялары мен тәжірибелері ескерілетін осындай қарым-қатынасты ұйымдастыруы керек. Бұл қағида әрбір қатысушының өз көзқарасын, сезімдерін, наразылықтарын білдіріп, ұсыныстар енгізулері үшін тең құқықтарына кепілдік береді.
7. Белсенділік қағидасы барлық қатысушылардың міндетті белсенділігін және әркімнің топ қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілік алуын қамтиды.
8. Акцент жасау қағидасы қатысушылардың терең рефлексиясына ықпал етеді, оларды өз сөздері, ойлары мен сезімдеріне назар аударуға үйретеді, өзін-өзі талдау дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді. Бұл қағида басқа- ларға баға бермейтіндей пайымдауларды ғана қамтиды.

Тренингіге дайындық бағдарлама мен тренингті әзірлеуден және оның са- бақтары мен жаттығуларының мазмұнынан басталады. Әрбір сабақтың біртұтас аяқталған түрі болып, нақты мәселелерді шешуге бағытталуы маңызды.

Ми шабуылы. Ми шабуылы әдісі немесе брейнсторминг (ағылш. brainstorm) - бұл әртүрлі міндеттердің шешімдерін табу тәсілі. Ол ақпаратты талдаумен байланысты салаларда, атап айтқанда жарнама мен маркетинг, жобаларды әзірлеу сияқты жаңа өнімдерді ойлап табу және шығармашылық тұжырымдамалар жасауды қажет ететін салаларда қолданылады.

Ми шабуылының мақсаты – шектеулі уақыт жағдайында стандартты емес және тиімді шешімдер қабылдау. Ми шабуылының мақсаты - шектеулі уақыт жағдайында стандартты емес және тиімді шешімдер қабылдау. Бұған командада бірлескен талқылау процесінде әртүрлі идеялардың мейлінше көп санын қалыптастыру арқылы қол жеткізіледі.

Бұл техниканы американдық психолог және BBD&O жарнама агенттіктері желісінің негізін қалаушы Алекс Осборн ойлап тапты. Ол 1930-шы жылдары қызметкерлерімен бірге ми шабуылын жасаудың бір нұсқасын қолданып, алғаш рет 1942 жылы жарық көрген «How to «Think Up» (Қалай ойлап табуға болады) кітабында сипаттады. Осборнның негізгі ойы: әртүрлі ұсыныс неғұрлым көп болса, дұрыс шешім табу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Ми шабуылы шығармашылықты қажет ететін мәселелерді шешу кезінде, қой- ылған сұрақтың жауабын шектеулі уақыт ішінде табу керек болғанда және әдет- тегі стратегиялар жұмыс істемегенде тиімді. Ми шабуылы үдерісінде қатысушы- лар ойларына келген алғашқы нұсқаларды ұсынады. Әрине, көптеген нұсқа керек болмай қалады – тек тапқыр және оңтайлы шешімдерді ұсыну міндетті емес. Ми шабуылы кезінде ең бастысы – шығармашылық энергиясын шығару және қаты- сушыларға қорықпай, стандартты емес шешімдерді ұсыну үшін еркіндік беру.

Ми шабуылы бірнеше кезеңде жүзеге асырылады.

1. Бастапқы кезеңде үдеріске қатысушылардың алдында нақты міндет – атап тайтқанда, қандай мерзімде неге қол жеткізу керек, қандай идеяларды ұсы- ну керек, тапсырыс беруші кім, соңында команда қандай өнім шығарады де- ген міндет қойылады.

2. Содан кейін команда идеяларды ойластыруға көшеді. Осы кезде ми ша- буылының барлық қатысушылары мәселені шешудің нұсқаларын ұсына бастайды – неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы. Мұнда ақылға қонымсыз идеяларды да ескеріп, бірақ барлық ұсыныстарды мұқият жазып алу керек. Бұл кезеңде идеяларды сынау мен бағалауға қатаң тыйым салынады.

3. Барлық ұсыныстар айтылып, жазылады және таңдау мүмкіндігі туады, енді бағалау мен талдауға көшуге болады. Бұл – сыни ойлау мен жүйелеу дағды- ларын қамтитын, тек қолайлы идеялар таңдалатын, барлық оң және теріс жақтар мұқият қарастырылатын сараптамалық кезең. Бұл кезеңде ең жақсы идеялардың қысқа тізіміне енгізілмеген идеялардың авторларын сынауға болмайды. Бұл брейнсторминг тұжырымдамасына қайшы келеді.

Ми шабуылын жүргізудің бірнеше негізгі әдісі бар.

«Ми қоршауы» әдісі жақсы идеяның лайықсыз сынға ұшырау қаупін азай- тады. Бұған жол бермеу үшін әрбір ұсынылған идея соңына дейін дамытылады. Әдіс көп уақытты қажет етсе де, дәлелдермен расталып, нәтиже береді.

«635» әдісі – алты адам бес минут ішінде үш идеядан жазады. Содан кейін топ мүшелері бір-бірінің ұсыныстарымен танысып, оларды бес минут ішінде талдай- ды. 30 минут ішінде 18 пысықталған ұсыныс айтылады, содан кейін олар ұжымдық түрде талқыланып, ішінен ең жақсы шешім таңдалады.

Кеме кеңесінің әдісі иерархия бойынша пікір білдіруді көздейді. Алдымен «юнга» өз идеясы туралы айтады, соңында - «капитан», бірақ тек бір идеяны ғана қарастыруға болады.

Онлайн ми шабуылы көпшілік қолданатын интернет-қызметтерінде жүргізілуі мүмкін: форум, чат, блог, ICQ, Skype. Бұл әдістің артықшылығы – қатысушы «бағаланудан қорықпайды», өйткені идея авторлары жасырын қалуы мүмкін.

S. C. A. M. P. E. R әдісі S. C. A. M. P. E. R аббревиатурасы аударғанда «ауыстыру, біріктіру, бейімдеу, өзгерту, қолдану (басқа мақсаттар үшін), алып тастау және төң- керу» дегенді білдіреді. Идеялар аббревиатураның әр әрпінің призмасы арқылы жасалады. Мысалы, егер ол басқа нәрсеге ауыстырылса, жобаға не болады? Не- месе бүкіл компонентті алып тастағанда не болады? Бұл әдіс идеяларды әртүрлі нұсқаларда ойластыруға мүмкіндік береді.

«Рөлдік ойын» әдісін адамдарға өз көзқарастарымен байланыстыру тән. Рөл- дік ойындар қатысушыға басқа тұлғаның рөлін ойнау арқылы нәрселерге жаңа көзқараспен қарауға көмектеседі. Ойында қалпақ немесе кесілген қағаз салынған

қапты пайдалануға болады. Әр қағазға біреудің атын жазу керек. Бұл атақты адамдардың, тарихи тұлғалардың және т.б. есімдері болуы мүмкін. Қатысушылар кезектесіп, бір қағаздан алып, аты жазылған тұлғаның атынан идея айтады. Мыса- лы, «Ал Димаш Құдайберген не ұсынар еді?», «Мәншүк Мәметова не айтар еді?». Бұл – біржақты пікірден айырылып, өз көзқарасын жаңартудың тамаша тәсілі.

«Жұлдыз» әдісі. Қағазға немесе тақтаға алты бұрышты жұлдыз суреті салынады, оның ортасына ми шабуылы бағытталған мәселе немесе мүмкіндік жазылады. Мысалы, жаңа байқау ұйымдастыру. Жұлдыздың әр бұрышына «Кім?», «Не?», «Қа- шан?», «Қайда?», «Неге?» және «Қалай?» деген сөздер жазылады. Әрі қарай, осы сөздерден басталатын сұрақтар жазылады. Мысалы: «Байқаудың жүргізушісі кім болады?» немесе «Сценарийді кім жасайды?» Әр сөз үшін мүмкіндігінше айқын және айқын емес сұрақтарды көптеп ойлап табу керек.

Іскерлік ойындар оқытудың ең перспективалы әдістерінің бірі болып табыла- ды. Олар жаттығу, шығармашылық ойлауды дамыту, практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыру үшін қолданылады. Іскерлік ойындар зейінді ынта- ландыруға және сабаққа қызығушылықты арттыруға, оқу материалын қабылдау- ды жандандыруға және күшейтуге мүмкіндік береді.

Іскерлік ойын адамдардың психологиясын жақсырақ түсінуге, олардың орнын- да болып, нақты оқиға кезінде оларды әрекетке не итермелейтінін түсінуге мүм- кіндік береді.

Белсенді оқыту әдістерінің арасында іскерлік ойын ерекше орын алады, өйт- кені ол басқа да әдістерді қамтуы мүмкін: нақты жағдайды талдау (соның ішін- де «кейс-стади»: бұл әдіс туралы төменде айтылады), ми шабуылы, практикалық мәселелерді шешу, пікірталас, модельдеу және т.б.

Іскерлік ойынның тиімділігі көбінесе оның дайындық кезеңінің мұқият болуы- на және әсіресе ойын сюжетін ойластыруға байланысты. Егер ойын сюжеті на- шар ойластырылған болса, ойын шынайы емес, жасанды болады да, оқиғаларға тән табиғи динамика болмайды. Бұл жағдайда мұғалім қатысушыларды әрекет- ке үнемі итермелеуі керек. Сондықтан сюжетте рөлдік бейнелердің соқтығысуы- на түрткі болатын объективті қайшылық болуы керек. Рөлдік функциялар анық болуымен қатар, қатысушылардың мінез-құлқындағы импровизация еркіндігін шектемеуі керек.

Буллингке қарсы тақырыбындағы іскерлік ойын – бұл белгілі бір мағынада оқушылардың ұжымдағы қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған дайын- дық.

Іскерлік ойынға дайындық сценарийді әзірлеуден басталады, онда:

- оқу мақсаты;
- зерттелетін жағдайдың сипаттамасы;
- міндеттері;
- іскерлік ойын жоспары;
- ойын рәсімінің жалпы сипаттамасы;
- жағдайдың мазмұны;

- кейіпкерлердің сипаттамасы;
- сарапшылардың құқықтары мен міндеттері;
- бағалау критерийлері және өлшеу аппараты белгіленеді.

Іскерлік ойын рәсімі бірнеше кезеңнен тұрады.

Ұйымдастырушылық-дайындық кезеңі*:*

- іскерлік ойынның өзектілігі мен мақсаттары негізделеді;

- ойын топтарына біріктіру;

- ойын топтарына материалдар пакеті беріледі;

- рөлдер бөлінеді;

- ойын ережелері мен шарттары жарияланады;

- командалар үшін сарапшылар ұсынылады;

- қатысушылар тақтайшалар және қолтаңбалармен белгіленген орындарды иеленеді.

Жағдайды зерттеу кезеңі:

- ойыншы командалар жағдайды, нұсқаулық материалдарын зерттейді;

- қажет болған жағдайда қатысушылар түсініктеме алу үшін жетекшіге немесе менторларға (тәлімгерлерге) жүгінеді.

Ойын барысы*:*

- Ойыншы командалар топ ішінде талқылау жүргізеді, өз нұсқаларын ұсы- нады. Әрбір қатысушы ұжымдық мақсатқа жетуге ұмтылады, белгіленген рөліне сәйкес өз ұстанымын қорғайды. Негізгі міндет – белгілі бір уақытта дұрыс шешімге келу.

Шешім қабылданды. Топтың өкілі оны айналасындағыларға жеткізеді. Сөз сөйле- генде қойылатын негізгі талаптар: қабылданған шешімнің негізділігі, нақтылығы, ұстанымдарды ұсынудың реттілігі.

Топ капитаны сұрақтарға жауап береді.

Алдын ала талдау кезеңі*:*

- ойынды талдайтын сарапшылардың сөз сөйлеуі;

- пікір алмасу;

- командалардың өз шешімдерін қорғауы, қорытындыларға қатысты өз пікір- лерін білдіруі.

Бағалау кезеңі:

Сарапшылар:

- қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін бағалайды;

- жеке тапсырмаларды орындамау себептерін көрсетеді;

- ойынға қатысушылардың қорытынды бағаларын ұпай түрінде қояды;

- сарапшылардың төрағасы қол жеткізілген нәтижелер туралы айтып, қателіктерді атап өтеді, ойынның соңғы нәтижесін тұжырымдайды.

Орындаушыларды бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- қабылданған шешімдердің логикалық негізділігі мен дұрыстығы;
- жағдайды тез бағдарлай білу;
- ойнаған рөлдің эмоционалды экспрессивтілігі.

«Кейс-стади» әдісі (case-study)

«Кейс-стади» әдісі – бұл нақты іс-әрекетке негізделген практика жүзінде, типтік мысалдар мен ерекше жағдайларда оқыту әдісі.

Ситуациялық оқыту технологиясының мақсаты – негізгі назарды дайын білімді игеруге емес, оны «мұғалім-оқушы» жүйесіндегі субъект-субъектілік өзара әрекеттесу үдерісінде өзбетінше игеруіне аударылады. Білімді игеру үдерісіндегі серіктестік (тең қарым-қатынас) осы оқыту технологиясының негізгі қағидалары- ның бірі болып табылады.

Кейс-стадиге қатысушылардың өз функционалдық рөлдері бар. Білім

алушылар үшін*:*

1) іс материалдарымен танысу, сабақ идеяларын түсіну;

3) алдыңғы қатарға шығатын мәселелерді бөліп көрсету;

4) ситуациялық модельді талқылау;

5) проблемалық жағдайды шешу бойынша өз ұсыныстарын, сынамалық (ал- дын ала) қорытындыларын ұсыну маңызды.

Мұғалімнің функциялары

1) Субъектінің нақты өмірінде қалыптасқан нақты проблемалық жағдайдың моделін әзірлеу. Бұл модель – оқу материалының пакеті – кейс (көлемі 2-3 беттен тұратын мәтін). Мәтінде қарама қайшылық – талқылау тақырыбы (проблемалық жағдай, жанжал) болуы керек.

2) Кейстің бүкіл оқу курсының құрылымындағы, сондай-ақ оның оқу сабағы- ның (немесе бірнеше сабақтың) құрылымындағы орнын айқындау.

3) Тыңдаушылардың назарын ситуациялық тапсырманың маңызды аспектілеріне аударатын негізгі мәселелерді таңдау ойды жинақтауға ықпал етеді, белсенді бірлескен қызметке итермелейді.

4) Тыңдаушыларды кейспен (берілген жағдаймен) жұмыс істеудің мақсаты, шарттары және қағидаларымен таныстыру.

5) Аудиторияда қарастыру үшін тыңдаушыларға дәйекті түрде жауап беру- ге мүмкіндік беретін «Біз немен айналысамыз?», «Не істеу керек?», «Бұл нені білдіреді?» деген пікірталас тударатын сұрақтар ұсынылады.

6) Пікірталастың негізгі бағытын қамтамасыз ету, ситуациялық жаттығудың жалпы мәнмәтінін қолдау, идеяларды дамытуға көмек көрсету, пайымдауға ынталандыру, талқылауды белгілі бір тұжырымдарға келтіру.

7) Білім алушыларды қорытындыларды талдауға және пікірсайыстың түйін- демесін жазуға тарту.

8) Ситуациялық оқытуда тыңдаушының нақты рөлдерін ауыстыру үшін пси- хологиялық-педагогикалық жағдай жасау – оны объектіден осы үдерістің субъектісіне айналдыру.

9) Білім алушылардың шығармашылық қызметін және олар қабылдаған шешімдерді талдау.

«Кейс-стади» әдісінің ерекшеліктері:

- шығармашыл топтардағы білім алушылардың топтық жұмысы;
- мектеп ұжымында, сыныпта туындауы мүмкін нақты динамикалық жағдай- ды модельдеу;
- ситуациялық тапсырмада проблеманың немесе жанжалдың болуы (мәсе- ле ойын шарттарымен немесе жағдайдың өзгеруі жағдайында объектіні басқару қажет болған жағдайда объективті түрде туындауы мүмкін);
- ситуацияда қалыпты емес шешім қабылдауды қажет ететін мәселенің бо- луы;
- ойынға қатысушыларды шынайы өмірде әрекет ететіндей мотивацияның болуы.

«Кейс-стадиді» пайдаланудың нәтижесі алынған білім ғана емес, сонымен қа- тар жауапты тұлғаның қалыптасқан дағдылары, оның маңызды қасиеттері болып табылады.

«БІЗ ӘРТҮРЛІМІЗ, БІРАҚ БІЗ ТЕҢБІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

1-сабақ

Тақырыбы: Менің осындай болғаным қандай жақсы!

Адам — бұл бір тұтас әлем, егер ғаламды түсінгің келсе, алдымен өзіңді таны.
Абай Құнанбайұлы

Мақсаты: жалпы және бірегей қасиеттерді түсіну арқылы өзіне және басқа- ларға оң көзқарас қалыптастыру.

Жоспарланған нәтижелер:

– білім алушыларда адамның жеке басы мен мінез-құлқындағы жалпы және ерекше көріністерге қызығушылық пайда болады;

– айырмашылықтарға қарамастан, айналасындағылардың құқықтарының теңді- гі туралы түсініктері кеңейеді;

– білім алушылар өздеріне ұқсас және ұқсамайтын адамдармен қарым-қатынас жасау барысында құрмет, жанашырлық танытады.

Ресурстар: динамиктер, қорап, алма, картоп, анар, қаламдар, түрлі-түсті қарын- даштар, суреттері бар карточкалар, А4 қағаз, , сары қағаздан қиықша сәулелер, желім немесе скотч, сөмке, эмодзилер, кішкентай айна.

Сабақ барысы

1. Кіріспе

«Айырмашылықты сезіну» ойыны *(когнитивті, эмоционалды, физикалық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған жаттығу).*

Оқушыларға үстелде тұрған тосынсыйлар қорабына назар аудару ұсынылады. Мұғалім үш оқушыны шақырып, қорапқа қолдарын салып, ішінде не жатқанын қолдарын қораптан шығармай анықтап табуды сұрайды. (Қорапта алма, картоп, анар бар).

Мұғалім балаларға осы заттардың арасында не ортақ екенін және оларды бір- бірінен қалайша ерекшелендіретінін анықтауға тапсырма береді. Оқушылар- дың жауаптарын кестеге жазу керек. Мысалы:

Картоп, алма, анар	
Ұқсастығы неде?	Айырмашылығы қандай?
❖ Пішіні дөңгелек. ❖ Қабығы, мәйегі бар. ❖ Барлығы жеуге жарамды. ❖ Денсаулыққа пайдалы (құрамында дәрумендер бар).	❖ Пішін ерекшеліктері (картоп сопақша, анардың құйрығы бар, алманың таяқшасы бар). ❖ Әр түрлі өсу орны (картоп – жердің астында, анар мен алма - ағашта). ❖ Әр түрлі топтарға жатады (картоп - көкөніс, алма және анар - жемістер). ❖ Дәмдері әртүрлі. ❖ Түстері әртүрлі. ❖ Олардың құрамында әртүрлі дәрумендер бар.

Талқылауға арналған сұрақтар

– Бірдей, бірақ сонымен қатар айырмашылықтары да бар заттарды тағы қалай атауға болады? (тамақ, сусындар, киім және т.б.)

– Адамдар туралы, сен және біз туралы дәл солай айта аламыз ба?

– Сен және біздің ортақ қасиеттеріміз бен айырмашылықтарымыз көп пе? Балалардың жауаптары)

2. Әрі қарай мұғалім сыныпты екі топқа бөліп, бетпе бет тұрып, екі шеңберге - ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Екі шеңбердегі қатысушылардың саны бірдей. Сыртқы шеңбердің қатысушылары қарама-қарсы серіктестеріне: «Біз екеуміздің ұқсастығымыз...» деген сөзден басталатын сөйлемді айтады. Мысалы: «Біз жер планетасында өмір сүріп жатырмыз, біз бір сыныпта оқимыз» және т. б. Ішкі шеңбердің қатысушылары: «Сен және біздің айырмашылығымыз...». Мысалы: «Біздің көздеріміздің түсі әртүрлі, шашымыздың ұзындығы да әртүрлі» және т.б. Содан кейін жүргізушінің бұйрығымен ішкі шеңбердің қатысушылары серіктесін ауы- стырып, (сағат тілімен) қозғалады. Бұл рәсім ішкі шеңбердің әрбір қатысушысы сыртқы шеңбердің әрбір қатысушысымен кездескенше дейін қайталанады.

Осылайша, сыныптастар бір-бірімен жақынырақ танысады: олар бір-біріне қа- лай ұқсас, немен ерекшеленеді, кімнің мүдделері мен әдеттері ортақ және т.б. айырмашылықтары белгілі болады.

Осы жаттығу орындалғаннан кейін оқушыларға сұрақтарға жауап беру ұсынылады.

• Жаттығу кезінде қандай сезімде болдың?

• Басқалар туралы (қызықты, таңқаларлық) не білдің?

3. Мұғалім барлық оқушыларды еденде бормен алдын-ала белгіленген сызықтан тыс тұруға шақырады және оның әлеуметтік құзыреттілігін сипаттайтын белгілі бір жеке қасиеттерді атайды. Оларға не сәйкес келетінін естігеннен кейін, балалар мұғалім еденге бормен салған басқа сызыққа көшеді. (Ойынның бұл бөлігінде қол шапалақтауды қолдануға болады. Мысалы, оқушылар сыныптастарына, аталған сипаттамаларға сәйкес келгенде қол шапалақтайды).

Сипаттамалары:

- Ата-аналарға кім көмектеседі, алға қадам жаса...
- Кішілерге кім қамқорлық жасайды...
- Достарын кім жақсы көреді...
- Үлкендерге кім құрмет көрсетеді...
- Басқаларға жағымды сөйлегенді кім жақсы көреді...
- Кім жақсы істер жасайды және т.б.

Мұғалім қорытынды жасайды және сабақ тақырыбына алып келеді: Біз бәріміз әр түрліміз, бірақ сонда да ұқсаспыз, әрі теңбіз! Біз жақсы және мейірімді адам болуға тырысамыз!

2. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Интерактивті: жәбірлеу туралы мультфильмді қарау және талқылау (бастауыш сыныптағы балалардың ерекшеліктеріне сәйкес)

«Мира мен Гоша туралы» мультфильмі, «Ұят» сериясы *https://www.youtube.com/watch?v=4cJ7YT6Zhis*

Мұғалім мультфильмді көргеннен кейін оқушыларға сұрақтарға жауап беру арқылы өз сезімдерімен бөлісуді ұсынады:

- *Гошаның орнында қалай әрекет етер едің? Ата-анаңа / мұғаліміңе / достарыңа не болғанын айтар ма едің? Неліктен?*
- *Өзің ең жақсы* қасиетіңді анықта және ата. Бұл саған өмірде қалай көмектеседі?
- *Егер с*енде супер күш таңдау мүмкіндігі болса, ол қандай болар еді? Не үшін ондай күшке ие болғың келеді?

Мұғалім оқушылармен әртүрлі жауап нұсқаларын талқылайды және олардың таңдауын түсіндіруді сұрайды. Жауаптар балалардың эмпатия қабілетін және тал- дау жасау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мұғалім талқылауды аяқтайды: «Біз әртүрлі дағдыларға, күштерге, қабілеттерге ие бола аламыз және осылайша бір-бірімізден ерекшелене аламыз. Бұл әр тұлға- ның бірегейлігі. Бірақ барлық адамдарда болуы керек қасиеттер де бар». Мұғалім бұл қасиеттерді атайды*: басқаларға мейірімді болу, құрмет көрсету, бір-біріне көмектесу, өзін және басқаларды есті білу.* Оқушыларға тізімді толықтыру ұсы- нылады.

Таңдауға арналған ойындар

1. «Суперқаһарманмен сұхбат» рөлдік ойыны

Мұғалім оқушыларды жұпқа бөлуді ұсынады. Әр жұпта 1 сұхбат алушы (фильм- дегі, мультфильмдегі немесе ертегідегі суперқаһарман/кейіпкер) және 1 сұқбат беруші бар, ол кейіпкерге оны қызықтыратын сұрақтар қояды. Мысалы:

1) Сеннің атың кім?
2) Сенің сүйікті түсің қандай?
3) Сүйікті фильм/мультфильмің қандай?
4) Сүйікті әнің?
5) Сүйікті кітабың/ертегің?
6) Сүйікті тағамың?
7) Сүйікті киім стилі?
8) Сүйікті хоббиің?
9) Сенің ең жақсы қасиеттерің?
10) Сен өскенде кім болғың келеді?
11) Сенің арманың қандай?

Сұқбат барысында қатысушыларға суперқаһарманның жауаптары үшін қиялда- уға рұқсат етіледі, сонымен қатар сен өзіңе жауап бере аласыз. Шығармашылық сұқбат үшін микрофон ретінде қаламдар/қарындаштар ұсынылады.

Серіктеспен жұмыс істеу-өзіңізді түсінуге жақсы мүмкіндік. Кері байланыс өз ойларын тудыруы мүмкін.

2. «Іздеуде» ойыны («Жұлдызбен сұқбат» ойынына балама)

Мұғалім оқушыларға А4 қағазын таратады және олардан өздері туралы хабар- ландыру жасауды сұрайды (өздерінің портретін салу, бойын, шаш/көздің түсін, хоббиі туралы ақпарат беріп және соңында «соңғы рет ... жерде болыпты» деп аяқтаңыз). Негізгі шарт – есімді көрсетпеу. Содан кейін оқушылар парақтарды қа- бырғаға іліп қояды, ал сынып әр іздеу парақшасының авторын табуға тырысады.

Топтық жұмыс: кейс-стади

Мұғалім сыныпты 3 топқа бөледі. Әр топқа кейс беріледі және оның шешімін қарастыру және табу ұсынылады.

1) Мектепте үзілісте Тимур екі сыныптастың төбелесіп жатқанын көрді. Не істеу керек? Оның әрекеттерін сипатта.

2) Әлияның планшетте әркім ойнағысы келетін танымал ойыны бар. Ешкім ренжімеуі үшін одан планшетті қалай сұрауға болады?

3) Қайрат өзінің досын қатты ренжітіп алды, оны қуып жеткенде абайсызда дөрекі сөз айтып жіберді. Қайрат досымен татуласу үшін не істеу керек?

3. Жобалық қызмет

Г. Х. Андерсеннің әйгілі «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін өзгертіп, басқаша қою.

Оқушыларға ертегімен танысып, «Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз» ұранымен өз сахнасын дайындау ұсынылады. Сынып оқушылары мен көрермендердің ұйымшылдығы мен бірлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлу маңызды.

Оқушыларға 2 немесе 3 командаға (сыныптағы оқушылардың санына қарай) бөліну, жаңа ертегі жазу және оны оқу жылының соңына дейін сахналау (нақты мерзімдерді келісу) ұсынылады.

1 сабаққа арналған тапсырма:

1. Мультфильмнен шағын үзінді көру және келесі мәселелер бойынша талқылау:

- Неліктен үйректі ауладағы басқа құстар ұнатпады деп ойлайсыңдар*?*

- Неліктен үйрек құс ауласынан кетуге мәжбүр болды?

-Көрдіңдер ме*, үйректің балапаны басқаларға ұқсамайтындықтан ғана ұна- мады. Ешкім үйректің жүрегі жақсы екенін көріп, түсінгісі келмеді. Кейде бұл адамдар арасында да болады: біз адамды сыртқы келбеті бойынша оның ру- хани қасиеттерін байқамай бағалаймыз. С*ен және біз адамдармыз және егер- де басқа адам бізге ұқсамаса, біз сияқты болмаса, онда сол адам жаман деген сөз емес екендігін түсінуіміз керек. Кез-келген адамды сыртқы келбеті бойынша емес, іс-әрекеті бойынша бағалау керек.

- Енді үйректі батпақта қалай қабылданғанын еске түсірейік. Жабайы үйрек- тердің оған деген көзқарасын қалай атауға болады? (Немқұрайлылық.) Қаздар ол туралы не деді? Ол олардың назарын қалай аударды? (Қаздар ұсқынсыз деп атаған, басқаларға ұқсамайтын түрін.)

- Ескі үйшікте үйрек балапанды қалай күтіп алды? Неліктен ол сол жерден кетіп қалды? (Оны ешкім түсіне алмады, оның барлық тілектері мен армандары ақымақтық деп саналды.)

- Ұсқынсыз үйректің аққулармен алғашқы кездесуі есіңде ме? Балапан үйрек не сезді?

- Сенің ойыңша, ұсқынсыз үйрек қандай болды, оның қандай рухани қасиеттері бар?

- Үйрек өскенде қандай болды? Ол кімге айналды?

- Қазір бәрі жас аққуға қалай қарады? (Сүйсінді, тамсанды, қуанды.)

Келесі сабаққа арналған тапсырмалар:

Әр топ өз ертегісін құрастырып жазады.

4. Қорытындылау

«Жақсы адамға қара» жаттығуы

Бұл жаттығу үшін сізге сөмке мен айна 6-9 см қажет. Айна сөмкені ашқан кезде бірден көзге түсетіндей бекітілу керек.

Оқушылар мұғалімнің әмиянында сыныптағы ең мейірімді, табысты, жанашыр оқушының портреті бар екендігі туралы сөздеріне қызығушылық танытады. Содан кейін қатысушылар кімнің портреті екенін білуге бір-бірден шақырылады. Оқушыларға кезек-кезек сөмкенің ішін ашып, портретті қарау ұсынылады. Бұл әрекетті жасағаннан кейін, көргендеріне түсініктеме беруге болмайды, сондықтан қалғандары сол жерде кімнің портреті бейнеленгенін алдын-ала білмейді.

Оқушылардың әрқайсысы айнадағы өзіндік көріністі көреді, демек, ең керемет жан – өзі.

Жаттығуды талдау:

- Көргендеріңмен кім келіседі? Ал кім келіспейді? Неліктен?
- Көргендерің сендерді қандай сезімге бөленді?

2. «Эмодзилер» рефлексиясы

Мұғалім барлығына эмодзилерді таратады және оларды осылай аяқтауды ұсынады:

1) Егер оқушы сабақты ұнатса, ол өзіне қызықты және пайдалы нәрсе білсе, онда эмодзиді күлімсіретіп салып аяқта;

2) *Егер с*аған жартысы ұнаса, ауыздың орнына көлденең тік сызық сыз;

3) *Егер сабақ мүлдем ұнамаса – эмодзиді ренжулі етіп сал.*

Соңында мұғалім сыныпқа белсенді қатысқаны және табысты жұмыс істегені үшін алғыс білдіреді.

«БІЗ ӘРТҮРЛІМІЗ, БІРАҚ БІЗ ТЕҢБІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

2 -сабақ

Тақырыбы: Өнер жан-жақтылықта, ал күш бірлікте

Кемедегінің жаны бір. Қазақ халық даналығы

Мақсаты: білім алушылардың топтық жұмыс дағдыларын және сыныпқа қатыстылық сезімін дамыту.

Жоспарланған нәтижелер:

– білім алушылар ұжымның, ұйымшыл топтың бір бөлігі болуға ұмтылады;

– білім алушылардың бір-біріне құрметпен қарау туралы түсініктері кеңейеді;

–бағаланбайтын пайымдау және бір-біріне эмпатикалық көзқарас дағдылары қалыптасады.

Ресурстар: А4 қағазы, қаламдар, қарындаштар, қорап, динамиктер, таспа, оқша-улағыш таспа.

Сабақ барысы

1. Кіріспе

Сәлемдесу-сергіту *(«Кел билейік, балақай» әні қойылады https://youtu.be/PJIjJ_ DJz7I?feature=shared)*

Мақсаты: *балаларды қуанту, есте сақтау мен зейінді белсендіру, сабаққа және өзара нәтижелі қарым-қатынасқа баулу.*

«Күлімсіреу» жаттығуы

Бұл жаттығу басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде вербалды емес қа- рым-қатынас құралдарының рөлін жақсы көрсетеді. Өйткені, адамның не айтқа- ны маңызды емес, оның қалай айтқаны маңызды дейді.

Материал: кез келген зат. «Ыстық-суық» ойынына ұқсас.

Ортаға бір ерікті шақырылады. Ол кабинеттің сыртына шығады. Қалған қаты- сушылармен бір затты таңдап, сол затты қайда жасыру керектігі талқыланады. Қа- тысушылардың міндеті – ауызша, сөзбен емес, тек күлімсіреу, қимылдар арқылы еріктіні сол затқа бағыттау, яғни вербалды емес түрде. Қуанышты күлімсіреу таңдалған бағыттың дұрыс екенін, ал күлмей, еш эмоция көрсетпеу – бағыттың дұрыс емес екендігін білдіреді. Жаттығудан кейін сабақтың тақырыбы жарияла- нады.

2. Негізгі бөлім

«Қолдау» шағын жаттығуы

Мақсаты: *балаларға жолдастарының қолдауы мен құрметін сезінуге көмектесу.*

Оқушыларға бір-біріне қарама-қарсы екі-екіден тұру керек. Тұрғанда бір аяқпен және орнынан жылжымау – ойын шарты. Ұзақ тұру қиын. Оқушыларға бір аяқпен тұру қатты қиын болған кезде, мұғалім бір-біріне қол беруді ұсынады. Балаларға бұл әрекет тұруды жеңілдетуге көмек ретінде жеңіл шешім болып көрінеді.

Ойыннан кейін мұғалім жаттығуды айқындау үшін сұрақтар қояды:

– Неліктен бір-біріңе қолдарыңды бергенде, тұру оңайырақ болды?

– Олар көмектескенде не сезіндің?

– Басқа адамдарға көмектесу маңызды ма?

Кірпі туралы буллинг элементтері бар мультфильмді көру

https://www.youtube.com/watch?v=CRJJY6sX4Sk

Мақсаты: қиын жағдайдан шығудың жолын қалай табуға болатындығын көрсе- ту, басқаларды құрметтеу және түсіне білу.

Талқылауға арналған сұрақтар:

– Кірпі мультфильмнің басында және соңында не сезінді?

– Өзіңде осыған ұқсас жағдайлар болды ма?

– Егер ұқсас жағдай болса, сенің оқиғаң қалай аяқталды және ол кіммен болды?

– Осындай жағдайлар жиі бола ма?

Қорытынды. Мысалы: егер оқушылардың өмірінде мұндай жағдай жиі қайта- ланса, онда бұл топтағы буллинг фактісінің көрсеткіші болуы мүмкін. Егер оқушы- лар мультфильмдегі оқиғаны таныс деп таппаса, онда мұғалім сыныптағы өзара сыйластықтың маңыздылығы туралы айтады.

Таңдау жаттығулары:

Мақсаты: өзара топтық қарым-қатынас стратегияларын әзірлеу және ұжымдағы топтық қатынастардың құндылығын түсіну.

«Шар» жаттығуы

Бір шүйке жіптің көмегімен сабақтың әр қатысушысы өз атының бірінші әріпінен сын есімді атай отырып, кезек-кезек шүйке жіпті келеі оқушыға береді. Мұғалім бірінші мысал ретінде өзінен бастайды. Әрі қарай, бүкіл сынып, оның ішінде сы- нып жетекшісі жіппен оралғаннан кейін: қарым-қатынастың көрінбейтін жіптері атты тақырып бойынша рефлексия-диалог өтеді.

«Бірліктің күші» топтық ойыны

Мұғалім оқушыларды топтарға бөліп, әр топтан жұп бөлып бөлінуді сұрайды. Топтарға әйнек, ойыншық, шахмат фигурасы сияқты ұсақ заттар беріледі. Мұғалім ойын ережелерін түсіндіреді: заттарды тек сұқ саусақтарыңызбен ұстап тұрып, түсіріп алмай бір уақытта отырып тұру керек. Содан кейін сол жаттығуды 5 адам, содан кейін 7 адам орындайды және ары қарай қатысушылар саны арта береді. Келесі кезеңде дәл осы жаттығуды бүкіл сынып орындайды. Мұғалім жаттығуды қол шапалақтаумен аяқтайды.

«Көзімізді жұмып өзеннен өту» жаттығуы

Жаттығуды мұғалім алдын-ала дайындайды. Бір-бірінен үш-төрт метр қашықтықта шектеу сызықтары желімделеді. Олардың арасында А4 форматын- дағы парақтар әртүрлі тәртіпте еденге жабыстырылады. Оқушылардан бірін- ші-екінші-үшінші болып бөлінуді сұрайды. Әрі қарай оқушылар сызықтардың біріне жақындайды.

Нұсқаулық: «Осы сәттен бастап «үш» саны бар қатысушылардың көздері жұ- мылып, сөйлей алмайды. Барлық қатысушыларға А тармағынан В тармағына жету керек. Қазір оқушылар А тармағында. Сызықтар арасында төмпешіктер бар. Оқушылар тек соларды ғана баса алады. Егер біреу төмпешіктен басқа жерді ба- сып қойса, бүкіл сынып А нүктесіне қайта оралып, ойынды қайтадан бастайды. Егер басқа ережелер бұзылса, топ ойынды жаңадан бастайды. Тапсырма бүкіл сынып В нүктесінде болған кезде орындалды деп саналады».

Жаттығуды орындаудың басқа шарттары: оқушыларды 2-3 топқа бөлу, әр топқа қатысушылардың біріне көз байлау, ал қалған топ мүшелері оны мәреге жеткізеді.

3. Жобалық қызмет

Сабақ кезіндегі тапсырмалар:

– Ойлап тапқан ертегілерді тыңдау.

– Топ мүшелеріне рөлдерді бөлу.

– Құрастырылған ертегі бойынша сюжеттер салу.

– Оқушылардың өз суреттерін таныстыруы.

– Сюжеттер тізбегіне сәйкес альбомға сызбаларды қосу.

Келесі сабаққа арналған тапсырмалар:

- Өз суреттері бойынша оқиғаларды одан әрі дамытудың өз нұсқаларын ойластыру, осылайша әркім оқиғаларды одан әрі дамытудың өз нұсқаларын қосатын болады.
- Өз рөлінің сөздерін құрастыру және жаттау.

4. Қорытындылау

«Мозаика» жаттығуы

Мұғалім А4 қағазында тақырып бойынша сөздерді жазады. Мысалы, «қолдау, кірпі, достық, күн» сияқты. Әрі қарай, мұғалім қайшымен парақты кесіп, үлкен не- месе кіші бөліктерге бөліп, қолдан жасалған мозаика шығады. Мұғалім сыныпты 6-7 адамнан тұратын 3-4 топқа бөледі, содан кейін сөздерді оқи алатындай етіп мозаика бөліктерінен А4 қағазын жинауды сұрайды. Мозаиканы қай топ бірін- ші жинайды, сол топ құралған сөздерді бірінші оқиды. Аяқтағаннан кейін бәрі бір-біріне қол шапалақтайды.

5. Рефлексия

«Түрлі түсті алақан» жаттығуы

Мұғалім оқушыларға алақандарын сабаққа деген көзқарасын көрсететін түспен бояуды және алақаныңыздың ізін ватманға қалдыруды ұсынады. (балама ретінде алақанды қажетті түсті маркермен айналдырып сызуға болады)

Жасыл алақан: «Маған сабақ ұнады, барлығы пайдалы және қызық болды». Сары

алақан: «Сабақ қызықты, бірақ күрделірек болды».

Қызыл алақан: «Сабақ қиын болды, не туралы екенін түсінбедім».

Соңында мұғалім рефлексия бойынша қорытынды жасайды. Қатысушыларға сабаққа белсенді қатысқаны және табысты жұмыс істегені үшін алғыс білдіреді, барлығына бір-бірін бағалап, құрметтеуді тілейді.

«БІЗ ӘРТҮРЛІМІЗ, БІРАҚ БІЗ ТЕҢБІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

3 -сабақ

Тақырыбы: Сен және мен – біз доспыз!

Ынтымақ болмай іс оңбас. Қазақтың халық даналығы

Мақсаты: жағымды қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамыту.

Жоспарланған нәтижелер:

– позитивті қарым-қатынас және команда құру дағдылары жетілдіріледі;

– сыныпта табысты өзара әрекеттесу үшін қарым-қатынас пен мінез-құлық ережелері қалыптасады;

– бір-бірін түсіну және ести алу қабілеті жақсарады.

Ресурстар: динамиктер, пластилин, түрлі-түсті қағаз, А4 қағазы, түрлі-түсті қарындаштар, газет парақтары, маркерлер, ватман қағазы.

Сабақ барысы

1. Кіріспе

Сәлемдесу жаттығуы «Достық шеңбер биі»

Жүргізуші қатысушыларға өлең шумағын ұсынады, қатысушылар нұсқауларды орындайды. Қатысушыларды ауыстыра отырып, бірнеше рет қайталауға болады.

Барлық балалар шеңберге жиналады (шеңберге тұрады); Мен

сенің досыңмын (қолын жүрекке қояды);

Ал сен менің досымсың (бір-біріне қолдарын созады); Қолды

мықтап ұстайық (қол ұстайды);

Бір-бірімізге күлейік (күлімсірейді).

Бір толық қайталаудан кейін ұйқасты екінші рет сәл жылдамырақ және ша- бытпен қайталаған жөн, бұл балаларға қуаныш сезімін сыйлайды. Бұл сергіту балаларға сабаққа кірісуге, сыныппен байланыста болуға және келесі кезеңге оң эмоционалды күйде өтуге көмектеседі.

2. Негізгі бөлім

«Лунтик және оның достары» – Мультфильм көру (122 сериясы).

https://www.youtube.com/watch?v=d_aVpjEGdjE

Талқыланатын сұрақтар:

– Екі дос неліктен бұл жағдайға тап болды деп ойлайсыңдар?

– Достар бұл жағдайдан тезірек шығу үшін не істеу керек еді?

– Бір-біріңе көмектессеңдер, бауырмал болсаңдар, бәрін де жеңе ала-сыңдар. Келісесіндер ме?

– Достармен бірге көп нәрсе істей аламыз деп ойлайсың ба?

«Сыныптағы қарым-қатынас ережелері» жадынамасы

Мұғалім мектептегі қарым-қатынас пен мінез-құлық ережелерін құрастыруға шақырады, ватман қағазына маркерлермен жазу ұсынылады. Соңында, тапсырманы орындағаннан кейін, ватман қағазын сыныпта ілуге болады.

Талқыланатын сұрақтар:

1) Сыныпта тату-тәтті араласу, татулық пен келісімді сақтау үшін не қажет деп ойлайсыңдар?

2) Ынтымақтастық үшін қандай ережелерді сақтау керек?

Ереже мысалдары:

1-ереже. Кезекпен айтайық, бір-біріміздің сөзімізді бөлмейміз.

2- ереже. Сөйлегенде дөрекі сөздерді қолданбаймыз.

3- ереже. Егер бірдеңе түсініксіз болса, қайтадан сұрау керек.

4- ереже. .....

5- ереже. .....

«Бірге болғанда – тез» ойыны

Еденге 15 зат қойылады, мысалы 5 ойыншық, 5 жапырақ, 5 доп немесе түрлі түсті бес парақ. Бөлменің әртүрлі бұрыштарында осы заттардың атауы немесе түстері жазылған «себеттер» бар. Қатысушылар осы түстерге немесе заттарға сәйкес ке- летін заттарды немесе түстерді «себеттерге» жинайды. Бірінші кезеңде заттарды бір адамға жинап алу ұсынылады, басқа қатысушылар уақытты хормен санайды. Содан кейін заттар қайтадан жайылып, енді заттарды 5-10 адам тез жинап, басқа- лары хормен санайды. Жүргізуші тез болу үшін, кім және не жинау керектігін ай- тып тұрады.

Талқыланатын сұрақтар:

– Қалай ойлайсыңдар, қалай тезірек шығады? Әркім өзі жинаса ма, әлде топ болып жинаса ма?

– Кім не жинайтынын білген уақытта, заттарды тезірек жинауға көмектесе ме?

– Тапсырманы тезірек орындауға тағы не көмектеседі?

«Жұлдызқұрт» ойыны

Сынып бір-бірінің артына тұрып, алдында тұрған сыныптасын иығынан ұстайды. Сапқа тұрғызылғаннан кейін мұғалім бүкіл сыныптың жұлдызқұртқа айналғанын мәлімдеп, енді оның бөлінбейтінін түсіндіреді. Оқушылар, жұлдызқұрттың мыса- лы, қалай жейтінін көрсету керек; қалай жуынатынын көрсету керек, жаттығулар- ды қалай жасайтынын және т.б.

Талқыланатын сұрақтар:

Ойын барысында әрқайсымыз қандай үлес қостық?

Мұғалім жақсы ұжым әр адамның жеке қасиеттері мен күшті жақтарын барын- ша пайдалана алатынын атап көрсетеді.

Ұжымға әр түрлі жолдармен, белгілі бір ұйымдастырушылық функцияларды орындау арқылы немесе ұжымдағы атмосфераға психологиялық әсер ету арқылы (ынта мен өзіне деген сенімділікті ояту немесе жанжалдарды жою және т.б.). Осы- дан кейін топтағы рөлдерді егжей-тегжейлі қарастыруға көшуге болады.

3. Жобалық қызмет

Сабақ барысындағы тапсырмалар:

– Оқушыларға (өз ертегілеріне сәйкес) бөлініп, түрлі-түсті қағаздан, ермексаз- дан, «Ұсқынсыз үйрек жаңа жолмен» ертегісіне негізделген суреттерден аппли- кациялар жасау ұсынылады.

Мақсаты: заттардың өзіне тән белгілерін байқап, оларды бейнелеу арқылы жет- кізу қабілетін арттыру; тәуелсіздікке және бір-біріне баға бермейтін қарым-қаты- нас тәрбиелеу.

Талқыланатын сұрақтар:

– Кейіпкердің мінезі қандай? Позитивті немесе негативті?

– Оның басқалардан ерекшелігі қандай?

– Неліктен сен осы нақты түстерді, өлшемдерді және т.б. таңдадың?

Келесі сабаққа арналған тапсырмалар:

– Костюмдерді немесе атрибуттарды дайындау қажет.

– Дайындық жасау.

4. Қорытындылау

Рефлексия «Аяқталмаған сөйлемдер»

Мұғалім балаларға «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы бүгін не үйренгендерін айтуды ұсынады. Оқушылар сөйлемдерін жалғастыру керек:

Мен бүгін ... білдім. Бүгін мен

... үйрендім. Мен ...

тырысамын.

Мен ... боламын.

Мен ... алғыс айтқым келеді. Мен ...

түсіндім.

«БІЗ ӘРТҮРЛІМІЗ, БІРАҚ БІЗ ТЕҢБІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

4 -сабақ

Тақырыбы: Ынтымағымыз жарасса...

Тату үйдің бақыты тасар, ұрыс-керісті үйдің ырысы қашар. Қазақ халық даналығы

Мақсаты: білім алушылардың өз сезімдері мен мінез-құлқын білу, құрдастарымен құрмет пен достық қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

Жоспарланған нәтижелер:

– білім алушылардың сыныпта бір-бірін құрметтеу және достық атмосферасын орнату, қолдау қажеттілігі күшейтіледі;

– балалардың ұжымда келісім мен өзара түсіністікке қол жеткізу жолдары туралы түсініктері кеңейеді;

– ұжымда тиімді өзара іс-қимыл жасау дағдылары жақсарады.

Ресурстар: А4 қағазы, қаламдар, түрлі-түсті қарындаштар, проектор.

Сабақ барысы

Кіріспе

«Сағатты салыстыру» жаттығуы

Мақсаты: сабаққа дайындау және оқушылардың белсенділігін ояту.

Тақтада сағаттың сандық беті жазылған. Мұғалім барлық оқушыларға әр сағат- тың санының алдында сыныптасының атын жазуды ұсынады.

- Нөмірмен жазылғандар:

1 – қол алысып сәлемдес;

2 – бір-біріңнен қалай ерекшеленетініңді айт;

3 – бір-біріңе немен ұқсайтыныңды айт;

4 – қандай хоббиі бар екенін сұра;

5 – не армандайтынын сұра;

6 – оның сүйікті тағамы қандай екенін сұра;

7 – оның әкесінің атын сұра;

8 – мектепте сүйікті пәні қандай екенін сұра;

9 – сүйікті түсін сұра;

10 – ол қандай ойындарды жақсы көретінін сұра;

11 – оны бірдеңе үшін мақта;

12 – оған бірдеңе үшін рахмет айт.

«Ұнату - ұнатпау» жаттығуы

Қатысушылар қолдарын алақандарын жоғары қаратып отырады. Әрқайсысы кезек бойынша сүйетін немесе ұнатпайтын нәрсені атайды. Басқалардың айтқан- дарымен келісетін оқушы, саусақты бүгеді. Барлық 10 саусақты бүккен адам, ой- ынды аяқтайды және басқаларды мұқият тыңдайды.

Жүргізуші қатысушылардың назарын олардың ұқсастығы қаншалықты көп екендігіне назар аударады.

«Өзіңді сал» арт-терапия элементтерімен жаттығу.

Мұғалім оқушыларға А4 қағаз парақтарында «Сен ересек болған кезде өзіңді қандай адам ретінде көресің?» тақырыбына тапсырма беріп, олар бойынша са- бақ соңында шағын рефлексия жүргізіледі.

Талқылауға арналған сұрақтар:

– Салынған кейіпкер саған ұнай ма? Не себепті ұнайды?

– Бұл адамның қандай достары бар?

– Бұл адам не істейді?

– Ол суреттегідей кейпіне қалай келді?

– Бұл кейіпкердің болашағы қандай болады деп ойлайсың?

– Бұл кейіпкер, сенің ойыңша, қандай ойда жүр (не ойлап жүр)?

– Сенің оған не ұсынғың келеді?

Негізгі бөлім

Жобалық қызмет

– Ертегіні көрсету. Өз тобыңмен бірге жасалған ертегіні баянда. Бейнелерді, фотосуреттерді, суреттерді, қолөнерді және басқа құралдарды қолдан.

– *Талқылау.* Қойылым қатысушыларына арналған сұрақтар:

1) Кейіпкерің сенің көңіл-күйіңді қалай жеткізеді?

2) Өз ертегіңдегі басқа кейіпкерлерге қалай қарайсың және ертегідегі басқа кейіпкерлер сенің кейіпкеріңе қалай қарайды?

3) Егер сенде таңдау болса, осы ертегіден кім болғың келер еді? Неліктен?

4) Ертегіде кімнің іс-әрекеті мейірімді, ал кімнің жаман ниеті бар?

5) Басқа топтардың ертегілерінің мәселесіне өз мысалыңды келтір. Ертегінің жағымсыз кейіпкерлерінің орнына олардың жаман істерінің алдын алу үшін қандай әрекет етер едің?

Қалған сұрақтарды мұғалім қойылған көріністерге сүйене отырып қояды.

Қорытындылау

«Смешарики» мультфильмін көру

https://www.youtube.com/watch?v=gKlNCaon584

«Барып айт» сериясы

Бейнеге сұрақтар:

1. Неліктен кірпі теннис ойнауға бара жатқанда Крошты алып жүрді?
2. Нюша мен Бараш неге ұрысып қалды?
3. Неліктен Бараштың өзі Нюшаға реніш сөзін айта алмады?
4. Сен Нюшаның орнында болғың келе ме?
5. Саған кейіпкерлердің қайсысы ұнайды?
6. Егер сен ұрысып қалсаң, не істеуің керек?
7. Сен қандай кешірім сөздерін айта аласың?
8. Сен қандай сөздерді естігің келер еді?
9. Саған мультфильмнен не ұнады?

«Өзіңді сал 2» қорытынды жаттығуы

Мұғалім барлық оқушыларға «Болашақта өзіңді қандай адам ретінде көресің?» сабақтың басында салынған суреттерді өзгертуге және толықтыруға мүмкіндік береді, яғни – «Сабақтан кейін болашақта өзімді қалай көремін?» деген толықтырылған сурет салуды ұсынады.

Сабақ соңында мұғалім білім алушылардың барлығына жақсылық, өзара түсіністік пен адамгершілік тілейді, бұл біздің байлығымыздың алуан түрлілі- гімізде, ал күшіміз – бірлікте екенін еске салады. Ұстаз әркімге сабақты сәтті және жемісті аяқтағаны үшін алғыс айтады.

«МЕН + СЕН = БІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 2-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

1 - сабақ

Тақырыбы: Менің тату ұжымым

Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.

Әл-Фараби

Мақсаты: тату сынып ұжымын қалыптастыру.

Жоспарланған нәтижелер

1) білім алушылар тату болуға, басқалармен қарым-қатынаста сезімталдық танытуға ұмтылады;

2) адам өміріндегі достардың рөлі, нағыз достың қасиеттері, достармен қарым-қатынас ережелері туралы түсініктері бар;

3) сыныптастарымен өзара әрекеттесу процесінде достық қасиеттерін көрсете алады.

Ресурстар: мақал-мәтелдердің жартысы жазылған карточкалар, А1 қағазы (ватман), презентация.

Сабақ барысы

1. Кіріспе.

«Достық» ұғымын ашу. Достық туралы мақал-мәтелдер.

Ойын. «*Мақал жина*»*:* мақал – мәтелдердің басталуы сол жақта, ал жалғасы оң жақта. Толық және дұрыс мақал құрастыру үшін мақалдың басы мен соңын бай- ланыстыру. Мақал-мәтелдердің мағынасын талдау.

Қорытынды. Достық – адамға берілген сый, сондықтан әрқайсымыз шынайы достарды бағалап қана қоймай, жақсы дос болуымыз керек.

Мәтінді оқу. Достық туралы тәмсіл

Екі дос біраз күн шөл далада қалды. Бірде олар дауласып, біреуі екіншісін шапалақпен салып қалды. Досы шапалақ жанына батса да, ештеңе айтпады. Үндеместен құмға:«Бүгін мені ең жақын досым ұрды» - деп жазды. Арада күндер өте берді. Күндердің күнінде олар шомылуға шешім қабылдайды. Көлі бар оазис тапты. Шапалақ жеген адам суға батып кете жаздады, ал досы оны құтқарып қал- ды. Ол есін жиған кезде тасқа ойып: «Бүгін мені ең жақын досым құтқарып қал- ды» - деп жазды. Біріншісі одан: «Мен сені ренжіткенімде, сен құмға жаздың, енді тасқа жаздың. Неліктен?» - деп сұрады. Досы оған былай деп жауап берді: «Бізді біреу ренжіткен кезде, біз оны құмға жазуымыз керек, сонда жел оны өшіре ала- ды. Бірақ кез келген адам жақсы нәрсе жасағанда, оны ешкім өшіре алмайтындай етіп тасқа ойып жазуымыз керек. Құмға реніш жазуды және қуанышты тасқа ойып жазуды үйреніңіз».

Талқылауға арналған сұрақтар

* Нағыз дос қандай қасиеттерге ие болуы керек?

* Реніштi кешіре білу, досыңның сен үшін жасаған жақсылығын есте сақтау керек пе?

* Досың саған қандай жақсылық жасады?

Нақыл сөзді талқылау, нағыз достың қасиеттері туралы тұжырымдар, реніштi кешіре білу, досыңның сен үшін жасаған барлық жақсылықтарын есте сақтау қа- жет.

Әрі қарай, оқушыларға жобаның мақсатын анықтау ұсынылады. Жауаптарды тыңдағаннан кейін мақсат тақтаға жазылады. Мысалы, «Достасуды және достықты бағалауды үйрену».

II. Негізгі бөлім

Сыныптағы достармен қарым-қатынастың рөлі.

Отбасынан айырмашылығы, ұжымдағы адамдар туыстық қатынастармен емес, орындайтын жұмыстармен біріктіріледі. Мысалы, компанияда менеджерлер, қаржыгерлер, хатшы-референттер және т.б., мектепте мұғалімдер, аспаздар, тех- никтер, кітапханашы, медбике және т. б. жұмыс істейді.

Ұжым қандай болуы керек? Ұжым дегеніміз –ортақ жұмыс немесе оқу, ортақ мүд- делер немесе көзқарастар арқылы біріктірілген адамдар тобы. Мектеп сыныбы ұжым бола алады. Ұжымға кіретін адамдар –жолдастар.

3. «Біз екеуміз ұқсаспыз» ойыны

Ойынның мақсаты: оқушылардың ойлауын түрлі белгілерге сәйкес әртүрлі адамдардағы ұқсастықтарды іздеуге бағыттау.

Ойыншылардың міндеті: сыныптастарымен ұқсастықты табу және осы ұқсастық негізінде оқушыны шеңберге шақыру қайталанбайды.

Мысалы: «Әсел, сен екеуміз бір үйде тұрамыз», «Тимур, сен екеуміздің бойымыз бірдей». Қатысушылар сынып бөлмесі қабырғасының бойына немесе периме- трі бойынша орналасады. Мұғалім немесе жүргізуші бөлменің ортасына келіп, оқушыны ұқсастық негізінде шақырады: «Баян, сен екеуіміздің есімдеріміз бір- дей». Баян шеңберден шығып, сыныптағы келесі оқушыға ұқсастық іздейді. Ойын барлық қатысушылар шеңберде болғанша жалғасады. Мұғалім: «Бізде қанша- лықты ортақ нәрсе бар? Ұқсастықтарды кез-келген адамнан табуға болады. Енді сендер тек дос болуды үйреніп жатырсыңдар. Достық берік болуы үшін заңдарды сақтау керек. Достықтың көптеген заңдары бар. Міне, олардың кейбіреулері», - деп қорытындылайды.

4. Ақпараттық блок. Достықтың негізгі заңдары

- Балалар кезек-кезек карталарды шығарып, оқиды.
- Бәріміз – біріміз үшін, біріміз - бәріміз үшін.
- Бір-біріңді құрметтеп, бір-біріңе көмектесіңдер.
- Достарыңмен бірге қуаныңдар.

- Достарыңды және айналаңдағы адамдарды ренжітпеңдер.
- Достарыңды қиындықта қалдырмаңдар, оларды ренжітіп алмаңдар, сатқындық жасамаңдар, алдамаңдар, уәделеріңді бұзбаңдар.
- Достарыңды қорғаңдар, себебі досыңды жоғалту оңай.
- Ескі дос жаңа достан да жақсы.

5. Топтық жұмыс.

Мақсаты: жаңа ақпарат негізінде шағын топтарда шағын зерттеу ұйымдастыру. Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топ сөз тіркестерін аяқтайды:

1. Мен өз сыныбымды сыйлаймын..... себебі.....;
2. Менің сыныбымда достарым бар..... өйткені.....;
3. Мен досымды ренжіте алмаймын..... себебі. .....;
4. Мен әрқашан жақсы дос бола аламын ..... себебі.....

Содан кейін жауаптарды мұғалім жинап, араластырады және балаларға қайтадан оқу үшін таратады, талқылау ұйымдастырылады..

II. Жобалық қызмет

Оқушылар сұраққа жауап береді: егер біздің сынып өте тату болса, бұл қалай әсер етеді? Осылайша, барлығы бірге жоба гипотезасын тұжырымдайды. Мы- салы, егер біздің сынып өте тату болса, онда бізде оқуда да жетістіктер болады. Әрқайсың сыныптастарыңмен достықтың мғынасын есте сақтау үшін, ұжымдағы достық қарым-қатынасты бұзбау үшін әр адамның іс-әрекетін сипаттайтын ере- желерді әзірлеу қажет.

Оқушылар өз топтарында қалады. Мұғалім жобаның құрылымын көрсетеді (слайд). Жоба 3 топқа арналған 3 тапсырмадан тұрады:

1 -топ. Сыныптың достық мінез-құлық ережелерін ойлап табу.

2-топ. Сыныптастар арасындағы қарым-қатынас туралы жадынама ойлап табу. 3 топ.

Тату сыныптың ұранын ойлап табу.

Жобаның мақсаты: әр оқушының сенімді қарым-қатынасы мен эмоционалды тұрақтылығы негізінде балалар ұжымындағы тұлғааралық қатынастарды қалыптастыру.

Ережелер – бұл адамның қандай да бір іс-әрекетін жүзеге асыру тәртібін анықтайтын процедуралық нормаларды белгілейтін нормативтік құжат. Ереже- лер бұйрықтар деп аталады, солардың негізінде тәртіпті белгілейтін белгілі бір әрекеттерді – мысалы, мектепке қабылданған кезде орындау қажет.

Жадынама-бұл адамның іс-әрекетін сипаттайтын құжат.

Мысалы:

Біздің өміріміздің Заңын есте сақта: Бәріміз – біріміз үшін, біріміз - бәріміз үшін.

Жақсы жолдаспен қарым-қатынас: сәттілікте көңілді, қиыншылықта оңай.

Жолдастарыңмен сыпайы бол: оларға араздасуға жол берме, ашу шақырма, айқайлама. «Сыпайы сөздер» («рақмет», «өтінемін» және т.б.) айтуды кездескенде сәлемдесуді, кететін уақытта қоштасуды ұмытпа.

Егер сен қызықты ойындарды білсең немесе бірдеңе жасай алсаң, басқаларға үйрет. Олармен ойынағанда дөрекі болма - тәртіп сақта, дауыс көтерме!.

Болмашы нәрсеге бола бәстеспе, ашуға берілме, татулықта жұмыс жасап, ойын ойнауға талпын.

Құпияны сақта. Егер досың қателессе сол уақытта бірден ескерту жасап, қатесін түзеп бірден айт; егерде ол қандайда бір теріс қылық әрекетін жасаса оның қа- телігін тоқтат.

Кішкентай балалармен ойна, оларды ренжітпе; егер олар ұрсысып қалса, олар- ды татуластыр.

Егер сенде бәрі жақсы болса, асқақтама; егер бір нәрсе дұрыс шықпаса, ашу- ланба, сағыңды сындырма.

Ұран-ұжым мүшелерінің ортақ қызметін біріктіреді, достыққа шақырады, сы- нипта бірлік, достық атмосфера құру процесін жақсартады. Мысалы: ізденуші – бұл жаңа білім жинайтын адам (оқушы) (С.И Ожеговтың сөздігі бойынша). Мүмкін ізденуші болайық! Ізденушілердің ұраны осындай болуы мүмкін бе?

Жазуды, санауды үйрен, сауатсыздыққа жол жоқ! Барлығын білуге тырысатын адам зерігуді мүлдем білмейді!

Достық, адалдық, батылдық, сәттілік бізге кез-келген мәселені шешуге көмекте- седі.

IV. Қорытындылау. Әр топтың оқушылары өз жобаларын ұсынып, бірге қорғай- ды (хормен, бір-бірден оқиды және т.б.). Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім бар- лығына мектеп достығын бағалауды, құрдастарымен достық қарым-қатынасты сақтауды, достарына мейірімді болуды тілейді.

Үлестірме материал: 1. Мақал – мәтелдердің мәтіні бар карталар: «100 тең- гең болғанша - 100 досың болсын», «Досты ізде, егер тапсаң, қарым-қатынасты берік сақта!», «Достық деген –-шар айна, сындырып алма – абайла!», «Достық саңырауқұлақ емес – достықты орманнан таба алмайсың».

2. А1 өлшемді қағаз парақтары (ватман), фломастер, қаламдар, плакаттар.

1- сабақ бойынша қорытындылар: құрдастарына деген қызығушылықты тәрбие- леу, түсіністік пен жанашырлық сезімін дамыту, «командалық рухты» нығайту.

Үйге тапсырма: Ата-анасынан мектептегі достығы туралы сұқбат алу.

«МЕН + СЕН = БІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 2-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

2 - сабақ

Тақырыбы: Біздің қызығушылықтарымыз достықты нығайтады

Достық байлықтан да қымбат.

Халық даналығы

Мақсаты: бірлескен шығармашылық қызмет процесінде ұжымды біріктіру

Жоспарланған нәтижелер:

- білім алушылар ұжымдық шығармашылық әрекетке деген қажеттілікті сезінеді;
- ұжымдық шығармашылық әрекет барысында өзара іс-қимылдың тиімді тәсілдері туралы түсініктері бар;
- бірлескен қызмет барысында ынтымақтасуға, достық қолдау көрсетуге қабілетті.

Ресурстар:

Түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, А4 парақтары, қайшы, картон, фломастерлер, тапсырмалар жазылған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Мен, сен, бәріміз, жарасқан бірлігіміз» жобасының екінші кезеңінде оқушылар «сыйластық», «әдептілік», «шыдамдылық», «бастама» ұғымдарын түсінуі керек.

Мұғалім «әдепті тұлға» ұғымы туралы түсінік береді: -Достық туралы айтқанда, әдептілік сияқты маңызды ұғымды айтпай кетуге болмайды.

– Сендер үлкендердің біреу туралы «әдепті бала» дегенін естідіңдер ме? Ал өзің «әдеп» деген сөздің нені білдіретінін ойлап көрдің бе?

- Мүмкін бұл тәртіпті жақсы көретін, ұқыпты киінетін, заттарын тастамайтын, оқулықтарын ұқыпты ұстайтын, сабаққа уақытылы келетін бала шығар?
- Иә, бұл сөздің түбірі – «тәртіп». Бірақ біз қарапайым тәртіп туралы емес, өмірдің құрылымы туралы айтып отырмыз. Бұл тәртіп - адалдық, тектілік, біреудің бақытсыздығын түсіну және басқа біреудің бақытына өзіңдікіндей қуана білу. Айналамызда осындай тәртіп неғұрлым көп болса, адамдар соғұрлым бақытты өмір сүреді.
- Адамның көптеген әрекеттерінің негізінде адалдық жатыр. Ренжіген кісінің көңілін табу, автобуста орын беру, қарт адамға көмекке келу – осының бәрі әдептіліктің көрінісі. Әдепті адамның ғана шынайы, адал, сенімді достары болады.

II. Негізгі бөлім

1. Ми шабуылы

Дамытушылық тапсырманы орындау. Жұптық жұмыс.

Балалар осы сабақтың негізгі идеясын білдіретін мақалды шешуі керек. Балалар тапсырманың баспа қағаздарын алады. Жұппен жұмыс жасайды.



Код:



	△	▲	○	●	□	■
1	Д	А	Г	У	О	С
2	Б	Е	Р	Ж	Т	В

Жауабы: Достық байлықтан да қымбат

Мұғалім балалармен осы мақалдың мағынасын талқылайды: - Алдарыңда таразы. Бір тоғайда достық, бірінде байлық бар. Қай ыдыстың салмағы ауыр болады? Не маңыздырақ? -Әрине, достық таразыда салмағы жоғары бо- лады, өйткені ақша ерте ме, кеш пе таусылады, бірақ достық мәңгі қалады.

2. Проблемалық жағдаяттарды топта талқылау.

Оқушыларға жағдаяттық сұрақтар беріледі. Балалар топта жағдаяттарды талқы- лауы керек: «Мен не істер едім?»

– Енді, балалар, топтарда «Мен не істер едім?» деген жағдаяттарды талқылаңдар.

• Досың саған жамандық жасауды ұсынады...

• Сенің досың үй тапсырмасын орындамаған және оны көшіріп алу үшін дәп- теріңді сұрайды...

• Сенің досың тоқсанда нашар баға алады, ал саған онымен дос болуға тыйым салынады.

Педагог қорытындылайды:

– Балалар, қалай ойлайсыңдар, ұжымдағы жолдастық, достық қарым-қатынасты нығайтуға қандай іс-әрекеттер ықпал етеді? /Балалардың жауаптары. /

- Тек оқуда, еңбекте, іскерлікте кездесетін қиындықтарды жеңуде өзара көмек пен қолдау ғана жолдастық қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі. Ұсақ-түйек үшін ұрысып, менмен болмау керектігін білу керек. Егер сен жақсы нәрсе жаса- саң, оны сыныптастарыңа үйрету керек.

– Үлкен істерде ғана емес, ұсақ-түйектерде, күнделікті қарым-қатынаста да сезімталдық пен зейінділік таныту керек.

3. Жаттығу «Сен өзіңді қалай сезінесің ...?»

Балалар сызбаларды қарап, әр суреттің жанына сыныпта ұқсас жағдайлар тудыратын эмоциялардың атын жазады.

Мұғалім. Мектепте әртүрлі оқиғалар болады. Суреттерге қараңдар (1-тапсырма). Жауаптарыңмен бөлісіңдер.

1-тапсырма

Суреттерге қара. Олар мектептегі әртүрлі жағдайларды бейнелейді. Әр сурет- тің жанына сыныптағы ұқсас жағдайларда сенің бойыңда туындайтын эмоция- лардың атын жаз.



Бізге не көмектеседі және бір-бірімізді түсінуге не кедергі?

Сен өзіңді басқа адамның орнында жиі елестетуге тырыстың ба? Нәтижелерімен бөліс.

Сені дұрыс түсінбеген жағдайлар болды ма? Сол кезде қандай эмоцияларды бастан өткердің?

4. Ойын «Аралас әріптер. Досты табу»

Балалар достары бар мультфильм кейіпкерлерін аралас әріптерден дұрыс құрастырып табуы керек.

Сен достары бар көптеген мультфильм кейіпкерлерін білетін шығарсың. Оларды атап, (тақтадағы карталар) аралас әріптерден кейіпкерлердің жан досын болжа- уға тырыс.

1. Мақта қыз бен ..... ҚЫСЫМ (Мысық)
2. Ақшақар және ... 7 ІЛЙЕЖЕГРЕ (7 Ергежейлі)
3. ЕрТөстік және...РАҺАДЙА (Айдahар)
4. Вини-Пух пен ... КЧТПЯАО (Пятачок)
5. Бала және ... НСРКАЛО (Карлсон)
6. Буратино мен ...АИЬАМЛВН (Мальвина)
7. Қарлығаш пен ..... ТІУӘД (Дәуіт)
8. Қолтырауын Гена және ...АШРБЧЕУАК (Чебурашка)

5. Мультфильмді тамашалау
https://youtu.beONtin1ZUs0?si=ngGiAaPVqcmjaRKK

Балаларға «Ара мен шыбын» мультфильмін көрсету. «Ара мен шыбын» мультфильмін тамашалайық және әр кейіпкер кімге ұқсағысы келетінін әңгімелейік.

Сюжеттің мағынасын топта талқылау. Балаларға сұрақтар қойылады:

-Шыбын масаға қайда баруға кеңес берді?

- Ара не ұсынды?

- Дос ретінде кімді таңдар едің? Неліктен?

-Шыбын неге шалғында әдемі лалагүлдерді көрмеді?

- Қандай қорытынды жасай аламыз?

(Өмірде әркім өз қалағанын іздейді, кейбіреулері ара сияқты, әр нәрседен тек жақсылықты көреді және ең бастысы, бұл адамдар әдемі істер жасайды, ал басқалары шыбын сияқты, әр нәрседен жамандық көреді!) Мен сендерден тек әдемі нәрселерді көргім келеді!

Жобалық іс-шара

6. Шығармашылық қиял «Ертегі жазу» практикалық топтық жұмысы

Оқушыларды 4 топқа бөлу.

Әр топқа тақырыптарды бөліп беру:

1-топ . «Сабақтан кейін мектеп ауласының бір бұрышында екі жігіт балаларды күтіп тұр. Екінші сынып оқушыларының тобы шығады.

Бұл көріністен достықтың қандай заңын шығаруға болады? Досыңа көмек қо- лын ұсын. Оны қиыншылықта қалдырма.

2- топ «Қандай қасиет (кейіпкер қасиеті) достыққа кедергі келтіруі мүмкін?» (Басқалардың жетістігіне шыдай алмайды. Қызғаныш сезімі).

Бұл көріністен қандай заң шығаруға болады? Басқалардың жетістіктеріне қуа- нуды үйреніңіз

.

3- топ. «Бірінші сабаққа бес минут қалғанда барлық балалар сыныпта болды. Әсия соңғы болып келді. Оның түрі солғын және жылағаннан көзі қызарған.

- Көзің неге жасаурап тұр? – деп, Аида қатты айқайлады.

-Саған не болды, айт! Кім сені ренжітті? Қане, айтшы! – деп Гүлназ орнынан секіріп тұрды.

Сыныптас қыздардың қателігі қандай болды?

(Оқушылар әдепсіздік танытты. Мұндай сұрақтарды жұрттың алдында дауы- стап қоюға болмайды.

Кейде адамға тыныштық беру керек, содан кейін жанашырлық таныту керек, сонда адам тынышталады.

Заң: Досың сәтсіздікке ұшыраған кезде оны жұбат және қолда, қолдауды дұрыс жаса.

4- топ. Ешқашан да досыңды алдама.

• Ертегі жазуға арналған сюжет ойлап тап. Қиялың ұшқыр болсын.

• Ең алдымен, ертегінің басты кейіпкерін ойлап табу керек, ол кім болады, оның кейіпкері қандай, сыртқы түрі қандай, ол нені жақсы көреді және неден қорқады.

• Келесі кезең – оның қиындықтарға тап болуы.

• Үшінші кезең – жолда кездескен басты кейіпкерге көмектесетін көмекшілер.

• Төртінші кезең – марапаттау.

• Содан кейін мұғалім балаларға сюжетті дамытуға және оларға бағыт-бағдар беруге көмектеседі. Мұндай бірлескен шығармашылықта балалар ұсынған идея- ларды қолдау маңызды.

Сұрақтар :

1) Ертегі кім туралы?

2) Бұл кейіпкердің қандай ерекшеліктері бар? Ол жақсы/жаман ба?

3) Бұл жақсы/жаман кейіпкер не істеді?

4) Ол кіммен дос болды/кімге жамандық жасады?

5) Батырларға кім кедергі/көмек көрсетті? Қалай?

6) Зиянкеспен не болды? (зұлым батыр?)

7) Жақсы батыр қандай сыйлық алды?

Келесі сабаққа арналған тапсырма: Өзің ойлап тапқан ертегінің мәтінін қол- дан жасалған кітапшаға жаз. Суреттерін сал.

Қорытындылау. Талдау және бағалау.

1. Бүгін мені қызықтырды...
2. Әңгіме тақырыбы мен үшін маңызды болды...
3. Маған бүгінгі топпен жұмыс істеген ұнады...

Өткен аптаны еске түсір. Сенің қарым-қатынасың сыныптағы көңіл-күйіңе қалай әсер етті? Сенің қандай әрекеттерің сыныптастарыңмен қарым-қатынасты жақ- сартты, ал қайсысы қарым-қатынасты қиындатты? Бөліскісі келетіндер бар ма? Сыныпта жағымды қарым-қатынасты сақтау үшін осы аптада не істеуді үйрендің?

Педагогке маңызды ақпарат. Өз оқушыларыңыздың мінез-құлқына өте мұқи- ят болыңыз және оларға келісімдерді орындауға көмектесу керек. Егер оларға жағдаяттарды есте сақтау қиын болса, келісімшарт сақталған немесе бұзылған кездегі сыныптың өмірінен мысалдар болғаны жақсы. Жағдаяттарды талқыла- уды айыптауға айналдырмаңыз. Мақсаты – балаларға өздерінің әл-ауқаты мен мінез-құлқы үшін жауапкершілікті алуға және басқаруға көмектесу. Мүмкін, са- бақтың бұл кезеңі сізге жоспарланғаннан ұзағырақ уақыт алуы мүмкін - бұл жау- апкершілікке келгенде тұрарлық.

Балаларға нақты әрекеттерді атауға көмектесіңіз. Міне, бірнеше мысалдар: ауыр сөздерден аулақ болу; егер біреу ренжісе, «Мен саған қалай көмектесе ала- мын?»– деп сұра; өзіңді басқа адамның орнына қойып, оны түсінуге тырыс; мәселе туындаған жағдайда ересек адамға айт; кінәлі болсаң, кешірім сұра.

Топтық талқылау соңында тақтада не жазылғанын бүкіл сынып талқылайды. Мұғалім сынып келісімін барлық балалар келісетін маңызды әрекеттермен то- лықтыруды ұсынады.

«МЕН + СЕН = БІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША
2- СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР
4 - сабақ
Тақырыбы: Жақсылықты бірге жасайық

Достық жоқ жерде табыс жоқ. Қазақ халқының мақалы

Мақсаты: оқушыларды жолдастық, өзара көмек, жақсы істер жасауға, шығармашылық белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.

Жоспарланған нәтижелер:

- оқушылардың өз сыныптастарына деген сыйластық, ізеттілік қасиеттері қалыптасады;
- коммуникативті дағдылар мен топта жұмыс істей білу қабілеттері дамиды;
- сыныптастарымен тиімді қарым-қатынас негіздері қалыптасады, жалпы ұжым қызметінің өнімділігі артады.

Ресурстар: Түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, А4 парақтары, қайшы, картон, маркерлер, ертегі кейіпкерлері.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

1. Балалар өмір туралы түсініктерін аша отырып, ұжымның рөлі мен ондағы өз орны туралы білім көкжиегін айтарлықтай кеңейтті, басқа адамдармен қарым-қатынастың сезімталдығы туралы көптеген қызықты деректер, фактілер, әңгімелер жинады, сондай-ақ қызметтің жаңа түрлерінде өздерін сынап көрді.

Сабақтарды қорытындылайтын кез келді. Бұл зерттеушінің бірнеше кезеңнен тұратын жұмысының өте маңызды бөлігі.

II. Негізгі бөлім

1. Ми шабуылы. Сөздік жұмысы

Педагог балаларға сұрақ қояды: «Балалар, қалай ойлайсыңдар, жер бетінде не көбірек: жақсылық па, жамандық па?»

Балалар бірінші бағандағы сөздерді мағынасы қарама-қарсы сөздермен ауыстыруға тырысады:

Жаман-жақсы; Жамандық-жақсылық; Соғыс-бейбітшілік; Ашкөздік – жомарттық; Дөрекілік-сыпайылық;
Қатыгездік – мейірімділік;
Өтірік-шындық; Сатқындық - берілгендік.

«Ертегідегі достар» викторинасы» жаттығуы

Педагог балаларды жоғарыда аталған қасиеттер қай ертегіде кездестіргені туралы ойлануға шақырады.

Мұғалім сипаттаманы оқиды, ал оқушылар кім туралы айтып тұрғанын болжау керек?

(Тақтаға ертегі кейіпкерлері ілінеді).

Енді «Достық» тақырыбы бойынша алған білімдерің қаншалық толық екенін көрейік.

- Қыз бен мысық, өзара көмек, достық туралы қазақ ертегісі. (Мақта қыз бен мысық)
- Қай қыз құрбысын мұздан құтқарды? Сен оның әрекетін құрметтейсің бе? Неге құрметтейсіз? (Герда досы Кайға көмектесті)

Қазақ халқының үй жануарларының достығы туралы «Үш дос» ертегісі. Ғибрат- ты ертегі балаларды шынайы дос болуға, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайларда бір-біріне көмектесуге үйретеді. Ертегінің басты кейіпкерлерін ата? (Бұзау, қозы және батыл бала)

- Мына батыр төсекке құлап: «Мен дүниедегі ең ауру адаммын!» - деп басын қысып ұстады. Ол дәрі сұрады. Оған дәрі берді, ол: «Досының өмірін сақтап қалды!» - деп жауап берді. Біз кім туралы айтып отырмыз? Ал науқасқа қандай дәрі берілді? (Карлсон. Дәрі – таңқурай тоспасы)
- Қазақ қиял-ғажайып ертегісінің басты кейіпкерлері жаулары қаншалық күшті болса да, өздерінің ақылдылығымен, мейірімділігімен жауыздық пен зұлымдықты жеңеді. Ертегінің мазмұны келісім мен бірлік бар жерде жеңістің барын ашады. (Аламан-Жоламан)
- Көк шашты қыздың достары көп еді, бірақ біреуі әрқашан қасында болатын. Кім ол? (Пудель Артемон)
- Джунгли тұрғындарына адам баласымен дос бола алатынын алғаш көрсеткен жануар кім? (Қасқыр Акела)

III. Жобалық қызмет

Қолдан жасалған кітаптардың тұсаукесері

Топтарға кітап алмасуды және оларды өзбетінше безендіруді ұсыныңыз.

Талқылауға арналған сұрақтар

1) Саған осы командада жұмыс істеу ұнады ма?
2) Жұмыстарыңның нәтижелері қандай?
3) Жұмыс кезінде өзіңді қалай сезіндің?
4) Топтағы өзара әрекеттесу саған көмектесті ме, әлде кедергі келтірді ме?
5) Жұмыс барысында достық туралы не білдің?

Нағыз достық ережелері

- Егер досың жамандық жасаса, оны тоқта.
- Жақсы достар – бір-біріне тек шындықты айту керек; егер досың бірдеңе туралы қателессе, оған бұл туралы айт.
- Жолдастарыңмен ұрыспа; олармен жұмыс істеуге және тату ойнауға тырыс, ұсақ-түйектерге дауласпа.
- Басқа адамдардың құпиясын айтпа.
- Кешірім сұраудан қорықпа.
- Дөрекі болма.
- Егер досыңнан кітап немесе ойыншық алсаң, бұл заттарды мұқият ұста және оларды уақытында қайтаруды ұмытпа.
- Көмек сұрауын күтпей, өз көмегіңді ұсын.
- Досыңды қорға.

IV. Қорытындылау

Тілек: шынайы дос табуда барлығыңа сәттілік тілеймін!

Мұғалім: Әрқайсыңның шынайы досың болуын, достықты бағалай білуді тілей- мін.

Сендер әлі баласыңдар, бірақ алда әлі талай абыройлы істер күтіп тұр. Сендер біздің планетамызды гүлдендіресіңдер. Бірақ алдымен нағыз адам болып өсу- лерің керек. Ал бұл дегеніміз: батыл, жауапты, сыпайы, мейірімді, еңбекқор адам. Өйткені, жақсылық жасау –ұлы іс. Өмір бойы жақсылық жолымен жүру керек.

Жақсылық жасауға асығыңдар! Күн сайын адамдарға пайда әкелуге тырысыңдар!

«ӘРҚАЙСЫМЫЗ БІРЕГЕЙМІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 3 -СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

1-сабақ

Тақырыбы: Мен өзгелерге ұқсамаймын

Адам – бұл бір тұтас әлем, егер ғаламды түсінгің келсе, алдымен өзіңді таны.
Абай Құнанбайұлы

Мақсат: қатысушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, өзінің маңыз-дылығы мен ешкімге ұқсамайтынын түсіндіру.

Жоспарланған нәтижелер:

– оқушылардың өзіндік даралығын дамытуға деген құлшынысы артады;

– олардың бірегейлігі туралы ойлары кеңейеді;

– позитивті өзін-өзі бағалау және сенімді мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

Ресурстар: доп, А4 парақтары, қарындаштар, үш бақытты, бейтарап және рен- жулі күлегеш бейнеленген карточкалар

Сабақ барысы

1. Кіріспе

Мұғалімнің кіріспе сөзі. Жобаның басталғаны туралы хабарландыру.

Сәлемдесу жаттығуы «Күшті жақтар»

Міндет: ұялшақтықты жеңуді үйрену, өзінің жағымды қасиеттерін білу, өзін-өзі бағалауды арттыру.

Нұсқау: білім алушыларға бір-бірімен амандасып, қайталамауға тырысып, өзіне сенімді адамның қасиеттерін анықтау ұсынылады.

«Менің досымның қадір-қасиеті» жаттығуы

Мақсаты: сыныпта жағымды көңіл-күй мен эмоционалды ахуал қалыптастыру.

Нұсқау: Мұғалім ойынның шартын түсіндіреді: Допты бір-біріне кезек-кезек лақтыра отырып, оқушылар доп ұшқан қатысушының қасиеттерін, күшті жақта- рын айтады. Доптың барлық оқушыға жететініне назар аудару керек.

Мұғалім оқушыларды күн сайын таңертең өздерінің күшті және жақсы жақта- рын еске түсіруге кеңес береді.

Негізгі бөлім

Мұғалім оқушылардан сұраққа жауап беруін сұрайды: Бірегей дегеніміз нені білдіреді? (Оқушылардың жауаптары).

Ақпараттық материал

Бірегей – бұл қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын, сирек, ерекше дегенді білдіреді. Әр адамның дүниеге көзқарасы, өз білімі мен тәжірибесі бар. Және бұл қалыпты жағдай, өйткені әрқайсымыз бірегейміз және өз ерекшеліктеріміз бар. Бірақ бұл біз бәрін біле аламыз дегенді білдірмейді. Біздің міндетіміз – үйрену, дамыту, ой-өрісімізді кеңейту. Өйткені біз тек осылай ғана жақсырақ және ақылды бола аламыз.

«Автопортрет» жаттығуы

Мақсаты: балалардың өзін өзі талдауға деген қызығушылығы мен қажеттілігін өзектендіру.

Нұсқау: 5 минут ішінде әрбір оқушы өзіне 5-6 белгіден тұратын сипаттама жазу керек. Бұл сипаттамада оқушыны бірден тануға болатын сыртқы белгілер бол- мауы керек. Мысалы: «Маған айналамдағы барлық нәрсенің ұқыпты түрде бүк- телгені ұнайды. Мен күннің шыққанын көргенді ұнатамын». Бұл мінездің сипат- тамасы, адамның сүйіспеншілігі, дүниеге көзқарасы, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы және т.б. болуы керек.

Мінездемелерді жазып болған соң оқушылар мұғалімге тапсырады. Парақтар- ды араластырғаннан кейін мұғалім автопортреттерді оқиды. Оқушылар сипаттама бойынша мәтіннің авторын анықтауға тырысады. Балалар белгілі бір оқушының портретіне түзетулер енгізуге, мысалы, оның мінезінің ерекшеліктерін сипатта- уға қосымшалар енгізуіне болады.

Мұғалімге ұсыныс: жұмысты музыкалық сүйемелдеу фонында жүргізген дұрыс.

«Қаһармандар– олар сондай...» жаттығуы

Мақсаты: балаларға кімді және неге қаһарман деп атайтынын түсінуге көмекте- су.

Нұсқау: Оқушылар суперқаһармандарды, ежелгі грек батырларын, ертегілердің, фильмдердің, мультфильмдердің кейіпкерлерін еске түсіреді.

Сыныпта адамдардың неліктен біреуді батыр (қаһарман) деп санайтыны талқыланады, балалар батыл әрекет ету және тәуекелге бару таланты мен батылдығы туралы, қиын уақытта басқаларға көмектесуге дайын болу туралы ойлайды.

Талқылау барысында балалардың ойын тақырыбына қызығушылығы арта- ды. Мұғалім балалардың қандай қаһармандар естерінде қалғанына, олардың қай тұстарын ерлік деп атап көрсеткеніне назар аударып, олардың нұсқаларын тақтаға жазады.

Оқушылар барлық аталған кейіпкерлердің ұқсастықтары мен айырмашылықта- рын түсінеді. Балаларға өздері болғысы келетін кейіпкерлерді таңдап, олардың суретін салу ұсынылады.

«Ертегі терапиясы» жаттығуы

«Толағай» ертегісі. https://www.youtube.com/watch?v=6CDgV5umddQ

Нұсқау: Мұғалім ертегі туралы айтып, роликті көрсетеді. Балалар бірінен соң бірі өздері суреттеген кейіпкер туралы бірінші жақта әңгімелеуге тырысады.

Кіріспе: «Баяғыда Толағай деген өмір сүрді. Ол ешкімге ұқсамайтын ерекше

бала болды. Халық шөлден, судан қиналған кезде ол тауды бұлтымен көтеріп келіп, еліне көмектеседі...».

Келесі кезекте балалар ертегінің сюжетін жалғастырады.

2. Жобалық қызмет

Мұғалім оқушылармен алған білімдері мен дағдыларын қайда және қалай қолдануға болатынын талқылайды. Олардың сипаттамалары туралы білудің қандай артықшылықтары бар? «Мен елім үшін не істеймін?» деген тақырыпта ой қорыта- ды.

Оқушы жауаптары. Талқылау және қорытынды.

Оқушыларға алған білімдерін қолдану және сенімді мінез-құлық дағдыларын жаттықтыру үшін оларға келесі жобалық әрекеттер ұсынылады:

1. Күнде таңертең үйден шықпас бұрын айнаның алдында тұрып, күлімдеп, нақты бір нәрсе үшін өзіңді мақта. Бұл әдісті пайдаланған кезде және қолданбаған кезде күні бойы өзіңді қалай сезінетінің туралы эксперимент жаса.

2. Сынып картасын дайындау қажет, оған әр оқушы А4 қағазына салынған өзінің ертегі кейіпкері ретінде бейнеленген суретін қыстырады. Оқушылар бұл суретте өз кейіпкерінің ерекше белгілері мен костюмін бейнелеп, презентация мәтінін алдын ала дайындауы керек.

Сынып картасын жасау үшін ватман қағазының бірнеше парағын біріктіріп желімдеуге болады. Мұғалім картаны мозаика түрінде жасауға кеңес береді. Жобаны орындау кезінде сызбаларды жылжыту оңайырақ болатындай етіп, оларды таспамен бекіту ұсынылады.

3. Қорытындылау

Баяндамашы оқушыларға тақтада үш смайлик бейнеленген карточкаларды көрсетеді: қуанышты, бейтарап және қайғылы. Оқушылардың көңіл-күйлеріне сәйкес келетін нұсқаны таңдау ұсынылады.

«ӘРҚАЙСЫМЫЗ БІРЕГЕЙМІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 3 -СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

2- сабақ

Тақырыбы: Жүректеріміздің мозаикасы

Біреу – біреуге сүйеу. Қазақтың халық мақалы

Мақсаты: оқушылар арасындағы айырмашылықтарды қабылдауға жағдай жа- сау.

Жоспарланған нәтижелер:

– әрбір оқушы өзінің бірегейлігін және басқа балалармен ортақтығын дамытуға ұмтылады;

– оқушылар олардың арасындағы айырмашылықтарды сыныптың жағымды қа- сиеті ретінде қабылдайды;

– әрбір қатысушының күшті жақтарын ескере отырып, оның ортақ істегі орнын анықтай алады.

Ресурстар: үлестірмелі материалдар, А5 парақтары, сурет салу құралдары. Сабақ барысы

1. Кіріспе

Мұғалім оқушылармен амандасады.

Сәлемдесу «Сөзсіз сәлемдесу»

Сынып 2-3 адамнан тұратын шағын топтарға бөлінеді. Әр топ сыныппен ауы- зша немесе ауызша емес сәлемдесу арқылы амандасуы керек. Бұл қол бұлғау, бас изеу, реверанс жасау және т.б. сияқты сәлемдесу болуы мүмкін. Әртүрлі әле- уметтік және этникалық топтарға тән сәлемдесулерді қолдануға болады: пионер сәлемі, жапон бас ию және т.б. Қатысушылардың қалған бөлігі сәлемдесуге жауап береді (жауап ретінде бас изейді және т.б.).

Топтарға ойлану үшін он-он бес секунд беруге болады, содан кейін кезек- кезекпен басқа сыныптастарымен амандасады.

Мұғалім үшін бұл жаттығудың қосымша диагностикалық мәні болуы мүмкін. Топ мүшелерінің қайсысы байланыс орнатқан? Байланыстан кім құтылуға тырысты? Ең тапқыр кім болды және т.б.?

Ұсыныс: Мұғалімнің қалауы бойынша басқа да сәлемдесулер қосылуы мүмкін.

Сергіту жаттығуы «Соншалық әртүрлі және өте ұқсас!»

Нұсқау: Бұл ойынды ойнау үшін барлық балалар еркін қозғалатын кеңістік қа- жет. Бұл тақтадағы немесе артқы партаның артындағы кеңістік (екі орынды бір уақытта пайдалануға болады) немесе мектептегі демалыс орны болуы мүмкін.

Ойын басталмас бұрын педагог балаларды кез келген ретпен тұруға шақырады, ал өзі ортада тұрады.

Мұғалім сұрақтар қояды, ал оқушылар екі нұсқаның бірін таңдауы керек және жауапқа қарай мұғалімнің оң немесе сол жағында тұруы керек. Ойынның басын- да мұғалім ұлдарға оның оң жағына, қыздардың сол жағына тұруын сұрайды. (Ба- лалар екі топ болып қозғалады.)

Мұғалім балаларды әр топтағы әдет бойынша өз топтарында бір-бірімен аман- дасуға шақырады: «Ұлдар қалай амандасады? Қыздар қалай амандасады?» Сосын басқа топқа: «Сәлеметсіңдер ме, қыздар!», «Сәлеметсіңдер ме, ұлдар!» деп аман- дасуды ұсынады.

Мұғалім келесі тапсырманы ұсынады: мысықтарды көбірек жақсы көретіндер оң жағында, ал иттерді жақсы көретіндер мұғалімнің сол жағында тұруы керек. Қайтадан топ ішінде кез келген жолмен амандасады.

Ойын схема бойынша тағы 4-6 айналымға жалғасады.

Сұрақтардың үлгісі.

– Маған әдебиет сабағы көбірек ұнайды / Маған дүниетану сабағы көбірек ұнайды.

– Туған күн жұп/тақ күнге сәйкес келеді.

– Олар велосипед тепкенді ұнатады / олар скутермен жүргенді ұнатады.

–Алманы жақсы көреді / алмұртты жақсы көреді.

– Олар жақсы билей алады / олар жақсырақ ән айта алады.

– Олар мультфильм көргенді көбірек ұнатады / олар фильм көргенді көбірек ұнатады.

– Олар спортпен айналысқанды ұнатады/шығармашылық қызметпен айна- лысқанды ұнатады.

Талқылауға арналған сұрақтар

– Сыныптастарың туралы жаңа ақпарат білдіңдер ме?

–Қалай ойлайсыңдар, сендерде айырмашылықтар көбірек пе немесе ұқса- стықтар көбірек пе?

2. Негізгі бөлім

Ақпараттық материал

Біз әртүрлі болғанымызға қарамастан, бізді біріктіретін көптеген нәрселер бар. Бізді

не біріктіреді деп ойлайсыңдар? (Оқу, бәріміз 1-сыныпқа оқуға келдік, қазір 3- сыныптамыз).

Мұғалімге шағын зерттеу жүргізіп, сынып портретін жасау ұсынылады. Ол үшін барлық оқушылардың жасын зерттеп, қанша қоңыр*, сұр, көк, жасыл және басқа көз түстері, балаларда үй жануарлары және т.б. бар екенін санап,* жалпы санын шығару ұсынылады.

Әлемде бәрі бірдей болғанда, ол қызықсыз болар еді, ал бәрі әртүрлі болған- да, тым күрделі болар еді. Айырмашылықтар бізді байытады, ал ұқсастықтар бір- бірімізді түсінуге көмектеседі.

Ойын «Бұл біздің сынып!»

Нұсқау: Мұғалім фактілерді атайды: егер бұл факт бүкіл сыныптың балаларына сәйкес келсе, онда барлығы бір ауыздан: «Бұл біздің сынып!» дейді; егер фактілер екіұшты болса, балалар: «Біздің кейбіреулеріміз ғана» дейді.

– Ұлдары футбол ойнағанды ұнататын сынып?

– Мектептегі іс-шараларға белсене қатысатын сынып?

– Мектептегі бұрымды қыздар кімдер?

– Мультфильмдерді жақсы көретін кімдер?

– Мұнда кім маған қарап тұр?

– Мұндағы үшінші сынып оқушылары кімдер?

Оқуға ұсынылатын өлең: Ахмет

ата саябағы

Ештеңе елден аямады, Ахмет халқын аялады.
Атаның сол көңіліндей – Алматыда саябағы.
Мейрімді ол бар адамға – Дем алуды қалағанға.
Сонда барар күн ысыса
Қарттар, жастар, балалар да. (Серікбей Оспанов)

«Сиқырлы саябақ» ойыны

Нұсқау: әр бала бір А5 парағын алады. Мұғалім оқушыларға қандай ағаштар бар екенін есте сақтауды ұсынады. Қатысушылардың бірі ағаштың ерекше белгісін атайды, ал қалғандары қай ағаш туралы айтып жатқанын болжайды. Дұрыс жау- ап берген оқушы басқа ағаштың ерекше белгісін атайды. Мысалы, «Менің ойыма жапырағы алақанға ұқсайтын ағаш келді». (Үйеңкі.)

Ойынның келесі кезеңі: оқушылар ағаштың жапырағына айналғанын елестетіп, оның суретін салады.

(Жұмыс аяқталғаннан кейін мұғалім балаларды салған суреттерін орналасты- руға шақырады).

Мұғалім: «Қараңдаршы, біз қандай керемет саябақ жасадық. Онда әртүрлі ағаштар бар. Осындай саябақта серуендеуді қалайсыңдар ма? Мұны дәл қазір жасай аласыңдар. Сендер ағаштан ағашқа қарай жүре аласыңдар, әрқайсысына мұқият қарап, сыныптастарыңды болжауға тырысыңдар. Сендер тіпті кез келген ағаштың жанында отыра аласыңдар. Мұнда барлығына орын бар».

«Қызығушылықтар тізбегін бастаймыз» жаттығуы

Нұсқау:Ойынды бастау үшін жүргізуші таңдалады. Оның міндеті – партада бірге отыратын көршісімен ортақ қызығушылықты табу.

Қызығушылық байқала салысымен балалар қол ұстасып, жаттығудың соңына дейін қолдарын ашпайды. Әрі қарай, оның көршісі артындағы көршімен ортақ мүддені іздейді және қызығушылық табылған кезде қолдарын қосады. Осылайша, сыныптағы барлық балалар қол ұстасып, тізбек құрайды. Сонда оқушылар бүкіл сыныптың қалай біріккенін, қандай мүдделер арқылы біріккенін еске түсіріп, да- уыстап айтады.

3. Жобалық қызмет

«Сиқырлы саябақ» ойынының суреттерін сынып картасына пайдалануға болады, сондықтан балалар өз жұмыстарына аты-жөндерін жазғаны жөн, келесі сабаққа дейін картада ағаштың негізін жасап, салған жапырақтарды байланыстыру керек.

Мұғалім қатысушыларды келесі сабаққа дейін «Ең жақсы» жаттығуын орындауға шақырады.

Нұсқау: Үйге балаларды өздерінің жақындарымен бірге отбасының әрбір мүше- сінің мінез-құлық ерекшеліктерін еске түсіру және табу, барлық отбасы мүше- лерін бейнелейтін сурет салу және әрқайсысының жанына олардың ерекше қа- сиеттерін белгілеу ұсынылады.

4. Қорытындылау

«Мен қуаныштымын... Маған ұнайды...» жаттығуы

Нұсқау: Мұғалім балаларды сөз тіркестерін аяқтауға шақырады: «Мен басқалар сияқты ... екеніме қуаныштымын. Маған ... басқалардан ерекшеленетінім ұнайды».

«ӘРҚАЙСЫМЫЗ БІРЕГЕЙМІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 3 -СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

3-сабақ

Тақырыбы: Біз ортақ шаңырақ астындамыз

Ағаш тамырымен, адам досымен мықты. Қазақтың халық мақалы

Мақсат: өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, адамдардың бір-біріне ұқсамайты- нын қабылдауға ықпал ету.

Жоспарланған нәтижелер:

– әр оқушының өзінің ерекшелігі мен басқалардың ерекшелігі туралы түсінігі кеңейеді;

– оқушылар сыныптастарымен достық қарым-қатынаста болуға ұмтылады;

– оқушылардың қарым-қатынас үдерісіндегі іс-әрекеті сыныпта жағымды ат- мосфера құруға бағытталады.

- Сыныптастарыңды қонаққа немесе кинотеатрға, клубқа, жорыққа, серуендеуге шақыр.
- Сыныптастарыңның пікірін құрметтеуге, олармен ортақ тіл табуға үйрен.
- Құрдастарыңмен дауласқанда әрдайым жеңіске жетуге тырыспа, жеңіле біл және қателегіңді мойында.
- Бұзық болма, дандайсыма.
- Егер бұған себеп болмаса, басқалардан ерекшеленуге тырыспа.
- Өз жетістіктеріңмен де, электронды ойыншықтарыңмен де, ата-анаңмен де мақтанба.
- Қалаулы екеніңді көрсетпе.
- Өсекшіл болма.
- Мұғалімдерге де, сыныптастарыңа да жағымпазданба.
- Егер олар моральдық нормаларға қайшы келмесе, сынып шешімдеріне қарсы әрекет етпе.
- Физикалық күшіңізді көрсетпе.
- Өз әлсіздігіңізді көрсетпе.
- Созылмалы ауруларыңы немесе физикалық ақауларыңа байланысты басқалардың аяушылығын іздеме.
- Өз таланттарыңды сынып пен мектептің игілігі үшін сыныптастарыңда қызғаныш тудырмай, сенімен мақтанындай етіп пайдалан.
- Қызықты ұжымдық іс ұсын.

Психологтің кеңестерімен танысқаннан кейін мұғалім идеялар марафонына қатысуды және сыныптағы қарым - қатынасты нығайтуға көмектесетін ұжымдық істерді атауды ұсынады. Оқушылардың ұсыныстары тақтаға жазылады.

III. Жобалық қызмет

Жобаның 1- кезеңінің қорытындысын шығару

Мақсаты: эксперимент барысында алынған тәжірибені талдау. Сөз сөйлегісі келетін оқушылар жанжалды тоқтата алды ма, эксперименттің қаншалықты сәтті өткенін айтады. Мұғалім жанжалдың алдын алу жолдарымен бөлісуді ұсынады және жаңа ақпаратпен (слайд) толықтырылған қорытындыға назар аударады.

Жанжалдың пайда болуын болдырмау үшін жанжалсыз қарым-қатынас ереже- лерін білу қажет.

Конфликтогендерді қолданбаңыз – бұл жанжалға әкелуі мүмкін сөздер, әрекет- тер (немесе әрекетсіздік).

2) Конфликтогенге конфликтогенмен жауап бермеңіз.

3) Әңгімелесушіге эмпатия танытыңыз (эмоционалды қолайлылық).

4) Мүмкіндігінше мейірімді хабарламалар жасаңыз.

Конфликтоген деген жаңа сөзге назар аударылады. Бұл жанжалға әкелуі мүм- кін сөз, әрекет (немесе әрекетсіздік) деп түсіндіріледі. Қарым-қатынаста олардан аулақ болу маңызды.

«Тиімді қарым-қатынас дағдылары» жобасының 2-кезеңі бойынша тапсырма»

Мұғалім идеялар марафоны нәтижелерін оқушылармен қарастырып, бар- лығы үшін ең қызықты істі таңдайды, ол 1-тармақ болады. Әрі қарай мұғалімнің тапсырмасы түсіндіріледі.

Слайд

1) «Буллинг: миссия орындалады» акциясын өткізіңіз.
2) Булинг мәселесіне назар аударатын парақшаның мәтінін жасаңыз. Мектепте бұл құбылыстың жолын кесу қадамдарын ұсыныңыз.
3) 2-сыныптың қарамағындағылармен (ойындар, әңгімелер, квестер) үзілісте игі істер жәрмеңкесін ұйымдастырыңыз.
4) Жанжалсыз орта құру жолдары туралы мұғалімдерден, әртүрлі сынып оқушы- ларынан сұхбат алыңыз (сұхбат сұрақтарын әзірлеңіз).
5) Үлкен отбасы мүшелерінен жанжалдарды қалай шеше алғанын сұраңыз.
6) Пікірлерде өз сезімдеріңіз туралы айтыңыз. Пікірлерді жоба кейсіне салыңыз.

IV. Қорытындылау

Мұғалім тақтаға «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрақтар бар» смайликтерін орналастыруды ұсынады. Осының негізінде сабақтың тиімділігін бағалауға бола- ды. Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім барлығына буллингке қарсы тұруды тілейді және барлық сұрақтар мен тілектер жобаның кейсіне салынатынын айтады.

3 - сабақ

Тақырыбы: «Жасөспірімдер ортасындағы диджитал»

Мақсаты: интернет кеңістігінде жәбірлеуді қолдау және тарату үшін жауапкер- шілікті және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Жоспарланған нәтижелер:
интернеттегі қауіп-қатерлер туралы білім алушылардың түсініктері кеңейеді;
интернет-кеңістікте қауіпсіз мінез-құлық дағдылары дамиды;
интернет-жәбірлеуге қарсы тұруға дайындық қалыптасады.

Ресурстар: «Пайдалы», «Қызықты», «Сұрақтар бар» смайликтері; сынып бөл- месінің белгілі бір жерінде орналасқан және қолжетімді жоба кейсі (жәшік, сұрақтар мен ұсыныстар қорабы). Сабаққа жоғары сынып оқушылары-көмек- шілер шақырылады.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Әңгіме

Мақсаты: сабақ тақырыбына кіріспе.
Әңгіме сұрақтар бойынша өткізіледі.

- Цифрлық желіні қаншалықты жиі пайдаланасыз?
- Интернетте сізге не ұнайды?
- Ата - аналар сіздің сабақтарыңызды, интернеттегі уақытты қалай қабылдайды? Неліктен?

Әңгіме аяқталғаннан кейін жалпылау қажет.

Ақпараттық блок

Мақсаты: оқушылардың кибербуллингтің әлеуметтік құбылыс ретінде таралуы туралы түсініктерін кеңейту және оның айналасындағыларға қауіптілігін түсінуге жетелеу.
Оқушыларға түсіну үшін келесі ақпарат ұсынылады.
Компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуы және интернеттің кең тара- луы адамдарға өзін - өзі дамыту мен қарым-қатынас жасау үшін үлкен мүмкіндік- тер ашады.
Бүгінгі таңда желі қолданушыларының саны ондаған миллион адамды құрай- ды, олардың айтарлықтай бөлігі – балалар мен жасөспірімдер.
Алайда, интернет тек мүмкіндіктер қоймасы ғана емес, сонымен бірге қауіп - қатер көзі бола алады. Көптеген адамдар әртүрлі сайттарда немесе әлеуметтік желілерде құпия ақпаратты қалдырып, өз өміріне қауіп төндіретінін білмейді. Жасыратыны жоқ, көптеген қылмыскерлер өз құрбандарын интернет арқылы із- дейді.
Соңғы кезде кибербуллинг сияқты ұғым кең тарала бастады. Бұл нағыз психо- логиялық террор. Көбінесе виртуалды кеңістіктен мұндай жәбірлеу нақты өмірге ауысады.
Әлеуметтік желілерде құрдастарын жәбірлеу мектеп оқушылары мен студент- тер арасында сәнге айналды. Зерттеулер көрсеткендей: біздің еліміздегі әрбір төртінші бала интернетте қорланады және жәбірленеді.
Кибербуллинг (cyber-bullying) – жасөспірімдердің виртуалды терроры – өз атауын ағылшын тіліндегі bull – «бұқа» сөзінен алды, жақын мағыналары: «агрес- сивті түрде шабуыл жасау, ашулану, ренжіту, арандату, тиісу, қорқыту, жәбірлеу».

Жастар сленг тілінде – «бұқалану» етістігі пайда болды.
Буллингтің жойқын салдары туралы құрдастарының салған жарақаттары, өз - өзіне қол жұмсау әрекеттері және қайғылы өлім туралы хабарламалар айтады.
Оқушыларға сұрақ қойылады: Әр адам үшін кибербуллингтің қауіптілігі неде?
(Оқушылардың жауаптары)
Қорытынды: кибербуллинг көзге көрінбейді, ал оның келтірген зияны танылмайды. Бірақ бұл мәселе оның виртуалдылығына қарамастан өте шынайы.

II. Негізгі бөлім

Топтық жұмыс

Мақсаты: кибербуллингке қарсы тұру үшін шешімдер әзірлеуге ынталандыру.
Тапсырма. Американдық ғалымдардың кибербуллинг түрлерінің сипаттамасын оқыңыз. Өзіңізді қалай қорғауға болатыны туралы кеңестер беріңіз.

1-топ. Салғыласу немесе флейминг – екі немесе одан да көп адам арасындағы қысқа эмоционалды репликамен бөлісу, әдетте желінің қоғамдық орындарда, желіде орын алады. Кейде ол ұзаққа созылған жанжалға айналады.

Бір қарағанда, флейминг – теңдер арасындағы күрес, бірақ белгілі бір жағдай- ларда ол тең емес психологиялық террорға айналуы мүмкін. Күтпеген сөз жәбір- ленушіде күшті эмоционалды күйзеліс тудыруы мүмкін.
Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

2- топ. Шабуылдар, тұрақты қалжыратататын шабуылдар – жәбірленушіге бағытталған қайталанатын қорлайтын хабарламалар (мысалы, ұялы телефонға жіберілген жүздеген sms, тұрақты қоңыраулар), жеке байланыс арналарын шамадан тыс жүктеу. Олар сондай-ақ чаттар мен форумдарда, онлайн-ойындарда кездеседі.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

3- топ. Жала жабу – қорлайтын және жалған ақпарат тарату. Мәтіндік хабарламалар, фотосуреттер, қорлау сипатындағы әндер. Жәбірленушілер тек жеке жасөспірімдер ғана емес, кейде тізімдер жіберіледі «мектепте кімнің кім екені» туралы тізімдер жіберіледі, сыныптастары туралы әзілдер жинақталған арнайы «сынға арналған кітаптар» жасалады.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

4- топ. Өзін басқа біреу деп таныту, белгілі бір тұлғаға айналу – жәбірлеуші өзін құрбан етіп көрсетіп, оның әлеуметтік желілердегі, блогіндегі, поштасындағы, жедел хабар алмасу жүйесіндегі аккаунтына кіру паролін қолданады немесе ұқсас лақап атпен өз аккаунтын жасап, жәбірленушінің атынан кері байланыс жасайды. «Кері байланыс толқындарын» ұйымдастыру жәбірленушінің мекенжайынан оның келісімінсіз достарына арандатушылық хаттар жіберген кезде пайда болады.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

5- топ. Иеліктен шығару. Кез келген адамға топқа тиесілі болу деген ұмтылыс тән. Топтан шығару әлеуметтік өлім ретінде қабылданады. Адам өзара әрекеттесуден қаншалықты көп алынып тасталса, соғұрлым ол өзін нашар сезінеді және оның өзін-өзі бағалауы соғұрлым төмендейді.

Виртуалды ортада бұл жеке тұлғаның толық эмоционалды бұзылуына әкелуі мүмкін. Онлайн-иеліктен шығару парольмен қорғалатын, қалаусыз пошта тізімі немесе достар тізімі қалыптастырылатын кез келген ортада болады. Киберстра- кизм жедел хабарламаларға немесе электрондық пошталарға жауап болмаған кезде де көрінеді.
Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

6- топ. Хеппислепинг – «бақытты шапалақтау, қуанышты ұрып-соғу». Бұл атау жасөспірімдер өтіп бара жатқан адамдарды ұрып-соғып, ал басқалары оны ұялы телефон камерасына түсірген ағылшын метросындағы жағдайлардан туындаған. Қазір
бұл атау зорлық-зомбылықтың нақты көріністерінің жазбалары бар кез кел- ген бейнеге қатысты қолданылады. Бұл бейнелер интернетте орналастырылған, онда оларды жәбірленушінің келісімінсіз мыңдаған адам көре алады. Әзіл ретін- де басталатын хеппислепинг қайғылы аяқталуы мүмкін.
Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____
Топтарға кибербуллинг пен қорқытудың айырмашылығын атау ұсынылады.
Шығару тақтаға (слайдқа) жазылады.
Кибербуллингтің ерекшеліктері: анонимділік, бұрмалау мүмкіндігі, үлкен ауди- торияның болуы, жәбірленушіні кез келген жерде және кез келген уақытта ұстап алу мүмкіндігі.
Қорытынды. Кибербуллинг тәулік бойы жалғасуы мүмкін!

«Иеліктен шығару қабырғасы» жаттығуы
Мақсаты: интернеттегі жәбірлеуге қатысушыларды анықтау.
Қатысушылар 2 топқа бөлінеді, олар болжамды қабырғаның екі жағында тұрған- дай сыныптың әртүрлі жағында тұрады.

1-топқа сұрақ: Егер сіз құрбан болсаңыз, қабырғаның екінші жағында кім тұр? (Дұрыс жауап– жәбірлеушілер)

2- топқа сұрақ: Егер сіз жәбірлеуші болсаңыз, қабырғаның арғы жағында кім тұр? (Дұрыс жауап-жәбірленуші)

Барлығына сұрақ: Жәбірленуші мен жәбірлеуші ортасында неге қабырға тұр? (Дұрыс жауап – шығу жолын іздемеу, жағдайды жақсы жаққа өзгертуге тырыспау)
Бақылаушылар қай жағында? (Дұрыс жауап- жәбірлеушілер жағында) Қорытынды. Кибербуллингтің қатысушылары, буллингтегідей жәбірленуші,
жәбірлеуші және бақылаушылар. Жәбірлеуде бейтарап жақ жоқ, ол бәріне әсер етеді және бұзады.

Топтық жұмыс «Интернеттегі «тірі» қауіпсіздік жаднамасы»
Мақсаты: интернеттегі жәбірлеу жағдайында ойластырылған шешімдер қабыл- дауға шақыру.
Тапсырма. «Интернеттегі дөрекілік пен жәбірлеуден қалай қорғануға болады» жаднамасын жасаңыз. Оны сахналық көрініс түрінде елестетіп көріңіз.
Тапсырма екі кезеңде орындалады. 1-кезеңдегі тапсырманы орындау үшін сы- нып 7 топқа бөлінеді. Әр топқа 5 минут ішінде тиісті тармақта берілген ақпараттан қорытынды жасау керек.
1 кезең тапсырмасы. Психологтердің қауіпсіз мінез - құлық дағдыларын дамыту бойынша кеңестерін оқыңыз. Жалпылама қорытынды жазыңыз.

1- топ. Агрессивті хабарламаларға жауап бермес бұрын ересектермен кеңес. Хабарламалар жазып, жібермес бұрын, тынышталып, ашуды басу керек. (Қорытынды келесідей болуы мүмкін: өз негативіңді киберкеңістікке тастауға асықпа).

2- топ. Киберкеңістік анонимділіктің арқасында еркіндікті сезінуге қосымша мүмкіндіктер берсе де, белгілі бір лақап за артында кім тұрғанын білудің жолдары бар екенін есте ұстаған жөн. Егер виртуалды кеңістіктегі дұрыс емес әрекеттер нақты зиян келтірсе, құпияның бәрі айқын болады. Интернет қатысушылардың қоғамдық іс - әрекеттерінен тұратын тарихын тіркеп, әркімнің онлайн-беделін анықтайды – басқа қатысушылардың пікірі бойынша жинақталған тұлға бейнесі.

Беделге нұқсан келтіру оңай, түзету қиын. (Қорытынды келесідей болуы мүмкін: өзіңнің онлайн-беделіңді жаса, анонимділік елесіне алданба).

3- топ. Егер сені хабарлама, сурет, бейне және т. б. қатты ренжіткен болса, дереу ата-анаңан парақты сақтап немесе басып шығару керек пе деп сұра. (Қорытынды келесідей болуы мүмкін: шабуыл деректерін сақта).

4- топ. Бір реттік қорлайтын хабарламаларды елемеген дұрыс: осы мінез - құлыққа байланысты кибербуллинг бастапқы кезеңде жиі тоқтайды. Интер- нет-пікірталастардың тәжірибелі қатысушылары «Барабар еместермен күресу- дің ең жақсы жолы – елемеу деген ережені ұстанады.

(Қорытынды келесідей болуы мүмкін: бір реттік негативті елеме!)

5- топ. а) агрессорға қарсы тұру, оның әрекеттері теріс бағаланатынын түсіндіру. б) жәбірленушіні жеке немесе қоғамдық виртуалды кеңістікте қолдау, оған эмоционалды қолдау көрсету. в) киберкеңістіктегі дұрыс емес мінез - құлық дерегі туралы ересектерге хабарлау. (Қорытынды келесідей болуы мүмкін: егер сен кибербуллингтің куәгері болсаңыз, дұрысы ...).

6- топ. Жедел хабар алмасу бағдарламаларында белгілі бір мекенжайлардан хабарламаларды бұғаттау мүмкіндігі бар. Қарым-қатынастағы үзіліс көбінесе агрессордың жәбірлеуді жалғастыруға деген ұмтылысын жояды. (Қорытынды келесідей болуы мүмкін: агрессорларды бұғатта!)

7- топ. Егер сізге белгісіз жіберушінің хаттары жүйелі түрде қауіп төндірсе, бұл хабарламаларды көшіріп, құқық қорғау органдарына хабарласуыңыз керек. Егер қорлайтын ақпарат сайтта орналастырылса, оны жою үшін әкімшіге сұрау салу керек. (Қорытынды келесідей болуы мүмкін: агрессивті хабарламаларды елемеуге болмайды. Шаралар қабылдау керек!)

2 - кезең тапсырмасы. «Интернеттегі дөрекілік пен жәбірлеуден қалай қорға- нуға болады» атты «Тірі» жаднама жасаңыз.

Тапсырманы орындау үшін топ өкілдері кезек - кезек әр тармақта берілген ақпа- ратты тұжырыммен бірге оқиды. Мәселені шығармашылық шешу үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Мысалы, әр топтың өз қорытындысын хормен ай- туын қамтамасыз ету, дауыстың әр түрлі биіктігін қолдану және т.б. «Тірі» жадына- ма шығады.

Ақпараттық блок

Мақсаты: булинг пен кибербуллингтен қорғану мүмкіндіктерін көрсету. Оқушы- ларды олар үшін маңызды ақпаратпен таныстыру қажет.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдар қорғайды! Ол үшін «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары әзірленді (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы). Оларды зерттеу керек! Осы Қағидаларда тек жәбірлеушілердің ғана емес, барлық мүдделі тұлғалардың да өз әрекеттері үшін жауапкершілігі көзделген.

Егер саған шұғыл көмек қажет болса:

- ересектерге (ата-аналарға, мектеп психологіне, мұғалімге) хабарласу;
- сенім телефонын пайдалану (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің сайтында орналасқан) керек.
- Ешбір жағдайда көмек сұраудан тартынба!

III. Жобалық қызмет

Жобаның 2-кезеңінің қорытындысын шығару. Мұғалім, егер оқушылар оларды жоба кейсі арқылы бөліссе, пікірлерді оқи алады немесе өз ойларымен тілек білдірушілерге ауызша бөлісуді ұсына алады.

«Буллинг: миссия орындалады!»акциясының қорытындыларына ерекше на- зар аударылады. Талқылау барысында акция ұйымдастырушыларының алдында тұрған қиындықтарға және жоспарды табысты іске асыру жолдарын таңдауға на- зар аударылады. Акция барысында түсірілген суреттерді көрсету, оқушылардың қандай сезімде болғанын тыңдау жақсы болады.

Жобаның 3 кезеңі бойынша тапсырма

1. 2-сынып оқушыларымен «Бәрімізге достық керек!» сурет байқауын өткізіңіз.
2. Үзілісте мектеп оқушыларының алдында «Интернеттегі «тірі» қауіпсіздік жаднамасы» қойылымын ұйымдастырыңыз немесе мектеп теледидарында сөз сөйлеңіз.
3. «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» челленджін өткізіңіз.
4. Жоба бойынша қорытынды сабақ үшін позитивті қарым-қатынас туралы бейнероликтер - кеңестер әзірлеу.

IV. Қорытындылау

Мұғалім тақтаға «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрақтар бар» смайликтерін орналастыруды ұсынады. Осының негізінде сабақтың тиімділігін бағалауға бола- ды. Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім барлығына буллингке қарсы тұруды тілейді және барлық сұрақтар мен тілектер жобаның кейсіне салынатынын айтады.

4 - сабақ
Тақырыбы: «Позитивті қарым-қатынас күші»

Біз жағдайды өзгерту мүмкін емес жерде
өзімізді өзгертуіміз керек.
Виктор Франкл

Мақсаты: Жобаны орындау қорытындыларын шығару және одан әрі даму мақ- саттарын айқындау.

Жоспарланған нәтижелер:

- жанжалсыз қарым қатынас ортасын құру үшін жеке жауапкершілік туралы түсінік қалыптасады;
- позитивті тұлғааралық қарым - қатынас, басқа адамды жәбірлеуге қарсы әрекет ету дағдылары дамиды;
- өзін-өзі дамытуға мотивация пайда болады.

Ресурстар: жобаның 3-кезеңінде құрылған позитивті қарым-қатынас бойын- ша бейнероликтер-кеңестер, сапалар тізімі және толтыруға арналған қосымша жолдар бар парақтар, балалар калейдоскоптары (5-7 дана), ақ ватман парағы, оқушылар саны бойынша шаршы стикерлер, ватманның сызылған парағы, қай- шылар, тілектер үшін оқушылардың есімдері бар А5 форматындағы шағын па- рақтар оқушылардың жоба кейсі (жәшік, сұрақтар мен ұсыныстарға арналған қо- рап), сынып бөлмесінің белгілі бір жерінде орналастырылған және барлығына қолжетімді.
Сабаққа жоғары сынып оқушылары-көмекшілер шақырылады.

Сабақ барысы

I. Кіріспе
«Калейдоскоп» жаттығуы
Мақсаты: ұжымда оң қарым-қатынас орнатуға деген ынтаны нығайту.
Оқушыларға кезек-кезек калейдоскопты қарау ұсынылады (жоғары сынып оқушылары-көмекшілер бірнеше калейдоскоп таратады) және әр өрнектің таңқа- ларлық комбинациялармен ерекшеленетініне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, кез келген адам, ерекше үлгі сияқты, өзінің құндылығы, сұлулығы мен бірегейлігі бар екенін атап өту маңызды.
Тапсырма. Қағаз жапсырмасында мінезді, көңіл-күйді, ішкі «Менін» көрсететін үлгіні салыңыз. Бұл сюжеттік сурет болуы міндетті емес: түрлі бояулар, пішіндер және т. б. Суреттің ортасына өз атыңызды жазыңыз және сыныптың қағаз калей- доскопының бір үлгісін толықтыру үшін суретті ватман парағына жабыстырыңыз.
Жұмыс аяқталғаннан кейін мұғалім ұжымның әрбір мүшесі өрнектің бірегей- лігін жасайды деп қорытындылайды. Тіпті бір адамның суреті болмаса, өрнек басқаша болар еді.

II. Негізгі бөлім «Жоба және мен» жаттығуы
Мақсаты: өзіндік талдау мен рефлексияны ынталандыру.
Тапсырма. Сізде не жақсы болғанын, өзіңізде қандай қасиеттерді тәрбиелей алғаныңызды, жобаны орындау барысында қандай дағдыларды дамыта алға- ныңызды ойлаңыз. Осы қасиеттерді белгілеп, қажет болған жағдайда тізімді жетіспейтін қасиеттермен және дағдылармен толықтырыңыз.

Әр оқушы қасиеттер мен дағдылар атауларының тізімі бар парақ алады: ерік күші;
ақылдылық;
төзімділік, шыдамдылық, табандылық; назар және байқағыштық;
физикалық күш пен төзімділік;
мақсатқа талпынушылық;
басқаларды тыңдай білу; жақсы дос бола білу;
өз іс-әрекеттерін бақылау және талдау қабілеті;
адамдарға деген сезімталдық пен жауаптылық;
сыныптастарымен бірге жұмыс істей білу;
кімге көмек керек екенін көру, басқаларға көмектесу және көмекті қабылдау; өз тілектерін іс пен ұжымның мүдделеріне бағындыру мүмкіндігі; сыныптастарымен достық қарым-қатынас орнату мүмкіндігі;
достаса білу және жақсы дос болу мүмкіндігі; есту қабілеті.

Топтық жұмыс «Біз қол жеткіздік. Біз әлі де жасай аламыз!»

Мұғалім ватманның сызылған парағын көрсетеді.

Үлгі

Барлығына жақсы болатын сынып қандай?	Не жасалды?	Не жасалмады?	Тағы не істеуге болады?	Не кедергі жасауы мүмкін?	Кім, қалай көмектесе алады?

Сынып графиктер саны бойынша 6 топқа бөлінеді. Атауды айтқаннан кейін, ватман парағының графигі тігінен кесіліп, әр топ толтыру үшін өзінің таспа графигін алады. Топтарда осы бағыт бойынша ұсыныстар талқыланады және жазылады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін әр топ сөйлемдерді оқиды және толтырылған графиктерді магниттік тақтаға бекітеді. Нәтижесінде ватман парағы жолақтар түрін- де, бірақ толтырылған түрінде болады.

Әрі қарай сұрақ туындайды: егер сіз сыныптағы қарым-қатынасты нығайту үшін кестеде көрсетілген күш-жігерді жұмсамасаңыз не болуы мүмкін? (Оқушылар өз қалауы бойынша жауап береді.)

Қорытынды. Ұжымның барлық мүшелерінің сыныптастар арасындағы қа- рым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесінсіз жанжалдар, жәбірлеу, кибербуллинг, басқа адамның қадір-қасиетін қорлау пайда болады. Сыныптағы жақсы қарым - қатынас бір - бірімен сындарлы және қызықты қарым-қатынас жасау үшін қажет.

Сторителлинг

Мақсаты: шынайы достықтың жасампаз күшін түсінуге ынталандыру.

Мұғалім тарихтың мазмұнымен таныстырады, онымен танысу негізінде қорытынды тапсырма орындалады.

Г. Чэпмен, Р. Кэмпбелл

Бірде математика пәнінің мұғалімі оқушыларға осындай үй тапсырмасын берді: сынып тізімін жасап, өзіне сыныптастарының қандай қасиеттері ұнайтыны тура- лы ойлап, оның тегінің қасына жазу. Сабақтың соңында ол тізімдерді жинап алды. Бұл жұмада болды. Демалыс күндері ол нәтижелерді өңдеп, дүйсенбіде әр оқушыға сыныптастары байқаған барлық жақсы нәрселерді тізімдейтін парақтан берді.

Балалар жазылғандарды оқи бастады... «Мұның бәрі мен туралы ма? Мені сон- шалықты жақсы көретіндерін білмедім» деген сыбыстар естіліп жатты. Олар нәти- желерді сыныптағы талқыламады, бірақ мұғалім мақсатқа жеткенін білді: оның оқушылары өздеріне сенді...

Бірнеше жылдан кейін сол балалардың бірі қайтыс болды. Ол туған жерінде жерленді. Достары, бұрынғы сыныптастары, мұғалімдері онымен қоштасуға кел- ді.

Қоштасар кезде ол баланың әкесі математика пәнінің мұғаліміне келіп:

- Мен сізге бір нәрсе көрсеткім келеді. – Ол әмияннан төрт бүктелген парақты алды. Оның қайта-қайта оқылғаны байқалды. – Бұл ұлымның заттарынан табыл- ды. Ол оны үнемі өзінде сақтап жүретін. Танып тұрсыз ба?

Ол парақты мұғалімге берді. Бұл ұлының сыныптастары ол туралы жазған жағымды қасиеттердің тізімі еді.

– Сізге көп рахмет, – деді анасы. – Біздің ұлымыз оны қатты бағалады.

Содан кейін таңқаларлық жағдай болды: сыныптастары бірінен соң бірі сол па- рақтарды шығара бастады. Көбісі оларды әмияндарында сақтаған. Біреу тіпті от- басылық альбомға салып қойған. Олардың бірі:

– Біз бәріміз бұл парақтарды сақтап жүрміз. Мұндайды тастауға бола ма?

III. Қорытынды

Тапсырма. Сыныптасыңызға жақсы тілектер жазыңыз. Ондағы қандай қа- сиет ұнайтынын, одан не үйренуге болатынын ойлаңыз. Тілектерді «Сынып калейдоскопы» парағына орналастырыңыз.

Әр оқушыға сыныптасының аты-жөні жазылған парақ беріледі, оған оның жақ- сы қасиеттерін атап өтіп, жақсы тілектер жазыңыз.

Мұғалім барлық оқушылардың ескерілуін алдын-ала ойластыруы керек: кім жазды, тілектер кімге жолданды.

Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар парақшаларды бұрын стикерлерден жа- салған «Сынып калейдоскопы» ватман парағына бекітеді.

IV. Қорытындылау

Оқушылар жасаған позитивті қарым-қатынас бойынша кеңестер-бейнеролик- терін көрсету.

Көрсетілімнен кейін мұғалім оқушыларға «Жанжалды басқару өнері» жобасы- на қатысқаны үшін алғыс білдіреді және алған білімдері мен дағдыларын достық қарым - қатынас ортасын құруда пайдалану туралы ұсыныс айтады.

«ӨЗІМНІҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕНІҢ ЖЕКЕ ШЕКАРАЛАРЫ»
жобасы аясында 7-сыныпқа арналған сабақтар 1-сабақ

Тақырыбы: «Жеке шекаралар дегеніміз не, олар не үшін керек?»
Мақсаты: оқушыларды жеке шекаралар ұғымымен таныстыру, физикалық, эмоционалдық және психологиялық шекараларды ажырата білуге үйрету.
Міндеттері:

- жеке шекаралар ұғымын енгізу, шекаралардың негізгі түрлерімен таныстыру;
- өз шекараларын қорғау және басқаларды құрметтеу қабілетін дамыту;
- қауіпсіз және сенімді атмосферасының маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру.

Жабдықтау: жағдаяттардың мысалдары бар карталар, тақта немесе флипчарт, маркерлер.
Сабақтың ұзақтығы: 40-45 мин.

1. Тақырыпқа кіріспе

Талқылау элементтерімен әңгімелесу Мұғалім
оқушыларға сұрақтар қояды.

- Сендер жеке шекаралар деген сөзді естідіңдер ме?
- Бұл нені білдіруі мүмкін деп ойлайсыңдар?

Әңгіме аяқталғаннан кейін слайд көрсетіледі немесе тақтада анықтама жазы- лады.
Жеке шекаралар – бұл көрінбейтін «сызық», ол адамды басқалардан бөледі, олар үшін не қолайлы, не жоқ екенін көрсетеді: қарым-қатынаста, жанасуда, сөз- де және тіпті эмоцияда.
Қорытынды. Әр адамның жеке шекаралары бар және бұл жақсы. Оларды білу, сезіну және қорғау маңызды.

2. Жұпта жұмыс істеу. ««Біздің айналамыздағы шекаралар»

Оқушыларға жағдаяттардың мысалдары бар карталар таратылады (басып шығаруға немесе оқуға болады).
Біреу сенің заттарыңды рұқсатсыз алады.
Сыныптасың сенің иығыңнан ұстайды, бірақ сен одан ұны сұрамадың. Құрбың оған барлық құпияларыңды айтуды талап етеді.
Біреу әзілдей бастайды, ол саған ұнамайды Туысың
сенің хат-хабарларыңды рұқсатсыз оқиды.
Сен оны қаламасаң да, кездескен кезде сені құшақтайды немесе сүйеді.
Мұғалім бүкіл сынып алдында сенің сыртқы келбетің туралы жеке түсініктеме береді. Досың сенің фотосуреттеріңді немесе бейнелеріңді әлеуметтік желілер- де рұқсатсыз жариялайды.
Ата-анаңмен сөйлескенде саған өз пікіріңді білдіруге рұқсат етілмейді: сөзіңді бөледі немесе мазақ етеді.
Сенің қашықтықты сақтау туралы өтінішіңе қарамастан, сыныптасың саған тым жақын отырады.
Біреу сенің бағаларың, жеке өмірің немесе отбасың туралы табанды түрде сұрайды, бірақ сен ол туралы айтқың келмейді.
Сені белсенді әрекеттерге (билер, ойындар, конкурстар) қатысуға мәжбүрлей- ді.

Бір партада отыратын көршің сенің не жейтінді, сыртқы ткелбетіңді немесе қалай сөйлейтінің туралы дауыстап түсініктеме береді.
Сен бөлмеңде жалғыз болғың келген кезде, туысың бөлмеңе рұқсатсыз кіреді.
Сабақта жеке пікіріңімен бөліскің келмегенің үшін, сені ренжітеді немесе мазақ етеді.
Тапсырма. Мәселелер бойынша жағдайды жұппен талқылаңыз.

- Мұнда жеке шекара бұзылды ма?
- Қандай: физикалық, эмоционалды, психологиялық па?
- Сен не істей аласың?

Нәтижені таныстыру.
Қорытынды. Жеке шекаралардың әртүрлі түрлері бар: физикалық (дене, заттар, кеңістік), эмоционалды (сезімдер), психологиялық (пікірлер, жеке тақырыптар) және цифрлық. Олардың бұзылуы ыңғайсыздық пен мазасыздықты тудырады.

3. Шағын дәріс + визуализация

Мұғалім қысқаша түсіндіреді.
Әркімнің шекарасы әртүрлі: біреу құшақтауды жақсы көреді, Біреу жақтырмай- ды.
Адам кейде біреуді ренжітіп алудан қорқып «жоқ» деп айта алмайтын жағдай- лар бар. Шекараны бұзу: физикалық зорлық-зомбылық қана емес, қысым, манипуляциялар, сезімдерді елемеу.
Қорытынды. Жеке шекаралар әр адамға тән. Басқа адамның шекарасын құр- меттеу –оны жеке тұлға ретінде құрметтеу.

4. Рөлдік ойын «Мен өз шекараларым туралы айтамын» топтық жұмыс

Оқушылар 3-5 топқа бөлінеді және қысқа жағдаяттарды ойнайды, онда біреуі шекараны бұзады, ал екіншісі оларды дұрыс белгілеуді үйренеді:
Жағдаяттардың мысалдары
Бір сыныптас екіншісінің телефонын алады.
Біреу жалғыз қалғысы келгенде, екншісі онымен сөйлесуді талап етеді. Оқушы мұны әзіл деп санап, басқасын сөзбен ренжітеді.

5. Рефлексия

Сұрақтар бойынша өткізіледі.

- Өздеріңді қалай сезіндіңдер?
- Өз шекараларың туралы айту қиын болды ма?

Қорытынды. Сындарлы қарым-қатынас дағдылары шекараны жанжалсыз қорғауға көмектеседі. Ең бастысы – нық, сабырлы, сыйластықпен сөйлеу. Жеке шекараларды түсіну және қорғау – ішкі сенімділіктің, өзін және басқаларды құр- меттеудің бір бөлігі. Бұл достық, отбасы және жайлы қарым-қатынас үшін маңы- зды.

6. Жобалық қызмет

Оқушыларға жауап беру ұсынылады: алған білімдерін іс жүзінде қалай қолда- нуға болады?
Оқушылар ойларын айтады. Ұжымдық түрде қорытынды жасалады. Мысалы: алынған білімді сыныптастарымен жағымды қарым-қатынас орнату үшін қолда- нуға болады.
Мұғалім жобаның құрылымын көрсетеді (слайд).

Жоба 4 кезеңнен тұрады.

1 - кезең. Жеке шекаралар дегеніміз не және олар не үшін қажет?
2 - кезең. Жоқ деп қалай дұрыс айтуға болады?
3 - кезең. Цифрлық әлемдегі шекаралар
4 - кезең. Басқа адамдардың шекараларын құрметтеу

Зерттеу әдістері: эксперименттер, ұжымдық істер, шефтік көмек, ынтымақтастық.
Мұғалім 1-кезеңдегі ұжымдық істерді атауды ұсынады және кеңестер береді. Мысалы: істер бір сынып оқушылары арасындағы достықты нығайтуға, үшінші сынып оқушыларына көмек көрсетуге, эксперименттер жүргізуге бағытталуы ке- рек, бұл жаңалық ашуға мүмкіндік береді.
Оқушылар ұсыныстарымен бөліседі.
Талқылаудан кейін тақтада мұғалімнің тапсырмаларын ескере отырып жазба жасалады. Мысалы: жобаның 1-кезеңіне арналған тапсырма.

1. Өзіңе «Мен өз шекарамды қалай қорғаймын» деген хат жаз.
2. Менің шекараларымның картасын сызып, онда не істеуге болатынын, не болмайтынын белгіле.
3. «Жеке шекаралар» ойынын ойлап тауып, оны үшінші сынып оқушыларымен бірге өткіз.

Мұғалім талқылау үшін жобаның түпкілікті өнімін – «Шекараны құрмет- те – адамды құрметте» әлеуметтік бейнеролигін ұсынады және оқушылардың мақұлдауымен рөлдерді бөледі.
Сценраий жазушылар (шекаралар бұзылған мысалдар келтіре отырып, оған қалай дұрыс жауап беруге болатыны туралы қысқа сценарий жасайды).
Актерлер, режиссерлер, монтажерлер.
Роликті қай жерде: жалпы мектеп жиынында, ата-аналар жиналысында не- месе мектептің әлеуметтік желілерінде көрсетуге болатындығы туралы мәселе шешіледі.

2- сабақ

Тақырыбы: «Жоқ деп қалай дұрыс айтуға болады?

Өзіңді өзің сыйламасаң, Өзгеден сый күтпе.

Мақсаты: білім алушыларда қысым мен манипуляция жағдайларында сенімді, сыпайы бас тарту дағдысын дамыту; өз шекаралары мен басқалардың шекарала- рын құрметтеуге үйрету.

Міндеттері:

- өзіне деген сенімділікті қалыптастыру;
- коммуникативті құзыреттілікті үйрету;
- өз және басқа адамдардың шекараларын құрметтеуге тәрбие- леу.

Жабдықтау: күнделікті жағдаяттары бар карточкалар, рөлдік жұптарға ар- налған орындықтар, флипчарт немесе тақта, маркерлер (сыпайы бас тарту сөз тіркестерін жазу үшін), парақшалар мен қаламдар (жобалау қызметі бойынша тапсырмалар үшін).

Сабақтың ұзақтығы: 40-45 мин

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Талқылауға арналған сұрақтар

- Сізге «жоқ» деп айту оңай ма?
- Бұл әсіресе қай кезде қиын болды: достармен, ересектермен, құр- дастармен бе?
- Неге біз «жоқ» деп айтқымыз келсе де, кейде «иә» дейміз?

Мұғалім тақтаға оқушылардың негізгі сөз тіркестерін жазады: «бас тарту ыңғай- сыз», «ренжітіп алудан қорқамын», «ұнағым келеді», «ақ қарға болғым келмейді» және т. б.

Тақырыпқа көшу.

Педагог: Бүгін біз шекараны қорғау, бірақ қарым-қатынасты бұзбау үшін «жоқ» деп айту туралы сөйлесеміз.

2. Шағын әңгіме + талқылауға арналған тақырыптық мысалдармен жұ- мыс

Сыпайы бас тарту мен дөрекіліктің айырмашылығы неде?

Неліктен бас тарту қабілеті маңызды әлеуметтік дағды болып табылады? Тақтаға / флипчартқа сыпайы бас тарту тіркестерін жазу.

«Кешір, бұл мен үшін ыңғайсыз».

«Мен сені түсінемін, бірақ көмектесе алмаймын».

«Бұл маған сәйкес келмейді. Сен түсінесің деп үміттенемін».

«Мен үшін мұны жасамау маңызды».

«Мен бұнымен өзімді жайлы сезінбеймін».

Мұғалім оқушылармен осы сөз тіркестерін қандай жағдайларда қолдануға бо- латындығын талқылайды. Сенімді бас тарту жанжалға тең емес екенін атап көр- сетеді.

3. «Жоқ» деп айтамын» рөлдік ойыны

Нұсқаулық. Сыныпты жұптарға бөліңіз. Әр жұпқа жағдаяты бар карточка беріңіз. Бір қатысушы сұрайды, екіншісі бас тартады.

Карточкалардағы жағдаяттардың мысалдары

1. «Үй жұмысын көшіріп алайыншы».
2. «Сабаққа бармайық».
3. «Қарызға ақша бар».
4. «Әлеуметтік желідегі құпиясөзіңді бер».
5. «Мен үшін жоба жаса».
6. «Қалай төбелесетінің туралы бейне түсір. Бұл қызық!»
7. «Мұғалімге мен болмасам да, болды деп айтшы».
8. «Анама кеше кешке сенімен сабақ оқыды деп айтшы, әйтпесе ол мені кеш батқанға дейін далада жүргенім үшін ұрысады».

Бірінші әрекеттен кейін мұғалім рөлдерді ауыстыруды ұсынады. Мәселелер бойынша талқылау

- Қалай болды?
- Не қиын болды?
- Қандай жағдайлардан бас тарту оңай, ал қайсысында қиын?
- Қандай сөз тіркестері жақсы жұмыс істеді?

Рефлексия

Қорытындылау

«Жоқ» деп айта білу дөрекілік емес, өзін-өзі құрметтеу.

Бас тарту сыпайы, нық және шынайы болуы керек. Егер бізге бірдеңе ұнамаса немесе ыңғайсыз болса, біз келісуге міндетті емеспіз.

Бекіту үшін сөйлем (тақтаға жазуға болады)

«Басқаларға деген шынайы құрмет өзін-өзі құрметтеуден басталады».

5. Жобалық қызмет

Педагог тілек білдірушілерге жоба бойынша тапсырмаларды орындаудан алған әсерлерімен бөлісуді, «Мен өз шекарамды қалай қорғаймын» хатын оқуды немесе үшінші сынып оқушыларымен ойын өткізу туралы айтуды ұсынады.

Әрі қарай, жауапты адамға «Шекараны құрметте – адамды құрметте» бейне-ролигінің сценарий жоспарын оқып, нені өзгертуге немесе қосуға болатынын талқылауды ұсынуға болады. Жоба бойынша келесі тапсырмаларды дайын бей-нероликпен байланыстырған жөн. Мысалы:

«Жоқ» деп айту қиын болған жағдайды есіңе түсір.

Енді қалай әрекет ете алатыныңды жаз: сен қандай сыпайы бас тарту фразасын таңдар едің?

Өзіңнің «әмбебап» сыпайы бас тарту сөз тіркесін ойлап тауып, жазып ал. Үшінші сынып оқушыларымен жеке шекаралар туралы сөйлес.

Жеке шекаралар туралы бейнеде не айтарың туралы ойлан. Бейнеге арналған ең жақсы кеңестер үшін конкурс өткіз.

Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім кеңес береді.

Педагог: кез келген сыпайы бас тарту әрекеттерін, тіпті егер олар сенімсіз бо- лып көрінсе де, қолдауды ұмытпа: мақсат тамаша жауап емес, жаттығу.

Егер оқушылардың біреуі жеке жағдайымен бөліссе, оны сыпайы қабылдап, мазаққа жол берме.

Әрқашан сыныптастарың мен кішілерің үшін сыпайылықтың үлгісі бол.

3- сабақ

Тақырыбы: «Цифрлық кеңістіктегі жеке шекаралар»

Шекаралар — тіпті цифрлық кеңістікте де, бұл әлемге кім екеніңді айту тәсілі және өзің үшін маңызды нәрселерді қорғау жолы

Мақсаты:

Оқушылардың цифрлық шекаралар туралы түсінігін қалыптастыру және интернеттегі қауіпсіз әрі сыйластыққа негізделген мінез-құлыққа үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- Цифрлық шекара ұғымын түсінеді және интернеттегі жеке қауіпсіздіктің маңызын ұғынады.
- Цифрлық жағдаяттарды талдай алады, қорытынды жасап, негізделген шешім қабылдайды.
- Онлайн ортада өзгелердің жеке шекараларына құрметпен қарауды қалыптастырады.
- Жоба барысында ынтымақтастық пен жауапкершілік дағдыларын дамытады.

Ресурстар:

- Цифрлық жағдаяттардың суреттері/мысалдары (баспа түрінде немесе слайд-презентация);
- Қағаз, фломастер, жапсырма — безендіруге арналған құралдар;
- «Цифрлық қауіпсіздік — менің таңдауым» атты шағын жобаға арналған нұсқаулықтар;
- Интерактивті тақта немесе экран (мүмкіндікке қарай).

Сабақ барысы

I. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Педагог: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Бүгін біз көзге көрінбейтін, бірақ барлығымызға таныс нәрсе — шекаралар ту- ралы сөйлесеміз.

Бұл — қоршау немесе құпиясөз емес. Бұл — біздің өзімізді қауіпсіз әрі сенімді сезінуімізге көмектесетін ішкі ережелеріміз.

Бүгін біз бұл шекаралар туралы цифрлық *әлем тұрғысынан әңгімелесеміз: чаттар, ойындар, әлеуметтік желілерде. Қай кезде қалжың шектен шығып ке- теді? Итернеттегі достық зеріктіргенде не істеу керек? «Жоқ» деп айту не үшін маңызды, және оны қалай дұрыс айтуға болады?*

- *Біз* жеке шекара *бұзылғанын қалай тануға болатынын;*
- *Өзіңді қалай қорғау керектігін;*
- *Басқалардың шекараларын бұзбауды үйренеміз.*

«Кейс: Аяжан өзінің сандық шекарасын қалай қорғады?»

Аяжан туралы оқиға:

7-сыныпта оқитын Аяжан мектеп чатына тіркелген және әлеуметтік желілерде бірнеше парақшасы болған. Бір күні кешке сыныптасы Бекзат оған Instagram- дағы оқиғасынан (сторисінен) бәрі күлетін бір күлкілі видеосын жіберуін сұрай- ды. Аяжан ойланбастан скрин жасап, Бекзатқа жібереді. Бірақ бірнеше сағат

өткен соң ол бұл видеоны бүкіл сыныптың чатына таратып, талқылап жатқанын байқайды.
Аяжан өзін жайсыз сезінді: ол бұл видеоны көпшілік көрсе деп ойламаған. Информатика сабағында ол қолын көтеріп, бұл туралы ашық айтты. Бірақ күткендей қолдаудың орнына: «Өзің кінәлісің, өзің жарияладың» деген жауап естіді.
Аяжан өзінің цифрлық шекарасы әрі моральдық, әрі әлеуметтік жағынан бұзылғанын сезді.
Шығармашылық тапсырма: Аяжанның оқиғасын жалғастыр.

Тапсырма:
Оқиғаның жалғасын ойластырып жазыңыз:
Аяжан былай істеуі мүмкін еді...

- Өз шекарасын қалай қайта қалпына келтіреді?
- Достар мен ересектерден қалай қолдау табады?
- Мұндай жағдай қайталанбауы үшін не істеу керек?

Талқылау сұрақтары:

· Қандай әрекеттер ең тиімді деп ойлайсыздар?
· Аяжанға қалай көмектесер едіңіздер?
· Цифрлық шекараңызды сақтау үшін қандай ережелер маңызды?

Аяжан оқиғасының ықтимал жалғасы:
Сабақтан кейін Аяжан мектептегі психолог пен информатика пәні мұғаліміне жүгінді. Олар бірге отырып, цифрлық әлемде шекараға деген құрмет тек біре- удің рұқсатынсыз ақпаратты таратпау ғана емес, достарыңның өтініштеріне қа- лай жауап беретініңде де көрініс табатынын талқылады. Мұғалім Аяжанға әлеу- меттік желідегі жарияланымдарын тек жақын достары ғана көре алатындай етіп құпиялық баптауларын өзгертуге көмектесті. Ал психолог оған сабырлы түрде өз құқығын қорғауды, «жоқ» деп айтуға және өзінің контентін кім көретінін бақыла- удың маңызын түсіндіруді үйретті.
Бір аптадан соң Аяжан сынып сағатында «Мен өз цифрлық шекарамды қа- лай қорғадым» атты шағын презентация жасап шықты. Ол құпиялықты баптау жолдары, сыйластықпен қарым-қатынас ережелері және «бөліскім келмей- ді» дегенді айтуға қорықпау керектігі туралы айтып берді. Сыныптастары оның шынайылығына алғыс білдіріп, бірге отырып интернеттегі қауіпсіздік пен жайлылықты сақтау үшін жаднама құрастыруға шешім қабылдады.

II. Негізгі бөлім

1. Ақпараттық бөлім. «Сөйлемді аяқта» жаттығуы

Оқушыларға сөйлемдерді өз ойымен аяқтауды ұсыныңыз, кейін бірге талқылаңыз. Талқылаудан кейін дайын жауаптармен бөлісіңіз.
Аяқталмаған сөйлемдер:

1. Жеке ақпаратты (мысалы, сурет, мекенжай, құпиясөздер) тек...
2. Біреудің суретін немесе хат-хабарын интернетке салмас бұрын...
3. Егер біреу менің желідегі шекарамды бұзса, мен...
4. Интернетте өзімді қауіпсіз сезіну үшін...
5. Құрылғылар мен әлеуметтік желілерден шаршағанда, мен...

Талқылаудан кейінгі дайын жауаптар:
1 .....сенетін адамдарға ғана беруге болады және ашық жарияламау керек.
2 .....міндетті түрде сол адамнан рұқсат сұрау керек.

3 .....шағым түсіре аламын, бұғаттап, ересек адамға айтуым керек.

4 .....жеке парақша параметрлерін баптау, күмәнді адамдармен сөйлеспеу, шекараларды есте сақтау маңызды.

5 .....үзіліс жасап, достармен бетпе-бет араласуға, басқа пайдалы істермен айналысуға тырысамын.

2. Топтық жұмыс

Форматы Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топқа жеке бір кейс беріледі. Барлық топ бірдей 4 сұрақ бойынша жұмыс істейді. Соңында әр топ өз шешімін қысқа таныстырады (ауызша, көрініс түрінде, постер немесе жаднама түрінде). Тапсырма: Әр топ: Өз кейсін оқиды. 4 ортақ сұраққа жауап береді Қорытындысын шағын презентация ретінде дайындайды (мысалы: диалог, қойылым, постер, жаднама). Таныстыру уақыты: Әр топқа 3 минут беріледі.	Ортақ сұрақтар: 1. Бұл жағдайда бала қандай қате жасады? 2. Мұндай жағдайға тап болсаң, кімнен көмек сұрауға болады? 3. Бұл оқиғадан кейін достарыңа қандай кеңес берер едің? 4. Бұл жағдайдың қауіпті екенін қалай түсінуге болады?
Кейстер (әр топқа біреуден):	
1-кейс: Ересек адамнан келген күмәнді хабарламалар	Қыз балаға онлайн-ойында бір ересек адам жаза бастайды: алдымен оның ойынын мақтайды, кейін оны әдемі деп атайды, суретін сұрайды және «тек екеуміз ғана сөйлесейік» дейді.

2-кейс: Онлайн -ойында ақша аудару	Айбар жаңа онлайн-ойында бір бейтаныс адаммен танысады. Ол Айбарға сирек кездесетін «скин» (ойын ішіндегі киім немесе қабілет) сатып алуды ұсынады және оны жеңіл жолмен алуға көмектесемін дейді. Ол үшін Айбардан ақша аударуды сұрайды. Айбар ойланбастан ата- анасының картасынан ақша аударып жібереді. Алайда ақша аударылғаннан кейін әлгі адам із-түссіз жоғалады, ал уәде етілген «скин» келмейді.
3-кейс: Келісімсіз сурет жариялау	Айжан Жаннұрдың рұқсатынсыз оның сәл ыңғайсыз фотосын әлеуметтік желіге жүктейді. Сурет астына: «Міне, мен таңертең айнадан кімді көрем» деп жазып қояды. Бұл жазбаға басқа достары күліп, пікір қалдырады. Жаннұрға бұл өте жағымсыз әсер етті, ол өзін мазақ қылғандай сезінді, бірақ Айжанға ашық айта алмады.

1. Мини-ойын: RED FLAG / GREEN FLAG (5 минут)

Өткізу тәртібі:

1. Мұғалім жағдаятты оқиды.
2. Оқушылар жауап ретінде қолдарын көтереді немесе қызыл/жасыл белгі көрсетеді:
   - Red Flag — егер жағдай қауіпті, шекара немесе заң бұзылған деп санаса;
   - Green Flag — егер жағдай қауіпсіз және рұқсат етілген деп есептесе.
3. Әр жауаптан кейін қысқаша түсіндірме беріледі: не бұзылды және ҚР заңдарына сәйкес қандай жауапкершілік бар.

Талқылауға арналған жағдаяттар:

1. Сен сыныптасыңның фотосын оның рұқсатынсыз жарияладың.

Жауап: Red Flag

Түсіндірме: Жеке өмірді бұзу. ҚР ҚК 147-бабы. Айыппұл немесе қамауға алу.

2. Біреу ойында сенен ақша сұрап, қайтарып берем деп уәде етеді.

Жауап: Red Flag

Түсіндірме: Интернет-алаяқтық. ҚР ҚК 190-бабы. 2000 АЕК-ке дейін айыппұл немесе бас бостандығынан айыру.

3. Сен сыныптасыңның фотосына: «Керемет фото» деп пікір қалдырдың.

Жауап: Green Flag

Түсіндірме: Егер пікір құрметпен жазылса және жеке шекараны бұзбаса — рұқ- сат етіледі.

4. Топтық чатта бір оқушы басқаға: «Сен ақымақсың, не үшін өмір сүріп жүрсің?» деп жазады.

Жауап: Red Flag

Түсіндірме: Қорлау және кибербуллинг. ҚР ӘҚБтК 73-3-бабы. Айыппұл немесе әкімшілік қамауға алу.

5. Ересек адам саған әлеуметтік желіде жазып, фотосурет сұрайды және «Тек ешкімге айтпа» дейді.

Жауап: Red Flag

Түсіндірме: Қауіпті жағдай. Міндетті түрде үлкендерге айту керек. Бұл әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

4. Рефлексия

«3 сөз» әдісі

Мұғалім оқушылардан сұрайды:

— Бүгінгі сабақты үш сөзбен сипатта. Мысалы:

«қауіпсіздік, интернет, шекара».

2. Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Бүгін не маңызды нәрсе білдің?
2. Ойындағы қандай жағдай есіңде қалды және неге?
3. Енді интернетте нені басқаша жасайтын боласың?

3. Цифрлық шекаралар туралы ұсынымдар Балалар, бүгінгі сабағымыздан кейін мен сіздерге өз тарапымнан мынадай кеңестер бергім келеді.

Сіздер бұл тізімді толықтырып, оны өзіңіздің кіші бауырларыңызға, қарындастарыңызға немесе достарыңызға айтып бере аласыздар. Өйткені интернеттегі қарым-қатынас та – шынайы өмірдің бір бөлігі. Мұнда да өзін және өзгені құрметтей білу маңызды.

1. Бөгде адамның фотосын, видеосын немесе хат алмасуын рұқсатсыз жариялама.

Бұл адамның жеке шекарасын және заңды бұзуы мүмкін.

2. Бейтаныс адамдармен сөйлеспе, әсіресе олар жеке ақпарат не фото сұраса.

Мұндай жағдайды бірден үлкендерге айту керек.

3. Егер интернетте біреу ренжітсе немесе қорқытса – үндемей қалма. Скриншот жасап, ата-анаңа, мұғалімге немесе сенімді ересек адамға көрсет.
4. Ойындар не мессенджер арқылы ешқашан ақша немесе банк картасының деректерін жіберме. Бұл – алаяқтық болуы мүмкін.
5. Барлығына жауап беру міндетті емес. Егер саған жайсыз болса — «жоқ» де немесе сөйлесуді тоқтат. Өзіңді қорғау – қалыпты нәрсе.
6. Бір нәрсені жариялар алдында ойлан: бұл біреуге зиян тигізуі мүмкін бе?

Интернетте де сыйластық ережесі бар.

7. Егер ішкі түйсігің «алаңда», «ұят», «қорқыныш» деп белгі берсе – бұл жағдай қауіпті болуы мүмкін деген сөз. Көмек сұрауға әрдайым болады және қажет.

III. Жобалық жұмыс

Балалар,біздің жобамыздың бірінші сабағынан бастап сіздер белсенді жұмыс істеп келесіздер.

Біз бұған дейін: «Жеке шекара деген не және ол не үшін қажет? (1-кезең)

— «Қиын жағдайда «жоқ» деп айтуды қалай үйренуге болады? (2-кезең)

деген сұрақтарды талқыладық. Енді жобамыздың үшінші кезеңіне — «Цифрлық әлемдегі шекаралар» тақырыбына көшеміз.

Жобаның соңында біз бірлесіп әлеуметтік ролик дайындаймыз. Бұл роликте біз өмірде және интернетте шекарамызды қалай қорғауға және басқалардың шекарасына құрметпен қарауға болатыны туралы айтамыз.

Сұрақтар:
Қалай ойлайсыздар, осы үшінші кезеңде бізді қандай әрекеттер күтіп тұр? Цифрлық кеңістіктегі шекараларды түсіну үшін біз не істей аламыз? (Оқушылардың жауаптарын тыңдау үшін кідіріс.)
Мүмкін болатын жауаптар:
Интернеттегі шекара бұзылған шынайы жағдайларды талдау;
Роликке арналған көріністер ойлап табу: қысым, ренжіту, жеке ақпарат сұрау кезіндегі әрекеттер;
Интернеттегі қауіпсіздікке арналған кеңестер немесе жаднамалар жасау;
Басқа сынып оқушыларынан шағын сауалнама жүргізу: олар онлайнда өздерін қалай қорғайды?
Осы идеялар арқылы біз ролигіміздің маңызды бөлігін жасай аламыз.
Жұмысымызды бірге әрі пайдалы түрде жалғастырамыз!

Мұғалімнің ұсынымдары:

3- кезең . Цифрлық әлемдегі шекаралар

1. Шынайы жағдайларды зерттеңіздер. Ойланыңыздар: интернетте адамның жеке шекарасы қашан бұзылады? Мысалы: кибербуллинг, бейтаныстан келген мазасыз хабарламалар, ойындарда немесе әлеуметтік желілерде қысым көрсету, өзге адамның суретін рұқсатсыз жариялау
2. Өз ролигіңіз үшін 1–2 жағдай таңдаңыз. Олар жасөспірімдерге түсінікті және өмірге жақын болуы керек.
3. Дұрыс әрекетті көрсетіңіз. Тек айту емес, нақты көрсетіңіз: чатта «жоқ» деу, біреуден фотоны өшіруді сыпайы сұрау, көмекке кімге және қалай жүгіну

4 Форматы — өз еркіңізде.
Қойылым, сұхбат, кадр сыртындағы мәтін, инфографика. Бастысы – ойыңызды анық жеткізу.

5. Команда болып жұмыс істеңіздер.

Рөлдерді бөлісіңіздер: сценарий жазатындар, актерлер, монтаж жасаушылар, жүргізушілер.
Есіңізде болсын: сіздердің мақсатыңыз — жай ролик емес, басқаларға цифрлық шекараны түсінуге көмектесу.

4- сабақ

Тақырыбы: «Өзгелердің жеке шекараларын құрметтеу»

Бір адамның еркіндігі — екінші адамның еркіндігі басталатын жерде тоқтайды. Джон Стюарт Милль

Мақсаты: Жобалық жұмысты қорытындылау, оқушылардың өзге адамдардың жеке шекараларын түсініп, күнделікті өмірде оларды құрметтеу дағдыларын бекіту.

Күтілетін нәтижелер:

- Өзгелердің жеке шекараларын құрметтеудің мәнін түсінеді.
- Жеке шекаралардың бұзылғанын тани алады және дұрыс әрекет ету жолдарын біледі.
- Құрдастарымен және жақындарымен қарым-қатынаста сыпайы әрі құрметпен әрекет етуге дайын.

Ресурстар: Тақырыпқа арналған презентация, топтық жұмысқа арналған жағдаяттық карточкалар, рефлексия парақтары, бейнеролик сценарийіне ар- налған шаблон, флипчарт немесе тақта, стикерлер мен маркерлер.

I. Кіріспе бөлімі

Мұғалімнің кіріспе сөзі

Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше – біз «Өз шекарам және өз- генің шекарасы» атты жобамызды қорытындылаймыз.

Осы сабақтар барысында біз үлкен маңызды жолдан өттік: жеке шекара деген не екенін түсіндік, «жоқ» деп сыпайы әрі нық айтуға үйрендік, цифрлық кеңістікте өзімізді қалай ұстау керектігін білдік.

Бүгін біз жобамызды «Өзгенің шекарасына құрметпен қарау» тақырыбымен аяқтаймыз.

Ойланайық: өз шекарамызды қорғап қана қоймай, айналамыздағы адамдардың шекарасын байқай білу, оны құрметтеу қаншалықты маңызды? Бұл – біздің жобамыздағы соңғы әрі маңызды қадам. Ол бізді бір-бірімізге мейірімді, ұқыпты және сенімді болуға жетелейді.

Бүгінгі сабақта біз: үйренгенімізді еске түсіреміз, өз ойымызбен бөлісеміз және жобамыздың соңғы нәтижесіне — әлеуметтік бейнероликке дайындықты бастай- мыз.

1. Жаттығу: «Бір қадам алға — бір қадам артқа»

Нұсқаулық: Барлығыңыз сыныптың бір жағына қатар тұрыңыздар. Мен әртүр- лі жағдайларды оқимын. Егер бұл әрекет өзгелердің шекараларын құрметтейді деп ойласаңыз, бір қадам алға жасаңыз. Егер шекара бұзылған деп есептесеңіз, бір қадам артқа жасаңыз. 5–6 жағдаяттан кейін шеңберге жиналып, қайда және неге сол жерде тұрғандарыңызды талқылаймыз.

Жағдаяттардың мысалдары:

- Сен басқа біреудің затын рұқсатсыз қозғамайсың;
- Досыңның хабарламаларын оның рұқсатынсыз оқисың;
- Досың «жоқ» деген кезде оны қолдайсың;

• Сен біреуге жеке сұрақ қойдың, бірақ ол дайын ба білмейсің;
• Біреуге ыңғайсыздық тудырғаныңды біліп, кешірім сұрадың;
• Біреу қарсы болғанына қарамастан, өз айтқаныңда тұрасың.

Талқылау (шеңберде):
– Қандай әрекеттер адамдарды жақындастырады?
– Ал қандай әрекеттер сенімге зиян келтіреді?
– Сен үшін өзгеге құрмет көрсету деген не?

II. Негізгі бөлім

«Егер мен ол адамның орнында болсам...» жаттығуы

Өту барысы: Оқушыларға жеке-жеке шекара бұзылған түрлі жағдайлар жа- зылған карточкалар таратылады. Әр оқушы жағдаймен жеке танысып, жазбаша түрде мына сұрақтарға жауап береді:

Сұрақтар:

1. Егер сен осы адамның орнында болсаң, өзіңді қалай сезінер едің?
2. Сен басқа адамдардан қандай әрекет күтетін едің?
3. Өзің бұл жағдайды басқаша қалай шешер едің?

Ойлануға арналған жағдаяттар:

1. Сенің сыныптасың сенің рұқсатыңсыз телефоныңнан жеке хабарламаларыңды дауыстап оқып берді.
2. Сен үзілісте құшақтасуды ұнатпайтыныңды айттың, бірақ сені бәрібір құшақтай береді.
3. Сен бірлескен суретті әлеуметтік желіге салмауды өтіндің, бірақ ол бәрібір жарияланды.
4. Сен маңызды нәрсе айтып жатқанда, сыныптастарың күле бастады.
5. Оқушылар сенің рұқсатыңсыз үстеліңдегі заттарыңды алып жатыр.
6. Сен жеке тақырыпта сөйлескің келмейтіндігіңді айттың, бірақ олар сұрақ қоя берді.
7. Сабақта қолыңды көтерсең де, сөзіңді бөліп, тыңдамай қояды.
8. Біреу сенің сырт келбетіңді бүкіл сыныпта дауыстап талқылап жатыр.

«Тыңда және сөзін бөлме» жаттығуы (бірінші жаттығудың жалғасы)

Педагог: Енді сіздер жеке өз ойларыңызды жазып, өзіңізді басқа адамның ор- нына қойып көргеннен кейін, біз екінші бөлімге — жұптық жұмысқа көшеміз.

Міндеті: ойлармен бөлісу және басқа адамды үнсіз, бөлмей, бағаламай тыңдауды үйрену.

Жұмыстың барысы: Жұптарға бөлініңіздер. Бірінші қатысушы өз карточкасы бойынша ойымен бөліседі: Бұл жағдайда өзін қалай сезінер еді? Нені өзгерт- кенді қалар еді? Басқаша не істер еді? Екінші тыңдайды, үнсіз, сөзін бөлмей, пікір айтпай. Кейін рөлдермен ауысады. Соңында жұп ішінде қысқа талқылау: Серіктесіңнің сөзінен нені маңызды деп қабылдадың? Соңына дейін тыңдалу қандай әсер қалдырды?

Шеңбер ішіндегі талқылау

Мұғалім оқушылармен шеңберге жиналып, келесі сұрақтарды талқылайды:

- Басқа адамдардың шекаралары туралы қандай жаңа нәрсе түсіндің?
- Келесі жолы қандай әрекетіңді өзгертесің деп ойлайсың?
- Неліктен тек өз шекараларың туралы айту ғана емес, өзгелерді де тыңдау маңызды?

1. Топтық жұмыс

I -топ	II -топ	III- топ
Сен біреудің шекарасын бұзып жатқаныңды білдіретін белгілер.....	Шекараны бұзғаныңды түсінген кезде не істеу керек.....	Басқалардың шекарасын дер кезінде байқай білуді қалай үйренуге болады.....
Мүмкін жауаптар Шын		
Адам алыстайды, көзге тура қарамайды «Қаламадым», «ынғайсыз», «тоқтатшы» дейді Қимылсыз қалады, қобалжиды немесе кетіп қалады Қысқа-қысқа жауап береді немесе мүлде үндемейді Наразылық немесе ашулану белгілерін көрсетеді	жүректен кешірім сұрау «Сені ренжіткім келме- ген еді» деп айту Өтінішті құрметтеу — шегіну, қайталамау «Мұны қалай түзете ала- мын?» деп сұрау Қорытынды шығару және қателікті қайтала- мау	– Реакцияға назар ауда- ру: қимыл-қозғалыс, ми- мика, интонация – «Қаламаймын», «ке- регі жоқ», «тоқта» деген сөздерді тыңдау – Бірдеңе жасамастан бұрын рұқсат сұрау – Өзіңді басқа адамның орнына қою: «Маған ұнай ма еді?» – Құрмет көрсетуді бала кезден үйрену — от- басында, мектепте, он- лайн ортада

III. Рефлексия
Форматы: ауызша немесе жазбаша (оқушының қалауына қарай), шеңбер құрып немесе жеке карточкалар арқылы жүргізуге болады.
Сұрақтар:

1. Басқа адамдардың шекаралары туралы қандай жаңа түсінік алдың?
2. Қандай жағдайларда өзің басқалардың шекарасына мұқият қарауың керек екенін байқадың?
3. Осы сабақтан кейін өзіңе қандай қорытынды жасайсың?

Қосымша:
– Осы сабақтан есіңде қалған бір қимыл немесе сөз?
– Үйде немесе бауырларыңа, достарыңа басқаға құрмет көрсету туралы не айтып берер едің?

IV. Жобалық жұмыс. Қорытындылау

Ортақ талқылау
Талқылауға арналған сұрақтар:

- Жеке және цифрлық шекаралар туралы қандай жаңа ақпарат білдіңдер?
- Бұл білімді өмірде: мектепте, үйде, интернетте қалай қолдандыңдар?
- Не қиын болды? Ал не пайдалы және маңызды болды?
- Басқа адамның шекарасын сыйлау неге маңызды?

2. Нәтижелерді көрсету

Егер жоба әлеуметтік ролик немесе басқа өнім түрінде жасалса:

– Видеоны көру / мини-презентация;
– Сынып тарапынан пікірлер мен сұрақтар;
– Мұғалім әр оқушының үлесін ерекше атап өтеді.

«Өз шекарам мен өзгенің шекарасы» жобасы бойынша кері байланыс

Атыңыз (қалауыңыз бойынша): _____

1. Осы жобада мен үшін не пайдалы болды?

.....
.....

2. Не қиын немесе түсініксіз болды?

.....
.....

3. Маған ең ұнағаны не болды?

.....
.....

Жалпы қорытынды

– Сендер төрт маңызды кезеңнен өттіңдер: шекараны түсіну, «жоқ» деп айту дағдысы, цифрлық қауіпсіздік, өзгенің шекарасына құрметпен қарау. Бұл – жай ғана жоба емес, бұл өмірде өзіңді сенімді, қауіпсіз әрі өзге адамдарға құрмет- пен қарауға көмектесетін маңызды дағдылар. Бұл тәжірибені өз орталарыңда жалғастыруға болады: достарыңа, бауырларыңа, отбасыңа айтып беріңдер: ше- караны сақтау бәріміз үшін маңызды.

«ҰЖЫМНЫҢ КҮШІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 8 -СЫНЫПҚА
АРНАЛҒАН САБАҚТАР

1-сабақ

Тақырыбы: «Көру, сезіну, есту»

Көпшілік пікірінде әрқашан шындық бола бермейді, бірақ ұжымдық пікірде даналық
болуы мүмкін. Джон Стюарт Милль

Мақсаты: Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, басқалардың көзқарасын тыңдау және құрметтеу, сондай-ақ ортақ пікірге келу дағдысын дамыту.

Жоспарланған нәтижелер:

- Сыныптағы және қоғамдағы ұжымдық пікірдің мәні мен рөлін түсіну.
- Тыңдау дағдыларын дамыту, басқа адамдардың пікірін құрметтеу.
- Өз көзқарасын дәлелдей білу және талқылауларға қатысу.
- Орынды сынды қабылдап, өз пікірлерін бейімдей білу.
- Ұжымдық пікір негізінде ортақ шешім қабылдау дағдыларын және ынтымақтастық дағдыларын дамыту.
- Өз пікірін айтуда өзіне сенімділігінің артуы және өзін-өзі бағалауы.

Ресурстар: кейс жобасы: сыныпта белгілі бір жерде орналасқан және барлығы- на қолжетімді сұрақтар мен ұсыныстарға арналған, қорап (қорапша).

Сабақ барысы:

I. Кіріспе

Сәлемдесу

Оқушыларға түрлі ұлт өкілдеріндей бір-бірімен амандасуды ұсынады.

- қолын жүрегіне қою (Үндістан);
- қолды кеудеге бүгіп, иілу (Жапония);
- өз қолын алу (Қытай);
- алысырақ тұрып, бір-бірімен әлсіз қол алысу (Ұлыбритания);
- жақын тұрып, бір-бірінің қолын қатты қысу (Германия);
- қатты құшақтасу (славяндық әдет-ғұрып);
- сол қолымен құлағын, оң қолымен бас киімін ұстап, тілін көрсету (Тибет);

Мұғалім: соңында, барлық әлем адамдары сияқты, бір-бірімізге жылы жүзбен қарап, қол бұлғап, сәлемдесейік.

Мұғалімге арналған ұсынымдар

1. Мәдени ерекшеліктерді талқылау: неліктен әртүрлі мәдениеттерде сәлемдесудің әртүрлі тәсілдері қолданылады. Бұл қызықты диалогтар мен әртүрлі мәдениеттің құпиясын түсінуге әкеледі.
2. Сәлемдесу тәсілдерін көрсеткеннен кейін, оқушылардан әртүрлі мәдениеттер туралы не білгендері және бұл олардың бір-бірін жақсы түсінуіне және құрметтеуіне қалай көмектесетіні туралы өз ойларымен бөлісуін сұраңыз.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Ұжымдық пікір – бұл топтың немесе ұжымның барлық мүшелерінің пікірлері мен сенімдерінің жиынтығы. Ұжымдық пікір қатысушылар арасындағы идеялар- ды, пікірлер мен ақпаратты бөлісу және талқылау арқылы қалыптасады. Басқа адамдардың пікірін тыңдай білу, тіпті өзіміздің пікіріміздің өзгеше болса да, оларды құрметтей білу маңызды. Ұжымдық пікір неғұрлым объективті және то- лық болуы мүмкін, өйткені ол әртүрлі адамдардың көзқарастары мен тәжірибе- лерін ескереді.

Белсенді тыңдау дағдыларына басқа адамдарды мұқият және мақсатты түр- де тыңдау және түсіну қабілеті жатады. Бұған әңгімелесушінің сөйлеуіне назар аударуы, негізгі ақпаратты анықтауы, нақтылау сұрақтарын қоюы, эмпатия көр- сетуі және әңгімеге қызығушылық танытуы кіреді. Белсенді тыңдау дағдылары қарым-қатынасты жақсартуға, нығайтуға және басқа адамдармен де қарым- қатынас тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Ассертивтілік – бұл жеке өмірде және қызметте жақсы көмектесетін «икемді дағдылардың» тұтас кешені. Кең мағынада, бұл басқалардың пікіріне қарамастан, өзіне сену және басқа адамдармен үйлесімді болу мүмкіндігі. Ассертивті стиль диалогта өзін тиімді көрсетуге, басқа адамдардың көзқарасы мен сенімдерін құрметтей отырып, өз көзқарасын қорғауға бағытталған. Ассертивті мінез-құлық, сондай-ақ адамның өзін-өзі бағалауын жоғары деңгейге көтеруге ықпал етеді және басқалардың оған деген құрметін арттыра түседі.

III. Практикалық бөлім

Белсенді тыңдау дағдыларына арналған «Жұптық тыңдау» жаттығуы

Нақтылау әдісі - бұл айтылғандардың кез келгенін нақтылау немесе түсіндіру туралы өтініш. Мұндай жағдайда нақтылау сұхбаттасушының сезімдері мен ойла- рын түсінуге мүмкіндік береді.

Мұғалім сыныпты жұптарға бөледі. Бір оқушы өзінің қызығушылықтары, хоббиі немесе соңғы оқыған кітабы туралы айтады. Ал екіншісі белсенді түрде тыңдап, нақтылау сұрақтарын қоюы керек. Содан кейін балалар рөлдерін өзгертеді.

Қорытынды: *Белсенді тыңдау және қарым-қатынас дағдыларын дамыту уақыт пен тәжірибені қажет ететінін есте ұстаған жөн. Сондықтан мұндай әре- кеттер мен жаттығуларды үнемі жүргізу қарым-қатынаста сенімді және тиімді болуға көмектеседі.*

Егер жаттығу барысында кейбір оқушылардың белсенді тыңдау дағдылары дамымағаны анықталса, оқушылардан, мектептен тыс жағдайда қарым-қатынас пен белсенді тыңдау дағдыларын дамытуға қолдау көрсету үшін, ата-аналарымен сөйлесулерін сұраңыз.

Мұғалімге оқушылармен үнемі *кері байланыс* орнатқан жөн, осылайша олар өздерінің жетістіктерін бағалай алады және олар үшін әлі не істеу керегін біледі. Белсенді тыңдау дағдыларының жеткіліксіз дамуы сыныптағы өзара әрекеттесу- ге кедергі келтіруі мүмкін.

Мұғалімге арналған ұсынымдар:

1. Тақырыптардың әртүрлілігі: оқушыларға талқыланатын тақырыптарды таңдауға көбірек еркіндік беріңіз. Мысалы, оларға өздері барған ең таңғажайып жер немесе басынан өткен қызықты оқиға туралы сөйлесуді ұсы- ныңыз. Бұл талқылау аймағын кеңейтуге және жаттығуды қызықты етуге мүмкін- дік береді.
2. Нәтижелерді бірлесіп талқылау: жаттығудан кейін оқушылардың бір-бірі туралы не білгені, қандай сұрақтар ең қызықты болғаны туралы пікірталас өткізіңіз. Бұл оқушыларға белсенді тыңдау мен нақтылау сұрақтарының маңыздылығын түсінуге көмектеседі.
3. Оқушыларға белсенді тыңдауға қалай қол жеткізгені және қандай әдістерді қолданғаны туралы қысқа рефлексиялық жазбалар жазуды ұсыныңыз. Тәжірибе алмасу және дағдыларды жетілдіру үшін мұны сыныпта талқылаңыз.

2. Топтық жұмыс. Талқылау «Ұжымдық пікір дегеніміз не және оны қалай түсінесіз?»

Мұғалім сыныпты топтарға бөледі. Әр топқа «Ұжымдық пікір дегеніміз не және оны қалай түсінесіз?» деген сұраққа жауап беруді және оны талқылауды ұсына- ды. Топтар өз ойларын жазады және талқылайды. Әр топ өз жауаптарын бүкіл сы- ныпқа айтады. Содан соң сынып ол жауаптарды талқылайды. Оқушылар өз пікір- лерімен және идеяларымен бөліседі.

Талқылау үшін келесі сұрақтарды қолдануға болады:

- Ұжымдық пікірдің қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?
- Ұжымдық пікір жеке пікірден қалай ерекшеленуі мүмкін?
- Ұжымда өз пікіріңізді білдірудің қандай жолдары бар?
- Ұжымдық пікірдің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

Мұғалімге арналған ұсынымдар:

1. Топтық талқылау кезінде оқушыларды басқа топтармен пікір алмасуға шақырыңыз. Мысалы, әр топқа басқа топқа сұрақ қоюға немесе олардың жауабы бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге болады.
2. Оқушыларға талқылау және идеялармен бөлісу үшін топтар арасында қозғалуға мүмкіндік беріңіз. Бұл оқушыларға өз тобының пікірін ғана емес, көптеген пікірлер мен идеяларды көруге көмектеседі.
3. Әр оқушыдан топтарда талқылау басталғанға дейін тақырып туралы өз ойларын жазып алуын сұраңыз. Топтық талқылаудан кейін оларға өз идеяларын қосуға немесе өзгертуге мүмкіндік беріңіз.
4. Жалпы қорытындыларды синтездеу және талқылау: топтарда пікір алмасқаннан кейін әртүрлі көзқарастарды ескеретін жалпы қорытындыларды әзірлеу үшін талқылау жүргізіңіз. Бұл бүкіл сынып деңгейінде диалог пен пікір алмасуды ынталандыруға көмектеседі.

2. «Ассертивті стиль» интерактивті жаттығуы

Топ «сөйлеуші» рөлін ойнайтын бір өкілді таңдайды, ал қалғандары «тыңдаушы» рөлін атқарады.

«Сөйлеуші» белгілі бір тақырып бойынша өз пікірін немесе өтінішін айтады, мы- салы: «Мен сабақ кестесін өзгерткім келеді» дейді де, өз дәлелдерін келтіреді.

«Тыңдаушылар» сөйлеушіні мұқият тыңдайды, нақтылау сұрақтарын қояды. «Сөйлеуші» өз пікірін білдіргеннен кейін, тыңдаушылар ұсынылған идеяға қатысты өз ойларын: «қолдайтынын» немесе «қарсы» екендіктерін дәлелдер келтіре отырып айтады және осы тақырып бойынша өз пікірлерін тұжырымдайды.

«Сөйлеуші» тыңдаушылардың пікірін тыңдайды. Осыдан кейін, барлық ай- тылған пікірлер мен дәлелдерді ескере отырып, сөйлеуші мен тыңдаушыларға консенсусқа *(талқылау тәртібімен қол жеткізілген жалпы келісім)* немесе ымы- раға *(ортақ шешімге)* келуді сұрауы керек.

Қорытынды. Оқушылар өз ойлары мен сезімдерін білдіруге сенімді бола бастайды, және өз көзқарастарын қорғай алады. Оларда тиімді қарым-қа- тынас дағдылары қалыптаса бастайды, басқа адамдардың көзқарастарын құрметтейді және тыңдайды. Болашақта басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектесетін құнды тәжірибе мен дағдыларға ие болады.

Мұғалімге арналған ұсынымдар. Оқушылардың тренингтен алған әсер- лерімен және өз ойларымен бөлісуі үшін талқылау мен талдау жүргізіледі.

1. Барлық қатысушыларға сөйлеуге және тыңдауға мүмкіндік беріңіз. Бұл жаттығуды интерактивті етеді және әр оқушыға өз ойлары мен дәлелдерін айтуға мүмкіндік береді.
2. Әр қатысушы өз пікірін білдіргеннен кейін, тақырыпты жалпы топта талқылауды ұсыныңыз. Бұл көптеген көзқарастар мен дәлелдерді көруге көмектеседі.
3. Әрбір қатысушы алдыңғы қатысушылардың айтқанына бірдеңе қоса алатын немесе келісімін немесе келіспейтінін білдіретін шеңбер бойынша пікір алмасуды ұйымдастырыңыз.
4. Талқылау аяқталғаннан кейін оқушыларды әртүрлі көзқарастар мен дәлелдерді ескере отырып, ортақ келісімге келуге немесе ымыраға келуді ұсыныңыз.

IV. Жобалық қызмет. Идеяларды жинау, ұйымдастыру және жоспарлау: «Менторинг» (Тәлімгерлік)

Сегізінші сынып оқушылары төртінші сынып оқушыларына қолдау көрсететін, олармен жобаларды жүзеге асыратын және оқу жылы ішінде оларға үлгі болатын менторинг жүйесін енгізуді ұсыныңыз. Жоғары және бастауыш сынып оқушыла- ры арасында менторинг және қолдау мәдениетін қалыптастыру мектепте жағым- ды қарым-қатынас пен қоғамдастық сезімін қалыптастыру үшін өте пайдалы бо- луы мүмкін.

Оқушыларға төртінші сынып оқушыларымен бірлесіп жобаларды жүзеге асы- ратын топтарға бөліну ұсынылады.

Әр топқа кез келген әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған жоба тақырыбын таңдауды ұсыныңыз.

Жоба нұсқалары: қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, экологиялық жоба- ларға, жануарларға арналған баспаналарға және т. б. көмек көрсету

Мұғалімге арналған ұсынымдар

1. Оқушыларды осы жобадан не күтетінін және оған не қосуға дайын екенін талқылауды ұсыныңыз. Бұл оларға не ұсына алатынын және не алғысы келетінін нақты анықтауға көмектеседі.
2. Оқушылар өз тәжірибелерімен бөлісе алатын, жобаны жақсарту бойынша ұсыныстарын айта алатын және ненің пайдалы, ал ненің пайдалы болмағанын талқылай алатын кері байланыс тетігін қамтамасыз ету маңызды.
3. Процесті қадағалайтын және қажет болған жағдайда қолдау көрсететін жа- уапты жоғары сынып оқушылары-менторларды тағайындаңыз.

4. Егер оқушылар дайын болмаса, қатысуға мәжбүрлемеу маңызды. Ерікті қатысу атмосферасын құру күйзеліс пен ыңғайсыздықты болдырмауға көмектеседі.

V. Үй тапсырмасы (сабақтан кейін):

Мұғалім топтарға таңдалған тақырыптар бойынша жоба жоспарын әзірлеуді және жобаларда бірлесіп жұмыс істеу үшін төртінші сынып оқушыларымен іс-ша- раларды қалай өткізетінін талқылауды ұсынады.

VI. Қорытындылау

Рефлексия. Оқушылар өз ойларымен және сабақтан алған әсерлерімен бөліседі. Рефлексия үшін келесі сұрақтарды қолдануға болады:

- Сабақта айтылған идеялар мен көзқарастардың қайсысы есіңізде қалды?
- Сабақ барысында сіз қандай қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын қолдандыңыз?
- Өз ойыңызды айтқанда, екінші адамды тыңдаған кезде өзіңізді қалай сезіндіңіз?
- Ұжымдық пікірді қолданудың қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар деп ойлайсыз?

Фронтальды рефлексияны ұйымдастыру: мұғалім рефлексия процесін неғұр- лым формальды ете алатын және оған жеке көзқарасты төмендететін пікірталас сұрақтарын қояды.

Мұғалімге арналған ұсыным: оқушыларды сабақ туралы ойларын, эмоция- лары мен әсерлерін жетекші сұрақтарсыз өз бетінше жазуға шақырыңыз. Бұл оларға өз ойлары мен сезімдерін еркін білдіруге көмектеседі.

Сондай-ақ, оқушылар өздері қатысқан талқылауға қосқан үлесін, белсенділік деңгейін және басқа қатысушылармен өзара әрекеттесуін бағалай алады.

1-ден 5-ке дейінгі шкаланы қолданыңыз, мұндағы 1 - қатысу деңгейі өте төмен, ал 5 - қатысу деңгейі өте жоғары.

Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім барлық оқушыларға ынтымақтастық тілей- ді және барлық сұрақтар мен тілектерді жобаның кейсіне салуға болатындығын еске салады.

Сонымен қатар, оқушыларға сабақтан кейін өз ойларымен бөлісудің әртүрлі тәсілдерін ұсыныңыз: жеке әңгімелер, анонимді жазбалар немесе электронды формалар арқылы біз кері байланыс жасаймыз. Бұл оқушыларға өз ойларын білдіруге көбірек мүмкіндік береді.

2- сабақ

Тақырыбы: «Басқаларды түсіну қабілеті»

Біз бәріміз басқаларды сүюді және оларды түсінуді үйренгендей адам болдық.
Борис Леонидович Пастернак

Мақсаты: оқушыларды эмпатия ұғымымен таныстыру, оның маңыздылығын түсіндіру, басқа адамның сезімдерін түсіну және бөлісу қабілетін дамытудың практикалық стратегияларын ұсыну.

Жоспарланған нәтижелер:
Сабақтың соңында оқушылар:

- эмпатияның не екенін біледі;
- оның тұлғааралық қатынастардағы рөлін түсінеді;
- әр түрлі жағдайларда жанашырлық көрсете біледі;
- мектеп қоғамдастығында қолайлы және инклюзивті ортаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларға қатысу әдістерін қамтитын төртінші сынып оқушыларына бару жоспарын бірлесіп әзірлейді.

Ресурстар: сынып бөлмесінің белгілі бір жеріне орналастырылған және бар- лығына қолжетімді жоба кейсі (жәшік, сұрақтар мен ұсыныстарға арналған қо- рап), доп немесе бөлмеде қозғалтуға болатын кез келген нәрсе, кішкентай қағаз парақтары, жазу құралдары (қаламдар, маркерлер), ттақта немесе флипчарт, маркерлер, бейнеклипке арналған аудиовизуалды жабдық, оқушылар санына байланысты А4 форматындағы парақтар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

1. «Мұзжарғыш» ойыны

Бұл ойынды позитивті және ашық атмосферасын құру, тәжірибе үшін негіз қалыптастыру, бірге өмір сүру және белсенді тыңдау әдетін қалыптастыру, сондай
- ақ сынып ұжымын біріктіру үшін пайдалануға болады. Оны сабақтың басында немесе соңында қолдануға болады.

Ойын түрі:

Тұлғааралық қызмет

Нұсқаулық: Оқушылардан ішкі шеңбер құрап тұруын немесе отыруын сұраңыз. Оқушыларға келесі ережелерді түсіндіріңіз: бір оқушы ньюсболды (допты неме- се шеңберге лақтыруға болатын кез келген басқа затты) алады. Доп сіздің қо- лыңызда болған кезде, топпен бөліскіңіз келетін жаңалықтар туралы ойланыңыз. Ол сізді қуантқан, ренжіткен, ашуыңызды тудырған кез келген жаңалық болуы мүмкін.

Жаңалықтарыңызбен бөліспес бұрын, басқалардың сіздің жаңалықтарыңызды қалай қабылдағанын немесе оларға қалай ден қойғанын қалайтыныңыз туралы ойланыңыз. Мысалы, сіз өз жаңалықтарыңызбен бөліскеннен кейін топтың қол шапалақтауын, сізге бес балл қоюын немесе бас бармағын жоғары көтеруін қалауыңыз мүмкін.

Сіз өз жаңалықтарыңызбен бөліскеннен кейін және топ оған ден қойғаннан кейін, допты жаңалықтармен бөліспеген басқа топ мүшесіне беріңіз.

Мұғалімге арналған ұсыныстар

1. Реакциялардың орнына оқушылардан жаңалықтарға ден қоюдың өзіндік тәсілдерін ойлап табуды сұраңыз. Бұл өз қолдауын немесе түсінігін жақсырақ жеткізуге көмектесетін жеке нәрсе болуы мүмкін.
2. Оқушыларға тақырыпты таңдау еркіндігін беріңіз. Оларға қосымша критерийлерді ұсына аласыз. Айтқысы келетін нәрсені таңдауға мүмкіндік беріңіз.
3. Көбірек қатысуын қамтамасыз ету үшін, жаңалықтармен бөліскендерге қайта қатысуға мүмкіндік бермес бұрын, барлығына қатысуға рұқсат етіңіз.
4. Оқушыларға сыйластық пен позитивті қарым-қатынас аясында ойын ауыстыруға мүмкіндік беріңіз. Бұл оларға атмосфера мен ойын процесі үшін жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

II. Негізгі бөлігі

Эмпатияны түсіну

Эмпатияға анықтама беріңіз (анықтама тақтадағы оқушылардың көз алдында болуы керек және сабақтың соңына дейін қалуы керек. Бормен жазыңыз немесе интерактивті тақтаға шығарыңыз):

Эмпатия – бұл басқа адамның сезімдерін түсіну және бөлісу қабілеті. Ол өзін басқа адамның орнына қоюды, оның эмоцияларын тануды және жауап беру мен түсінуді қамтиды. Эмпатия жанашырлықтан асып түседі, өйткені ол басқа адам- ның эмоцияларын мойындауды ғана емес, оларды белгілі бір дәрежеде сезінуді де талап етеді. Бұл маңыналы байланыстар, тиімді және қолайлы қарым-қатына- стар құру үшін негіз болып табылады.

Бейнеклипті қарау: https://www.tiktok.com/@minprosvet/video/7060565569824705794

2. Талқылау

Оқушыларды эмпатияның жеке және әлеуметтік контексіндегі маңыздылығын талқылауға тартыңыз. Оларға басқа адамдардың көзқарастарын түсіну қарым-қатынасты қалай жақсартуға және қоғамдастық сезімін дамытуға болатындығы туралы өз ойларымен бөлісуді ұсыныңыз.

Мұғалімге арналған ұсынымдар.

Құрылымдалған сұрақтар қойыңыз:

«Неліктен эмпатия жақсы қарым-қатынас үшін маңызды деп ойлайсыз?» не- месе «Эмпатияның арқасында қандай жағдайларды жақсартуға болады?» Бұл оқушыларға тақырыпқа назар аударуға көмектеседі.

2. : оқушыларды эмпатия шешуші рөл атқарған нақты жағдайларды талқы- лауға итермелейтін сұрақтар қойыңыз және олардан өз оқиғаларымен бөлісуді сұраңыз.
3. Талқылауды бастау немесе тақырыпқа назар аудару үшін қысқа бейнелерді, өмір оқиғаларын, дәйексөздерді немесе кітаптарды пайдаланыңыз.
4. Талқылау аяқталғаннан кейін оқушыларға эссе жазу немесе күнделікті өмірде эмпатияны қалай қолданғаны туралы қысқаша жазба жазу сияқты рефлексиялық тапсырмаларды ұсыныңыз.

«Менің орнымда болып көр» жаттығу

Мақсаты: Бұл әрекет оқушыларға эмпатияны дамытуға көмектеседі, оларды құрдастарының тәжірибесін түсінуге және байланыстыруға шақырады.

Қажетті материалдар:
Кішкентай қағаз парақтары
Жазу құралдары (қаламдар, маркерлер) Қозғалыс
үшін бос орын
Дайындық:
Парақтарды дайындаңыз, олардың әрқайсысында сегізінші сынып оқушысы сезінуі мүмкін жағдаятты немесе эмоцияны қысқаша сипаттаңыз. Мысалы: «Мен тест тапсыра алмадым», «Мен іс-шарада өзімді жалғыз сезінемін» немесе «Досым- мен болған жанжалды талдап отырмын» және т. б. Бұл суреттер, басып шығарған эмодзи болуы мүмкін.

Тапсырмаға түсініктеме

Әр оқушы жағдаятты немесе эмоцияны сипаттайтын қағазды кездейсоқ түрде таңдайтынын түсіндіріңіз. Содан кейін олар бұл жағдайда не сезінетінін ойлауға бірнеше минут уақыт алады.
Сценарийлері бар парақтарды әр оқушыға кездейсоқ ретпен таратыңыз. Олар- дың сценарийлері туралы басқаларға айтпауын сұраңыз.

Топтық талқылау
Топтық талқылау үшін оқушыларды жинаңыз. Еріктілерден сценарийлері ту- ралы айтуды және олар сезінген эмоцияларды талқылауды сұраңыз. Біреудің көзқарасы мен эмпатияның құндылығын түсінудегі қиындықтар туралы әңгіме жүргізіңіз.

Мұғалімге арналған ұсынымдар

1. Талқылау кезінде белсенді тыңдаудың маңыздылығын атап өтіңіз. Әң- гімелесу кезінде серіктесті қалай тыңдауға және қолдауға болатынын көр- сету арқылы оқушыларға қолдау көрсетіңіз.
2. Егер талқылау жағымсыз эмоцияларға бағытталса немесе біреу өзін жайсыз сезінсе, араласыңыз. Сенім мен қолдау ортасын құру қажет.
3. Талқылаудан кейін қорытындылап, негізгі ойды бөлектеңіз және эм- патияның күнделікті өмірде эмпатияның маңыздылығын атап өтіңіз.

III. Жобалық қызмет
Топтарға төртінші сынып оқушыларымен бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарларын ұсынуды сұрау.
Мұғалім жобалардың бірінің мысалында жобаның егжей-тегжейлі жоспарын нақтылауға көмектеседі. Мысалы, оқушылар «Қарттарға көмек» жобасының тақы- рыбын таңдады.
Жоба келесі тармақтарды қамтиды.

Жобаның мақсаты

Мұғалім SMART: Specific (нақты), Measurable (өлшенетін, сандық деректерге ие), Attainable (қол жеткізуге болатын), Realistic (шынайы), time related (уақытпен бай- ланысты, мерзімі бар) болуы керек жобаның мақсатын анықтауға немесе нақты- лауға көмектеседі.
Мысалы, жобаның мақсаты: оқу жылының соңына қарай сегізінші және төртін- ші сынып оқушылары өздерінің жалпы әл-ауқатын жақсарту және ұрпақтар ара- сындағы мағыналы байланыстарды нығайту үшін біздің аудандағы қарттарды тартуға, байланыстыруға және қолдауға ықпал ететін әртүрлі ұрпақ өкілдеріне арналған бірқатар іс-шараларды бірлесіп өткізеді. Сегізінші сынып оқушылары төртінші сынып оқушыларымен жобаны жүзеге асырған кезде, ақпаратты жинау,

прогресті бағалау және жобаның жалпы тиімділігін арттыру үшін әртүрлі зерттеу әдістерін қолдануға болады.

Мұнда қолдануға болатын кейбір *зерттеу* әдістері берілген:

1. Бақылау: төртінші сынып оқушыларының жобалық іс-әрекет кезінде өзара әрекеттесуін, қатысуын және мінез-құлқын бағалау. Бұл құнды сапалы деректерді бере алады.
2. Бірлескен ми шабуылдары: жоба үшін идеяларды, ұсыныстарды жинау үшін сегізінші және төртінші сынып оқушыларының қатысуымен бірлескен ми шабуылдарын өткізу.
3. Журнал жүргізу немесе рефлексия: төртінші сынып оқушыларына уақыт өте келе жоба туралы өз ойлары мен сезімдерін білдіре алатын журналдар немесе рефлексия журналдарын жүргізуді ұсыну.
4. Мазмұнды талдау: төртінші сынып оқушылары жасаған жазбаша немесе көрнекі материалдар (мысалы, суреттер, эсселер немесе презентациялар) олардың түсінігі мен жобадағы тәжірибесі туралы түсінік алу үшін.
5. Жобаға дейінгі және кейінгі бағалау: төртінші сынып оқушыларының біліміндегі, көзқарасындағы немесе мінез-құлқындағы өзгерістерді анықтау үшін жобаға дейін және одан кейін бағалау жүргізіңіз.
6. Сауалнамалар: төртінші сынып оқушыларының тәжірибесі, қалауы және жобаны қабылдауы туралы пікірлерін жинау үшін жасына сәйкес сауалнамалар немесе сауалнамалар жасаңыз.
7. Жобаның нақты аспектілері туралы ойларын, сезімдерін және көзқарастарын тереңірек зерттеу үшін төртінші сынып оқушыларымен жеке немесе топтық сұхбат жүргізіңіз.
8. Кері байланыс формалары: төртінші сынып оқушыларына іс-шаралар, материалдар немесе жалпы қанағаттану сияқты жобаның нақты элементтері туралы пікір білдіруге мүмкіндік беретін қарапайым кері байланыс формаларын жасаңыз.
9. Сандық деректерді жинау: қатысу деңгейін, сабаққа қатысуды немесе жобаның нақты тапсырмаларын орындау сияқты деректерді жинаудың сандық әдістерін қосыңыз.
10. Оқу бағалары: төртінші сынып оқушыларының жобаға қатысты нақты дағдыларды немесе білімді қаншалықты меңгергенін анықтау үшін қысқаша оқу бағаларын жасаңыз.

Жоба қадамдары

1. Көмекке мұқтаж қарт адамдар туралы ақпарат алу үшін халықты әлеуметтік қорғау бөліміне хабарласыңыз;
2. Төртінші сынып оқушыларымен бірге қарт адамдарға бару кестесін жасаңыз;
3. Қарт адамдардың қажеттіліктеріне талдау жасаңыз;
4. Қарт адамдарға нақты көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар жоспарын жасаңыз;
5. Әрекет жоспарын іске асырыңыз;
6. Эксперимент жасаңыз: төртінші сынып оқушыларын бақылаңыз: әр оқушының пікірін ескеріңіз, шешім қабылдау қиын болған жерде көмек ұсыныңыз, сы- нып ұжымының ынтымақтастығын нығайту үшін шағын ойындар, әңгімелер ұйымдастырыңыз.
7. Жобаны қорытындылаңыз.

IV. Үй тапсырмасы

Оқушыларға жоба жоспарларын пысықтауды ұсыныңыз.

V. Қорытындылау. Талдау және бағалау

Рефлексиялық күнделік:

Оқушыларға эмпатия көрсету тәжірибесі туралы ойлауға бірнеше минут беріңіз. Оларды түсінген кезде немесе басқа біреудің көзқарасын түсінген кезде қағазға жазуды ұсыныңыз.

Мұғалімге арналған ұсынымдар

1. Оқушыларға олардың жазбаларынан не күтетіні туралы нақты және қарапайым нұсқаулар беріңіз. Мысалы, олар эмпатияны сезінген немесе басқа біреудің көзқарасын түсінген жағдайларды сипаттай алатынын нақтылаңыз.
    1. Оқушыларға сіздің не айтқыңыз келетінін жақсы түсінуге көмектесетін жағдайлардың мысалдарын келтіріңіз. Бұл қысқа әңгіме немесе олардың күнделікті өміріндегі мысалы болуы мүмкін.
    2. Оқушыларға өз ойлары мен сезімдерін еркін білдіруге мүмкіндік беріңіз. Оларды жеке тәжірибесін білдіргенде шектемеңіз және бағаламаңыз.
    3. Оқушыларға эмпатия мен басқаларды түсіну саласындағы дамуын қадағалап отыру үшін осы рефлексиялық журналды жүйелі түрде жүргізуді ұсыныңыз.
    4. Мүмкін болса, олардың жазбаларына кері байланыс беріңіз. Бұл қысқа түсініктеме немесе олар жазған нәрсеге қолдау көрсететін реакция болуы мүмкін.
    5. Олардың жазбаларында ашықтық пен адалдықтың маңыздылығын атап өтіңіз. Олардың ойлары мен сезімдері құнды және үкімсіз қабылдана- тынын білсін.
    6. Әр оқушы үшін жайлылық деңгейіндегі айырмашылықтарды қарастырыңыз. Кейбіреулер анонимді болуды таңдауы мүмкін, сондықтан оларға ыңғайлы болуы үшін жағдай жасаңыз.

VI.Аяқталуы

Сабақта талқыланған негізгі мәселелерді қысқаша қорытындылаумен аяқтаңыз және эмпатияның маңыздылығын тағы бір рет атап өтіңіз. Оқушыларға сабақта алған білімдерін басқа адамдармен қарым-қатынаста пайдалануды ұсыныңыз.

Қосымша әрекеттерге арналған идеялар

Шақырылған дәріскер, мысалы, психолог немесе қоғам қайраткері, оқушыларға эмпатияның маңыздылығы туралы айтып, нақты өмірден мысалдар келтіреді. Бұл мәселеге екінші жағынан қарауға және жеке әңгімелер арқылы тұжырымдаманы нығайтуға мүмкіндік береді.

Мұғалімге арналған ұсынымдар

Ашық талқылау үшін қауіпсіз және инклюзивті орта жасаңыз. Эмпатия – бұл уақыт өте келе дамитын дағды екенін және оның қолдау көрсететін және түсі- нетін қоғамдастық құруда маңызды рөл атқаратынын атап өтіңіз. Оқушыларды сабақ бойы белсенді қатысуға және пікір алмасуға ынталандырыңыз.

Ұсынылатын әдебиет

1. Эмпатияны зерттеу: сыни талдау және жаңа перспективалар https://psy.su/feed/10996/
2. Мен саған қалай көмектесе аламын: эмпатия дегеніміз не? Психика бойынша нұсқаулық. № 40 шығарылым https://journal.tinkoff.ru/empathy-tips/
3. Эмпатия – жаңа жазбалар https://fishki.net/tag/jempatija/
4. Эмпатияны зерттеудің теориялық аспектісі. Қазіргі психологияның өзекті мәселесі ретінде https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskiy-aspekt-issledovaniya-empatii-kak-aktualnaya-problema-sovremennoy-psihologii
5. Тыңдау ғана емес, есту: эмпатияны қалай және неге дамыту керек https://www.forbes.ru/forbeslife/471555-ne-tol-ko-slusat-no-i-slysat-kak-i-zacem-razvivat-empatiu
6. Гифка эмпатиясы
7. https://gifer.com/ru/gifs/%D1%8D%D0%BC%D0%BF%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%8F
8. https://kaznpu.kz/docs/ins_pedagogiki_psih/Verstka-Mangilik_El.pdf
9. https://www.kaznpu.kz/docs/docs/1052023dissertation.pdf
10. https://www.s-vfu.ru/universitet/rukovodstvo-i-struktura/instituty/pi/ums/kpp/NO/podlasuy1.pdf
11. https://mcc.gse.harvard.edu/resources-for-educators/newsball

3- сабақ

8 - сынып оқушылары үшін жобаны орындау бойынша Ұжымның (қоғамдастықтың) күші

Тақырыбы: «Ұжымда барлығына орын бар»

Бірлік әртүрлілікте Карл Линней

Мақсаты: Әр адамның ұжым үшін құнды ерекше қабілеттері мен қасиеттері бар екенін, ұжымда әркім өз орнын табатынын түсіндіру

Жоспарланған нәтижелер:

- Әрбір адамның құнды екендігін және оның ұжымға өз үлесін қоса алатындығын түсінеді.
- Командада жұмыс істей білу және түрлі пікірлер мен қабілеттерді құрметтейді.
- Өзін-өзі бағалауды дамыту және өзінің күшті жақтары туралы хабардар болады.

Ресурстар: жоба кейсы: сұрақтар мен ұсыныстарға арналған сынып бөлмесінің белгілі бір жерінде орналастырылған және барлығына қолжетімді қорап (қорапша), А4, А3 қағаздары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

- Сәлемдесу және сабақтың тақырыбын жариялау.

II. Негізгі бөлім

Тақырыпқа кіріспе. Ұжымның маңыздылығы және оның ортақ мақсаттарға жетудегі рөлі туралы әңгіме. Тарихтан немесе қазіргі заманнан ұжымдық қатысу нәтижелерге әкелген мысалдарды келтіруге болады.

«*Ұжымға қосылу» ұғымын түсіндіру*: оның нені білдіретінін және неге маңызды екенін қарастыру. Ұжымның әрбір мүшесі өзін маңызды және қажет сезінуі тиіс және бұл жалпы жетістікке қалай ықпал ететінін түсіндіру.

Ұжымдағы әртүрлі рөлдер (идеялар генераторы, мотиватор, іске асырушы, пе- дант, талдаушы-стратег, үйлестіруші және т.б.).

Әртүрлілікті құрметтеу және қолдау: ұжымның әр мүшесінің айырмашылықта- ры мен жеке ерекшеліктерін құрметтеудің маңыздылығын талқылау. Қабілеттер мен дағдылардың әртүрлілігі ұжым үшін күш бола алады.

III. Практикалық бөлім.

Сұрақты талқылау: Сіздің ойыңызша, командадағы әр адамның өз орнын сезінуі неліктен маңызды?

Ми шабуылы.

Оқушыларды 4-5 адамнан тұратын топтарға бөлеміз. Әр топтың ұжым мүше- сін командаға қосу бүкіл топтың жетістігі үшін неліктен маңызды екендігі туралы идеяларды талқылауға және тақтаға немесе қағазға жазуға шақырамыз. Әр топ өз идеяларын ұсынады.

Таныстырылым:

- Тапсырма: «Ұжымда барлығына орын бар» тақырыбында презентация ұсыныңыз, онда келесі аспектілерді қарастырыңыз:

- Ұжымның әр мүшесін командаға қосудың мәні.

- Әр оқушы өзін маңызды және командада екенін сезінетін табысты сыныптардың мысалдары.

Мұғалімге арналған ұсыныстар

1. Кейс-стади форматында таныстырылым жасау: оқушыларды кейс-стади форматында таныстырылым жасауға шақырыңыз, онда олар табысты әңгімелер ұсынады және ұжымның әрбір мүшесін қосу топтың табысы мен тиімділігіне қалай ықпал ететінін сипаттайды.

2. Интерактивті элементтер: оқушылардың процеске белсенді қатысуы үшін презентацияға сауалнама, квиз немесе шағын топтық пікірталастар сияқты интерактивті элементтерді қосыңыз.

3. Тәжірибе алмасу: презентациядан кейін оқушыларға ұсынылған сәтті топтардың мысалдары туралы өз ойларын талқылауға және бөлісуге мүмкіндік беріңіз. Бұл олардың әрқайсысын ұжымға қосу үшін қандай аспектілерді маңызды деп санайтынын талқылауға мүмкіндік береді.

Рөлдік ойын

Оқушыларды жұпқа бөлеміз. Әр жұпқа ұжымның екі мүшесінің рөлін ойнауды ұсынамыз, олардың біреуі топқа кірмейді және топтан шығарылады, ал екіншісі оны қосуға және қолдауға тырысады. Ойыннан кейін оқушылардан ұжым жұмы- сына және ұжым атмосферасына қосылу немесе қосылмау қандай әсер ететіні туралы өз ойларымен бөлісуін сұраңыз.

Педагогтерге арналған ұсынымдар:

1. Оқушыларға рөлдер мен ойын ережелері туралы нақты нұсқаулар беріңіз. Мақсат тек қосу мен қоспау арасындағы айырмашылықты сезіну ғана емес, сонымен қатар оның ұжымдағы жұмыс пен атмосфераға әсерін түсіну екенін түсіндіріңіз.

2. Оқушылар ойынның еліктеу екенін және одан кейін олардың эмоциялары мен әсерлерін талқылау мүмкіндігі болатынын айтыңыз. Бір-бірін құрметтеу мен қолдаудың маңыздылығын атап өтіңіз.

3. Ойын аяқталғаннан кейін топтық талқылау өткізіңіз. Оқушылардан әр рөлде өзін қалай сезінгені, қандай эмоцияларды бастан өткергені және бұл ұжымдағы жұмысқа қалай әсер еткені туралы өз ойларымен бөлісуін сұраңыз.

4. Терең талқылауға ықпал ететін сұрақтар қойыңыз. Мысалы: «Сіз қосылған немесе шығарылған адам ретінде қандай сезімдерді бастан өткердіңіз?», «Бұл әрекеттер топтың жұмысына қалай әсер етеді?».

IV. Жобалық қызмет.

Ұйымдастыру және бақылау.

1. Әр топ өз жобасының барысы, жетістіктері, туындаған қиындықтары және олармен қалай күресетіні туралы әңгімелейді.

2. Сынып оқушылары жобаларды талдайды, кері байланыс береді.

3. 4-сыныптағы тәлімгерліктің алдын-ала қорытындыларын шығару: командадағы атмосфераның қалай өзгергенін (8-сынып+4-сынып), «Ұжымда барлығына орын бар» қағидаты қалай орындалатынын талдаңыз.

Сабақтағы фронтальды жұмысты азайту үшін оқушыларды «Ұжым күші» жобасының нәтижелерін көрсетуге қосуға болады. Оларды жұппен немесе топпен қысқа презентациялар дайындауға немесе жоба аясында қалай жұмыс істеген- дерін, қандай мақсаттарға қол жеткізгендерін және қандай дағдыларды игер- гендерін көрсететін бейнелерді көрсетуге шақырыңыз. Бұл оқушыларға белсен- ді қатысуға, өз тәжірибелері және пікірлерімен бөлісуге, сондай-ақ мұғалімнің фронтальды монотонды презентациясынан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Үй тапсырмасы
Төртінші сынып оқушыларымен кездесу кезінде оқушылардан команданың әр мүшесі жобада өзін маңызды, сұранысқа ие және жайлы сезінген кездері туралы мысалдар келтіруді сұраңыз.

V. Қорытындылау
Сабақты қорытындылау, ұжымның әрбір мүшесінің маңыздылығын және оның жалпы жұмысқа қосқан бірегей үлесін атап көрсету. Ұжымда барлығына орын бар екенін және әркім өз рөлін тауып, команданың белді мүшесі бола алатынын атап өту.

Рефлексия
«Достық планетасы» панносы
Үстелдерде адам тәрізді қағаз силуэттер. Оларға ұжымның не екенін жазып, сыныпты бейнелейтін планетаның айналасына бекіту керек.

Қорытынды: Достық өзара көмек пен эмоционалды жақындықты, яғни сезім- дердің, тәжірибелердің ұқсастығын білдіреді. Достан адалдықты күтеді, қиын уақытта досынан қолдау іздейді. Досқа қуанышымен барады, ол оны сізбен бөліседі. Дос сіздің асыл армандарыңызды түсінеді, құпияларыңызды сақтайды – міне, ұжымның күші деген осы!
Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім барлық оқушыларға ынтымақтастық тілей- ді және барлық сұрақтар мен тілектерді жобаның кейсіне салуға болатындығын еске салады.

4- сабақ
Тақырыбы: «Біріккенде біз күштіміз!»

Жеке-жеке біз бір тамшымыз.
Бірге мұхитпыз.» Рюноске Саторо, жапон жазушысы

Мақсаты: 8 және 4-сынып оқушылары арасында қолдауды, сабақтастықты, оң өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты нығайту.

Жоспарланған нәтижелер:
жақсы орта құру үшін достық пен ұжымдық әрекеттің маңыздылығын түсіну; өнер жобасына қатысу нәтижесінде тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтас-
тықты қоса алғанда, әлеуметтік дағдыларды жетілдіру;
8-сынып оқушылары менторинг арқылы оң қарым-қатынас орнатады, оның аясында олар 4-сынып оқушыларына қолдау көрсетуді және тәлімгерлік етуді жалғастырады, бұл мектеп қауымдастығында сабақтастық пен қолдау сезімін дамытуға ықпал етеді.

Ресурстар: басылған эмодзилер, рөлдерді көрсететін теледидар немесе про- ектор, үлкен плакат, А4 парағы, маркерлер, түрлі-түсті қарындаштар, бор, аква- рель бояулары мен қылқалам, желім, қайшы; коллаж материалдары: журналдар, газеттер немесе басқа баспа материалдары, скотч.
Сабаққа 4 сынып оқушылары шақырылады.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Крокодил» сәлемдесу ойыны
Төртінші сынып оқушыларымен амандасқаннан кейін жағымды атмосфераны қалыптастыру үшін «Крокодил» ойыны өткізіледі.
Ойында екі команда бақ сынайды (сегізінші сынып оқушылары төртінші сынып оқушыларына немесе аралас командаларға қарсы). Әр раундта командалардың бірінің ойыншысы бір эмодзи таңдап, қимылдарды және мимиканы қолдана отырып, бұл эмоцияны басқа команданың қатысушыларына көрсетеді. Осыдан кей- ін, ойыншы эмоцияны көрсеткен командаға эмодзи парағын таңдап, қарсылас командаға көрсетеді. Жеңімпаз – көп сөзді таба алған команда.
Барлық жұмбақ сөздер «Эмоция» тақырыбына сәйкес келуі керек. Қағазда эмоцияны білдіретін әртүрлі эмодзилер бар.

Педагогтерге арналған ұсынымдар

1. Қолданатын эмодзилердің эмоциялардың кең ауқымын қамтитынына көз жеткізіңіз. Бұл оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге және эмоцияларын дәлірек көрсетуге көмектеседі.
2. Әр оқушының эмоцияны көрсетуге және болжауға мүмкіндік беріңіз. Барлық оқушыға қосылуға көмектесу үшін көпдеңгейлі командалар құруға болады.
3. Ойын аяқталғаннан кейін оқушылармен қандай эмоцияларды жеткізе алғанын, оны қалай жасағанын және басқалардың эмоцияларын болжауда қандай қиындықтарды бастан өткергенін талқылаңыз.

Тақырыппен танысу:
«Біріккенде біз күштіміз» тақырыбын қысқаша түсіндіріңіз.
Адамдарды біріктіретін және өзара түсіністікке ықпал ететін көпір туралы қара- пайым ұқсастық келтіріңіз. Бұл сабақта төртінші және сегізінші сынып оқушыла- ры «Ұжымның күші» жобасының нәтижелерін көрсетеді.

II. Негізгі бөлім

1. Бірге біз күштіміз

Мақсаты: Төртінші сынып оқушылары ұжым күшін түсінгенін көрсетеді.
«Біріккенде біз күштіміз» қысқа ролигін көрсету:
https://www.youtube.com/watch?v=2O-SaWiCqPg
Сегізінші сынып оқушыларының басшылығымен талқылау.
4-сынып оқушыларын кіші топтарға бөліңіз, олардың әрқайсысын сегізінші сы- нып оқушыларының бірі басқарады.
Топтарда сегізінші сынып оқушылары әңгімелесіп, сұрақтар қойып, топтың әр- бір қатысушысын өз идеялары мен көзқарастарын білдіруге ынталандырады.
Талқылауға арналған мәселелер:

- Шаяндар үлкен шағаладан қалай қорғанды?
- Құмырсқалар кішкентай құмырсқаны құмырсқа жегіш жей алмас үшін не істеді?
- Пингвиндер касаткадан қалай құтылды?
- Ролик неге «Біріккенде біз күштіміз» деп аталады?
- Біз не үйрене аламыз - қиын жағдайда бір-бірімізді қалай қолдай аламыз?
- Сіз проблеманы шешу үшін бір-біріңізбен жұмыс істеу қажет болған жағдайға тап болдыңыз ба?
- Қиындықтарды қашан және қалай бірге жеңдіңіздер?

Қорытындылау
Барлық сыныппен қысқаша талқылау жүргізу үшін топтарды біріктіріңіз. Әр топтан бір ерекше сәтті талқылауды сұраңыз.

Мұғалімге арналған ұсынымдар

1. Тапсырманы бастамас бұрын, шешімнің қалай өтетіні туралы нақты нұсқаулар беріңіз және әркім пікірталастың ережелері мен мақсаттарын түсі- нетініне көз жеткізіңіз.
2. Оқушылардың талқылауға қатысу балансын есте сақтаңыз. Бірнеше басым дауыс басқаларды басып тастамайтынына көз жеткізіңіз. Сабырлы оқушыларды сөйлеуге ынталандырыңыз.
3. Оқушылардың дайындық немесе сенімділік деңгейлеріндегі мүмкін ай- ырмашылықтарды ескеріңіз. Барлығын қызықтыратын сұрақтар қойыңыз және оқушыларға өз ойларын айтуға көмектесіңіз.
4. Барлық оқушының сөйлеуге мүмкіндігі бар екенін қадағалап, талқылауға тең қолжетімділікті сақтаңыз.

III. Жобалық қызмет
«Достық көпірін саламыз» арт-жобасы
Оқушылар 4 және 8 сынып өкілдері бар командаларға бөлінеді.
Оқушыларға қажетті ресурстарды алу үшін ресурстармен бөлісуге, қарым-қа- тынас жасауға және келісуге тура келеді.
Материалдар: көпірге суреттер мен хабарламалар түсіру үшін оларды пай-

далана алатындай түрлі маркерлер мен түрлі-түсті қарындаштар; таңбалардан немесе түрлі-түсті қарындаштардан гөрі қолдануға ыңғайлы болып көрінетін кіші қатысушыларға арналған ұсақ-түйектер; акварель бояулары жұмыстарға жарқын әрі серпінді көрініс береді. Әр түрлі өлшемдегі қылқаламдар түрлі су- рет салу стильдерін пайдалануға мүмкіндік береді; қиылған фигураларды, сурет- терді және басқа да әшекейлерді көпірге бекітуге арналған желім; қатысушылар белгілі бір кескіндерді кесіп алғысы немесе өз үлестері үшін күрделі бөлшектер жасағысы келуі мүмкін; көпірде коллаждар жасау үшін қатысушылар пайдалана алатын журналдар, газеттер немесе баспа материалдары; көпірге үлкен немесе ауыр материалдарды сенімді бекіту үшін скотчтар болуы қажет.

8-ші және 4-ші сынып оқушыларының әрқайсысы бірлік пен ынтымақтастықты білдіретін көпірдің өз бөлігімен жұмыс істейді.

Алдын ала әр команда көпірдің қай бөлігін дайындайтынын, көпірдің бөлік- терін қосатынын, әшекейлейтінін және т.б. келісуі қажет.

Көпір үшін негіз ретінде үлкен қағаз парағын пайдаланыңыз. Оның барлық қатысушылардың материалдарын сыйдыруға жеткілікті үлкен екендігіне көз жеткізіңіз.

Үстелдерді немесе едендерді сурет салу барысында беттерді қорғау үшін бір реттік дастарханмен немесе салфеткалармен жабыңыз.

Идеялар мен шығармашылықты ынталандыру үшін шабыт тақтасын жасаңыз немесе көпірмен байланысты жұмыстардың үлгілерін көрсетіңіз.





IV. Рефлексия

Рефлексиялық пікірталас. Төртінші сынып оқушыларының сегізінші сынып оқушыларынан не үйренгені және осы сабақтарды өздерінің күнделікті өмірінде қалай қолдана алатыны туралы рефлексиялық пікірталас өткізіңіз.





V. Мұғалімге арналған ұсынысымдар
Төртінші сынып оқушыларының сегізінші сынып оқушыларынан не үйренгені және осы сабақтарды өздерінің күнделікті өмірінде қалай қолдана алатыны тура- лы рефлексиялық пікірталас өткізіңіз.
Оларға бірлескен көркем жоба туралы өз ойларыңызбен бөлісуді ұсыныңыз.

VI. Қорытынды ескертулер:
Сабақты оң және ынталандыру сөздерімен аяқтаңыз.
Мейірімділік, достық пен өзара түсіністік көпірлерін орнату жөніндегі бірлескен жұмыстың маңыздылығын тағы да атап өтіңіз. Қатысушыларға қосқан үлесі үшін алғыс айту өте маңызды.





«ӨМІРШЕҢДІК РЕСУРСТАРЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН

1-сабақ

Тақырыбы: «Позитивті ойлау – өміршеңдіктің көзі»

Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық пен адалдық ақ жүректен шығады.
Шәкәрім

Мақсаты: өмірде кездесетін қиындықтарды жеңуде бір-біріне қол ұшын созу, қайырымдылық таныту дағдыларын дамыту.

Жоспарланған нәтижелер:

- өміршеңдік ресурстары туралы түсінік қалыптасады;
- позитивті ойлау дағдылары кеңейеді;
- бір-бірін түсіну және қолдау дағдылары жетілдірілуде.

Ресурстар: жүрек, қол алысу, қос алақан суреттері салынған парақтар, стикер- лер, адам сұлбасы салынған плакат.

Сабақ барысы

II. Кіріспе Ақпараттық блок

Өміршеңдік туралы түсінік. Оның адам өміріндегі рөлі мен маңызы. Өміршеңдік- тің маңыздылығы неде?

Күйзеліс жағдайларын жеңудің әртүрлі стратегиялары бар. Күйзеліс жағдайла- рын тиімді жеңу копинг деп аталады (ағылш.соре- «жеңу, еңсеру»). Орыс тілінде копинг терминінің барабар аудармасы – жеңу.

Копинг ұғымы адамның күйзелісті жеңу үшін не істейтінін білдіреді. Бұл тұжы- рымдама эмоционалды, мінез - құлық және танымдық стратегияларды қамтиды. Бірлескен мінез-құлық күйзеліс жағдайларын жоюға бағытталған. Жеңудің не- гізгі функциялары – ішкі және сыртқы әл-ауқатты қамтамасыз ету. Ол үшін жағдай- ды түсініп, онымен тиімді күресудің әртүрлі тәсілдерін, сондай-ақ оларды уақы- тында мінез-құлыққа қолдана білу керек.

Копингтің психологиялық маңыздылығы – жағдайдың күйзеліс әрекетін басу, адамды оның талаптарына бейімдеу, осы талаптарды әлсірету немесе жеңілдету және олардан аулақ болуға немесе үйренуге тырысу.

Адам копинг стратегиясын саналы түрде қолданады, яғни олар жағдайға сәй- кес таңдалады.

Копинг стратегиялары неғұрлым белсенді нұсқаны ажыратады – жеңу және пассивті-бейімделу.

Жеңу – нақты әрекеттер арқылы қиын өмірлік жағдайларды белсенді түрде өз- герту стратегиясы. Адамның іс-әрекеті сәттілікке және қиын жағдайды практика- лық өзгертуге бағытталған.

Жеңу стратегиясының шектеулері бар.

Сыртқы шектеулер. Бұл стратегия шешуге болатын қиын жағдайлар үшін ғана тиімді.

Ішкі шектеулер. Бұл стратегияны қолдану үшін белгілі бір жеке ерекшеліктер- мен (жеке жетілу, өзіне деген сенімділік, өмірлік қиындықтарды қиындық ретінде қабылдау қабілеті және т.б.) бөлісу қажет.

Бейімделу – бұл стратегия адамның жағдайға деген көзқарасын өзгертуге бағытталған. Жеңуден айырмашылығы, ол пассивті.
Копинг стратегиялары тиімді де, тиімсіз де болады.
Тиімді басқарушы мінез-құлық адамның бейімделу қабілетін арттырады, ол жет- кілікті шынайы, икемді, белсенді. Тиімді күресу стратегиясы адам үшін күйзеліс жағдайы елеусіз болып, жаңа міндеттерді шешуге энергия пайда болған кезде, мазасыздық пен ашуланшақтық деңгейі төмендеген кезде қарастырылады. Тиім- сіз копинг стратегиясы - импульсивті мінез-құлық, эмоционалды бұзылулар, экс- травагантты әрекеттер, агрессивті реакциялар және т. б. сияқты психологиялық қорғаудың әртүрлі тәсілдері.
Мінез-құлықты жеңудің немесе күресудің тиімді стратегияларының бірі –пози- тивті ойлау. Біз ол туралы сөйлесетін боламыз.
Тапсырма. Психологиялық қорғаудың қандай жолдары бар екенін есіңізге түсіріңіз.

II. Негізгі бөлім

Топтық жұмыс
Бұл тапсырманы орындау үшін сынып 3-5 топқа бөлінеді.
Тапсырма. Ақпаратты оқыңыз. Сіздің қорытындыларыңыз белгілі бір бақыла- улар негізінде жасалған өз ойларыңыздың көрінісі болған жағдайларды еске түсіріңіз. Мысалдарды талқылаңыз және олардың ең сенімдісін ұсыныңыз.
Рефлексияға арналған ақпарат. Ойлар – бұл адамға шығармашылық үшін беріл- ген ерекше сыйлық. Адам – Ғаламның, жоғары ақылдың бөлігі. Адам, суретші си- яқты, өз өмірінің суретін ойлармен жазады. Кейбір адамдар әртүрлі бояуларды пайдаланады: кейбіреулері теріс ойларды (қорқыныш, реніш, сын), басқалары – жағымды ойларды (қуаныш, үйлесімділік, жасампаздық) таңдайды.
Әркім өз суретін салады, егер ол кенеттен бір нәрсеге сәйкес келмесе, біз көбі- несе айналамыздағы әлемді кінәлай бастаймыз: мені қорлады, тонады және т. б.
Шын мәнінде, белгілі физикалық заң – тарту заңы жұмыс істейді. Біз өз өміріміз- ге бізді қорлайтын адамдарды, жағымсыз жағдайлар мен шарттарды өз ойлары- мыз арқылы тартамыз. Біздің ойларымыз миымызда кейбір бағдарламалар мен көзқарастарды жасайды.
В. Синельников «бағдарламаның тілі – таңбалар мен белгілер жиынтығы бо- лып табылатыг адамның тілі. Бұл бағдарламаны белгілі бір жолмен жұмыс істеуге мәзжүрлейтін біздің ойларымыздан басқа ештеңе емес. Олар сөздерге, бейне- лерге, дыбыстарға, сезімдерге немесе қозғалыстарға айналады» дейді.
Біз өзіміздің ерекше әлемімізді ойлар арқылы жасаймыз. Ой пайда болған кез- де, ол кейінірек оның өміріне енетін адамның мінез-құлқының белгілі бір тәсіл- дерін қалыптастырады.
Осылайша, біздің әлем – бұл өз ойларымыздың көрінісі. Ойлар жағымды да, жағымсыз да болады.
Адамның позитивті ойлауына не кедергі?

1. Максимализм: әлем ақ-қара түсте көрінеді, егер жетістіктер жоспарланған- нан төмен болса, адам өзін толық жеңілген деп санайды.
2. Бір рет болған оқиғадан кейін жалпы қорытынды жасау: жалғыз теріс оқиға үздіксіз қара жолақ болып көрінеді.
3. Оқиғаларды психологиялық сүзгіден өткізу: адам болған жағдайдан тек жағымсыз бөлшектерді алып және оларда өмір сүреді, сондықтан оның барлық ойы теріс болады (Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді дегеннің әсері).
4. Тәжірибенің құнсыздануы: адам оң фактілерді жоққа шығарады, олардың мүмкін еместігіне сенеді; теріс әсерлер сақталады, дегенмен шындық басқаша болуы мүмкін.

5. Тұрақсыз тұжырымдар: жаман сезімдер міндетті түрде орындалады деген сенім.
6. Эмоцияларға негізделген тұжырымдар: теріс эмоциялар нақты позицияны көрсетеді деген сенім: «мен мұны сезінемін, сондықтан ол шындық».
7. Сіздің бақылауыңыздан тыс оқиғалар үшін жауапкершілікті қабылдау: теріс оқиғалардың болуы не болмауына қарамстан себебін өзіңізден көру.

III. Жобалық қызмет

Жобамен танысу

Жобаның негізгі құндылығы – өміршеңдікті қалыптастыруға, қиын өмірлік жағдайларда өміршеңдік ресурстарын пайдалану қабілетіне көмектесу.

Жоба өзінің түрі бойынша гуманитарлық салаға жатады.

Жобаның мақсаты – өзін-өзі дамыту, кейбір әлсіздіктерді, шектеулерді жою.

Жобаның мәні тәлімгерлік жұмыс және қамқоршылық көмек болады.

Кез келген жағдайда оның логикалық реттілігін нақты білу маңызды.

Жоба төрт кезеңнен тұрады. Әр кезеңде өміршеңдіктің белгілі бір ресурсы зерттеледі.

1- кезең – позитивті ойлау – өміршеңдіктің көзі.
2- кезең – қоршаған орта және өміршеңдіктің дамуы.
3- кезең – өміршеңдік шығармашылықта туады.
4- кезең – өзіне деген сенім.

Ми шабуылы

Талқылауға арналған сұрақтар ұсынылады.

- Өміршеңдікті дамыту үшін не істеуіміз керек?
- Өміршеңдікті дамыту үшін қандай ұжымдық істер жасауға болады?
- 5-сынып оқушыларының өміршеңдігін қалай дамыта аламыз?

Оқушылар ойларын ортаға салады. Ұжымдық түрде қорытынды жасалады. Мысалы: позитивті ойлау қиын өмірлік жағдайларды, күйзелісті жеңуге көмектеседі.

Тәжірибе жасаңыз. Осы сәттен бастап барлық сыныптастарыңызбен жағымды қарым-қатынас жасай бастаңыз: қиын жағдайларда жағымды сәттерді табыңыз.

Өзіңізді бақылаңыз: қандай жағдайларда өзіңізді қалай ұстайсыз. Оқушыларға жобаның 1-кезеңі бойынша тапсырманы орындау ұсынылады.

Тапсырма.

1. Қамқорлықтағыларды бақылаңыз, олармен позитивті ойлау қиын жағдайдан шығуға қалай көмектескені туралы сөйлесіңіз.
2. Талдау үшін 5-сынып оқушыларымен әңгіме тақырыбы бойынша мысалдарды таңдаңыз.

«Мені мәжбүр етті» жаттығуы

Мақсаты: «жәбірленуші кешенінің» әрекетін әлсірету, табысты іс-әрекеттің ішкі күшін сезіну және өзін өмірдің қожайыны ретінде сезіну.

Жаттығу екі бөліктен тұрады. Жұпта орындалады.

Бірінші бөлімге арналған нұсқаулық. Сіз анық сезінген және түсінген жағдайды еске түсіріңіз: «Мен мүлдем қаламаған нәрсені істеуге мәжбүр болдым...» «Менің ойымша, әрқайсыңыздың тәжірибеңізде мұндай жағдайлар болады. Кім мәжбүр- леді? Мүмкін бұл ата-ана шығар? Немесе мұғалімдер? Немесе достар? Немесе өмірлік жағдайлар? Есіңізде ме? Жағдайды анықтадыңыз ба? Жарайды. Мүмкін, сіздердің біреулеріңіз өткен оқиғаларды сұрыптай отырып, қолайлы жағдайды естеріңізге түсіре алмаған шығарсыздар. Бәрібір жұмыстан бас тартпаңыз. Мұн- дай жағдайды ойлап табыңыз, оның шындығына сеніңіз және онымен жұмыс жа- саңыз. Тек серіктеске жағдайдың «шынайы емес» екенін ескертудің қажеті жоқ.

Қалай жұмыс істеу керек? Серіктесіңізге сіздің қалауыңызға қайшы келетін нәрсені беруге мәжбүр болған жағдай туралы және сіз сезінген сезімдер туралы айтыңыз. Бірінші қатысушы өз әңгімесін аяқтағаннан кейін, серіктес сөйлейді.
Өзара әрекеттесуге қатысушылардың екеуі де сөйлегеннен кейін, жүргізуші ойыншылардан осындай сұрақтар қою арқылы олардың жағдайын талдауды сұрайды.

Талдау сұрақтары

- Әңгіме барысында сіз өзіңізді қалай сезіндіңіз?
- Сіздің дауысыңыз қалай естілді?
- Сіз қандай қалыпта болдыңыз?
- Сіздің бет әлпетіңіз қандай болды?

Жүргізушінің түсініктемесі. Мүмкін, жаттығуға қатысушылар өздері жағдаятқа ену кезінде болған өзгерістерге назар аударады. Егер олар мұны істей алмаса немесе шешпесе, олардың назарын осы өзгерістерге аударып, мынадай сөй- лемді айтыңыз: «мүмкін, сіздердің біреулеріңіз жағдаятқа енгенде иықтарыңыз төмен түсіп, қолдарыңыз салбырап, дауыстарыңызда аянышты ноталар естілген шығар... Мүмкін тынысыңыз тарылып, жұдырығыңыз түйіліп, денеңіз ширыққан шығар? Немесе, керісінше, біреудің бүрісіп, жылағысы келген шығар?»
Жағдаятқа терең енгендер жаттығуды орындау кезінде өздерін кішкентай, аянышты, ренжіген, дәрменсіз, жұбаныш пен қорғауды қажет ететіндей сезінетінін растайды. Қатысушылардан осы жағдайды есте сақтауын сұраңыз және жаттығудың екінші бөлігіне өтіңіз.
Екінші бөлімге арналған нұсқаулық. Енді серпіліп, бастан өткерген нәрсені тастаңыз. Күтпеген жағдайға дайындалыңыз.
Осы жағдайға деген көзқарасыңызды ойша өзгертейік және мұнда сізде де таңдау болды деп елестетейік. Сіз мойынсұну немесе орындамау туралы шешім қабылдадыңыз, әрекет ету әдісін өзіңіз таңдадыңыз. Егер сіз кішіпейілділікті, талаптарға бағынуды таңдасаңыз, онда сіз барлық жағдайларды байсалды түр- де өлшеп, ықтимал салдарларды бағалап, бұл жағдайда мұндай мінез - құлық неғұрлым орынды және ақылға қонымды деп шешкеніңіз. Сіз бұл мінез-құлықты өзіңіз таңдадыңыз.
Тақырыбы: «Өзін-өзі тәрбиелеу және өмірлік мақсаттарға жету»

Мақсаты: адамның өмірлік стратегиясы ретінде өзін-өзі тәрбиелеуге құндылық қатынасын қалыптастыру.

Жоспарланған нәтижелер:

- Өзін-өзі тәрбиелеуге қызығушылық танытады;
- өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау, ерік, мінез, мақсат қою, өзін-өзі сендіру ұғымдарының мәнін түсінеді;
- өзін-өзі көрсету дағдыларын игереді.

Ресурстар: маркерлер, ватман, А4 қағазы.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе

«Шаршы» жаттығуы

1. Барлық қатысушылар шеңберге тұрып, көздерін жұмады.
2. Көзді ашпай, шаршы пішінін сомдау керек. (Әдетте шу бірден басталады, барлығы өз стратегиясын ұсынып бастайды)
3. Біраз уақыттан кейін оқушылар арасынан шаршы құратын процессті ұйымдастырушы анықталады.
4. Шаршы салынғаннан кейін көзді ашуға рұқсат етілмейді.
5. Жүргізуші барлығынан олардың шаршыны бейнелеп тұрғандарына сенімді ме деп сұрайды? (Әдетте бұған сенімді емес бірнеше адам бар. Шаршы шынымен түзу болуы керек.

Барлығы орнында тұрғанына келіскеннен кейін қатысушыларға көздерін ашып, жақсы нәтижеге қуанып, үдерісті талдауға шақырады. (Басқа фигураларды да са- луға болады.)

Талқылауға арналған сұрақ: Тапсырманы қалай жақсырақ және жылдам орын- дауға болады?

II. Негізгі бөлім

Топтағы жалпы талқылау:

- Көшбасшы қандай болуы керек?
- Өзін-өзі дамытпай және өзін-өзі тәрбиелемей шабыттандыратын көшбасшы болу мүмкін бе?
- Өзін-өзі тәрбиелеудің не екенін қалай түсінесіз?

Өзін-өзі дамыту – бұл адамның жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру бой- ынша тұрақты және мақсатты жұмыс үдерісі. Ерте жастан бастап, адам ненің жақсы, ненің жаман екенін түсіне бастағанда және өзінің мінезіндегі жағымсыз қасиеттерді байқай бастағанда (жалғандық, ашкөздік, дөрекілік және т.б.) олар- дан құтылғысы келеді, бірақ қандай да бір себептермен бұл мәселе қиындықтар тудырып, кейде мүлдем жүзеге де аспайды. Кейде адам өмір бойы өзінің кім екенін және қандай екенін білмей өтеді. Бала кезімізден бастап әркімнің өзіміз туралы білуге мүмкіндігіміз бар, тіпті бәрін біле алмасақ та, аз нәрсе болса да, өз өмірімізді жақсартуға және қызықты өткізуге мүмкіндік бар. Ендеше, сіз бен біз бұл мүмкіндікті жіберіп алмай, қолданайық.

Өзін-өзі тәрбиелеуді біздің жағдайда да жасауға болады, бұл үдерісті сынып жыл басынан бері өтті. Ол үшін әркім өзін - өзі бақылауды, айналасына сенімді және мейірімді атмосфера беруді, бір-бірінің сынауына төзімділікті үйренді.

«*Өзін-өзі көрсету/бағалау» жаттығуы.*

Барлығына сұрақтар парағы беріледі, олардың әрқайсысы алтыншы сынып оқушыларымен бірлескен іс-шараға қатысуы туралы өзін-өзі бағалау үшін ойлануға мүмкіндік береді:

Әрекеттер мен мінез-құлық

- Мен қандай негізгі әрекеттерді жасадым?
- Олар қаншалық тиімді болды?
- Қорқыныш сезімі менің әрекеттерім мен мінез-құлқыма әсер етті ме? Қалай? Неден қорықтым?
- Менің қолымнан нақты не келді?
- Не болмады? Неліктен?
- Мен мұның бәрінен қандай құнды сабақ ала аламын?

Ойлау үдерісі

- Маған қандай ой келді? Неліктен?
- Мен оларды басқардым ба немесе жай жібердім бе?
- Менің ойым дұрыс болды ма? Қате болса, келешекте не істеуім керек?
- Жағдай туралы басқаша қалай ойлауға болады?
- Мұның бәрінен қандай құнды сабақ ала аламын?

Бастан өткерген эмоциялар

- Мен қандай эмоцияларды бастан өткердім? Неліктен бұлай болды?
- Бұл эмоцияларға қандай оқиғалар, жағдайлар мен адамдар ықпал етті?
- Мен эмоциямды қалай басқардым?
- Мен оларды пайдалы немесе зиянды жолмен басқардым ба?
- Эмоционалды тәжірибемді тиімді басқаруды қалай үйренуге болады?
- Мен мұның бәрінен қандай құнды сабақ ала аламын?

Сенім жүйесі

Мен бүгін не нәрсеге сенемін?

- Мен өзіме, басқа адамдарға қатысты неге сенемін?
- Бұл сенімдер негізделген бе?
- Мен қандай жағдайларда тез қорытынды жасауға бейіммін?
- Маған қандай оң сенімдер әсер етті?
- Маған қандай шектеу сенімдері кедергі болды?
- Өзімнің сену қабілетімді ескере отырып, өзім туралы қандай құнды ақпарат ала аламын?

Адамдармен қарым-қатынас

- Мен өзімді қалай ұстадым және басқа адамдармен сөйлестім?
- Түсініспеушіліктер болды ма?
- Мен олармен қалай күрестім?
- Мен сынға немесе бас тартуға қалай қарадым?
- Мен өз көзқарасымды басқа адамдарға қалай жеткіздім?
- Мен мұны қаншалықты тиімді жасадым?
- Мен басқа адамдардың эмоционалды қажеттіліктері мен ниеттерін қаншалықты тиімді оқыдым?
- Қарым-қатынастың қандай аспектілерінде өзімді жақсартуым керек?

Мәселелер мен қиындықтар

- Менің жолымда қандай қиындықтар болды?
- Мен бұл қиындықтарға қалай төтеп бердім?
- Нәтиже қандай болды?
- Мен қиындықтарды жеңуге көмектескен нақты не істедім?

- Мен жеңе алмаған мәселелер туралы не деуге болады? Неліктен бұл болды?
- Мен бүгін қиындықтарымды жеңуге тырысқанда қандай құнды сабақ алдым?

Жүргізуші ойлануға уақыт береді және еркін микрофон «Мен жобадан қандай құнды сабақтар алдым?» тақырыбына өз пікірін білдіргісі келетін қатысушыларға ұсынады.

«Менің командаға қосқан үлесім» жаттығуы

Жаттығу әрбір қатысушыға командадағы орындаған рөлін түсінуге көмекте- седі, оның топтық жұмысқа қосқан үлесі жалпы нәтижеге қалай әсер еткенін, үлес қосудың әртүрлі нұсқаларын түсінуге көмектеседі және қатысушыларда басқаларға құрмет көрсетуді және олардың функцияларын орындаудың маңыз- дылығын мойындауды дамытады.

Уақыты: 10 минут.

Жүргізуші әр қатысушыдан өзінің шағын тобы аясында бүкіл команданың қызметіне қосқан үлесін қалай көретіні туралы айтуды сұрайды. Топтарға дайындыққа 10 минут беріледі. Осыдан кейін шағын топтың бір мүшесі өнер көрсетеді және өз тобындағы әрбір адам туралы айтады. Қорытынды кездесуде әр команда жоба нәтижелерінің тұсаукесерін өзіне ыңғайлы форматта (бейнеролик, тұсаукесер, ғылыми баяндама, фактілер мен оқиғалардың иллюстрациясы, іскерлік ойын) дайындауы тиіс.

1. 1- команданың жұмысы
2. 2- команданың жұмысы
3. 3- команданың жұмысы

IV. Қорытынды.

1. Мотивациялық (жігерлендіретін) кездесу. Сабаққа көшбасшылық қасиеттері дамыған адамды қонақ ретінде шақыру.
2. Шақырылған қонақ оқушылардың жобалық жұмысы туралы өз әсерлерімен бөліседі.
3. Жүргізуші мен оқушылар 1- сабақта «Шоқжұлдыз» ми шабуылы кезін- де дайындалған сұрақтарды қояды (топ жетекшілерінде сақталып тұру ке- рек).

Топтардың талқылаулары мен ой-пікірлері келесі тұжырымдарға әкеледі:

1. Ең бастысы – өз құндылықтарыңыз бен басымдықтарыңыздың болуы және оларды түсіну қажет.
2. Сіздің дүниетанымыңыздың өзегі не екенін нақты түсіну.
3. Өз іс-әрекеттеріңізді басқара білу және оларды таңдалған құндылықтармен салыстыру.
4. Осыдан кейін әр оқушыға бүкіл жобалық іс-әрекет барысында оның сыныптастары, командалық серіктестері толтырған сипаттама парағы беріледі. Жүргізуші мен сынып жетекшісі осы сипаттамаға өзінің бақылаулары мен тілектерін қоса алады.

V. Рефлексия

Жобамен жасаған жұмыстан кейінгі әсер

1. Бөлменің ортасына карталар немесе жабысқақ парақтар қойыңыз.
2. Қатысушылардан бірнеше карточкаларды алып, тренинг туралы өз әсерлері мен естеліктерін жазуын немесе сурет ретінде салуын сұраңыз.
3. Қатысушылар карталарды қабырғаға немесе тақтаға іледі.
4. Барлығы қабырғаға жиналып, «естеліктерге» қарап суретке түседі.

«ӨЗІМЕ ДЕ, ӨЗГЕГЕ ДЕ ЖАУАПТЫМЫН!» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 11- СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

1- сабақ

Тақырыбы: «Ересек өмірге қадам»

Бостандық дегеніміз – жауапкершілік. Сондықтан адамдардың көпшілігі бостандықтан қорқады.
Джордж Бернард Шоу

Мақсаты: білім алушылардың жауапкершілік қасиетін дамытуға ықпал ету.

Жоспарланған нәтижелер:

- ересек адамның қасиеті ретінде жауапкершілік туралы түсінігі тереңдей түседі;
- рефлексивті талдау, өзін-өзі бағалау дағдылары дамиды;
- өзін жауапты тұлға ретінде қалыптастыруға деген ұмтылыс пайда болады.

Ресурстар: А4 парақтары, түрлі-түсті маркерлер, қағаздан желімделген цилиндрлер немесе «Лабиринт» жаттығуына арналған конустар.

Сабақтың барысы

I.Кіріспе

«Менің сүйікті жейдем» жаттығуы.

Жұптық жұмыс: сіздің жеке басыңыздағы, мінезіңіздегі басты нәрсені бейне- лейтін ұранмен немесе символымен А4 парағына жейденің суретін салыңыз. Су- реттермен алмасыңыз. Сіздің серіктесіңіз дұрыс түсінді ме, олар сурет/жазу сіздің тұлғаңызды көрсететініне келісе ме?

Сәйкессіздік пайда болған жұптар сөйлейді .

2. Дәйексөз жайында әңгімелесу.

«Бостандық дегеніміз – … . Сондықтан адамдардың көпшілігі бостандықтан қорқады». Джордж Бернард Шоу

Көп нүктенің орнына қандай сөз қояр едіңіздер?

II. Негізгі бөлім

1. «Ассоциацияны таңдау» жаттығуы.

Оқушыларға «жауапкершілік» ұғымына ассоциация сөздерін таңдап, тақтаға екі бағанға жазу ұсынылады.

борыш, сүйіспеншілік, қамқорлық, тәуелсіздік, дербестік, сенімділік, өзін-өзі жүзеге асыру …	батыл емес, алаңдаушылық, пассивтілік, өзімшілдік, қорқақтық, қиындықтардан қорқу …

Ұсыным*: бұл екі сөз тобын бірден «оң» және «теріс» ассоциациялар ретінде анықтауға болмайды. Белгілі бір сөздерді қайда жазу керектігін айту керек.*

Талқылауға арналған сұрақ: Неліктен «жауапкершілік» ұғымы оң және теріс ассоциациялар тудырады?

«Жауапкершілік шеңбері» жаттығуы.
Мақсаты: өз жауапкершілігіңіздің аймақтарын түсіну.
Топтық жұмысқа арналған тапсырма. Алдымен топтың әрбір мүшесі өз өмірін- де не үшін жауап беретінін тұжырымдап, жазуы керек. Топ барлық жазбаларды талқылайды. Жалпы қорытынды жасалады: сіздің жеке жауапкершілігіңіздің аймақтары қандай. Топ өкілі сөз сөйлеп, тұжырымды дәлелді түрде негіздеуі керек.

«Лабиринт» жаттығуы.
Мақсаты: басқаны сөзсіз сезіну және түсіну, ол үшін жауапкершілікті сезіну.
Жүргізуші аудиториядан шығады. Ауыр емес заттармен белгіленген маршрут салынады. Осы лабиринтте «гид» «соқырды» жетектеп жүргізуі керек. «Гид» сөйлеуге құқылы емес, тек «соқыр адамға» қол тигізе алады.
Талқылау. Жүргізуші оған кедергілерді жеңуге не көмектескенін айтады. Қатысушылар рөлдердің қайсысы қиын болғаны туралы өз әсерлерімен бөліседі.

«Қамқорлық» жаттығуы.
Мақсаты: Өз өміріңіз үшін жауапкершілікті қабылдау.
Сіз қамқорлық жасауыңыз керек, өмірі мен мінез-құлқы үшін жауапкершілікті сезінетін барлық адамдарды елестетіп көріңіз. Парақка жазыңыз.
Аяқтағаннан кейін мұғалім келесі сұрақты ұсынады: сіз өзіңізді осы тізімге енгіздіңіз бе?

Талқылау. Алынған нәтижелер талданады және неге бұлай болғаны талқыланады.
Ақпараттық блок.
«Әр адам қоғамның мүшесі ретінде неге жауапты?» ми шабуылы
Ұсыныстар тақтаға немесе флипчартқа жазылады.
Мұғалім слайдта ақпарат береді және адамдардың іс-әрекеттері қалай анықталатыны туралы ойлануды ұсынады, осылайша адам да төмендегілер үшін жауапкершілікті сезінуі керек:

- білім
- құндылықтар
- сенімдер
- нақты мотивтер
- сезімдер мен эмоциялар.

Талқылау.

«*Қателіктер үшін жауапкершілік» жаттығуы.*
Мақсаты: қателіктер үшін жауапкершілікті қабылдаудың жеке стратегияларын пысықтау.
Топтық жұмыс. Қатысушыларға күнделікті қателіктер мен теріс қылықтар мысалдарын еске түсіру немесе ойлап табу ұсынылады. Содан кейін топтардың бірінің өкілі бұл теріс қылық туралы айтады.
Талқылау. Топ мүшелері «жақын адам», «дос», «ата-ана» позицияларынан реакцияларды сипаттайды, себептерін талдайды, жағдайды түзету жолдарын ұсына- ды.

«Проективті хат» жаттығуы.
Мақсаты: Өзгенің эмоционалды жағдайы үшін жауапкершілікті қабылдау. Топта кім көбірек қолдау мен көмекке мұқтаж екенін ойлап, оны қолдаудың жо-

лын тауып, хат жазуға тырысыңыз. Хатта адресатқа кеңес болмауы керек. Ол сол адамға қатысты өз ойлары мен сезімдерін білдіруге бағытталуы керек.
Талқылау:

- бұл жаттығу эмпатиялық түсіну дағдыларын дамытуға көмектеседі;
- зейіннің оң белгілерін көрсете білу бойынша жұмыс.

III. Жобалық іс-әрекет

Мұғалім оқушыларға бүкіл мектеп үшін маңызды болатын және мектепті бітіргеннен кейін оларды еске түсіретін жоба құруды ұсынады. Бұл мектептегі мейірімді атмосфера үшін, мектепте бір-біріне қатысты зорлық-зомбылықтан бас тарту мәдениетін құру үшін жауапкершіліктің көрінісі болады.
Жобаның жалпы бағыты ұсынылады – жанжалдарда араша түсушілердің қозғалысын құру.

Жоба бойынша үй тапсырмасы

«Жауапкершіліктің көрінісін талдау» жаттығуы

Мақсаты: Өзіңіздің авторлық позицияңызды және басқа адамдармен қарым-қатынастағы шығармашылық рөліңіздегі жауапкершілікті түсіну.
Бір апта ішінде ата-аналармен, мұғалімдермен, достармен, өзіңізбен қарым-қатынасыңызды талдаңыз. Сіздің мінез-құлқыңызда «мен міндеттімін», «мен қалаймын» деген ойлар қашан көрінгенін анықтауға тырысыңыз.
Келесі сабақта талқылауға арналған сұрақ. Бірінші санатқа немесе екіншісіне қатысты не оңай болды? «Мен міндеттімін» санатын «мен қалаймын» санатына қалай ауыстыруға болады?

2. Чат құрыңыз, онда «Мен не үшін жауап беруге дайынмын» тақырыбында сыныптастарыңыздың пікірлерін жинаңыз, талдаңыз және қорытынды жасаңыз.
3. Жұмыс тобын құрыңыз, бірнеше сұрақ қойыңыз, «Сынып пен мектептегі балалар арасындағы жанжалдар» тақырыбында сауалнама жүргізіңіз. Қақтығыстар негізінде қандай себептер жиі кездесетіні туралы талдау жасаңыз.

IV. Қорытындылау

Мұғалім сабақты дизайнер, блогер А.Лебедевтің сөздерін қолдана отырып қорытындылайды: «Адам шешім қабылдай бастағанда және оның жауапкершілігін сезіне бастағанда ересек және тәуелсіз болады».
Оқушыларға сабақтың мазмұнына деген көзқарасын білдіру ұсынылады: тақтаға «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрақтар бар» смайликетрін орналастыру.

2- сабақ
Тақырыбы: «Жауапкершілік – менің таңдауым»

Сен әрқашан кедергі жасамаған нәрсе үшін жауаптысыз. Жан-Пол Сартр

Мақсаты: білім алушылардың қоғамдық маңызы бар мәселе бойынша жоба- лық қызмет дағдыларын дамытуға ықпал ету.

Жоспарланған нәтижелер:

- қоғамдық маңызы бар мәселелерді шеше алатын ересектердің жауапкершілігі туралы түсінік тереңдей түседі;
- рефлексивті талдау, өзін-өзі бағалау дағдылары одан әрі дамиды;
- айналадағы адамдардың сезімдері мен мінез-құлқын талдау дағдылары дамиды;
- мектеп қоғамдастығының игілігі үшін ынтымақтастыққа деген ұмтылыс пайда болады.

Ресурстар: ватман парақтары, маркерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Бірінші үй тапсырмасының нәтижелері бойынша жаттығу
«Өзін-өзі бағалау» жаттығуы
Мақсаты: өз-өзіне және басқалардың өзіне деген көзқарасы арасындағы байланысты түсіну.
Қатысушыларға бойындағы қасиеттерінің екі тізімін жасау және оларды кесте түрінде рәсімдеу ұсынылады.

Өзімді не үшін жақсы көремін?	Өзімді не үшін жақсы көрмеймін?
Өзгелер мені не үшін жақсы көреді?	Өзгелер не үшін мені жақсы көрмейді?

II. Негізгі бөлім
«Айна» плакат техникасы
Мұғалім «психологиялық айна» деп аталатын плакатта өзіндік талдау мен өзін- өзі реттеуге бағытталған сұрақтарды ұсынады. Біріншісі назар мен талдауды өзі- не бағыттайды. Екіншісі – сіздің жаныңыздағы басқа адамға талдау жасайды.

«Психологиялық айна»	
Сізге атыңызды атамай немесе сізді мүлдем атамай-ақ жүгінгенде, өзіңізді қалай сезінесіз?	Сіз адамға оның атын атамай сөйлеген кезде, ол сіздің ойыңызша өзін қалай сезінеді?
Сіз сөйлегенде біреу сөзіңізді бөлсе, өзіңізді қалай сезінесіз?	Біреу сөйлегенде және сіз оның сөзін бөлгенде, ол сіздің ойыңызша өзін қалай сезінеді?

Жаныңыздағы адамның аузынан жаман сөз естігенде, өзіңізді қалай сезінесіз және бұл адам сізге қалай көрінеді?	Кенеттен дөрекі сөздер мен қарғыс сөздерді айта бастағанда, сіз қалай ойлайсыз, басқа адамдар қандай және олардың көз алдында қалай көрінесіз?
Өтірікті естігенде, өтірікшіге қалай қарайсыз?	Өтірік айтқаннан кейін, сіз басқалардан сізге қандай қарым-қатынас күтесіз?

Талқылау

1. Топтық жұмыс

«Басқаларға арналған ережелер» жаттығуы.

Мақсаты: серіктестік пен ынтымақтастық қатынастарын орнатуға және дамы- туға ықпал ету.

Материал: А4 парақтары, қаламдар.

Ережелерді тұжырымдау

Нұсқаулық: ватман парағын екі бағанға бөліңіз, бірінші бағанға өзіңіз үшін ережелердің (тыйымдардың) тізімін жазыңыз, оларды орындау сізге өзіңізді жайлы сезінуге мүмкіндік береді және сонымен бірге басқа оқушылармен құр- метпен қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Екінші бағанда – құрдастарына (сыныптастарына) арналған ережелер.

Талқылау:

- Тапсырманы орындау қиын болды ма? Неліктен?
- Бізге өмірде ережелер керек пе? Неліктен?
- Әр ереже нені үйретеді?
- Осы ережелерді орындау нені ынталандырады?

Ескерту. Егер жасөспірімдер өз ережелерін теріс тұжырымдайтын болса, онда оларды оң тұжырымдарға айналдыру қажет емес, мысалы, қатты айқайламаңыз / біз ақырын сөйлесеміз.

Талқылау:

Біз айналамыздағы адамдарға өз үміттеріміз туралы айтуымыз керек пе? Нелік- тен?

Біздің бұған құқығымыз бар ма?

Егер біз өзіміз үшін күреспесек не болады? (өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, құн- дылықтардың өзгеруі, мақсаттардан бас тарту, жағымсыз эмоциялар)

Мұндай жағдайды елестетуге бола ма: біз ережелер ойлап таптық, бәрі олар- ды сақтай бастады, сыныпта (мектепте) қақтығыстар жоғалып кетті ме? Егер жоқ болса, бұл жағдайда не істеуге болады?

Дөңгелек үстел

Сіз әрқашан кедергі жасамаған нәрсе үшін жауаптысыз.

Жан-Пол Сартр

Дөңгелек үстелдің тақырыбы «Қамқорлық пен жауапкершіліктің ең төмен- гі деңгейі, ойын-сауық пен рахаттың ең жоғарғы деңгейі, бұл бүгінде әлемдік жастардың басым бөлігі сәтті қоныстанған балалық шақ елі» деген тұжырымда көрсетілген.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Сіз бұл мәлімдемемен келісесіз бе? Жақтаушы және қарсы дәлелдер кел- тіріңіз.

2. Орта мектеп оқушысы ретінде өз сыныбыңызда (мектебіңізде) нені өзгерте аласыз?

Дөңгелек үстелдегі байланыс ережелері:

- жалпы сөз тіркестерінен аулақ бол;
- мақсатқа (тапсырмаға) назар аудар;
- тыңдай біл;
- әңгімеде белсенді бол;
- қысқа сөйле;
- сындарлы сын айт;
- әңгімелесушіге қатысты қорлайтын ескертулерге жол берме.

Қорытындылау.

III. Жобалық іс-әрекет

Команда құру

1. «Үй» жаттығуы

Мақсаты: топтағы рөлін, мінез-құлық стилін білу. Уақыты:
15 минут.

Жаттығу барысы: қатысушылар 2 командаға бөлінеді. Жүргізуші нұсқаулық бе- реді: «Әр команда толыққанды үйге айналуы керек! Әр адам осы үйде кім бола- тынын таңдауы керек – есік, қабырға немесе тұсқағаз немесе жиһаз, гүл немесе теледидар болуы мүмкін бе? Таңдау сіздікі! Бірақ сіз толық және функционал- ды үй болуыңыз керек екенін ұмытпаңыз! Үйіңізді тұрғызыңыз! Сіз бір-біріңізбен сөйлесе аласыз».

Жаттығудың психологиялық мәні: қатысушылар осы ұжымда қандай функция- ны атқаратындығы туралы ойлайды, олардың барлығы өздерінің «үйінде» қажет екенін түсінеді, бұл ұжымның бірігуіне ықпал етеді.

Үй тапсырмасын талқылау – «Сыныптағы және мектептегі балалар арасындағы жанжалдар» тақырыбындағы сауалнама нәтижелері.

Әңгімелесу: Бүгінгі сабақтың дәйексөзін қалай түсінесіз?

Ақпараттық блок:

Сыныптағы (мектептегі) қарым-қатынас атмосферасын қалай жағымды етуге болады? Медиация дегеніміз не?

Медиацияның мәні туралы мұғалімнің шағын презентациясы.

Медиацияның міндеттері:

- жанжалды жағдайды сындарлы түрде шешу (қалпына келтіру бағдарлама- ларын жүргізу арқылы);
- мектептегі қауымдастықтарға жеке қатынастарға сүйене отырып, бір-бірін түсінуге мүмкіндік беру;
- мектеп қауымдастығындағы агрессивтілік деңгейін төмендету;
- оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ету.

«Бітімгер портреті» жаттығуы

Сынып үш топқа бөлінеді. Әр топқа адам фигурасының алдын ала дайындалған силуэті беріледі (қағаздан кесілген). Топ мүшелеріне бітімгерлік қасиеттер ту- ралы ойлануға және осы қасиеттерді дайындалған силуэтке жазуға тапсырма беріледі. Сонымен қатар, топ қатысушыларына адам ағзасының қай бөлігіне осы қасиеттерді жатқызуға болатындығы туралы ойлану ұсынылады (мысалы, бас – жағдайды дұрыс бағалау қабілеті, жүрек – эмпатия қабілеті және т.б.). Шағын топ- тарда жұмыс істегеннен кейін жүргізушілер барлық қатысушыларға сәтті делдал- дың қасиеттерін талқылауды ұсынады.

Проблемалық сұрақ: «Оқушылар өз сыныбында, мектеп ұжымында медиация- ны (жанжалдарды медиациялау) ілгерілету үшін не істей алады?
Жобаны жоспарлау туралы миға шабуыл.

1) Жәбірлеу, буллинг, зорлық-зомбылық көрсету бойынша мектептегі нақты жағдайдың қысқаша сипаттамасы.

2) Жобаның мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау – әртүрлі сынып оқушыларынан медиатор-делдалдардың жалпы мектептік қозғалысын құру.

3) Жобаның түпкілікті нәтижесінің нысанын айқындау.

4) Жобалық топты қалыптастыру, жаттығуларда орындалған өзіндік талдауға сүйене отырып, оқушылар арасында функцияларды бөлу.

Жоба бойынша үй тапсырмасы:

1. Жоба тақырыбы бойынша ақпарат жинау және талдау жүргізу:
   - медиация дегеніміз не, оны жүзеге асыру жолдары,
   - медиатор болғысы келетін білім алушының бойында болуы тиіс қасиеттер,
   - талдау, мектеп медиаторлары қандай қақтығыстарға әсер етуі мүмкін екенін анықтау.
2. Мақсатқа жету жолдарын тұжырымдау (медиация әдістерін қалай үйренуге болады, ересектердің қайсысы оқушыларды оқытуға тартылуы керек).
3. Жоба бойынша іс-қимыл жоспарын жасаңыз.

Қорытындылау

Оқушылар сабақтың мазмұнына көзқарасын білдіреді. Сабақта ненің жаңа, ненің қызықты болғанын айтады.

3- сабақ

Тақырыбы: «Өзім үшін де, өзгелер үшін де жауаптымын!»

Жанжалдың шоғы қызарса – ақылдың суын сеп.
Саиф Сараи

Мақсаты: медиация аспектісінде жанжалды жағдайларда білім алушылардың мінез-құлық дағдыларын дамыту.

Жоспарланған нәтижелер

- жанжал мен оларды шешу жолдары туралы түсінік тереңдей түседі;
- қарым-қатынас дағдылары дамиды;
- медиация дағдылары дамитын болады;
- оқушылар арасында жанжалдарды шешуге көмектесу мотивациясы дамитын болады.

Ресурстар: ватман парақтары, А4 парақтары, қаламдар, фломастерлер, маркерлер.

Сабақ барысы

I.Кіріспе

«Сәтті күннің рецепті» жаттығуы.

Мақсаты: оң тәжірибеге назар аудару дағдыларын дамыту, сыртқы және ішкі ресурстарды іздеу.

Материал: А4 парағы, қаламдар, түрлі-түсті қарындаштар.

Нұсқаулық: «Жақсы тағам жасау үшін бізге қажетті ингредиенттердің тізімін көрсететін жақсы рецепт қажет екенін бәріміз білеміз. Сіздің алдыңызда қағаз парақтары бар. Ойланып, парағыңызға сәтті күннің «ингредиентін» жазыңыз (салыңыз), содан кейін барлығына көрсетіңіз. Біз сіздің компоненттеріңізді айтамыз және біз жалпы рецепт жасаймыз».

II. Негізгі бөлім

«Жақсы және жаман істер» жаттығуы

Жаттығудың сипаттамасы

Қатысушылар екі командаға бөлінеді. Әр командаға ватман парағы, флома- стерлер немесе маркерлер және А4 қағазы беріледі. Бір команданың міндеті – адамға өзін көбірек құрметтеуге мүмкіндік беретін көптеген әрекеттерді жазу.

Тиісінше, екіншісінің міндеті – адамның өзіне деген құрметін жоғалтатын әрекеттерді жазу. Қажет болса, әр команда сөздерді тиісті әрекеттердің суреттерімен бекіте алады.

Талқылау

Әр команда өз тақырыбын ұсынады. Содан кейін жалпы талқылау жүреді, соңында жүргізуші айтылғандардың бәрін қорытындылайды. Әркімнің осы және басқа әрекеттер арасында таңдауы бар екеніне назар аудару өте маңызды, бірақ әр уақытта бір немесе басқа мінез-құлықты таңдағанда, біз өзімізге деген құр- метке ие боламыз немесе жоғалтамыз.

Жаттығудың психологиялық мәні

Балалардың іс-әрекеттер мен өзін-өзі құрметтеу арасындағы байланысты білуі. Өзін-өзі бағалау ұғымын бөліп көрсету және оның өзара сыйластықпен байланы- сын анықтау. Бұл толыққанды қарым-қатынастың қажетті шарты, онсыз келісімді дамыту мүмкін емес.

2. «Мен хабарлама» жаттығуы – жанжалды басқарудағы, келіссөздер жүргізудегі, нәтижелі қарым-қатынас орнатудағы маңызды дағды.

Мазмұны: жүргізуші әр қатысушыға кестесі бар бланк береді және келесі нұсқауларды айтады: сізге кестедегі «Сіздің сезіміңіз» және «Мен- хабарлама» бағандарын толтыру қажет. Сол жақ бағанда – жағдайдың сипаттамасы, оң жақта сіз бұл жағдайда қандай сезімдерді игергеніңізді жазуыңыз керек. Үшінші баған- да сіз жазған сезімді (немесе сезімді) ескере отырып, «Мен- хабарлама» деп жа- зыңыз.

Жағдаят	Сіздің сезіміңіз	Мен-хабарлама
1. Сіз мектептен кейін үйге келесіз. Сіздің бөлмеңізді үйдегі біреу шашып кеткен.	Ашу, реніш	Менің заттарыма рұқсатсыз тиіп, шашып кеткеніне ренжіп, ашуланамын.
2. Сіздің іниіңіз (қарындасыңыз) және оның досы үйдің ішінде бір-бірін қуалап жүгіріп, қатты айқайлайды.		
3. Сізді досыңыз достарымен бірге тау жорығына шақырады. Бірақ сіздің досыңыз шақырған кейбір топ мүшелері сізге ұнамайды. Оларды сенімді адамдар деп санамайсыз.		
4. Сіздің анаңыз жаңа құлаққап сатып алып беру туралы уәдесін орындамады.		
5. Сіз күні бойы құрбыңызға қоңырау шалдыңыз, өйткені серуендеуге уәделестіңіз. Бірақ қоңырауға жауап бермеді. Оның жаңа досымен саябақта серуендеп, селфи жасағаны белгілі болды.		

"Рөлдік гимнастика" жаттығуы.

Психолог жасөспірімдерге "Біз өзіміз бірдей нәрселерді әртүрлі тәсілдермен жасай аламыз, яғни әртүрлі жағдайларда әртүрлі боламыз. Бұған көз жеткізуге тырысайық" деген ұсыныс айтады.

Психолог жасөспірімдерге келесі әрекеттерді орындауды ұсынады.

1. Белгілі өлеңді әртүрлі жолмен айту: сыбырлап; пулемет жылдамдығымен; ұлу жылдамдығымен; робот ретінде; шетелдік ретінде.
2. Бала; қарт адам; арыстан сияқты жүру
3. Гүлге қонған ара; атқа мінген шабандоз сияқты отыру
4. Күзгі бұлт; ашуланған ана; ашуланған арыстан сияқты қабағын түйу
5. Күн көзінде жатқан мысық; күннің өзі сияқты күлімсіреу.

Жаттығуды талдау

- Өлеңді қалай айту және тыңдау сізге ұнады?
- Сізге қалай серуендеу, отыру, қабағын түйу және күлімсіреу ұнады?

Ақпараттық блок

Мұғалім ақыл-ой картасы түрінде ақпарат береді.

1. Жанжалдың алдын алу үшін қажетті негізгі әдістер:

- агрессияға агрессиямен жауап бермеңіз;
- қарсыласты сөзбен де, қимылмен де, көзқараспен де қорламаңыз;
- қарсыласыңызға сөйлеуге мүмкіндік беріңіз;
- қарсыластың қиындықтарына байланысты өз түсінігіңізді білдіруге тырысыңыз;
- тез қорытынды жасамаңыз, асығыс кеңес бермеңіз;
- қарсыласыңызды тыныш жағдайда туындаған мәселелерді талқылауға шақырыңыз.

III.Жобалық іс-әрекет

1. Жанжалдардың алдын алу туралы әңгімелесу.

Біздің қарым - қатынасымыз көбінесе жанжалсыз жүре ме? Жанжалдардың алдын алудағы жетістіктер туралы кім айта алады? Адамдардың оң қарым-қатынасына не кедергі болатыны есіңізде ме?
Жанжалды жағдайлардың алдын алу үшін жеткілікті күшім бар дейтіндер қолыңызды көтеріңіз?

2. Топтық жұмыс. Топтарға бөлініп, оқушылар табысты делдалдың қандай қасиеттерге ие болуы керектігін тұжырымдайды. Содан кейін әр топтың нәтижелерін талқылай отырып, оқушылар делдалдың Этикалық кодексін бірге жасайды. Мысалы:

- байсалды және мықты бол, бірақ сонымен бірге «жылы» және «позитивті» бол;
- сенім мен қамқорлықты білдір;
- жауапты болыңыз, бейтарап бол;
- құрмет көрсет;
- жанжалға араласпа;
- эмоцияны басшылыққа алма;
- кеңес берме, шешім табу үшін өз идеяларыңызды таңбаңыз;
- кекірейіп әрекет етпе;
- жауапкершілікті байыпты қабылда;
- басқа адамның сезімдерін түсінуге тырыс;
- басқаны сендіруге тырыс;
- жағдайды басқаруды үйреніңіз.

3. Жаттығу

Медиация дағдыларын дамыту.

Мақсаты: жанжал жағдайында икемді мінез-құлық дағдыларын дамыту, мәсе- лені шешудің оңтайлы нұсқасын табу.

Мұғалім жағдаяттарды ұсынады, оқушылар проблемалық жағдайлардан шығу- дың өз нұсқаларын таңдап, қағазға жазуы керек. Мысалы:

- Сіз жасамағаныңыз үшін көпшілік алдында айыпталдыңыз.
- Жұмыстан шаршап келген анаңыз сізді пәтердегі тәртіпсіздік үшін жазалай бастайды.
- Мұғалім сізге әділетсіз төмен баға қойды.
- Сыныптас жағдайды түсінбей, сізді қорлай бастайды.
- Көшеде өтіп бара жатқан көлік сізге балшық шашып кетті.

Жұмысқа 10 минут беріледі. Содан кейін әр қатысушы проблемалық жағдай- лардан шығудың өз нұсқаларын оқиды, содан кейін топтық талқылау жүреді.

Талқылау. Жанжалға қатысушылардың әрқайсысының сезімдері мен мінез-құлқының себептері талданады. Жанжалды жағдайдың әртүрлі түсіндірме- лері ұсынылады.

Тапсырманы орындауға психолог немесе әлеуметтік педагог қатысады.

Мақсаты. Медиация дағдыларын пысықтау.

Топтық жұмыс. Сынып 4 топқа бөлінеді. Топтардың әрқайсысы жеке-жеке ойналатын өзінің жанжалды жағдайын ұсынады. Топ мүшелерінің бірі жанжалды жағдайды шешуге көмектесетін медиатор рөлін атқарады.

Психолог немесе әлеуметтік педагог тапсырманың орындалуына түсініктеме береді.

Жоба бойынша тапсырма

1. Мектеп психологімен, әлеуметтік педагогпен медиация бойынша консульта- циялар өткізу.
2. «Медиатор қалай жұмыс істейді» презентациясын дайындау. Шағын топтарда «Медиатордың мақсаты мен жұмыс кезеңдері» кестесін толтырыңыз.
3. Медиатор ережелерін әзірлеу.
4. Медиаторлар клубы (медиаторлар қозғалысы) туралы ереже әзірлеу.

IV. Қорытындылау

Оқушылар сабақтың мазмұнына көзқарасын білдіреді. Сабақта ненің жаңа, ненің қызықты болғанын айтады.

4- сабақ

Тақырыбы: «Қоршаған әлемді ізгілікке толтырамыз!»

Зұлымдықпен ынтымақтастықтан бас тарту – жақсылықпен ынтымақтастық сияқты парыз.

Мақсаты: оқушылардың жәбірлеу, зорлық-зомбылық, буллингке қарсы тұру- дағы жауапты мінез-құлқын қалыптастыру.

Жоспарланған нәтижелер:

- оқушылардың мектептегі білім алушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған командада жұмыс істеуге ынтасы артады;
- медиацияның мәнін, принциптерін, ережелерін түсінеді;
- медиацияның кейбір дағдыларын меңгереді.

Ресурстар: түйреуіші бар қалың қағаздан жасалған 15х20 см карточкалар, мар- керлер, фломастерлер, 3 флипчарт; буллинг жағдайы бар бейнеролик.

Дайындық кезеңі:

Сынып іс-шараны коворкинг түрі бойынша дайындайды:

1) жүргізуші айқындалады;
2) сценарий жазылады;
3) рөлдік ойын үшін буллингтің 2-3 жағдаяты әзірленеді;
4) бітімгерлер (медиаторлар) қозғалысының презентациясы дайындалады:

- «Медиатор қалай жұмыс істейді», «Медиациядағы біздің мүмкіндіктеріміз» презентациялары;
- «Медиатордың ережелері», «Медиатордың қасиеттері», «Қалай медиатор болуға болады» презентациялары;
- Медиаторлар қозғалысы туралы ереже;

5) 7-10 сынып оқушылары таңдалады;
6) педагогтер, педагог-психолог, ата-аналар шақырылады.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Танысу. «Визитка»

Коворкингке қатысушыларға карточкада оларды жақсы сипаттайтын затты, символды бейнелеу ұсынылады. Визиткалар кеудеге бекітіледі, қатысушылар бір-бірімен танысуға келеді.

II. Негізгі бөлім

Сыныпта (акт залында) қатысушылардың 4 тобы бөлек отырады: 11- сынып оқушылары, 7-10 сынып оқушыларының құрама тобы, педагогтар, ата-аналар.

1. Буллинг жағдайымен бейнені көру

Жүргізуші бейнені көруді ұсынады және талқылауды ұйымдастырады. Сұрақтар:

1. Бұл бейнені көргенде не сезіндіңіз?
2. Мектеп өмірінің бұл құбылысына қалай қарайсыз?
3. Мұның себебі неде және не істеу керек деп ойлайсыз?

Тапсырма. «Басқаларға арналған ережелер».

Мақсаты: серіктестік пен ынтымақтастық қатынастарын орнатуға және дамы- туға ықпал ету.

Ресурстар: флипчарттар, маркерлер.

Тапсырма. Ережелерді тұжырымдау
Нұсқаулық: флипчарттарда әр топтың өкілдері 11- сынып оқушылары, құрама командaның оқушылары, мұғалімдер, ата-аналар қысқаша талқылаудан кейін өз- дері үшін ережелердің тізімін жазады, оларды сақтау жанжалды жағдайды шешу- ге көмектеседі.
Талқылау:

- Бізге өмірде осындай ережелер қажет пе? Неліктен?
- Ұсынылған ережелердің қайсысы ең қолайлы, жұмыс істейді?
- Осы ережелерді орындау нені ынталандырады?

Нәтиже – жалпы ережелер жиынтығы.
Рөлдік ойын. 11-сынып оқушылары буллингтің 2 жағдаятын ойнайды және бар- лық қатысушыға осы мәселеге қатысты өз шешімдерін беруді ұсынады.
Оқушылардан, мұғалімдерден, ата-аналардан ұсынылған шешімдер талқыла- нады.
Педагог-психолог ұсынылған шешімдерге түсініктеме беріп, қажеттілікті атап өтті:

- жанжал тараптарымен байланысқа қол жеткізу және ұстап тұру қабілеті;
- эмоцияларды сындарлы түрде білдіру үшін жағдай жасай білу;
- жұмыс кезінде тыныш атмосфера құра білу;
- өзара түсіністікті қамтамасыз ету үшін жағдай жасай білу.

Жобаны ұсыну. Жүргізуші 11-сынып оқушыларын «Өзіме де, өзгеге де жауапты- мын!» жобасын таныстыру үшін ортаға шақырады.
Балалар жобадан алған әсерлері туралы айтып, мектептерде жәбірлеу мен қор- лау болмау үшін жоғары сынып оқушылары өз жауапкершілігін түсіну керек де- ген пікір айтады. Сондықтан олар мектеп оқушыларының медиаторлар, бітімгер- лер – жанжалдарды шешуге көмектесетін адамдар қозғалысына қатысуы қажет деп санайды.
Қызықты, түсінікті, түрлі-түсті презентациялар ұсынады:

- «Медиатор қалай жұмыс істейді», «Медиациядағы біздің мүмкіндіктеріміз» таныстырылымы;
- «Медиатордың ережелері», «Медиатордың қасиеттері», «Қалай медиатор болуға болады» таныстырылымы;
- Медиаторлар қозғалысы туралы ереже.

Талқылау
5 Медиаторлар қозғалысының символына (логотипіне) және ұранына конкурс өткізу ұсынылады.

III. Қорытындылау
Қатысушыларға 2-4 стикер жапсырма таратылады. Оларға әркім сабақтың соңында жадында не қалғанын жазады: ойындардың сипаттамасы, жаттығулар, басқа қатысушылармен қарым-қатынас тәжірибесі және т. б.
Флипчартта үш сурет ілінеді: піскен апельсин, бір стақан апельсин шырыны, апельсин күнжарасы.
Жүргізушінің командасы бойынша коворкингке қатысушылар қандай-да бір суретке жазбалар жапсырады:

- піскен апельсиндер – қайтадан оралып, ойланып, соңына дейін жет- кізу керек;
- бір стақан шырын – қуантып, жігерлендіріп, физикалық және рухани күш беретін нәрсе;
- күнжара – ұнамаған, артық нәрсе.

Жүргізуші коворкингтің қандай «дәммен» аяқталғанын анықтайды.

8-қосымша

ДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1. «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы мониторингінің мақсаты:

- Бағдарламаны іске асыру барысын объективті бағалауды қалыптастыру;
- Бағдарламаны іске асыру жоспарын түзету бойынша негізделген шешімдерді уақтылы қабылдау;
- Бағдарлама бойынша білім беру ұйымдарының қызметін жоспарлау сапасын арттыру.

2. Бағдарлама мониторингі мектепішілік бақылау жоспарына енгізіледі.

Мониторинг екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1) Білім беру ұйымында буллингтің, әлеуметтік-эмоционалдық климаттың таралуын диагностикалау. Диагностика оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға сауалнама жүргізу түрінде өткізіледі.

2) Балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының және диагностикалар деректерінің орындалуын талдау.

Диагностика мен өзіндік есеп беруді директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары басқаратын білім беру ұйымы қызметкерлерінің тобы жүргізеді. Команда құрамына педагог-психолог, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері кіреді.

3. Бағдарлама мониторингінің кезеңдері, мерзімдері және қатысушылары

1) Кіру кезеңі оқу жылының басында жүзеге асырылады, 1-11- сынып оқушылары арасында буллингтің таралуына диагностика жүргізіледі; оқушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында әлеуметтік-эмоционалдық климатты диагностикалау жүргізіледі.

2) Аралық кезең оқу жылының ортасында жүзеге асырылады, 1-11- сынып оқушылары арасында буллингтің таралуын диагностикалау жүргізіледі; оқушы- лар, педагогтер және ата-аналар арасында әлеуметтік - эмоционалдық климатты диагностикалау жүргізіледі.

3) Қорытынды кезең оқу жылының соңында жүзеге асырылады, 1-11- сынып оқушылары арасында буллингтің таралуын диагностикалау; оқушылар, педагог- тер мен ата-аналар арасында әлеуметтік-эмоционалдық климатты диагности- калау; жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын талдау және осы диагностикалар дерек- тері негізінде өзіндік есеп беру жүргізіледі.

4. Буллингке қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуы (оқу жылының аяқталуы) мынадай деректерді қамтиды:

4.1. буллингтің анықталған және ескертілген фактілерінің %-ы ;

4.2. білім алушыларды кіріс және шығыс сауалнамалары бойынша қорғау тетіктері туралы хабардар ету %-ы (онлайн);

4.3. буллингтен қорғану тетіктерін пайдаланған білім алушылар мен ересектердің %-ы;

4.4. жоба аяқталғанға дейін және аяқталған кезеңде медициналық қызметкер-

лерге физикалық және психологиялық зорлық - зомбылықтың іздері бар жүгіну- дің тіркелген жағдайларының %-ы;

4.5. жәбірлеудің ықтимал жағдайларының деңгейін анықтау %-ы.

Білім беру ұйымдарына сауалнаманы оның нәтижелерін жинауды, сақтауды және өңдеуді жеңілдететін Google-нысандарын пайдалана отырып немесе «Өркен» «БӘАҰҒПИ» КеАҚ сайтында жүргізу ұсынылады.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ ТАРАЛУЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

Әдісті доктор Ден Олвеус (D. Olweus «The Olweus Bullying Questionnaire») жа- саған.

Ол төменгі, орта және жоғары сынып оқушылары үшін жарамды. Әдіс анонимді жауаптарды қамтиды және:

- құрбандар мен шабуылдаушыларды анықтауға;
- педагогтердің буллинг жағдайлары туралы хабардар болу дәрежесін бағалауға;
- буллинг жағдайларының жиілігін анықтауға;
- агрессияның формалары мен көріністерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында Д. Олвеус құрбандардың екі түрін анықтады – реніштерін жасыра алмайтындар және теріс көзқарас тудыратындар.

Біріншісі – өте сезімтал балалар. Көбінесе олар ұялшақ, сабырлы және тәртіпті болады. Олар агрессияның көріністерімен қалай күресу керегін білмейді және эмоцияларын еріксіз білдіріп қояды. Мұндай реакция ренжітушіні қайта-қайта қорлауға итермелейді.

Екіншісі – арандатушылыққа қызу жауап беретін қолайсыз оқушылар. Жәбірленушінің күлкілі мінез-құлқы шабуылдаушы үшін сыйлық ретінде қызмет етеді және құрдастарының арасында беделін көтереді. Жәбірленушілердің бұл түріне қарым-қатынаста жағымсыз (дөрекі, салақ, сотқар) балалар жатады.

Д. Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы

Әдістеменің мақсаты: білім беру ортасында буллингтің таралуы мен ерекшелі- гін анықтау.

Сипаттамасы: екі бөлек аспектіні, буллинг көріністерін және оған бейімділікті өлшейді.

Тікелей белсенді буллинг – физикалық агрессияның көрінісі (қасақана итеру, ұру, тепкілеу, ұрып-соғу, басқа да дене жарақаттарын келтіру, заттарды ұрлау не- месе бүлдіру, қорлау әрекеттері) және ауызша (балағаттау, қоқан-лоқы, қорқыту).

Жанама белсенді буллинг – оқшауланудың көрінісі (әлеуметтік депривация): өсек, қастандық, бойкот, өтініштерді елемеу.

Тікелей пассивті буллинг (виктимизация) – физикалық және ауызша агрессияға ұшырау.

Жанама пассивті буллинг (жанама құрбандық) – әлеуметтік депривацияға ұшы- рау.

Ұпайлар берілетін келесі жауаптар ұсынылады:

- ешқашан болған жоқ – 0 балл;
- бір-екі рет болды –1 балл;
- кейде болады – 2 балл;
- аптасына бір рет – 3 балл;
- аптасына бірнеше рет – 4 балл.

Нұсқаулық: мәлімдемелерді мұқият оқып шығыңыз, жауап нұсқасын таңдап, оны кез келген жолмен белгілеңіз. Тестілеудің орташа уақыты – 3-5 минут.

Мәлімдеме	Ешқашан болған жоқ	Бір-екі рет болды	Кейде болады	Аптасына бір рет болады	Аптасына бірнеше рет болады
1. Мен біреуді мазақтадым					
2.Мен біреумен әдейі сөйлескен жоқпын					
3.Мен біреуге итеру немесе ұру арқылы физикалық зиян кел-тірдім					
4. Мен біреу туралы өсек тараттым					
5. Мен қоқан-лоқы көрсеттім					
6.Мен біреудің затта-рын ұрладым немесе бұлдірдім					
7.Олар мені мазақтады					
8.Мен туралы өсек таратылды					
9. Ешкім менімен бірге отырғысы немесе бос уақытын өткізгісі кел-мейді					
10.Менің заттарым ұрланды					
11.Маған физикалық зиян келтірілді (соққы, итеру арқылы)					
12. Менімен ешкім сөйлеспеді					
13. Маған қоқан-лоқы көрсетілді					

Сауалнама кілті

Белсенді буллинг (агрессияның көрінісі):

тікелей буллинг – 1, 3, 5, 6;

жанама буллинг – 2 және 4. Виктимизация:

тікелей виктимизация –7, 10, 11, 13;

жанама виктимизация –8, 9, 12.

Нәтижелерді өңдеу

Алынған балдар кілтке сәйкес топтастырылады және әр шкала бойынша балл саны есептеледі. Балдардың қосындысы осы шкаладағы сұрақтар санына бөлі- неді.

Белсенді және пассив буллинг көріністерінің көрсеткіші 0- ден 4- ке дейін өз- гереді:

0-1 балл – көрсеткіш айқын емес; 1-3

балл – орташа (эпизодтық);

3-4 балл – айқын (тұрақты, жүйелі).

Білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның саламаттығы деңгейін диагностикалау

Заманауи педагогика психологиялық жайлылық қағидасын білім берудің маңызды қағидаларының бірі деп қарайды. Психологиялық жайлылық дәрежесі білім беру ұйымында білім беру қатынастарына қатысушылардың басым эмоцио- налдық жай-күйі (эмоционалдық саламаттығы) және тұтастай алғанда ұйымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуал бойынша айқындалады.

Білім беру ұйымындағы эмоционалды саламаттық білім алушылардың, мұғалім- дердің және ата-аналардың мекеме қабырғасындағы жағымды эмоционалды сезімімен дәлелденеді: қажеттіліктер мен олардың қанағаттануы арасындағы ішкі үйлесімділік сезімі, ситуациялық және жеке мазасыздықтың қалыпты дең- гейі, белсенділік пен өнімділіктің оңтайлы деңгейі, әр түрлі өмірлік жағдайлар- да әрекет ету мүмкіндігі мен дайындығы, жақсы көңіл-күйдің болуы, эмоционал- ды тұрақтылық (өзін-өзі бақылау), қорқыныш сезімін азайту, сезімдердің еркін, табиғи көрінісі, жағымсыз эмоцияларды басқару және реакцияларды бақылау; оқушының рөлін және білім беру ұйымы ұсынатын құндылықтар жүйесін қабыл- дау.

Білім беру ортасына қанағаттану–бұл оқушылардың, олардың ата-аналарының, мұғалімдердің білім беру ұйымында өтетін және оған кіретін білім беру қызметі- не қанағаттануы, атап айтқанда:

- білім беру ортасының демократиялығы;
- оқуды ұйымдастыру және балаларды оқыту мен дамытудың табыстылығы мен тиімділігіне, олардың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауға, оқу процесіне қызығушылықты сақтауға ықпал ететін білім беру процесін іске асыру жағдайларын жасау;
- білім алушылардың танымдық мотивациясы мен танымдық қы- зығушылықтарын қалыптастыруға жәрдемдесу;
- ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы;

- білім беру ұйымының білім беру процесіне қатысушылардың құндылықтар жүйесіндегі маңызы мен орны.

Білім беру ортасының демократиялығы – мектепті басқаруға қатысу, білім беру үдерісіне қатысушылардың жеке мүдделеріне қатысты шешімдер қабылдау мүмкіндігі.

«Мектеп атмосферасы» әдістемесі (Л. Кривцова)

Бұл әдіс әр мұғалімнің кестемен жеке жұмысын қамтиды. Мұғалімдер ұсы- нылған сұрақтарға жауап беру арқылы мектеп атмосферасының құрамдас бөлік- терін өзбетінше талдайды, содан кейін олардың жауаптары жинақталып, төрт компонент бойынша талданады және білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның саламаттығы деңгейі туралы қорытынды жасалады. Жасалған жалпы қорытынды белгілі бір мекемеде атмосфераны оң жаққа өзгерту бойынша іс-қимыл жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Мектептегі атмосфера туралы неғұрлым сенімді ақпарат алу үшін ата-аналар мен мұғалімдерге бірдей сұрақтар қойылады. Салыстырудан алынған нәтижелер мектептегі эмоционалды атмосфераны жақсарту бойынша іс-қимыл жоспарына түзету енгізуге мүмкіндік береді.

№	Сұрақ	Иә	Жоқ	Баланың дамуы үшін маңызды тәжірибелер тұрғысынан мектеп атмосферасының компоненттерін сипаттау
1	Мектепте қай жерлер қауіпті екенін білемін бе?			Мектеп жағдайында тыныштық, сенімділік, қауіпсіздік, жақсы бағдар сезімін қамтамасыз ету (Мектепте қауіпсіз бе, ережелер сенімді ме? Табысты оқыту критерийлерінің анықтығы бар ма? Қолданыстағы ережелер мен тыйымдар, шектеулер тәртіпті реттей ме? Оқушылар ережелер мен шектаулерге қатысты көмек пен кеңес ала ма? («Жаңадан келген», «ерекше» балалар) үшін маңызды).
2	Жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып оқушылары- ның дәретханаларына бара ала ма?			
3	Мектепте үзіліс кезінде мұғалім- дердің немесе жоғары сынып оқушыларының кезекшілігі бар ма?			
4	Мектепте оқушыларға мектептің ережелерін түсіндіруге арнайы уақыт бөлу дәстүрі бар ма? (Оқушылар мектепте қандай да бір теріс қылық үшін шектеулер қолданылатынын біле ме?)			
5	Біздің мектепте тіпті батыл құқық бұзушылар үшін де бе- делді инстанция бар ма (ди- ректор, Әкелер кеңесі, Әділет кеңесі және т. б.)?			
6	Мектепте белгіленген жаза- ларға қатысты жариялылық пен ашықтық бар ма?			
7	Мұғалімдер мектепте өздерін қауіпсіз сезіне ме?			
8	«Жаңадан келгендерге» біре- улер бейімделуге көмектесіп, оларды басқара ма?			

9	Мектепте өз пәніне құштар және балаларды баурап алатын мұғалімдер бар ма?	Мектепте болу үдерісінің тартымдылығын қамтамасыз ету (Мектепте қызық па? Балалар онда оқып, уақыт өткізгенді ұната ма? Атмосферасы жақсы ма?)
10	Балаларға жобалар, топ- тық тапсырмалар, пәнара- лық зерттеулер ұнай ма?	
11	«Жасандылық» құптала ма?	
12	Мектепте театрланды- рылған қойылымдар, кон- церттер, өнер сабақтары бар ма?	
13	Мектепте оқушылар өз сезімдерін ашық түрде білдіре алатын орын бар ма (хабарландыру тақта- сы, «Жылау қабырғасы», Сәлемдесу ағашы және т. б.)?	
14	Сыныптарда «Біз команда- мыз» деген сезімді нығайту бойынша жұмыс жүргізіле ме? Спорттық жарыстар- да жанкүйер болу әдетке айналған ба?	
15	Туған күнімен құттықтау әдетке айналған ба?	
16	Мұғалімдер, сынып жетек- шілері өз сыныптарында достық қарым-қатынас ор- натқаны үшін марапаттала ма?	
17	Мұғалімдер/әкімшілік оқушылармен бірге көр- кемөнерпаздар жарысына/ жорықтарға/спектакльдер- ге қатыса ма?	

18	Балалар мұғалімдерге өз- дерінің жеке әңгімелерін айтқан кезде олар құпи- ялылықты сақтай ма?	
19	«Жаман» оқушылардың жеке қадір-қасиетін сақтау дәстүрі бар ма?	
20	Балалардың өздері/және ата-аналар біздің сынып-тың/мектебіміздің ере- желер (және шектеулер) жинағын қалыптастыру рәсіміне тартыла ма?	
21	Шәкірттерінің қалай өмір сүретінін жақсы білетін мұғалімдерді әкімшілік көтермелей ме?	Оңаша болу құқығын, маңыздылық сезімін, қабылдауды қамтамасыз ету
22	Мектепте зорлық-зом- былыққа, қорлауға, ұр- лыққа төзбеушілікке қатысты келісілген және берік ұстаным бар ма?	(Мектепте балалар проблемалар- ды шешуге лайықты құрметпен назар аудару тәжірибесін ала ма? Мектепте әділеттілік мәдениеті бар ма?)
23	Мектепте ата-аналарға бадасының жетістіктері туралы хабарлау әдетке айналған ба?	
24	Қиын жағдайға тап болған адамға барлығы бірлесіп көмектесу әдетке айналған ба? Басқаларға көмектесу мұғалім тарапынан ынта-ландырыла ма?	
25	Мұғалімдер ешқашан ба-лалардың бағаларын жа-рия етпейді және оларды бір-бірімен салыстырмай ма?	

Мектепте балаға өз қа-
26 білеттерін түсінуге көмек-
тесу әдетке айналған ба?

Балалар / ата-аналар олар- ды мектепте бір нәрсе
27 үшін бағалайтынын сезе
ме? Әрқайсысы үшін сәт-
тілік жағдайы жасала ма?

28 Мұғалімдер өзін-өзі кәсіби анықтауға көмектесе ме?

АҰҰ және ҮЕҰ, институттар,
29 университеттер өкілдерін
мектепке шақыра ма?

Мектепте оқушылардың өмірлік дағдыларын да-
30 мытатын, оларды ересек
өмірге дайындайтын қо-
сымша сабақтар бар ма?

Табысқа қол жеткізген түлектермен кездесулер
31 ұйымдастырыла ма? Мек-
теп олармен қарым-
қатынаста ма?

Мұғалімдер жоғары сынып
32 оқушыларына бейін таңда-
уға көмектесе ме?

33 Оқушының болашақ кәсіби жолы туралы әңгімелесу үшін ата-аналарды шақыру әдетке айналған ба?

Болашақ өмірдің перспективалары, болашаққа деген сенімділік, жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау сезімін қамтамасыз ету

(Мектепте баланың болашағы туралы ойлай ма? Ол жұмсалған күш-жігердің мағынасын сезіне ме?)

9-қосымша

«МЕН НЕ ТУРАЛЫ ҮНДЕМЕЙМІН» ҚОЙЫНДЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

«Мен не туралы үндемеймін» қойындысы институттың ресми сайтында https:// orken-instituty.kz/ru. «Балаларға» бөлімінде орналасқан.

Қойынды балаға эмоционалдық, әлеуметтік немесе жеке қиындықтарды бастан кешіп жүрген кезде, ашық айтуға дайын болмаған жағдайда анонимді психоло- гиялық қолдау көрсетуге арналған. Бұл – әр бала өз сезімдерімен бөлісіп, кәсіби психологтен жауап ала алатын қауіпсіз онлайн кеңістік.

Барлық хабарламалар анонимді – бала өзінің нақты атын көрсетуге міндетті емес. Келіп түскен хаттарға жауапты кәсіби психолог береді.

Хабарламалар мен жауаптар бөлімнің басты бетінде жарияланады, бұл басқа балаларға да жалғыз емес екенін түсінуге және өз сұрақтарына жауап табуға мүмкіндік береді.

Психологиялық қолдау мұқият, құрметпен және құпиялылықты сақтай отырып жүзеге асырылады.

Хабарлама жолдау алгоритмі

Сайтқа кіріп, «Балаларға» бөлімін таңдаңыз, содан кейін «Мен не туралы үнде-меймін» кіші бөлімін ашыңыз.

Хабарлама жіберу формасын толтырыңыз (барлығы анонимді, қалауыңыз бой-ынша).

Хабарламаңыздың тақырыбына сәйкес келетін хэштегтерді таңдаңыз – бұл оны жылдамырақ өңдеуге көмектеседі.

Мәтін жолағына өз хатыңызды жазыңыз.

«Жіберу» батырмасын басыңыз.

Модерациядан кейін хабарлама бөлімнің басты бетінде жарияланады, ал оның астында жақын арада психологтің жауабы шығады.

Хабарламаны толтыру мен жіберуге арналған форма

Форма жолы	Мақсаты / Кеңес
Атыңызды көрсетіңіз	Кез келген лақап ат немесе есімді көрсетуге болады. Бұл жерде нақты есімді талап етпейді.
Мектебіңіз бен қалаңыз	Қала мен мектебіңіздің нөмерін/ атауын көрсетіңіз – бұл психологке сіздің жағдайыңызды жақсырақ түсінуге көмектеседі.
Жасыңыз	Жасыңызды көрсету – маманға жасыңызға сай кеңес беруге мүмкіндік береді.
Хештегті таңдаңыз	Хабарламаңыздың тақырыбына сай келетін хэштегтерді белгілеңіз. Мысалы: #достар, #буллинг, #үй, #қорқыныш, # жалғыздық, #түсінбеушілік, #зорлық, #ата-ана, #оқу, # дүрбелең.
Хабарлама мәтіні	Сізді мазалайтын жайтпен бөлісіңіз. Қалауыңызша еркін, шын жүректен жазыңыз.
«Жіберу» түймесі	Осы түймені басқан соң, хабарлама жүйеге жіберіледі және психолог оны қарастыра бастайды.

Қойындының мақсаты

«Мен не туралы үндемеймін» қойындысын әзірлеудің басты мақсаты – балалар арасында психологиялық дағдарыстың алдын алу және көмекке қолжетімділікті арттыру. Бұл – өзін жалғыз әрі түсінбейтін, қысымға, зорлыққа, буллингке ұшыраған немесе ішкі күйзеліс жағдайында жүрген әрбір баланы байқап, қолдау көрсетуге арналған цифрлық құрал.

10- қосымша

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

1. Психологиялық, кәсіби қиындықтар және институционалдық кедергілер

Кіріспе

Білім беру жүйесі шеңберінде кез-келген ауқымды әлеуметтік-психологиялық бағдарламаны жүзеге асыру тек құрылымдық әдістеме мен институционалды қолдауды ғана емес, сонымен бірге оның тиімділігін анықтайтын адами факторларды терең түсінуді қажет етеді.

